«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ Директорлар кеңесінің шешімімен БЕКІТІЛДІ
(24 желтоқсандағы 2021 жылғы № 11 хаттама)

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ
Есеп саясаты

Нұр-Сұлтан қ., 2021 ж.



МАЗМҰНЫ

Ұйымдық-техникалық бөлім..... 3

1. Ұйымдық-құқықтық мәртебе..... 3
2. Басқару органдары және лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі..... 5
3. Жалпы ережелер..... 6
4. Бухгалтерлік есеп және ішкі бақылау жүйесі.....30
5. Есеп-бухгалтерлік ақпаратты салыстыру және сақтау.....30
6. Түгендеу.....36

Әдістемелік бөлім..... 39

1. Ұзақмерзімді активтер есебі.....39

1.1. Негізгі құралдар есебі..... 39

1.2. Аяқталмаған күрделі құрылыс есебі.....63

1.3. Жылжымайтын мүлікке инвестициялар.....64

1.4. Сатуға арналған ұзақмерзімді активтер.....72

1.5. Материалдық емес активтер есебі.....77

2. Ақша қаражаттарының есебі.....87
3. Еңбек және еңбекақы.....97
4. Тауар-материалдық қорлар есебі.....104
5. Дебиторлық берешек есебі.....116
6. Болашақ кезеңдердің шығындары.....122
7. Міндеттемелер.....124
8. Жалдау есебі.....129
9. Қаржы құралдарының есебі.....136
10. Мемлекеттік субсидиялар есебі.....146
11. Кірістер есебі 148
12. Шығындар есебі.....153
13. Капитал.....159
14. Есептілік.....162
15. Активтердің құнсыздануы.....171
16. Резервтер, шартты міндеттемелер және шартты активтер.....178
17. Есепті күннен кейінгі оқиғалар.....185
18. Баланстан тыс шоттардағы есеп.....189
19. Қоршаған ортаны қорғау мәселелері.....189
20. Қорытынды ереже.....190

ҰЙЫМДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

1. ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі **«Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»** коммерциялық емес акционерлік қоғамы (әрі қарай – Қоғам) Коммерциялық емес акционерлік қоғам ұйымдық - құқықтық формасындағы заңды тұлға болып табылады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен Қоғам Жарғысы негізінде өз қызметін жүзеге асырады.

Қоғам Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген. 19.01.2001 ж. 9286-1901-ГП мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, 27.01.2011 ж. қайта тіркелді, тіркеу номері 9286-1901-ГП. ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 11 қазандағы № 752 қаулысымен Қоғам «Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК-дан өзгерту арқылы 2020 жылғы 29 шілдеден бастап «Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы болып қайта ұйымдастырылды.

БИН 010140003594

Қосымша құн салығын төлеуші ретінде Нұр-Сұлтан қ., Алматы ауданының Салық комитетінде тіркелді, ҚҚС бойынша тіркеуге қою туралы 2011 жылғы «10» ақпандағы куәлік сериясы 62001 номері 0011589.

КҰОЖ мемлекеттік жіктеуіші бойынша коды: 39395537

Меншік түрі: жеке меншік

Ресми атауы: **«Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы**

Орыс тілінде: **Некоммерческое акционерное общество "Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилёва"**

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Сәтбаев көшесі, 2.

Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ өз қызметін келесі құжаттар мен нормативтік актілер негізінде жүзеге асырады:

- Жарғы;
- Лицензия

Қоғам қызметінің пәні жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, ғылыми зерттеулер саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Қоғам қызметінің мақсаты ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби жетілдіруге бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Қойылған мақсатты іске асыру үшін Қоғам келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауды, сондай-ақ іргелі және

қолданбалы ғылыми зерттеулерді қоса алғанда, ғылыми-техникалық, инновациялық қызметті, ғылыми-зерттеу жұмыстарын қамтиды;

2) білім алушыларды тамақтандырумен, тұрумен, медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету;

3) жұмыскерлерді тамақтандырумен, тұрумен, медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету;

4) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

5) спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

6) дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыруды және өткізуді, спорттық және шығармашылық секциялар құруды қамтиды;

7) Білім беру процесін, зерттеулерді, тәрбие және әлеуметтік-мәдени қызметті қамтамасыз етуге арналған баспа және полиграфия қызметін қамтиды;

8) халықаралық және республикалық деңгейдегі түрлі іс-шараларды: білім алушылар мен педагог қызметкерлер арасындағы олимпиадаларды, жарыстарды, конкурстарды, конференцияларды, семинарларды ұйымдастыру мен оларға қатысуды қамтиды;

9) білім алушыларды запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери қызметке даярлау;

10) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыруға;

11) технополистерді, технопарктерді, бизнес-инкубаторларды, инновациялық орталықтарды, Технологияларды коммерцияландыру және трансферттеу орталықтарын, жобалық конструкторлық бюроларды және қызмет бейіні бойынша басқа да құрылымдарды құру;

12) Білім және ғылым жүйесін одан әрі дамытуға және жетілдіруге бағытталған инновациялық әдістерді, оқыту технологиялары мен зерттеулерді әзірлеуге, байқаудан өткізуге және енгізуге қатысу;

13) білім берудің барлық деңгейлері үшін цифрлық интерактивті білім беру ресурстары мен оқу фильмдерін ұйымдастыру, жасау және дамыту;

14) білім мен ғылымды өндіріспен интеграциялауға қатысу;

15) Қазақстан Республикасының еншілес және басқа да ұйымдары мен шетелдік ұйымдардың қаржы ресурстарын тарта отырып, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, инновациялық және инвестициялық жобаларды ұйымдастыруды, қаржыландыруды, сондай-ақ Білім және ғылым саласындағы жобаларды венчурлік қаржыландырудың тетіктері мен инфрақұрылымын қалыптастыруға қатысуды; ;

16) жеке меншікті жалға алу және басқару;

Ақылы білім беру қызметтеріне асыруға байланысты Қоғам мен білім алушының, оның ата-анасының немесе заңды өкілінің өзара қарым-қатынасы білім беру деңгейін, оқу мерзімін, оқу ақысының мөлшерін, басқа да жағдайларды белгілейтін келісімшартпен реттеледі.

Ақылы қызметтер тізімін Қоғамның Басқарма төрағасы - ректоры бекітеді;

Қоғамның қызмет пәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметтерді жүзеге асыруға, сондай-ақ мәміле жасауға құқығы жоқ.

Қолданыстағы валюта – ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕҢГЕ (KZT)

Қоғамның дербес балансы, заңнамаға сәйкес банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы мен Қоғамның атауы бейнеленген мөрі, бланкісі бар.

Қоғам ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

2. БАСҚАРУ ОРГНДАРЫ ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ жоғарғы басқару органы – КеАҚ-ның 100% мемлекеттік акциялар пакетіне иелік ету және пайдалану құқығын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (әрі қарай – Жалғыз акционер).

Қоғамды басқару органы Директорлар кеңесі болып табылады.

Мемлекеттік республикалық меншік құқығы субъектісінің Қоғамның мүлкіне қатысты құқықтарын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті жүзеге асырады (әрі қарай – Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік бойынша өкілетті органы)

Қоғамның атқарушы органы Басқарма болып табылады.

Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты Басқарма төрағасы - ректорына жүзеге асырады. Басқарма төрағасы - ректор Қоғамның Жарғысына сәйкес жалғыз акционердің бұйрығымен лауазымға тағайындалады және лауазымынан босатылады.

Басқарма төрағасы - ректор Қоғам Жарғысына сәйкес Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі үшін және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

ҚР «Бухгалтерлік есеп туралы» заңына сәйкес Басқарма төрағасы - ректор тұлғасындағы бірінші басшы:

бухгалтерлік құжаттарға қол қою құқығы бар адамдарды анықтайды. Бұл ретте адамның атқаратын лауазымына, ақша сомасының мөлшеріне, операцияның қолданыс аясына және мәніне қарай қол қою құқығының сатылылығы белгіленуі мүмкін;

бухгалтерлік есептің ұйымдастырылуын, Есеп саясаты мен оны орындау үшін қабылданған Ережелер талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді.

Бухгалтерлік есепті жүргізуді, белгіленген тәртіпте бекіту үшін қаржылық есептілік жобасын жасауды және ұсынуды, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есепті жасау саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне енгізілетін өзгертулер мен толықтыруларға, ХҚЕС-ке байланысты, сондай-ақ кәсіби пайымдау негізінде есеп саясатын жасау және ережелерін өзектендіруді қамтамасыз ететін бас бухгалтер немесе басқа лауазымды адам бухгалтерлік қызметтің басшысы (әрі қарай - бас бухгалтер) болып табылады.

Бухгалтерлік есеп бөлімі қызметкерлерінің ункционалдық міндеттері «Лауазымдық нұсқаулықтармен» белгіленеді.

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қоғамның есеп саясаты (бұдан әрі – Есеп саясаты) Компанияның бухгалтерлік есеп жүргізу үшін қабылдаған нақты қағидаттарын, негіздерін, ережелерін, ережелері мен тәжірибесін, оның ішінде алдыңғы есепті кезеңдер үшін салыстырмалы ақпаратты дайындауды білдіреді. «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын (бұдан әрі – ХҚЕС) іске асыру шеңберінде қабылданған нормативтік құқықтық актілері.

Есеп саясатын қабылдаудың мақсаты Қоғамның қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері және қаржылық жағдайының өзгеруі туралы ақпартты дұрыс беретін бухгалтерлік есеп жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Қоғам үнемі, бірақ жылына бір реттен кем емес Есеп саясатының қолданыстағы ХҚЕС талаптарына сәйкестігін тексереді, және жаңа ХҚЕС қабылданған немесе қолданыстағысына өзгерту енгізілген жағдайда өзінің Есеп саясатын беліленген тәртіпте қайта қарастырады және толықтырады.

Есеп саясатына өзгертулер мен толықтырулар өтпелі нөмірленген қосымшалар түрінде ресімделеді.

Есеп саясатындағы өзгертулердің салдары «Есеп саясатындағы, есептік бухгалтерлік бағалаулар мен қателердегі өзгертулер» бөлімінде қарастырылған тәртіпте қаржылық есептілікте көрініс табады.

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (ХҚЕС (IAS және IFRS).

Осы Есеп саясаты Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңестің Басқармасы (ХҚЕСК Басқармасы) қабылдаған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына, сондай-ақ төмендегілерге негізделген:

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (IFRS);

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (IAS); және

Халықаралық қаржылық есептілікті түсіндіру кеңесі (ХҚЕТК) немесе бұрын әрекет еткен Түсіндіру жөніндегі тұрақты комитеті (ТТК) әзірлеген түсініктемелерге.

Операцияға, басқа оқиғаға немесе жағдайға қолданылатын нақты ХҚЕС болмаған жағдайда жауапты қызметкерлер экономикалық шешімдер қабылдау кезінде пайдаланушыларға қатысты ақпаратты қалыптастыру үшін есеп саясатын әзірлеу және қолдану кезінде өздерінің кәсіби пайымдауларын пайдаланады және қаржылық есеп:

- қоғамның қаржылық жағдайын, қаржылық нәтижелері мен ақша қаражаттары қозғалысының дұрыс ұсынылуын;

- операциялардың, оқиғалар мен жағдайлардың заңды формасын ғана емес, экономикалық мазмұнынан көрініс беруін;
- бейтарап және біржақтылығы жоқ;
- консервативті; және
- барлық маңызды қатынастарда толық болып табылуын қамтамасыз етеді.

Кәсіби пайымдау қаржылық есептілікті жасауға жауапты қызметкердің белгісіздік жағдайында шешім қабылдауға әсер ететін қолда бар объективті және субъективті факторлар туралы кәсіби бағасы және бухгалтерлік есептіліктегі есеп объектісін тану мен бағалаудың детальдары туралы қорытынды болып табылады.

Кәсіби пайымдау жасау кезінде жауапты қызметкерлер мынадай тәртіппен келесі дереккөздерге сілтеме жасайды және олардың қолданылуын қарастырады:

1. Осыған ұқсас және қатысты мәселелерді қозғайтын ХҚЕС талаптары.
2. Активтерді, міндеттемелерді, кірістер мен шығындарды бағалау тәртібі мен мойындау критерийлері, анықтамалары.

Кәсіби пайымдауды шығару кезінде басшылық өкілетті органдардың бухгалтерлік есеп саласында өздеріне жүктелген құзыреттер шегіндегі ресми түсініктемелері мен түсіндірмелерін ашатын нормативтік құжаттардың соңғы ережелерін, бухгалтерлік есеп бойынша әдебиетті және жоғарыда аталған дереккөздерге қайшы келмейтін және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сай келетін саладағы тәжірибені қарастыруы мүмкін.

3.1. **Қаржылық есептілікті дайындау принциптері.**

Қоғамның ХҚЕС-қа сәйкес дайындалған қаржылық есептілігі келесі принциптерге негізделген:

Қызметтің үздіксіздігі. Қаржылық есептілік Қоғам әрекет етуші институт болып табылады және болашақта өз қызметін жалғастырады, яғни басшылықтың Қоғамды тарату, қызметін тоқтату немесе қызмет ауқымын айтарлықтай қысқарту ниеті жоқ деген болжам негізінде дайындалады.

Қаржылық есептілікте ұйымның үздіксіздік принципін ұстану мүмкіндігі туралы кез келген маңызды күмандары ашылады. Егер Қоғам үздіксіздік принципін ұстанбаса, онда қаржылық есептілікте қаржылық есептілікті жасауға негіз болған үздіксіздік принципіне сәйкессіздік және ұйымның неге үздіксіз әрекет етуші болып қарастырылмау себебі ашылады.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық ұйымның өз қызметін, кем дегенде есеп беру кезеңінен кейінгі он екі ай ішінде жалғастыру мүмкіндігін бағалауы қажет.

Есептеу принципі. Қоғамның қаржылық есептілігі ақша қаражаттарынң қозғалысы туралы есепті қоспағанда есептеу принципі бойынша жасалады. Есептеу принципі операциялар мен оқиғалар қолма-қол ақшаны алған немесе төлеген кезде емес, олар болған кезде танылады деп болжайды. Пайда мен

залал туралы есептегі шығындар есептеу принципі негізінде танылады, яғни белгілі бір кіріс баптары бойынша жұмсалған шығындар мен кіріс арасындағы тікелей байланысқа негізделген.

Бастапқы құжаттар алынбаған және көрсетілмеген жағдайда жүргізілген операциялар мен басқа да оқиғалардың нәтижелері сенімді алдын ала ақпарат немесе бағалау-болжау мәліметтері негізінде көрсетіледі.

Сақтық принципі пайымдаулар мен бағалау мәндерін жасау кезінде активтер немесе кірістер асыра көрсетілмеуі, ал міндеттемелер немесе шығындар төмендетілмеуі үшін белгілі бір сақтық деңгейін енгізуді қарастырады. Бұл принцип қаржылық есептілікті қажетсіз, негізсіз безендіруден қорғауға бағытталған. Мысалы, ХҚЕС-қа сәйкес:

1. дебиторлық қарыздың баланстық құны алынуы шынайы мәнге дейін жеткізілуі тиіс;
2. қорлар епсептілікте мыналардың ең азы бойынша көрсетілуі тиіс: өзіндік құн мен ықтимал таза өткізу құны;
3. өтелетін құн баланстық құннан азайған кезде айналымнан тыс активтер үшін құнсыздану танылуы тиіс;
4. кейінге қалдырылған салық активтері компания оларды пайдалануға болатын болашақ салық салынатын пайда алуды күтетін дәрежеде ғана танылуы тиіс.

Қаржылық есептілік Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен формалар және ведомствоішілік формалар бойынша жасалады.

Есеп беру кезеңі 1 қаңтарда басталатын және 31 желтоқсанда аяқталатын қаржылық жыл болып табылады.

Қаржылық есептіліктің сапалық сипаттамалары.

Қоғамның қаржылық есептілігі келесі сапалық сипаттамаларға ие ақпаратты қамтиды:

Маңыздылығы. Ақпарат пайдаланушыларға өткен, қазіргі және болашақ оқиғаларды бағалауға, олардың өткен бағалауларын растауға немесе түзетуге көмектесе отырып, олардың экономикалық шешімдеріне әсер еткенде маңызды болып табылады;

маңызды қаржылық ақпарат пайдаланушылар қабылдаған шешімдерге әсер етуі мүмкін. Кейбір пайдаланушылар оны пайдаланбауды шешсе немесе бұл туралы басқа көздерден бұрыннан хабардар болса да, ақпарат шешім қабылдауға әсер етуі мүмкін.

Ақпараттың маңыздылығына мыналар әсер етеді:

1) сипаты, кейде сипатының өзі оның маңыздылығын айқындайды;
2) мәнділік.

Мәнділік. Егер жіберіп алу немесе бұрмалау пайдаланушылардың есеп беруші ұйымға қатысты қаржылық есептілік негізінде қабылданған шешімдеріне әсер етуі мүмкін болса, ақпарат маңызды болып саналады. Басқаша айтқанда, мәнділік – бұл жеке компанияның қаржылық есептілігінің контекстінде ақпарат қатысты болатын баптардың сипатына немесе көлеміне немесе екеуіне де негізделген әр жеке компанияға тән маңыздылық аспектісі болып табылады.

Мәнділік шегі келесі критерийлер бойынша қызмет көлемінің және

операциялар сипатының өзгеруіне байланысты әрбір есепті кезең үшін Қоғамның қаржылық есептілігінің базалық көрсеткіштері негізінде анықталады:

- ✓ таза пайда 5%-дан 10%-ға дейін;
- ✓ өткізуден түскен кіріс немесе ұйым шығындарының жалпы сомасы 1%-дан 4%-ға дейін;
- ✓ баланс валютасы 1-ден 4%-ға дейін, немесе орташаландырылған мәні.

Сенімді ұсынылуы. Сенімді болу үшін ақпарат ұсынылған немесе болашақта ұсынылатын операциялар мен оқиғаларды сенімді ұсынуы керек. Мысалы, бухгалтерлік баланс есеп беру күні нәтижесі тану критерийлеріне жауап беретін активтер, міндеттемелер және капитал болып табылатын операцияларды және басқа оқиғаларды әділ көрсетуі керек.

Ақпаратты бұрмалау қаупі болуы мүмкін. Бұл ақпаратты әдейі бұрмалауды білдірмейді, керісінше, операцияларды және оларды өлшеуге арналған басқа оқиғаларды анықтау кезінде, немесе өлшеу және ұсыну әдістерін әзірлеу және қолдану кезінде туындаған қиындықтардың нәтижесі болуы мүмкін. Белгілі бір жағдайларда опрациялар мен басқа оқиғалардың қаржылық әсерін өлшеудің анық еместігі соншалық, Қоғам жалпы оларды өзінің қаржылық есептілігінде мойындамайды.

Күмәнсіз сенімді ұсыну үшін баяндауда үш сипаттама болуы қажет. Ол қатесіз, бейтарап және толық болуы керек.

қатесіздік – құбылысты баяндауда қателердің немесе қалып қоюлардың болмауын, сонымен қоса есептік ақпаратты дайындау үшін пайдаланылған процесс қатесіз таңдалған және қолданылған дегенді білдіреді.

бейтараптылық – баяндау қаржылық ақпаратты таңдауда немесе ұсынуда әділ болып табылады. Бейтарап ақпарат әрекетке әсері жоқ мақсатсыз ақпарат дегенді білдірмейді. Керісінше, маңызды қаржылық ақпарат пайдаланушылардың шешімімен ықпал етуге қабілетті.

толықтық – барлық қажжетті баяндаулар мен түсіндірулерді қоса алғанда, пайдаланушыға баяндалатын құбылыстарды түсіну үшін қажетті барлық ақпаратты қамтиды. Мысалы, активтер тобының толық сипаттамасы кем дегенде топ активтерінің сипатының баяндалуын, топтың барлық активтерінің сандық сипаттамасын және сандық сипаттаманың баяндалуын (мысалы, бастапқы құны, түзетілген құны немесе әділ құны) қамтуы керек. Кейбір баптар бойынша толық сипаттама сонымен қатар баптардың сапасы мен сипаты, олардың сапасы мен сипатына әсер етуі мүмкін факторлар мен жағдайлар, цифрлық сипаттаманы анықтау үшін қолданылатын процес туралы маңызды фактілерді түсіндіруді білдіруі мүмкін.

Түсініктілік, салыстырмалылық, уақыттылық және салыстырып тексеру - бұл мағыналы және сенімді түрде ұсынылған ақпараттың пайдалылығын күшейтетін сапалық сипаттамалар.

Түсініктілік. Қаржылық есептілікте ұсынылатын ақпарат экономика, қаржы және бухгалтерлік есеп саласында жеткілікті білім бар пайдаланушыларға түсінікті болуы тиіс. Сонымен қатар экономикалық шешімдерді қабылдау үшін маңызды болып табылатын ақпарат

пайдаланушылардың белгілі бір топтарына түсіну қиын болады деген негізде ғана қаржылық есептіліктен алынып тасталмауы керек.

Салыстырмалылық. Қаржылық жағдайдың өзгеру үрдістерін және шаруашылық қызметінің нәтижелерін анықтау үшін пайдаланушыларға ұйымның әр түрлі есептік кезеңдеріндегі қаржылық есептілігін салыстыру мүмкіндігі ұсынылуы қажет.

Қоғамның қаржылық есептілігін пайдаланушылар мыналарды салыстыру мүмкіндігіне ие:

1) Қоғамның қаржылық жағдайы мен қызмет нәтижелері үрдістерін анықтау үшін оның әр түрлі кезеңдердегі қаржылық есептілігі;

2) басқа білім ұйымдарының салыстырмалы қаржылық жағдайы, қызмет нәтижелері және қаржылық жағдайындағы өзгерістерді бағалау үшін олардың қаржылық есептілігі.

Салыстырмалылықтың маңызды шарты сапалық сипаттама ретінде пайдаланушыларды қаржылық есептілікті жасау процесінде басшылыққа алынған есеп саясатының нұсқалары, ондағы кез келген өзгерістер және осы өзгерістердің нәтижелері туралы хабардар ету болып табылады.

Уақыттылық. Уақыттылық дегеніміз ақпаратты шешім қабылдаушылардың шешімдеріне әсер ете алатындай дер кезінде беру. Жалпы алғанда, ақпарат неғұрлым ескі болса, соғұрлым оның пайдалылығы аз болады. Дегенмен, кейбір ақпарат есепті күннен кейін де уақыттылығын сақтайды, мысалы, кейбір пайдаланушыларға трендтерді анықтау және бағалау қажет болуы мүмкін.

Уақытында (кеш) ұсынылмаған жағдайда ақпарат өзектілігін жоғалтуы мүмкін. Сондықтан қаржылық есептілікті дайындаған кезде пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне байланысты қажеттіліктерін не жақсы қанағаттандыратынын түсінуге негізделген есеп беру ақпаратының дұрыстығы мен уақытылылығы арасында ақылға қонымды ымыраға келу қажет.

Тексерушілік (немесе салыстырып тексеру) пайдаланушыларға есеп беру ақпараты экономикалық құбылысты қажетінше шынайы түрде көрсететініне сенімділік береді. Тексеру мүмкіндігі әр түрлі білімді және тәуелсіз бақылаушылардың берілген ақпараттың сенімділігі туралы консенсусқа (міндетті түрде толық келіспеушілік) қол жеткізе алатынын білдіреді. Тексерілу үшін сандық ақпарат бір есептік мән немесе ықтимал мәндер ауқымы (сәйкес ықтималдықтары бар) болуы мүмкін.

Тексеру тікелей немесе жанама болуы мүмкін. Тікелей тексеру деп тікелей бақылау арқылы берілген соманы немесе басқа ақпаратты тексеруді айтады (мысалы, қаражат қалдығының сомасын санау арқылы тексеру). Жанама тексеру модельдің бастапқы мәліметтерін, формулаларды және басқа әдістерді тексеруді, сондай-ақ сол әдістемені пайдалана отырып нәтижелерді қайта есептеуді білдіреді (мысалы, бастапқы саны мен құны туралы мәліметтерді тексеру арқылы қорлардың баланстық құнын тексеру және сол әдісті пайдаланып шығыс қалдықты қайта есептеу, мысалы, ФИФО әдісі).

Пайда мен шығындар арасындағы тепе-теңдік. Пайда мен шығындар

арасындағы тепе-теңдікті бағалау кезінде шығындарды негіздеу ақпараттан алынатын пайда оны алу шығындарынан асып түсетіндей етіп қарастырылады.

Абайлаушылық. Ақпарат қаржылық есептілікте сақтық дәрежесін сақтай отырып ұсынылады: активтер мен кірістер, сондай-ақ міндеттемелер мен шығындар жоғары сенімділік дәрежесімен бағаланады.

3.2 Қаржылық есептілік элементтері.

Қоғамның қаржылық есептілігі пайдаланушыларға және олардың шешім қабылдауына Құрылтайшыға тиесілі қаржылық жағдай, қызмет нәтижелері, ақша ағындары және таза активтер туралы ақпаратты ұсыну болып табылады.

Қаржылық есептілік экономикалық сипаттамаларына сәйкес негізгі категориялар бойынша топтастыра отырып, операциялар мен басқа оқиғалардың қаржылық нәтижелерін көрсетеді. Бұл категориялар қаржылық есептіліктің элементтері деп аталады.

Қаржылық жағдай туралы есепте қаржылық жағдайды бағалаумен тікелей байланысты қаржылық есептіліктің элементтері активтер, міндеттемелер және таза акктивтер (капитал) болып табылады.

Пайда және шығындар туралы есепте қызмет нәтижелерін өлшеумен тікелей байланыстылар кірістер мен шығыстар болып табылады.

Актив — бұл Қоғам өткен оқиғалар нәтижесінде бақылап отырған, болашақта экономикалық пайда алу күтілетін ресурстар. Мұнда үш негізгі сәтті ерекшелеу керек: нәтижесінде Қоғамда ресурстар пайда болған өткен оқиғалар; ресурстар әкелетін болашақ экономикалық пайдалар; ресурстарды бақылау. Қолда бар әлеуетті жеке немесе басқа активтермен біріктіріп пайдаланған кезде актив болашақта ықтимал экономикалық пайданы тудырады, бұл тікелей немесе жанама түрде болашақ таза ақша ағындарын арттырады. Қолда бар әлеуетті жеке немесе басқа активтермен біріктіріп пайдаланған кезде актив болашақта ықтимал экономикалық пайда алуға алып келеді, бұл тікелей немесе жанама түрде болашақ таза ақша ағындарын арттыруға септігін тигізеді.

Активте болатын болашақ экономикалық пайда – бұл Қоғамның мүлікті алуға тікелей немесе жанама түрде үлес қосу мүмкіндігі. Мұндай мүмкіндік Қоғамның операциялық қызметінің бөлігі бола отырып, нәтижелі болуы мүмкін. Ол сондай-ақ ақша қаражатына немесе олардың эквиваленттеріне айырбастау немесе ақша қаражатының шығуын азайту мүмкіндігі түрінде болуы мүмкін.

Қоғам өз активтерін білім беру қызметтерін тұтынушылардың тілектерін қанағаттандыра алатын қызметтерді көрсету үшін көбірек пайдаланады, өйткені бұл қызметтер Қоғамға экономикалық пайда әкеледі.

Активтегі болашақ экономикалық пайда Қоғамға әр түрлі жолдармен түсуі мүмкін. Актив:

1. жеке немесе қызмет көрсету, Қоғам өткізетін тауарлар өндірісі кезінде басқа активтермен үйлесімде пайдаланылуы;

2. басқа тең бағалы активтерге алмастырылуы;
3. міндеттемелерді өтеу үшін қолданылуы;
4. Қоғамның меншік иесімен бөлінуі/қайта бөлінуі мүмкін.

Көптеген активтер, мысалы, жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар физикалық нысанда болады. Дегенмен, активтің болуы үшін физикалық пішін қажет емес; патенттер мен авторлық құқықтар, мысалы, егер Қоғам олардан болашақ экономикалық пайда күтетін болса және олар сол арқылы бақыланатын болса, активтер болып табылады.

Міндеттеме – реттелуі экономикалық пайдалар қамтитын ресурстардың есептен шығуына әкеп соқтыратын өткен оқиғалардан туындайтын Қоғамның қазіргі міндеттері.

Міндеттеменің ең маңызды сипаттамасы Қоғамның міндеттемесі болуы болып табылады. Міндет - бұл белгілі бір жолмен әрекет ету немесе істеу міндеті немесе жауапкершілігі. Міндеттемелер заңнама нормаларына және заңға тәуелді актілерге сәйкес шарттық қатынастар шеңберінде қабылданған міндеттемелердің, белгіленген талаптардың және нормативтік құқықтық құжаттарға қайшы келмейтін басқа да негіздер нәтижесінде туындайды.

Қолданыстағы міндеттемені реттеу, әдетте, басқа тараптың талаптарын қанағаттандыру мақсатында Қоғамнан экономикалық пайданы қамтитын ресурстардың кетуімен байланысты. Қолданыстағы міндеттемені реттеу бірнеше тәсілдермен жүзеге асырылуы мүмкін, мысалы,

1. ақшалай қаражаттарды төлеумен;
2. басқа активтерді берумен;
3. қызметтер көрсетумен;
4. бір міндеттемені басқасымен ауыстырумен;
5. міндеттемені капиталға ауыстырумен.

Міндеттеме нормативтік құқықтық құжаттарға қайшы келмейтін басқа тәсілдермен де жойылуы мүмкін.

Құрылтайшыға (капиталға) тиесілі таза активтер – бұл барлық міндеттемелерді шегергеннен кейін Қоғам активтеріндегі қалдық сома.

Жиынтық кіріс туралы есепте қызмет нәтижесін өлшеуге тікелей қатысты элементтер:

Кірістер – есепті кезең ішінде активтердің түсімі немесе өсімі немесе міндеттемелердің азаюы нысанында экономикалық пайданың ұлғаюы, олар құрылтайшының жарнасына қатысы жоқ таза активтердің (капиталдың) ұлғаюына әкеп соғады;

Кіріске негізгі және негізгі емес қызметтен түсетін кірістер, мемлекеттік көмек пен субсидиялардан түсетін кірістер, басқа да кірістер және меншікті капиталға жататын кірістер кіреді.

Шығыстар – есепті кезең ішінде активтердің шығуы немесе азаюы немесе міндеттемелердің пайда болуы нысанында экономикалық пайданың азаюы, олар құрылтайшының жарнасына қатысы жоқ таза активтердің азаюына әкеп соғады. Шығыстар әдетте ақша қаражаты немесе ақша қаражаттарының эквиваленттері, қорлар, жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар сияқты активтердің кетуі немесе азаюы түрінде болады.

Таза пайда (шығын) – Қоғам қызметі тиімділігінің нәтижесі.

Өзара есепке алу.

Активтер мен міндеттемелер, кірістер мен шығыстар өзара есепке алынбайды және егер өзара есепке алу басқа стандарт немесе түсіндіру талап етпесе немесе рұқсат етпесе, мәнділік принципіне сәйкес бөлек көрсетіледі. Кіріс немесе шығыс баптары, егер бұл ұсыну операцияның немесе оқиғаның сипатын көрсетсе немесе ұқсас операциялар мен оқиғалар тобы бойынша кірістер, шығындар және олармен байланысты шығыстар маңызды болмаса, өзара есепке алынады.

Қоғам активтерді де, міндеттемелерді де, кірістер мен шығыстарды да бөлек көрсетеді. Егер мұндай ұсыну операцияның немесе басқа оқиғаның мәнін көрсететін жағдайлардан басқа жағдайда, жиынтық кіріс туралы немесе қаржылық жағдай туралы есепте немесе жеке пайда туралы есепте (егер ұсынылған болса) баптарды қысқартылған түрде ұсыну пайдаланушылардың жасалған операцияларды, сондай-ақ басқа да туындаған оққиғалар мен жағдайларды түсіну және Қоғамның болашақ ақша ағындарын бағалау қабілетін төмендетеді. Бағалау резервтерін, мысалы қорлардың ескіруі резервтерін немесе күманды қарыздар бойынша резервтерді шегергендегі таза негіздегі активтерді бағалау қысқартылған ұсыну болып саналмайды.

Қаржы активтері мен міндеттемелер өзара есепке алынады және бухгалтерлік баланста таза өлшемі тек көрсетілген сомаларды өзара есепке алуға заңмен бекітілген құқық және активті сатуға немесе міндеттемені өтеуге немесе өзара есепке алу ниеті болған кезде ғана көрсетіледі.

Қоғам ұқсас операциялар тобынан туындайтын пайдалар мен шығындарды, мысалы, оң және теріс бағамдық айырмашылықтарды немесе егер ұқсас операциялар мен оқиғалар тобынан түскен пайда мен залал маңызды болмаса, таза негізде ұсынады. Активтерді тиісті құрылған резервтерді шегере отырып, көрсету өзара есепке алу болып саналмайды.

Қаржылық есептіліктің элементтерін қаржылық жағдай туралы есепте және жиынтық кіріс туралы есепте ұсыну активтердің, міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың сипаты мен қызметіне негізделген тармақтардды құруды көздейді.

3.3. Қаржылық есептілік элементтерін тану

Тану – бұл қаржылық есептілік элементтерінің бірін айқындауға жарамды және төменде көрсетілген тану критерийлерін қанағаттандыратын қаржылық жағдай туралы есепке немесе баптың жиынтық табысы туралы есепке енгізу процесі.

Қаржылық есептілік элементін айқындауға жауап беретін бап егер:

- баппен байланысы бар кез келген болашақ экономикалық пайданы Қоғамның алу немесе жоғалту ықтималдылығы бар болса;
- сатып алуға фактілік шығындар немесе нысанның құны сенімді өзгертіле алса танылуы тиіс.

Қоғам өзінің қаржылық жағдай туралы есебінде қасқамерзімді және

ұзақмерзімді активтерді, сондай-ақ қысқамерзімді және ұзақмерзімді міндеттемелерді жекелеген бөлімдер ретінде ұсынады.

Қысқамерзімді активтер. Қоғам келесі критерийлердің кез келгенін қанағаттандыратын қысқамерзімді (айналымды) активтерді жіктейді:

- активті ұйымның операциялық циклінің қалыпты жағдайында өткізу күтілуде немесе тұтынуға арналған;
- актив сатуға арналған немесе оны есептік күннен кейін 12 ай ағымында өткізу көзделген;
- актив пайдалануға шектеу қойылмаған ақша қаражаттары немесе олардың эквиваленттері болып табылады.

Ұзақмерзімді (айналымнан тыс) активтер – қысқамерзімді ұғымына жатпайтын барлық басқа активтер.

Ұзақмерзімді активтер ұзақ мерзімді инвестициялар болып табылады және оларды тез арада қолма-қол қаражатқа айналдыру мүмкін емес. Қоғам бір жылдан астам мерзімі бар активтерді осы актив түріне жатқызады.

Қоғам мына жағдайларда **міндеттемені қысқамерзімді** деп жіктейді:

- міндеттемені ұйымның операциялық циклінің қалыпты жағдайы аясында өтеу көзделген;
- міндеттеме сатуға арналған және есеп беру күнінен кейін 12 ай ішінде өтелуі тиіс;
- ұйымның міндеттемені өтеуді есеп беру күнінен кейін кем дегенде 12 ай ағымында кейінге қалдыру құқығы жоқ.

Ұзақмерзімді міндеттемелер – қысқамерзімді ұғымына жатпайтын барлық басқа міндеттемелер.

Ұзақмерзімді міндеттемелер орындалу мерзімі 12 айдан асатын міндеттемелер болып табылады. Ұзақмерзімді міндеттемелерге сондай-ақ Қоғамның кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелері қарызы мег қарыз капиталы (несиелер, лизинг, қарыз) жатады.

Қаржылық есептіліктің толық жиынтығы мыналарды қамтиды:

1.Бухгалтерлік баланс;

2.Табыстар мен шығындар туралы есеп;

3.Капиталдағы өзгерістер туралы есеп;

4.Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп;

5.Түсіндірме жазба (түсіндіру ХҚЕС-ке сәйкес жүзеге асырылады).

Қоғам Түсіндірме жазбада жарғылық қызметке сәйкес жіктеуді пайдалана отырып ұсынылған баптардың егжей-тегжейлі бөлінуін ашады.

Табыстар мен шығындар туралы есеп

Қоғам кезең ішінде танылған кірістер мен шығыстардың барлық баптарын Табыстар мен шығындар туралы есепте ұсынады.

Табыстар мен шығындар туралы есепте ұсынылуы тиіс ақпарат

Табыстар мен шығындар туралы есеп кем дегенде кезең ішіндегі келесі сомаларды ұсынатын баптарды қамтиды:

1. өнімді өткізуден және қызмет көрсетуден түскен кіріс;
2. өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны;
3. жалпы табыс;
4. өнімдерді өткізу және қызметтерді көрсету шығындары;

5. әкімшілік шығындар;
6. қаржыландыру шығындары;
7. басқа шығындар;
8. басқа кірістер;
9. қаржыландыру бойынша кірістер;
10. қаржыландыру бойынша шығыстар;
11. үлескерлік қатысу әдісі бойынша ескерілетін ұйым пайдасының (шығынының) үлесі;
12. басқа операциялық емес кірістер;
13. басқа операциялық емес шығыстар;
14. салық салуға дейінгі пайда (шығын)
15. табыс салығы бойынша шығындар;
16. тоқтатылған қызмет бойынша пайда (шығын);
17. кезең ішіндегі қорытынды пайда (шығын).

Кезең ішіндегі пайда немесе шығын

Егер есеп саясатының басқа бөлімдерінің талаптарына сәйкес өзгеше талап етілмесе немесе рұқсат етілмесе, Қоғам кезеңдегі кірістер мен шығыстардың барлық баптарын пайда немесе шығын құрамында таниды.

Қоғам басқа жиынтық кіріс компоненттеріне қатысты қайта жіктеу кезіндегі түзетулер туралы ақпаратты ашады. Қайта жіктеу кезіндегі түзету пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелген кездегі түзету кезеңіндегі басқа жиынтық кірістің тиісті компоненті құрамына қосылады.

Табыстар мен шығындар туралы есепте немесе ескертулерде ұсынылуы тиіс ақпарат

Егер кірістер мен шығыстардың баптары маңызды болып табылса, Қоғам олардың сипаты мен сомасын жеке анықтайды.

Кірістер мен шығыстардың баптары жеке ашып көрсетуге жататын жағдайлар төмендегілерді қамтиды:

1. қорларды таза сату құнына дейін немесе негізгі құралдардың өтелетін құнына дейін құнсыздандыру, сондай-ақ осындай есептен шығаруды жою;
2. Қоғамның қызметін қайта құрылымдау және қайта құрылымдау шығындары бойынша кез келген бағалау резервтерін жою;
3. инвестициялардың шығуы;
4. тоқтатылған қызмет;
5. сот дауларын реттеу;
6. резервтерге қатысты басқа реверсивтік жазбалар.

Қоғам шығындар функциясына негізделген жіктеуді пайдалана отырып, пайдада немесе залалда танылған шығыстардың талдауын ұсынады, бұл ретте шығыстар сатудың өзіндік құнының бөлігі немесе, мысалы сату немесе әкімшілік шығындар ретіндегі функцияларына қарай жіктеледі.

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп. Капиталдағы өзгерістер туралы есеп келесі ақпаратты қамтиды:

1. үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынған Қоғам пайдасының (шығынының) үлесіне бөлінген кезеңдегі жиынтық пайданың қорытынды өлшемі;

2. есеп саясатындағы ретроспективті түрде қолданылатын өзгерістердің және меншікті капиталдың әрбір бабы бойынша қателерді түзетудің жиынтық әсері;

3. меншік иелерімен күрделі сипаттағы операциялар және (бөлек) пайданы меншік иелеріне бөлу;

4. капиталдың әрбір компоненті үшін кезең басындағы және аяғындағы баланстық құнды төмендегілерге байланысты өзгерістерді бөлек ашып көрсете отырып салыстыру:

1) табыстар немесе шығындар баптарына;

2) басқа жиынтық кіріс баптарына; және

3) меншік иелері енгізген жарналарды және меншік иелеріне бөлуді бөлек көрсететін осы сапада әрекет ететін меншік иелерімен операциялар.

Капиталдағы өзгерістер туралы есепте немесе ескертулерде ұсынылуы тиіс ақпарат.

Қоғам өз капиталындағы өзгерістер туралы есепте немесе ескертулерде Қоғамның дамуына үлес ретінде танылған таза табыстан шегерім сомасын көрсетеді.

«Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер және қателер» бөлімі есеп саясатындағы өзгерістерді көрсету үшін ретроспективті түзетулерді талап етеді. Ретроспективті түзетулер мен ретроспективті қайта есептеулер капиталдағы өзгерістерді көрсетпейді, бірақ бөлінбеген пайданың бастапқы сальдосына түзетулер болып табылады. Капиталдағы өзгерістер туралы есепте есеп саясатындағы өзгерістер нәтижесінде және қателерді түзету нәтижесінде капиталдың әрбір компоненті бойынша түзетулердің қорытынды сомасы туралы ақпарат жеке ашылады. Мұндай түзетулер әрбір өткен кезең үшін және ағымдағы кезеңнің басында ашылуы тиіс.

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп – операциялық, инвестициялық және қаржылық қызмет шегінде ақшалай қаражат көздері мен пайдалану бағыттарын бөлуді қарастыратын тікелей есептеу әдісімен жасалады.

Қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің **түсіндірме жазбасында**:

- қаржылық есептілік ХҚЕС-ке сәйкес дайындалғаны туралы өтініш;
- қаржылық есептілікті дайындау және таңдалған есеп саясатының негізі туралы ақпарат;
- ХҚЕС-ке сәйкес талап етілетін, бірақ қаржылық есептілікте ұсынылмаған ашып көрсетулер;
- қаржылық есептілікте ұсынылмаған, бірақ маңызды болып табылатын және пайдаланушылар қабылдайтын шешімдерге ықпал етуі мүмкін қосымша ақпарат көрсетіледі.

Қоғам ескертулерді мүмкіндігінше реттелген түрде ұсынады. Қоғам Бухгалтерлік баланста және Табыстар мен шығындар туралы есепте, Капиталдағы өзгерістер туралы есепте, Ақша қаражаттарының қозғалысы

туралы есепте ұсынылған әрбір бапқа қатысты ескертпелердегі ақпаратқа айқыш сілтеме жасайды.

3.4. Есеп саясатындағы, есептік бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер және қателер.

Есеп саясатындағы өзгерістер

Қоғам Есеп саясатына өзгерістерді тек мына жағдайларда ғана енгізе алады: 1) ХҚЕС стандартына немесе интерпретациясына сәйкес талап етілсе; немесе 2) қаржылық есептілік операциялардың, басқа оқиғалардың немесе жағдайлардың қаржылық жағдайға, қызметінің қаржылық нәтижелеріне немесе Қоғамның ақша ағындарына әсері туралы неғұрлым сенімді және маңыздырақ ақпаратты қамтамасыз етуіне әкеледі.

Экономикалық қызмет фактілерін дәлірек көрсету үшін баламалы есеп принциптерін пайдалану қолайлы екендігі туралы объективті дәлелдер болған жағдайда ғана Қоғамның бұрын жасалған шаруашылық операциялары бойынша есеп принциптерін бастамашылықпен өзгертуіне жол беріледі. Мұндай өзгерістер әдетте келесі есептік кезеңнің басынан енгізіледі.

Келесі әрекеттер есеп саясатындағы өзгерістер болып табылмайды:

1) мәні жағынан бұрын болған оқиғалардан немесе операциялардан ерекшеленетін оқиғалар немесе операциялар үшін есеп саясатын қабылдау;

2) бұрын болмаған немесе маңызды болмаған оқиғалар немесе операциялар үшін жаңа есеп саясатын қабылдау.

Есеп саясатындағы өзгеріс, егер алдыңғы кезеңдегі тиісті түзету көлемі негізделген анықтамаға бағынбайтын жағдайлардан басқа жағдайларда ретроспективті түрде қолданылады. Кез келген алынған түзету кезең басындағы бөлінбеген пайда (жабылмаған шығын) сальдосына түзету ретінде көрсетіледі. Салыстырмалы ақпарат егер бұл тәжірибе жүзінде мүмкін болса, қайта есептеледі.

Есеп саясатын өзгерту, қателерді түзету немесе қаржылық жағдай туралы есептің баптарын қайта топтастыру салдарынан салыстырмалы көрсеткіштерді қайта есептеген кезде ең ерте ұсынылған есепті күннің ақпараты ашып көрсетіледі.

Ретроспективті тәсіл жаңа есеп саясаты Қоғамда операциялар пайда болған сәттен бастап әрқашан қолданылған деген болжамға негізделген. Қаржылық есеп берудегі деректерді сенімдірек ұсынуға байланысты есеп саясаты өзгерген кезде ретроспективті тәсіл қолданылады.

Есеп саясатындағы өзгеріс кезең басындағы барлық алдыңғы кезеңдер үшін бөлінбеген пайда (жабылмаған шығын) сальдосына түзету сомасын негізді түрде анықтау мүмкін болмаған жағдайда қолданылады.

Есеп саясатындағы ерікті өзгертулер:

а) ағымдағы немесе кез келген алдыңғы есеп беру кезеңіне әсер етсе; немесе

б) тиісті түзету сомасын анықтау мүмкін емес дерлік жағдайдан басқа жағдайларда осындай әсерін тигізсе; немесе

в) болашақ кезеңдерде әсер ететін болса, онда Қоғам келесі ақпаратты ашып көрсетеді:

1) есеп саясатындағы өзгеріс сипаты;

2) жаңа есеп саясатын қолдану сенімді және анағұрлым орынды ақпаратты қамтамасыз ететін себептер;

3) ағымдағы кезеңдегі және әрбір алдыңғы кезеңдегі түзетулер әсер еткен қаржылық есептіліктегі әрбір бап үшін мүмкін болатын дәрежеде ұсынылған түзету сомасы;

4) мүмкін болатын дәрежеде, қаржылық есептілікте ұсынылған кезеңнің алдындағысына жататын түзету сомасы; және

5) егер ретроспективті қолдану белгілі бір алдыңғы кезең үшін немесе қаржылық есептілікте ұсынылған кезеңдердің алдыңғысы үшін мүмкін болмаса, онда осы жағдайды тудырған жағдайлар және есеп саясатындағы өзгеріс қалай және қашан қолданылғаны сипатталады.

Бұл ақпарттың келесі кезеңдердегі қаржылық есептілікте ашып көрсетілуін қайталау талап етілмейді.

Белгілі ХҚЕС-ты немесе ХҚЕС интерпретациясын бастапқыда қолдану кезінде Қоғам есеп саясатында туындайтын өзгерістерді:

1) арнайы өтпелі ережелерге сәйкес (егер ХҚЕС-те қарастырылса);

2) егер ХҚЕС немесе Интерпретацияда өзгеріске қолданылатын арнайы өтпелі ережелер болмаса ретроспективті түрде есепке алады.

Егер қандай да бір ХҚЕС немесе Интерпретацияның бастапқы қолданылуы: а) ағымдағы немесе кез келген алдыңғы есепті кезеңдерге әсер етсе; немесе б) тиісті түзету сомасын анықтау іс жүзінде мүмкін болмаса, осындай әсер етуі мүмкін болғанда; немесе в) болашақ кезеңдерге әсер етуі мүмкін болса, Қоғам келесі ақпаратты ашып көрсетеді:

1) осы ХҚЕС-тің немесе Интерпретацияның атауы;

2) мұны қолдану мүмкін болған жағдайларда, есеп саясатындағы өзгерістер осы ХҚЕС немесе Интерпретацияның өтпелі ережелеріне сәйкес жүргізілу фактісі;

3) есеп саясатындағы өзгерістер сипаты;

4) қолдану мүмкін болған жағдайларда, өтпелі ережелердің сипаттамасы;

5) қолдану мүмкін болған жағдайларда, болашақ кезеңдерге ықпал ете алатын өтпелі ережелер;

6) түзету әсер еткен қаржылық есеп берудің әрбір баптары үшін мүмкін болатын дәрежеде қаржылық есептілікте ұсынылған ағымдағы және әрбір кезең үшін түзету сомасы;

7) мүмкін болатын дәрежеде ұсынылған қаржылық есептілікке дейінгі кезеңдерге қатысты түзету сомасы; және

8) ретроспективті қолдануды мүмкін емес ететін жағдайлар және есеп саясатындағы өзгеріс қалай және қашан қолданылғанының сипаттамасы.

Келесі кезеңдердің қаржылық есептілігінде бұл ашып көрсетуді қайталаудың қажеті жоқ.

Егер Қоғам шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа ХҚЕС немесе Интерпретацияны қолдануды бастамаса, онда ол келесі ақпаратты ашуы

тиіс:

1) осы фактті; және

2) жаңа ХҚЕС-ты немесе Интерпретацияны қолданудың бастапқы қолдану кезеңінде Қоғамның қаржылық есептілігіне ықтимал әсерін бағалауға қатысты белгілі немесе негізді бағаланған ақпарат.

Түзету қаржылық есептілікке енгізілген кезеңдердің алдындағы кезеңдерге қатысты болса, ең ерте ұсынылған кезеңнің басындағы бөлінбеген пайданың (жабылмаған шығын) сальдосы осы сома бойынша түзетіледі (негізгі тәсіл ретінде). Алдыңғы кезеңдер бойынша жинақталған қаржылық ақпарат қайта қаралады.

Бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер

Бағалау мәліметтері мен маңызды жорамалдарды пайдалану қолжетімді және сенімді ең соңғы ақпаратқа негізделген пайымдауды қолдануды қамтиды. Есептік бағалау, егер оған негізделген жағдайлар өзгерсе немесе жаңа ақпарат немесе тәжірибе нәтижесінде қайта қаралуы мүмкін. Өзінің табиғаты бойынша бағаларды қайта қараулар алдыңғы кезеңге жатпайды және қатені түзету болып табылмайды.

Негізгі құралдарды тарихи құн бойынша есепке алудан әділ құнға ауыстыру сияқты пайдаланылатын бағалау негізіндегі өзгеріс бағалаудағы өзгеріс емес, есеп саясатындағы өзгеріс болып табылады. Есеп саясатындағы өзгерісті бағалаудағы өзгерістен ажырату қиын болған жағдайда, мұндай өзгеріс есептік бағалаудағы өзгеріс болып саналады.

Келесі параграфта сипатталған өзгерістерді қоспағанда, есептік бағалаудағы өзгерістің нәтижесі оны жиынтық кіріс туралы есепке қосу арқылы міндетті түрде келешекте танылады: 1) өзгеріс болған кезеңде, егер ол тек осы кезеңге ғана әсер ететін болса; немесе 2) егер ол екеуіне де әсер ететін болса, өзгеріс болған кезеңде және болашақ кезеңдерде.

Есептік бағалаудағы өзгеріс активтер мен міндеттемелердің өзгеруіне әкелетін немесе меншікті капиталдың бабына қатысты болса, ол осы өзгеріс кезеңіндегі тиісті активтің, міндеттеменің немесе капиталдағы баптың баланстық құнын түзету арқылы танылуы тиіс. .

Есептік бағалаудағы өзгерістердің әсерін келешекте тану бұл өзгеріс бағалау өзгерген күннен бастап операцияларға, басқа оқиғаларға және шарттарға қолданылатынын білдіреді. Есептік бағалаудағы өзгеріс тек ағымдағы пайдаға немесе шығынға немесе ағымдағы және болашақ пайда мен шығынға ғана әсер етуі мүмкін.

Мысалы, үмітсіз қарызды бағалаудағы өзгеріс тек ағымдағы кезеңдегі пайдаға немесе шығынға әсер етеді, сондықтан ағымдағы кезеңде танылады. Сонымен қатар амортизацияланатын активтен күтілетін пайдалы қызмет мерзімінің немесе күтілетін экономикалық пайда үлгісінің өзгеруі активтің қалған пайдалы қызмет мерзімінің ағымдағы кезеңдегі және әрбір келесі кезеңіндегі амортизациялық аударымдарға әсер етеді. Екі жағдайда да ағымдағы кезеңге қатысты өзгерістің әсері ағымдағы кезеңдегі кіріс немесе шығыс ретінде танылады. Тиісті болашақ әсер, егер бар болса, сол болашақ кезеңдерде кіріс немесе шығыс ретінде танылады.

Есептік бағалаулардағы өзгерістердің нәтижелері осы бағалаулар

бұрын есепке алынған жиынтық кіріс туралы есептің сол баптарына енгізіледі.

Ағымдағы кезеңде елеулі әсер ететін немесе келесі кезеңдерде елеулі әсер етуі күтілетін есептік бағалаулардағы өзгерістердің сипаты мен сомасын ашып көрсету қажет. Егер сандық бағалауды жүзеге асыру мүмкін болмаса, бұл фактіні ашып көрсету қажет.

Қателер

Қаржылық есептілік элементтерін тану, бағалау, ұсыну немесе ашу кезінде қателер туындауы мүмкін. Қаржылық есептілікте елеулі қателер немесе Қоғамның қаржылық жағдайын, қызметінің қаржылық нәтижелерін немесе ақша ағындарын бұрмалау мақсатында әдейі жасалған елеусіз қателер болса, ХҚЕС-қа сәйкес келмейді.

Осы кезеңде анықталған ағымдағы кезеңдегі ықтимал қателер қаржылық есептілік шығару үшін бекітілгенге дейін түзетіледі.

Қоғам өткен кезеңдегі елеулі қателерді олар анықталғаннан кейін шығару үшін бекітілген қаржылық есептіліктің бірінші жинағында: 1) тиісті қате жіберілген алдыңғы ұсынылған кезең (кезеңдер) үшін салыстырмалы сомаларды қайта есептеу; немесе 2) ұсынылған ең ерте алдыңғы кезеңдегі активтердің, міндеттемелердің және меншікті капиталдың бастапқы сальдосының қайта есептелуі — қате ұсынылған ең ерте алдыңғы кезеңге дейін орын алған кезде.

Алдыңғы кезеңдегі қате, егер бұл қатенің белгілі бір кезеңге әсерін немесе оның жиынтық әсерін анықтау іс жүзінде мүмкін болмаса, ретроспективті қайта есептеу арқылы түзетілуі тиіс.

Қаржылық есепте ұсынылған бір немесе бірнеше алдыңғы кезеңдерді қамтитын салыстырмалы ақпаратқа қате әсерінің кезеңге тән аспектілерін анықтау мүмкін болмаған жағдайда, Қоғам ретроспективті қолдану іс жүзінде мүмкін болатын (бұл ағымдағы кезең болуы мүмкін) ең ерте кезеңнің басындағы активтердің, міндеттемелердің және меншікті капиталдың бастапқы сальдосын қайта есептейді.

Алдыңғы кезеңдердің біріндегі қатені түзету қате анықталған кезеңнің пайдасынан немесе шығынынан алынып тасталады. Алдыңғы кезеңдер туралы кез келген басқа ақпарат, мысалы, қаржылық көрсеткіштердің тарихи жиынтықтары, мүмкіндігінше, уақыт бойынша түзетіледі.

Ағымдағы кезеңнің басында барлық алдыңғы кезеңдер үшін қатенің (мысалы, есеп саясатын қолданудағы қате) шамасын анықтау іс жүзінде мүмкін болмаған жағдайда, Қоғам тиісті салыстырмалы ақпаратты болашақта іс жүзінде мүмкін болатын ең ерте датадан қайталайды. Осылайша, Қоғам осы күнге дейін пайда болған сол активтерді, міндеттемелерді және меншікті капиталды жиынтық қайта есептеудің тиісті бөлігін елемейді.

Қателерді түзету мен есептік бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер арасында айырмашылық бар. Соңғылары қосымша ақпарат пайда болған кезде қайта қарауды қажет ететін шамамен алынған мәндер. Мысалы, шартты оқиғаның нәтижесінде танылған пайда немесе шығын қатені түзету болып табылмайды.

Алдыңғы кезеңнің қателерін анықтаған жағдайда Қоғам келесі ақпаратты ашып көрсетеді:

1) алдыңғы кезең қатесінің сипаты;

2) мүмкіндігінше алдыңғы ұсынылған кезеңдердің әрқайсысының түзету сомасы:

- қаржылық есептіліктің қате табылған әр бабы үшін; және
- егер ХҚЕС (IAS) 33-ті Қоғамның корпоративтік құрылымына кіретін компаниялар пайдаланса, акцияға базалық және көбейтілен пайда үшін;

3) ұсынылған есептік кезеңдерден ең ерте кезеңнің басындағы түзетулер сомасы; және

4) ретроспективалық қайта есептеу нақты алдыңғы кезең үшін мүмкін емес болса, онда осы жағдайдың болуына алып келген жағдаяттар мен қате қалай және қашан түзетілгені туралы сипаттама.

Жоғарыда көрсетілген ақпаратты ашып көрсету кейінгі кезеңдер үшін талап етілмейді.

Қоғамның құрамына кіретін ұйымдар қызмет түріне, қаржылық жағдай туралы есептің және жиынтық кіріс туралы есептің құрылымына қарай мәнді қатені есептеу үшін мәнділік критерийін таңдайды.

3.4.Есеп беру кезеңінен кейінгі оқиғалар.

Есеп беру кезеңінен кейінгі оқиғалар – бұл есеп беру кезеңінің соңы (есеп беру күні) мен қаржылық есептілікті шығаруға бекіту күні арасындағы кезеңде болатын қолайлы және қолайсыз оқиғалар.

Есепті кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғаларға, егер олар Кәсіпорынның пайдасы немесе басқа да жекелеген қаржылық көрсеткіштер туралы деректер жарияланғаннан кейін болса да, қаржылық есептілікті шығаруға бекіткен күнге дейінгі барлық оқиғалар жатады.

Есеп беру кезеңінен кейінгі оқиғаларды есепке алу кезінде Қоғам ХҚЕС (IAS) 10 «Есеп беру күнінен кейінгі оқиғаларды» басшылыққа алады.

Мұндай оқиғалар екі түрлі болуы мүмкін:

1) есеп беру күнінен кейін түзетілетін оқиғалары - есепті күні болған жағдайларды растайтын оқиғалар (есепті кезең аяқталғаннан кейін түзетілетін оқиғалары); және

2) есепті кезең аяқталғаннан кейін түзетілмейтін оқиғалар - есепті кезең аяқталғаннан кейін туындаған жағдайлар туралы куәландыратын оқиғалар (есепті кезең аяқталғаннан кейін түзетілмейтін оқиғалар).

Есепті кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғаларға, егер олар Қоғамның пайдасы немесе басқа да жекелеген қаржылық көрсеткіштер туралы деректер жарияланғаннан кейін болса да, қаржылық есептілікті шығаруға бекіткен күнге дейінгі барлық оқиғалар жатады.

Қаржылық есептілікті шығару

Қаржылық есептілікті шығаруға бекіту күні қаржылық есептілікті дайындау және қарастыру үшін белгіленген Қоғам процедураларына, сондай-ақ заңнама талаптарына сәйкес анықталады.

Есеп беру күнінен кейін түзетілетін оқиғалары

Есеп беру күнінен кейін түзетілетін оқиғалар орын алған жағдайда, Қоғам қаржылық есептілікте танылған сомаларды түзету арқылы немесе бұрын есептілікте танылмаған есеп нысандарын тану арқылы осындай түзету оқиғаларының салдарын көрсету үшін қаржылық есептіліктегі сомаларды түзетеді.

Түзетілетін оқиғалардың тізімі:

- есепті күннен кейін Қоғамның есепті күнге міндеттемесі бар екенін растайтын сот ісі бойынша шешім шығару. Қоғам бұл оқиғаны жай ғана шартты міндеттемені ашып көрсету арқылы емес, есеп беруде бұрыннан танылған резервті түзету арқылы немесе бағалау міндеттемелерін тану арқылы көрсетуге міндетті;
- есепті күннен кейін активтің есепті күнгі жағдай бойынша құнсызданғанын немесе осы актив үшін құнсызданудан бұрын танылған шығын сомасын түзету қажеттігін көрсететін ақпаратты алу;
- есепті күнге дейін сатып алынған активтердің құнын немесе есепті күнге дейін сатылған активтерді шығарудан түскен түсімдерді есепті күннен кейін анықтау;
- қаржылық есептілік бұрмаланғанын растайтын қателерді немесе алаяқтық фактілерін анықтау.

Есеп беру күнінен кейін түзетілмейтін оқиғалар

Қоғам есепті күннен кейін болған түзетілмейтін оқиғалардың салдарын көрсету үшін қаржылық есептілікте танылған сомаларды түзетпейді. Мұндай оқиғалар түзетулер туғызбайды, бірақ егер бұл оқиғалар маңызды болса және олар туралы ақпаратты ашпау қаржылық есептілікті пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін болса, қаржылық есептілікке ескертулерде ашып көрсетуді талап етуі мүмкін.

Қаржылық есептілікке ескертулерде ашып көрсетуді талап ететін түзетілмейтін оқиғалар тізімі:

- есеп беру күнінен кейін кәсіпорындардың бірігу;
- қызметтің бір бөлігінің тоқтатылуын қарастыратын жоспардың қабылдануы;
- әзірленіп жатқан ірі ауқымды қайта құрылымдау туралы жариялау немесе оның іске асырыла бастауы;
- есеп беру күнінен кейін орын алған өрт нәтижесінде біраз активтердің жойылуы;
- есеп беру күнінен кейін орын алған шетелдік валюталар бағамы құнының айтарлықтай өзгеруі;
- ағымдағы және кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелеріне елеулі әсер ететін, күшіне енген немесе есепті күннен кейін жарияланған салық ставкаларының немесе салықтар мен алымдар туралы заңнаманың өзгерістері;
- есеп беру күнінен кейін орын алған оқиғалардан ғана туындайтын ірі сот дауларының басталуы.

Егер есепті күннен кейін болған түзетілмейтін оқиғалар маңызды болса, олар туралы ақпаратты ашпау пайдаланушылардың осындай

қаржылық есептілік негізінде қабылдаған экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін. Есептік кезеңнен кейін болған түзетілмейтін оқиғалардың әрбір маңызды санаты үшін қаржылық есепте оқиғаның сипатын және оның қаржылық салдарларын бағалауды ашып көрсету немесе мұндай бағалау мүмкін еместігін көрсету қажет.

Ақпаратты ашып көрсету

Есеп беру күнінен кейін болған оқиғалар туралы келесі ақпарат қаржылық есептілікте ашып көрсетіледі:

- қаржылық есептіліктің шығаруға бекітілген күні;
- қаржылық есептілікті шығаруға бекіткен басқару органының атауы.

Есеп беру күнінен кейін орын алған оқиғалар есеп беру күніндегі активтер мен міндеттемелердің жағдайына әсер етпейтін, бірақ оларды ашып көрсетпеу қаржылық есептілікті пайдаланушылардың дұрыс бағалаулар жасау дұрыс шешімдер қабылдау қабілетіне ықпал ете алатындай маңызды болған жағдайда, келесілерді ашып көрсету қажет:

- оқиға сипаты;
- қаржылық салдарды бағалау немесе мұндай бағалауды жасау мүмкін еместігін көрсету;
- бұл ақпарат қаржылық есептілікте танылған сомаларға әсер ететініне қарамастан, есепті күннен кейін алынған ақпаратты ескере отырып, қаржылық есептіліктегі ашып көрсетулерді түсіндіру, мысалы, есепті күні болған заңмен белгіленген міндеттемені растау.

3.5. Қолданыстағы валюта

Қоғамның қаржылық есептілігі қолданыстағы валюта және ұсыну валютасы болып табылатын теңгемен ұсынылады.

3.6. Шетелдік валюта операциялары

Шетелдік валюта операциялары тиісті операция күнінде қолданыстағы айырбастау бағамы бойынша қолданыстағы валютамен қайта есептеледі.

Валюталарды айырбастау бағамы өзгерістерінің салдарын есепке алу ХҚЕС(IAS) 21 «Валюта бағамдары өзгерісінің әсеріне» сәйкес жүзеге асырылады.

Қоғам осы стандартты өзара жеткізу және олар бойынша есеп айырысу, сондай-ақ алынған несиелер мен қарыздар бойынша шетелдік серіктестерімен қарым-қатынастарынан туындайтын шетел валютасындағы операцияларды есепке алу кезінде қолданады.

Анықтамалар

Қолданыстағы валюта – Қоғам жұмыс жасайтын негізгі экономикалық ортаның валютасы, яғни бұл ҚР ұлттық валютасы (теңге).

Ұсыну валютасы – қаржылық есептілік берілетін валюта. Қаржылық есептерді ұсыну кезінде қолданылатын ҚР ұлттық валютасы (теңге).

Шетелдік валюта — бұл есептілік валютасынан өзгеше валюта.

Бағам айырмашылығы — валюталардың әр түрлі айырбастау

бағамдарын пайдалану арқылы бір валютадан екінші валютаға бірліктердің белгілі бір санын аударғанда туындайтын айырмашылық.

Есептік кезең аяқталған уақыттағы бағам – бұл қаржылық жағдай туралы есеп күніндегі коммерциялық бағам.

Айырбастау бағамы — бұл тиісті күндегі нарықтық валюта айырбастау бағамы.

Жабылу бағамы (соңғы бағам) — бұл есеп беру күніндегі ағымдағы валюта бағамы.

Валюта бағамы – бір валютаны екіншісіне айырбастау коэффициенті.

Ағымдағы айырбас бағамы – дереу есеп айырысудағы валюта айырбастау бағамы.

Әділ құн – хабардар және мәміле жасауға дайын бір-біріне тәуелді емес тараптар арасында активті айырбастауға немесе міндеттемені төлеуге болатын сома.

Қаржылық жағдай туралы есептің күні – есептілік күні есеп беретін күнтізбелік жылдың 31 желтоқсаны болып табылады.

Шетелдік валюта операциясы — бұл шетелдік валютамен жасаатын немесе шетелдік валютамен есептесуді көздейтін операция, соның ішінде Қоғам мына жағдайларда жүргізетін операциялар:

(a) бағалары шетелдік валютада бегіенген тауарларды, немесе қызметтерді сатып алу немесе сату;

(b) өтелетін немесе алынатын сома шетелдік валютамен көрсетілген қаражатты қарызға беретін немесе қарызға алатын;

(c) активтерді әлдебір басқа жолмен сатып алатын не сататын, немесе шетелдік валютамен көрсетілген міндеттемені өзіне алатын немесе өтейтін кезде пайда болатын барлық операциялар.

Ақша бабы – ақша бабының маңызды белгісі валюта бірліктерінің белгіленген немесе анықталатын санын алу құқығы (немесе қамтамасыз ету міндеті) болып табылады. Ақша баптардың мысалдары мыналар болып табылады: еңбекақы және қызметкерлерге ақшалай нысанда төленетін басқа сыйақылар, ақшалай нысанда төленетін резервтер, сондай-ақ ақшалай нысанда төленетін және міндеттеме ретінде танылатын дивидендтер.

Осылайша, ақша бабы Қоғамның меншікті үлестік құралдарының өзгермелі санын немесе алынуы (немесе ұсынылуы) тиіс әділ құны валюта бірліктерінің тіркелген немесе анықталатын санына тең активтердің айнымалы санын алу (немесе ұсыну) туралы келісім болып табылады.

Ақшалай емес бап – ақшалай емес баптың маңызды белгісі валюта бірліктерінің белгіленген немесе өлшенетін санын алу (немесе ұсыну міндеті) құқығының болмауы болып табылады. Ақшалай емес баптардың мысалдары мыналар болып табылады: тауарлар мен қызметтер үшін аванстық төлемдер сомалары (мысалы, жалдау бойынша алдын-ала төлем), материалдық емес активтер, қорлар, негізгі құралдар мен есеп айырысу ақшалай емес активті ұсыну арқылы жүргізілуі тиіс есептік міндеттемелер.

Бастапқы тану

Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда қолданыстағы валютада анықталған кезде шетел валютасының сомасына операция

жасалған күнгі қолданыстағы валюта мен шетел валютасы арасындағы ағымдағы айырбастау бағамын қолдану арқылы есепке алынады.

Шетелдік валютадағы шаруашылық операцияларды есепке алу бір мезгілде қолданыстағы валютада және шетел валютасында есепке алынады. Бухгалтерлік есеп регистрлері дебиторлық және кредиторлық берешектерді қолданыстағы валютада және шетел валютасында көрсетеді. Шетел валютасындағы барлық дебиторлық және кредиторлық берешек операция жасалған күні және қаржылық жағдай туралы есеп беру күні жиынтық кіріс туралы есепте көрсетілген бағамдық айырмашылықтары бар ағымдағы бағам бойынша міндетті түрде қайта бағалауға жатады.

Бағам айырмашылығын тану

Бағам айырмашылығы - валюталардың әр түрлі айырбастау бағамдарын пайдалану арқылы бір валютадан екінші валютаға бірліктердің белгілі бір санын аударғанда туындайтын айырмашылық.

Ақша баптары бойынша есеп айырысу кезінде немесе ақша баптарын есепті кезең ішінде немесе бұрынғы қаржылық есептілігінде бастапқы тану кезінде қайта есептелген бағамдардан өзгеше бағамдар бойынша қайта есептеу кезінде пайда болатын бағам айырмашылықтары пайдада немесе шығында олар пайда болатын кезеңде мойындалуға тиіс.

Операция мен ол бойынша есеп бір есепке алу кезеңінде жүзеге асырылатын болса, бағам айырмашылығы сол кезеңде мойындалады.

Алайда, операциялар бойынша есеп айырысу оны жүзеге асыру кезеңінен кейінгі кезеңде жүзеге асырылатын болса, әрбір аралық кезеңде есептесу кезеңіне дейін мойындалатын бағам айырмашылығы айырбастау бағамдарының өзгеруімен анықталады.

Ақшалай емес бап бойынша пайда немесе шығын тікелей капиталда мойындалған кезде ондай пайданың немесе ондай шығынның кез келген валюталық құрамдас бөлігі тікелей капиталда мойындалуға тиіс. Және, керісінше, ақшалай емес бап бойынша пайда немесе шығын пайдада немесе шығында мойындалған болса, сол пайданың немесе сол шығынның кез келген валюталық құрамдас бөлікті пайда немесе шығын ретінде мойындалуға тиіс.

Барлық бағам айырмашылықтарының салықтық салдары

Шетел валютасындағы операциялардан басқа кірістер мен шығындар және Қоғамның жұмыс нәтижелерін және қаржылық жағдайын (соның ішінде шетелдік бөлімшесін) басқа валютаға аудару кезінде туындайтын бағамдық айырмашылықтар салық салдарын тудыруы мүмкін. Мұндай салық салдарына ХҚЕС (IAS) 12 «Табыс салықтары» қолданылады.

Бағам айырмашылықтары бойынша шығындар мен кірістер есебі үшін Қоғам қолданатын шоттар:

7430 - «Бағам айырмашылығы бойынша шығындар»

6250 – «Бағам айырмашылығынан түсетін кірістер»

Есепті кезеңнің соңында шетел валютасында көрсетілген ақшалай (монетарлық) активтер мен міндеттемелер есепті күнгі қолданыстағы валюта бағамы бойынша қолданыстағы валютамен қайта есептеледі.

Шетел валютасында көрсетілген және бастапқы (тарихи) құны

бойынша есепке алынатын ақшалай емес активтер мен міндеттемелер тиісті мәміле жасалған күнгі валюта бағамы бойынша Қоғамның қолданыстағы валютасында көрсетіледі.

Әділ құн бойынша бағаланатын шетел валютасында көрсетілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер әділ құн анықталған күнгі айырбастау бағамы бойынша Қоғамның қолданыстағы валютасына қайта есептеледі.

Аударудан туындайтын бағамдық айырмашылықтар жиынтық кіріс туралы есепте таза негізде басқа кірістер (шығыстар) ретінде танылады.

Осы Есеп саясаты төмендегілер қоса алғанда, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына негізделген:

- Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (IFRS);
- Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (IAS); және
- Халықаралық қаржылық есептілікті түсіндіру жөніндегі комитет (ХҚЕТК) немесе бұрынғы Түсіндіру жөніндегі тұрақты комитет (ТТК) әзірлеген түсіндірмелер.

Операцияға, басқа оқиғаға немесе жағдайға қолданылатын нақты ХҚЕС болмаған жағдайда жауапты қызметкерлер экономикалық шешімдер қабылдау кезінде пайдаланушыларға қатысты ақпаратты қалыптастыру үшін есеп саясатын әзірлеу және қолдану кезінде өздерінің кәсіби пайымдауларын пайдаланады және қаржылық есеп:

- қоғамның қаржылық жағдайын, қаржылық нәтижелері мен ақша қаражаттары қозғалысының дұрыс ұсынылуын;
- операциялардың, оқиғалар мен жағдайлардың заңды формасын ғана емес, экономикалық мазмұнынан көрініс беруін;
- бейтарап және біржақтылығы жоқ;
- консервативті; және
- барлық маңызды қатынастарда толық болып табылуын қамтамасыз етеді.

Кәсіби пайымдау қаржылық есептілікті жасауға жауапты қызметкердің белгісіздік жағдайында шешім қабылдауға әсер ететін қолда бар объективті және субъективті факторлар туралы кәсіби бағасы және бухгалтерлік есептіліктегі есеп объектісін тану мен бағалаудың детальдары туралы қорытынды болып табылады.

Кәсіби пайымдау жасау кезінде жауапты қызметкерлер мынадай тәртіппен келесі дереккөздерге сілтеме жасайды және олардың қолданылуын қарастырады:

- Осыған ұқсас және қатысты мәселелерді қозғайтын ХҚЕС талаптары.
- Активтерді, міндеттемелерді, кірістер мен шығындарды бағалау тәртібі мен мойындау критерийлері, анықтамалары.

Кәсіби пайымдауды шығару кезінде басшылық өкілетті органдардың бухгалтерлік есеп саласында өздеріне жүктелген құзыреттер шегіндегі ресми түсініктемелері мен түсіндірмелерін ашатын нормативтік құжаттардың соңғы ережелерін, бухгалтерлік есеп бойынша әдебиетті және жоғарыда аталған дереккөздерге қайшы келмейтін және Қазақстан Республикасының

нормативтік құқықтық актілеріне сай келетін саладағы тәжірибені қарастыруы мүмкін.

Қаржылық есептілік Қоғамның даму жоспары сияқты Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен формалар және ведомствоішілік формалар бойынша жасалады.

Қоғам қажет болған жағдайда оның қолданыстағы ХҚЕС талаптарына сәйкестігі бойынша Есеп саясатының ережелерін түсіндіреді, ал жаңа ХҚЕС қабылданған немесе қолданыстағысына өзгертулер енгізілген жағдайда Есеп саясаты тиісті түрде қайта қаралады және толықтырылады.

Есеп саясатындағы өзгертулердің салдары «Есеп саясатындағы, есептік бухгалтерлік бағалаудағы өзгртулер және қателер» бөлімінде қарастырылған тәртіпте қаржылық есептілікте көрсетіледі.

4. БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

«Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ бухгалтерлік есебі келесі нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің Заңдары мен Қаулылары;
- ХҚЕС (IAS);
- Есеп саясаты;
- Салықтық есеп саясаты;
- Әдістемелік ұсынымдар, нұсқаулықтар және басқа да нормативтік-құқықтық актілер.

Қоғамның бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігінің мақсаты мүдделі тұлғаларды Қоғамның қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері және қаржылық жағдайының өзгерістері туралы толық және шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

Компаниядағы бухгалтерлік есеп бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есептілікті жасаудың келесі қағидаттарына сәйкес жүргізіледі: есептеу және үздіксіздік.

Қызметтің үздіксіздігі. Қаржылық есептілік Қоғам жұмыс істейтін университет болып табылады және болашақта өз қызметін жалғастырады деген болжам негізінде дайындалады, яғни басшылықтың Қоғам қызметін жоюға, тоқтатуға немесе айтарлықтай қысқартуға ниеті жоқ.

Қаржылық есептілікте ұйымның үздіксіздік қағидатын ұстану мүмкіндігі туралы кез келген елеулі күмән ашылады. Егер Қоғам үздіксіздік қағидатын ұстанбаса, онда қаржылық есептілікте үздіксіздік қағидатына сәйкессіздік болады, оның негізінде қаржылық есептілік жасалады және ұйым үздіксіз жұмыс істейтін болып саналмайды.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық университеттің өз қызметін кемінде есепті кезеңнен кейінгі он екі ай ішінде жалғастыру мүмкіндігін бағалайды.

Есептеу принципі. Қоғамның қаржылық есептілігі ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті қоспағанда, есептеу принципі бойынша жасалады, оған сәйкес операциялар мен оқиғалар ақша қаражатының түсуіне немесе

төленуіне қарай емес, олар болған кезде танылады. Пайдалар мен шығындар туралы есептегі шығыстар арақатынас принципі негізінде, яғни шеккен шығындар мен кірістердің нақты баптары бойынша түсімдер арасындағы тікелей байланыс негізінде танылады.

Егер бастапқы құжаттар алынбаған және ұсынылмаған жағдайда операциялар мен өзге де оқиғалардың нәтижелері сенімді алдын ала ақпарат немесе бақылау-болжамдық деректер негізінде көрсетіледі.

Бухгалтерлік есептің сапалық сипаттамалары:

- Орындылық;
- Ұсынымның дұрыстығы;
- Салыстырмалылық;
- Уақыттылығы;
- Тексеру мүмкіндігі;
- Түсініктілік.

Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну кезіндегі шектеу: ақпаратты ұсынуға арналған шығындар пайдаланушылар осы ақпаратты иеленуден алатын пайдадан аспауға тиіс.

Қателер анықталған жағдайда Қоғам шығаруға бекітілген Қаржылық есептіліктің бірінші пакетіндегі алдыңғы кезеңдердің елеулі қателерін олар анықталғаннан кейін ретроспективті түрде түзетеді:

- қате жіберілген алдыңғы кезең(дер) үшін салыстырмалы деректерді қайта есептеу; немесе
- егер қате ұсынылған кезеңдердің ең ерте кезеңіне дейін жіберілген болса, онда ұсынылған кезеңдердің ең ерте кезеңдеріндегі активтердің, міндеттемелердің және капиталдың бастапқы сальдосын қайта есептеу.

Қаржылық есептілік Қоғамның қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелерінің құрылымдалған көрінісін білдіреді. Жалпы мақсаттағы қаржылық есептіліктің мақсаты Қоғамның қаржылық жағдайы, қаржылық нәтижелері және ақша қозғалысы туралы ақпарат беру болып табылады, ол пайдаланушылардың экономикалық шешімдер қабылдауында пайдалы болады. Қаржылық есептілік университет басшылығына сеніп тапсырылған ресурстарды басқару нәтижелерін де көрсетеді. Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін қаржылық есептілік Қоғам қызметінің мынадай көрсеткіштері туралы мәліметтерді қамтиды:

- ХҚЕС сәйкес бағалау анықтамалары мен критерийлеріне сәйкес операциялардың, басқа да оқиғалар мен шарттардың әсерін дәл көрсету;
- 8(IAS) «Есеп саясаты, есептілік бағалардағы өзгерістер және қателер» ХҚЕС сәйкес есеп саясатын таңдау және қолдану;
- ақпараттың орындылығын, сенімділігін, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ете отырып, есеп саясатын қоса алғанда, ақпарат ұсыну;
- ХҚЕС талаптары нақты операциялардың немесе оқиғалардың ұйым қызметінің қаржылық жағдайына және қаржылық нәтижелеріне әсерін айқындау үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпаратты ұсыну.

Қаржы-шаруашылық қызметіне ішкі бақылауды ұйымдастыруды Ішкі

аудит қызметі жүзеге асырады.

Есеп пен есептіліктің Қоғамның есеп саясатының ережелеріне сәйкестігі бірінші басшыға және бас бухгалтерге жүктеледі. Бас бухгалтер бухгалтерлік есептің дұрыстығына жауап береді.

Ішкі бақылау жүйесі Директорлар кеңесі, Қоғам Басқармасы жарғылық мақсаттарды іске асыру үшін қабылдаған саясат пен рәсімдерді, оның ішінде активтердің сақталуын қамтамасыз етуді, алаяқтық пен қателіктер фактілерінің алдын алуды және анықтауды, бухгалтерлік жазбалардың дәлдігі мен толықтығын, сондай-ақ дұрыс қаржылық ақпаратты уақтылы дайындауды қамтиды.

Ішкі бақылау жүйесінің әдістері мен ережелері мыналарды қамтиды:

- міндеттерді орындау және бөлу;
- санкциялау рәсімдерінің болуы;
- құжаттау және жүйелік тіркелгілер;
- активтер мен құжаттарды бақылау;
- тәуелсіз тексерулерді жүзеге асыру.

Міндеттерді барабар бөлу бухгалтерлік есепте қасақана да, абайсызда да бұрмалануды болдырмайды және мыналарды қамтиды:

1. операцияларды санкциялауды және тиісті активтер бойынша материалдық жауапкершілікті бөлу;
2. материалдық жауапкершілік пен бухгалтерлік есепті бөлу;
3. шаруашылық операцияларды жүзеге асыру үшін жауапкершілікті және олардың есебін жүргізу үшін жауапкершілікті бөлу.

Бақылау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін әрбір шаруашылық операция тиісті түрде рұқсат етілуі (санкцияланuы) тиіс.

Бухгалтерлік, қаржылық және өзге де құжаттарға қол қою құқығы бар адамдардың тізімін Қоғам басшысы айқындайды және бекітеді. Бұл ретте адамның атқаратын лауазымына, іс-қимыл саласына және операцияның мәніне қарай қол қою құқығының иерархиясы белгіленеді.

Электрондық қолдарды пайдаланған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электрондық қолдарды пайдалану және оларға қол жеткізу құқығына қатысты тиісті сақтық және бақылау шаралары белгіленуі тиіс.

Бухгалтерлік қателерді түзету бастамасы бас бухгалтермен немесе бас бухгалтердің орынбасарымен келісе отырып, қате жіберген есеп қызметкерінен туындауы керек. Бухгалтерлік қателерді түзетуге рұқсат беру құқығы бас бухгалтерге жүктелген.

Құжаттау жүйесі келесі принциптерге негізделген –

Құжаттар мен жазбалар:

- есепті кезең ішінде үздіксіз және жүйелі нөмірленуі тиіс;
- операциялар жасалған сәтте немесе одан кейін бірден жасалады;
- қарапайым және түсінікті болу;
- көп мақсатты пайдалану үшін біріктірілуі керек;
- оларды дұрыс жобалау үшін ойластырылған құрылымға ие болуы тиіс.

Есеп саясаты және оған арналған нұсқаулық бухгалтерлік принциптерді қолданудың тұрақтылығын, біркелкілігін және дәйектілігін қамтамасыз етеді.

Қоғам құндылықтар мен құжаттардың қорғалуын қамтамасыз ету үшін мынадай шаралар қабылдайды:

- жанбайтын сейфтерді пайдалану;
- сақтау орындарында өртке қарсы және күзет дабылы құрылғысы;
- аумақты қорғау және өткізу жүйесі;
- деректер қоры мен бағдарламаның резервтік көшірмелерін жасау, сондай-ақ оларды қорғалған жерлерде әртүрлі тасымалдаушыларда сақтау;
- мерзімді ауысымды парольдерді қолдану;

«1:С Кәсіпорын» бағдарламасындағы жұмыс хаттамасында кемінде бес жыл ішіндегі деректер қолданылуы тиіс.

Басқарма Төрағасының бұйрығымен құндылықтарды алуға, тасымалдауға, сақтауға, босатуға және пайдалануға байланысты лауазымдар тізімі айқындалады. Қызметкерді аталған лауазымға тағайындау толық жауапкершілік туралы шарт жасалғаннан кейін ғана мүмкін болады.

Құндылықтарға мыналар кіреді (бірақ олармен шектелмейді): ақша және оның баламалары, қорлар, айналымнан тыс активтер, жылжымайтын мүлік, ғимарттар мен жабдықтар, материалдық емес активтер, төлем құралдары, қатаң есептілік бланкілері.

Атқарушы орган қызметкерлердің міндеттерін адал орындауына, бақылау рәсімдерінің сақталуына тұрақты түрде тексеру жүргізеді.

Қоғамның бухгалтерлік есебі бухгалтерлік есепті жүргізуді және қаржылық есептілікті жасауды регламенттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүргізеді.

Қоғамдағы бухгалтерлік есепті бухгалтерлік қызмет (Қаржы департаменті) бас бухгалтер басқаратын дербес құрылымдық бөлімше ретінде жүзеге асырады.

Қаржы департаменті қызметкерлерінің функционалдық міндеттері «Лауазымдық нұсқаулықтармен» және жеке еңбек шарттарымен, материалдық жауапкершілік туралы шартпен және коммерциялық құпияны жария етпеу міндеттемесімен айқындалады.

Бас бухгалтер лауазымынан босатылған кезде істерді жаңадан тағайындалған бас бухгалтерге (ол болмаған кезде Қоғам басшылығы тағайындаған қызметкерге) беру жүргізіледі.

Істерді қабылдау және беру Қоғам Басқармасы Төрағасының бұйрығы негізінде жүргізіледі, онда:

1.бухгалтерлік қызмет істерін қабылдау-тапсыру мерзімдері, бірақ бұйрыққа қол қойылған сәттен бастап екі аптадан аспайды;

2.тапсырушы мен қабылдаушының еңбек ақы төлеу тәртібі;

3.істерді қабылдау-тапсыру кезеңінде құжаттарға қол қою құқығы кімге берілсе, бұл ретте істі қабылдайтын адамның қол қою құқығы ресімделгенге дейін құжаттарға істі қабылдаушы бақылаумен тапсырушы қол қояды.

Істерді беру процесінде бухгалтерлік есептің жай-күйі, есептік деректердің дұрыстығы тексеріледі, субъектінің басшысы бекітетін

қабылдаушы және тапсырушы тараптар қол қоятын қабылдау-тапсыру актісі жасалады. Акт екі дана болады. Біреуі бухгалтерлік қызметте, екіншісі істі беруші тарапта қалады. Актінің жекелеген ережелерімен келіспеген жағдайда, қабылдаушы оған қол қою кезінде тиісті дәлелді ескертпелерді көрсетеді.

Бухгалтерлік есептің қанағаттанғысыз жай-күйі жағдайында бухгалтерлік есепті қалпына келтіру процесін ұйымдастыру Қоғам Басқармасына жүктеледі.

Басқарма бас бухгалтерге Қоғамның есеп саясатында бекітілген ережелер және қаржылық есептілік көрсеткіштерін қалыптастыру мәселелері бойынша, оның ішінде қаржылық есептілік элементтері мен олардың құрамдастарын жіктеу, тану, бағалау және есептеу, сондай-ақ олармен байланысты ақпаратты ашу мәселелері бойынша кәсіби пайымдау негізінде дербес шешім қабылдау өкілеттігін береді.

Қаржылық есептілікті дайындау Қоғам басшылығынан кірістердің, шығыстардың және активтер мен міндеттемелердің көрсетілетін сомасына әсер ететін пайымдауларды, бағалауларды және жол берулерді әзірлеуді, сондай-ақ есепті күнге шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ашуды талап етеді.

Есеп беру баптарын қалыптастыру, пайдаланушының экономикалық шешіміне әсер ету мәселесін шешу, кез-келген ақпаратты ашпау мәселесін шешу кезінде бас бухгалтер кәсіби шешім мен есеп саясатының ережелеріне сүйене отырып, маңыздылыққа назар аударады.

5. ЕСЕПКЕ АЛУ-БУХГАЛТЕРЛІК АҚПАРАТТЫ САЛЫСТЫРУ ЖӘНЕ САҚТАУ

Қоғам есепке алу-бухгалтерлік деректерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерге және тәртіпке, Қоғамның Істер номенклатурасына сәйкес сақтайды.

Құжаттар мен шоттар - бұл экономикалық операциялар туралы ақпарат жазылған және жинақталған материалдық медиа немесе электронды құжаттар.

Шаруашылық операцияны жасау фактісін тіркейтін бастапқы құжаттар бухгалтерлік есеп тіркелімдеріндегі жазбалар үшін негіз болып табылады. Активтерге, меншікті капиталға, міндеттемелерге, кірістер мен шығыстарға әсер ететін барлық шаруашылық операциялар мен шаруашылық қызметтің өзге де оқиғалары бухгалтерлік есепте көрсетілуге тиіс. Бастапқы құжаттар операция жасалған кезде, егер бұл мүмкін болмаса - операция аяқталғаннан кейін тікелей жасалады.

Бастапқы құжаттар уәкілетті орган бекіткен үлгілік нысандар негізінде қалыптастырылады.

Қажет болған жағдайда нысандар нормативтік құқықтық актілерде белгіленген ең төменгі талаптар негізінде дербес әзірленеді және бекітіледі.

Бастапқы, оның ішінде қағаз және электрондық тасымалдаушылар құжаттарда мынадай міндетті деректемелер болуға тиіс:

- құжаттың (нысанның) атауы;
- жасалған күні;
- құжат жасалған субъектінің атауы;
- шаруашылық операцияның мазмұны;
- шаруашылық операцияның өлшеуіштері (заттай және (немесе) ақшалай көріністе);
- шаруашылық операцияның жасалуына және оның дұрыс ресімделуіне жауапты лауазымды тұлғалардың атауы;
- жеке қолтаңбалар және олардың шифрын ашу.

Операцияның сипатына, нормативтік құқықтық актілердің талаптарына және есепке алу ақпаратын өңдеу тәсіліне қарай бастапқы құжаттарға қосымша деректемелер енгізілуі мүмкін.

Бухгалтерлік есеп дербес компьютерлерде «1:С Кәсіпорын» желілік бағдарламасын қолдана отырып жүргізіледі. Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі есеп-қисаптардың талдамалық есебін қамтамасыз ету үшін 1С «Жалақы және персоналды басқару» бағдарламалық қамтамасыз ету (бұдан әрі – ЖПБ) қолданылады. Синтетикалық деректер автоматтандырылған түрде «1:С Кәсіпорын» бағдарламасына біріктіріледі.

Қоғам уәкілетті орган бекіткен бухгалтерлік есеп шоттарының Үлгі жоспарына қайшы келмейтін, Қоғам қабылдаған бухгалтерлік есеп шоттарының жоспарына сәйкес активтердің, міндеттемелердің, капиталдың, кірістер мен шығыстардың болуымен және қозғалысымен байланысты операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізеді. Жылдық қаржылық есептілікті қалыптастыру кезінде есепті кезеңнің соңына бухгалтерлік есеп шоттарында теріс қалдықтардың болуына жол берілмейді.

Біртекті шаруашылық операцияларға жиынтық бухгалтерлік құжаттар жасалады. Жиынтық бухгалтерлік құжаттар (тізімдемелер, ведомостар және басқалар), егер оларға бастапқы құжаттардың түпнұсқалары немесе көшірмелері қоса берілсе, өзінің дәлелдемелік күшін сақтайды.

Құжаттар қозғалысының дәйектілігі (басқа субъектілерден құру немесе алу, есепке алу, өңдеу, мұрағатқа беру), орындаушылар тізбесі, қаржы қызметіне құжаттардың түсу мерзімдері, есепті кезеңдегі барлық жұмыстардың аяқталуы, қаржылық есептіліктің жасалуы құжат айналымын білдіреді. Бухгалтерлік есеп тіркелімдерінің деректері топтастырылған түрде қаржылық есептілікке көшіріледі.

Бас бухгалтердің бухгалтерияға құжаттар мен мәліметтерді ресімдеу және ұсыну тәртібі бөлігіндегі талаптары барлық қызметкерлер үшін міндетті.

Құжат айналымы кестесінің сақталуына, сондай-ақ құжаттардағы деректердің дұрыстығына және оларды бухгалтерлік есеп пен есептілікте көрсету үшін уақтылы беруге осы құжаттарды жасаған және қол қойған тұлғалар жауапты болады.

Басшылықтың бұйрығымен бухгалтерлік құжаттарға қол қою құқығы бар адамдар айқындалады және адамның атқаратын лауазымына, іс-қимыл саласына және операцияның мәніне қарай қол қою құқығының иерархиясы

белгіленеді.

Бастапқы құжаттар мен қорытынды жазбалар қағазға басып шығарылады немесе электрондық тасығыштарда сақталады. Қажет болған жағдайда Қоғам мемлекеттік бақылаушы органдар мен тәуелсіз аудиторлардың талап етуі бойынша құжаттардың басылған көшірмелерін ұсынады.

Бухгалтерлік есепте көрсету үшін бухгалтерия қабылдаған ақпарат бухгалтерлік тіркелімдерде жинақталады және жүйеленеді.

Істерді қалыптастыру дегеніміз - орындалған құжаттарды Қоғамның істер номенклатурасына сәйкес істерге топтастыру. Істер номенклатурасы Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы заңнамасына сәйкес ресімделетін, оларды сақтау мерзімдері көрсетіле отырып, Қоғамның іс жүргізуінде жүргізілетін істер тақырыптарының жүйелендірілген тізбесін білдіреді.

Істерді қалыптастыру кезінде келесі шарттар сақталады:

1) сақтау мерзімдері тұрақты және уақытша құжаттар істерге бөлек топтастырылады;

2) түпнұсқаларды көшірмелерден, ал жылдық жоспарлар мен есептерді тоқсандық және айлық есептерден бөледі;

3) іске әрбір құжаттың бір-бір данасы енгізіледі.

Іске ауыспалы істерден басқа бір кезеңнің - айдың, тоқсанның, күнтізбелік жылдың құжаттары (мысалы, күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін жабылмайтын жеке істер) топтастырылады. Істе бір айдан астам уақыт ішінде құжаттар болған кезде құжаттар ай сайын айы көрсетіле отырып, қағаз парақтарымен бөлінеді.

Құжаттарға қосымшалар олардың бекітілген немесе жасалған күніне қарамастан, олар қатысты құжаттарға қосылады.

Субъектінің құжаттарын тұрақты, уақытша сақтау өзінің арнайы жабдықталған үй-жайы болған кезде дербес немесе Қоғамның қаражаты есебінен құжаттарды тиісті мұрағат мекемелеріне сақтауға беру жолымен қамтамасыз етіледі. Іс жүргізу аяқталған істер олар басталған күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін оларды тұрақты сақтау үшін беруге дайындау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры және архивтер туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес ресімделуге және сипатталуға тиіс.

Қайта ұйымдастырылатын субъектілердің істері мен құжаттарын қабылдау-тапсыру туралы мәліметтер субъектіні қайта ұйымдастырудың аяқталғаны туралы материалдарда көрсетіледі.

Құжаттар ұрланған, бүлінген, жойылған немесе жойылған (өрт, су басу, дүлей зілзала) жағдайда Қоғам Басқармасы Төрағасының бұйрығымен олардың жоғалу немесе қаза болу себептерін тексеру және кінәлі адамдарды анықтау жөніндегі комиссия тағайындалады, комиссия жұмысының нәтижелері бойынша акт ресімделеді, оны Қоғам Басқармасы бекітеді. Актіде: болған оқиғаның орны мен себептері, сыртқы зақымданулардың сипаты егжей-тегжейлі сипатталады, жоғалған (бүлінген) құжаттардың тізбесі келтіріледі, бастапқы құжаттардың сақталуына жауапты адамдар

көрсетіледі. Осы адамдардан комиссия болған жағдай туралы жазбаша түсініктеме алады.

Құжаттар жоғалған жағдайда есепті кезең жабылғаннан кейін операцияларды өзгерту және жою бас бухгалтердің жазбаша рұқсатымен ғана мүмкін болады. Түзету жазбаларын жүргізу кезінде операцияның мазмұны және түзету себептері ашылады.

Түзеу және өзге де есепке алу жазбалары растайтын құжаттарды қоса бере отырып, бас бухгалтер (немесе бас бухгалтердің орынбасары) қол қойған бухгалтерлік анықтамамен ресімделеді және мөрмен расталады.

Қоғамның жылдық қаржылық есептілігіне қол қойылғаннан кейін электрондық деректер базасы жекелеген электрондық тасымалдағышта сақталуы тиіс.

Олардың сақталуы мен мұрағатқа уақтылы берілуі үшін бухгалтерлік немесе қаржы қызметінің басшысы жауапты болады.

Құжаттарды сақтау мерзімі:

№	Құжаттардың атауы	Сақтау мерзімі
1	Жылдық қаржылық және салық есептілігі	Тұрақты
2	Шаруашылық операцияның жасалу фактісін тіркеген және бухгалтерлік жазбалар үшін негіз болған бастапқы құжаттар мен оларға қосымшалар (кассалық құжаттар мен кітаптар, банктік құжаттар, банктік чек кітапшаларының түбіртектері, ордерлер, табельдер, банктердің хабарламалары және аударым талаптары, мүлік пен материалдарды қабылдау, тапсыру, есептен шығару актілері, түбіртектер, шот-фактуралар, жүкқұжаттар мен аванстық есептер, хат алмасу және басқа құжаттар)	5 жыл
3	Қоғам қызметкерлеріне арналған жеке шоттар/есеп айырысу және есеп айырысу-төлем ведомостары, жұмыс уақытын есепке алу табельдері	75 жыл
4	Ақша және тауар-материалдық құндылықтарды алуға сенімхаттар	5 жыл
5	Кепілдік хаттар, шаруашылық операцияларды есепке алу кітаптары, бас кітап, журналдар, ведомостар, кассалық кітап	5 жыл
6	Кредиттерді жұмсау туралы мәліметтер	5 жыл
7	Активтерді, міндеттемелерді түгендеу туралы құжаттар (түгендеу комиссиялары отырыстарының хаттамалары, түгендеу тізімдемелері, тізімдер, актілер, ведомостар)	5 жыл
8	Жәрдемақы, зейнетақы төлеу туралы құжаттар, еңбекке жарамсыздық парақтары, атқару парақтары	5 жыл
9	Салықтар бойынша жеңілдіктер алуға анықтамалар	5 жылдан кем емес
10	Дебиторлық берешек, жетіспеушіліктер, ысыраптар және жымқыру туралы құжаттар (анықтамалар, актілер, міндеттемелер, хат алмасу)	5 жылдан кем емес

11	Негізгі қорларды қайта бағалау, негізгі құралдар амортизациясын айқындау, ұйым мүлкінің құнын бағалау туралы құжаттар (хаттамалар, актілер, есептер, ведомостар, қорытындылар)	5 жыл
12	Ұзақ мерзімді активтер мен ұзақ мерзімді міндеттемелерге байланысты құжаттама Ғимараттардың, құрылыстардың және жабдықтардың паспорттары	Тұрақты
13	Тексеру актілері және оларға құжаттар	5 жыл
14	Шарттар мен келісімдер (еңбек және шаруашылық)	Қолданылу мерзімі өткеннен кейін 5 жыл
15	Материалдық жауапкершілік туралы шарттар	Материалдық жауапты тұлға жұмыстан босатылғаннан кейін 5 жыл
16	Республикалық (жергілікті) бюджетке, бюджеттен тыс қорларға есептелген және аударылған салық сомалары, олар бойынша берешектер туралы құжаттар (есеп айырысулар, мәліметтер, анықтамалар, кестелер, мәліметтер, хат алмасулар)	5 жыл
17	Салықтардың барлық түрлері бойынша заңды тұлғалардың салық декларациялары (есеп айырысулары)	5 жыл
18	Бухгалтерлік (қаржылық) есептілік бойынша аудиторлық қорытындылар	5 жыл

Салықтық есепке алу мақсаттары үшін ҚР Салық заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі 5 жылды құрайды.

Құжаттардың сақталу мерзімін есептеу оларды іс жүргізу аяқталған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап жүргізіледі. Сақтау мерзімі 75 жыл болып белгіленген құжаттар үшін сақтау мерзімін есептеу іс аяқталған кездегі адамның жасын ескере отырып жүргізіледі.

Қоғамның құжаттарын сақтау мерзімі "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" ҚР Заңына және Қоғамның істер номенклатурасына сәйкес белгіленеді.

Құжаттар қозғалысының реттілігі

Құжаттар қозғалысының реттілігі, орындаушылардың тізімі, бухгалтерияға түсу мерзімдері, бухгалтерлік аппараттың ішінде құжаттарды өңдеу және өткізу және есепті кезеңдегі барлық жұмыстарды аяқтау, бухгалтерлік баланс пен қаржылық есептілікті жасауға дейін, тек есепшілер үшін ғана емес, сонымен қатар Қоғам құрылымдарының барлық қызметкерлері үшін де орындалуы міндетті құжат айналымы болып табылады. Олар қызмет саласына қатысты құжаттарды толтырады және ұсынады.

Құжат айналымы кестесінің сақталуына, құжаттардың уақтылы және сапалы жасалуына, оларды бухгалтерлік есеп пен есептілікте көрсету үшін бухгалтерияға уақтылы берілуіне, құжаттардағы деректердің дұрыстығына осы құжаттарды жасаған және оларға қол қойған тұлғалар жауапты болады.

Бухгалтерлік есепте белгіленген тәртіппен ресімделген барлық құжаттардың толық және уақтылы көрсетілуін бақылауды Қоғамның бас бухгалтері жүзеге асырады.

Қоғамға түсетін құжаттар қозғалысының технологиялық сызбасы:

Қоғамға құжаттардың түсуі
↓
Құжаттарды сұрыптау
↓
Құжаттарды ресімдеудің дұрыстығын тексеру
↓
Құжаттарды тіркеу
↓
Құжаттарды Басшыға / лауазымды тұлғаларға беру
↓
Құжаттардағы қарар (қажет болған жағдайда)
↓
Құжаттарды орындау
↓
Құжаттарды ағымдағы сақтау
↙ ↘
Құжаттарды мемлекеттік мұрағатқа тапсыру ← Құжаттарды мұрағатқа тапсыру

Қоғам жасайтын құжаттар қозғалысының технологиялық сызбасы

<table>
<tr><td colspan="2">Құжат жасау (ресімдеу)</td><td>→</td><td>Құжатты ресімдеудің дұрыстығын тексеру</td><td>→</td><td>Лауазымды тұлғалардың құжатқа бұрыштама қоюы</td><td>→</td><td>Басшының / лауазымды тұлғаның құжатты бекітуі</td></tr>
<tr><td>→</td><td>Құжатты тіркеу</td><td>→</td><td>Құжатты орындау</td><td>→</td><td rowspan="3">Қоғамдағы құжаттың ағымдағы сақталуы</td><td>→</td><td>Құжатты мемлекеттік мұрағатқа тапсыру</td></tr>
<tr><td></td><td>Құжатты бөгде ұйымға жіберу</td><td>→</td><td>Құжаттың көшірмесін сақтау үшін дайындау (қажет болған жағдайда)</td><td>→</td><td>→</td><td>Құжатты Қоғамның мұрағатына тапсыру</td></tr>
<tr><td colspan="6"></td><td>→</td><td>Құжатты жою</td></tr>
</table>

Сақтау мерзімі өткен бухгалтерлік құжаттарды жою.

Сақтау мерзімі өткен бухгалтерлік құжаттарды жою үшін:

1) құжаттарды жою және осы әрекетті тиісті құжаттау жөніндегі біржолғы/тұрақты комиссия құру туралы бұйрық шығаруға құқылы;

2) сақтауға жатпайтын, ғылыми-тарихи құндылығы жоқ және практикалық мәнін жоғалтқан құжаттар ретінде жоюға іріктелген құжаттарды жоюға бөлу туралы акт жасауға;

3) жойылуға жататын құжаттардың тізімдемесін жасауға міндетті.

Құжаттарды жою тәсілі: қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдері бойынша таңдалған тиісті қызметтерді көрсететін компаниялар арқылы құжаттарды өртеу немесе өздері жою. Жоюды комиссия жүзеге асырады, сақтау мерзімі аяқталған құжаттаманың жойылуын бақылау үшін бухгалтерлік құжаттарды сақтауға және жоюға жауапты қызметкер болуы керек. Есепке алу-бухгалтерлік ақпаратты сақтау және жою "ҚР Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарында құжаттау мен құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларына" сәйкес жүргізіледі.

6. Түгендеу (Бухгалтерлік есеп жүргізу ережелеріне сәйкес)

«Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ-да бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік мәліметтерінің дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында активтер мен міндеттемелерге түгендеу жүргізіледі.

Жүргізілу сипатына қарай түгендеу жоспарлы және кенеттен түгендеу сипатында болуы мүмкін. Жоспарлы түгендеу Қоғамда келесі мерзімдерде жүргізіледі:

№ р/с	Актив түрі	Өткізу мерзімдері
1	Негізгі құралдар, МЕА	Жылына 1 рет – жоспарлы
2	ТМҚ	Жылына 1 рет – жоспарлы
3	Ақшалай қаражаттар	Жылына 1 рет
4	Дебиторлық және кредиторлық қарыз	Жылына 2 реттен кем емес

Кенеттен түгендеу Қоғамда жоспарлы түгендеу өткізу кестесіне қарамастан басшының өкімі бойынша жүргізіледі.

Қоғамда түгенеу мына жағдайларда міндетті түрде өткізіледі:

- материалдық-жауапты тұлғалар ауысқанда (істерді қабылдау-тапсыру күні);
- жымқыру немесе асыра пайдалану, сондай-ақ тауар-материалдық қорлардың бүліну фактілері анықталғанда;
- дүлей апаттар, өрт, апат немесе экстремалды жағдайлардан туындаған басқа да төтенше жағдайлар орын алғанда;
- тарату (қайта ұйымдастыру) кезінде тарату (бөлу) балансын жасар алдында және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа жағдайларда.

Түгендеу нөмірлері немесе штрих кодтар

Баланстағы және баланстан тыс есептегі мүлікке бақылауды жүзеге асыру үшін Қоғам әрбір мүлікке Қоғам белгілеген тәртіппен жеке түгендеу нөмірін және (немесе) штрих-кодтарды беру арқылы бухгалтерлік есепті ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Мүлік объектілеріне инвентарлық нөмірлер және (немесе) штрих-кодтар келіп түсуіне қарай реттік–сериялық жүйе бойынша беріледі.

Мүліктік нөмір дегеніміз Қоғам мүлікті кодтық белгілеу үшін қолданатын әріптік және (немесе) цифрлық таңбалар комбинациясы.

Штрих-код (бұдан әрі – штрих нөмірі) мүліктің кодтық белгіленуі үшін машинамен оқылатын нысандағы (көріп-оқылатын таңбалар) дәйекті орналасқан параллель сызықтар мен олардың арасындағы бос орындардың тіркесімін білдіреді.

Штрих нөмірлер мүлікке түгендеу жүргізу кезінде арнайы құралмен оқылады.

Штрих нөмірлерінде қажет болған жағдайда мүліктің атауы, түгендеме және сериялық нөмірі, моделі, маркасы, түрі, сондай-ақ мүлік коды көрсетіледі.

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді есепке алу үшін ұйым ақпараттық жүйеде әрбір жеке объекті бойынша түгендеу картасын жүргізеді. Түгендеу картасының формасын Қоғам дербес әзірлейді. Түгендеу картасында негізгі құралдар мен материалдық емес активтер объектілерінің негізгі сапалық және сандық көрсеткіштері болады.

Қоғам түгендеу нөмірлерін және (немесе) штрих нөмірлерін беру арқылы баланстық және баланстан тыс есептегі барлық мүліктің жіктеуішін жүргізеді.

Таңбалау мүмкін емес мүлікті есепке алу және бақылау үшін Қоғам қажет болған жағдайда еркін нысанда мүлікті есепке алу журналын жасайды, онда тиісті мүлік бірлігі реквизиттерінің қарсысына түгендеме нөмірі және (немесе) штрих нөмірі қойылады.

Түгендеме нөмірлері және (немесе) штрих нөмірлері мүлікті өтеусіз беру немесе жеке немесе заңды тұлғаларға сату, жою (бөлшектеу) жолымен оны толықтай шыққанға немесе пайдаланудан шығарғанға дейін нысанда сақталады.

Түгендеу жүргізу тәртібі

Активтер мен міндеттемелерге түгендеу жүргізу үшін түгендеу комиссиясы құрылады, оның құрамы Басқарма төрағасының (немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның) бұйрығымен бекітіледі.

Түгендеу комиссиясының (әрі қарай – комиссия) құрамына құрылымдық бөлімшелердің басшылары, бухгалтерлік қызмет қызметкерлері және басқа арнайы бағыттағы мамандар енгізіледі.

Түгендеу жүргізгенге дейін комиссия мүшелері келесі әрекеттерді жүзеге асырады:

осы нысандар бойынша жүргізілген соңғы түгендеу материалдарымен, соңғы түгендеу нәтижелері бойынша қабылданған шаралармен танысады;

қосалқы үй-жайларды, жертөлелерді және жеке кіру және шығу

жолдары бар мүлік сақталатын басқа да орындарды пломбалайды;

түгендеу сәтіндегі соңғы кіріс және шығыс құжаттарының реестрін немесе түгенлеуге жататын мүліктің қозғалысы туралы есепті алады.

Мүлікті түгендеу мүлікктің орналасқан жері бойынша жүргізіледі.

Іс жүзіндегі қалдықтарды тексеру материалдық-жауапты тұлғаның міндетті түрде қатысуымен жүргізіледі, бұл ретте материалдық-жауапты тұлға өз учаскесінде комиссия мүшесі болып табылмайды.

Түгендеуге жататын құндылықтарға жауап беретін материалдық жауапты тұлғаның болуы түгендеуді жүргізудің міндетті шарты болып табылады.

Түгендеу кезінде анықталған іс жүзіндегі мүлік пен бухгалтерлік есеп мәліметтерінің сәйкессіздігі келесі тәртіпте көрсетіледі:

- артық активтер, қорлар кейіннен артық пайда болу себептерін анықтай отырып, кіріске алуға жатады;
- анықталған жетіспеушіліктер мен мүлікті жымқыру сомасы, сондай-ақ материалдық құндылықтарға зиян келтірілген шығындардың сомасы кінәлілерге жатқызылады. Жетіспеушіліктерді материалдық жауапты тұлғаға жатқызуға негіз болып тізімдеменің деректері және жиынтық тізімдер, сондай-ақ қызметкердің толық жауапкершілігі туралы жазбаша келісім болып табылады.

Нақты жетіспеушіліктер анықталған жағдайда табиғи ысырап нормалары қолданылады, ал осы нормалардан асатын жетіспеушілік қажетті түсініктемелер талап етілетін кінәлі адамдар болған жағдайда, солар өтейді. Кінәлі тұлғалар анықталмаған жағдайда Басқарманың шешімімен анықталған жетіспеушілік сомалары шығыстарға есептен шығарылады.

Түгендеу нәтижелері жарамсыз болып танылуы мүмкін негіздемелер:

- түгендеу жүргізу кезінде материалдық-жауапты тұлғаның болмауы;
- түгендеу жүргізу кезінде комиссияның кем дегенде бір мүшесінің болмауы;
- түгендеу актілерінде айтылмаған түзетулер.

Санақ және басқа да өлшеулердің нәтижелері түгендеу парақтарында – түгендеу кезінде жасалған және мүліктің нақты бар-жоғын растайтын және белгілі бір күні міндеттемелердің кемінде екі данада ресімделеді, оларға комиссияның барлық мүшелері және материалдық жауапты тұлға қол қояды. Түгендеу аяқталғаннан кейін материалдық жауапты тұлға оның қатысуымен комиссияның мүлікті тексергенін, комиссия мүшелеріне шағымдардың жоқтығы туралы қолхат береді.

Мүліктің нақты бар-жоғын тексеру кезінде түгендеу тізімдеріндегі материалдық жауапты тұлға ауысқан кезде осы мүлікті қабылдаған тұлға оларды алу үшін, ал тапсырған адам оларды тапсыру үшін қол қояды.

Егер мүлікті түгендеу бірнеше күн ішінде жүргізілсе, онда түгендеу сақталатын үй-жай күн сайын комиссия мүшелерінің және материалдық жауапты адамның қатысуымен мөр басылады.

Меншік құқығы негізінде Қоғамға тиесілі емес, бірақ олардың

иелігіндегі мүліктерге жеке түгендеу тізімдері жасалады.

Жарамсыз күйге түскен мүлікке жеке түгендеу тізімі жасалады.

Түгендеу аяқталғаннан кейін толтырылған түгендеу тізімдері бухгалтерлік қызметке тапсырылады.

Бухгалтерлік қызмет бухгалтерлік есепте түгендеу тізімдерін салыстыруды жүзеге асырады.

Активтер мен міндеттемелерге түгендеу жүргізу шарттары, түгендеу нәтижелерін ұсыну және оларды бухгалтерлік есепте көрсету нысаны қолданыстағы нормативтік актілермен реттеледі. Түгендеу нәтижелерін түгендеу комиссиясының төрағасы бекітеді.

Түгендеу нәтижелері түгендеу аяқталған айдың бухгалтерлік есебінде және қаржылық есептілігінде, ал жылдық түгендеу бойынша – жылдық қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Банктермен несиелер бойынша, бюджетпен, жабдықтаушылармен, есеп берушілермен, қызметкерлермен, салымшылармен және басқа дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысулардың түгендемесі мыналардан тұрады:

банктермен, қазынашылық органдарымен (қажет болған жағдайда), қаржы, салық органдарымен, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорымен, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларымен, жеткізушілермен, тапсырыс берушілермен есеп айырысулардың сәйкестігін тексеру кезінде;

қарыз сомалардың, оның ішінде талап қою мерзімі өткен сомалардың дұрыстығы мен негізділігін тексеру кезінде;

депоненттерге қатысты аударуға жататын ұйым қызметкерлеріне белгіленген мерзімде төленбеген еңбекақы сомаларын, сондай-ақ ұйым қызметкерлеріне артық төлемнің мөлшері мен туындау себептерін анықтау кезінде.

Кредиторлық қарыз жолдағы тауардың сомасы және шот-фактурасыз жеткізілім үшін жабдықтаушылармен есеп айырысу бойынша тексеріледі.

Есеп беретін сомаларды түгендеу кезінде берілген аванстар бойынша есеп берушілердің есептері, олардың мақсатты пайдаланылуы, сондай-ақ әрбір есеп беретін тұлға бойынша берілген аванстардың сомасы (берілген күні, нысаналы мақсаты) ескеріле отырып тексеріледі.

Болашақ кезеңдердің кірістерін (шығыстарды) түгендеу кезінде комиссия құжаттар бойынша бухгалтерлік есепте көрсетілуі тиіс соманы белгілейді және түгендеме тізіміне енгізеді.

ӘДІСТЕМЕЛІК БӨЛІМ

1. ҰЗАҚМЕРЗІМДІ АКТИВТЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛУ

Ұзақмерзімді активтерге, шоттардың Жұмыс жоспарына сәйкес, негізгі құралдар, материалдық емес активтер, биологиялық активтер, инвестициялар және ұзақмерзімді дебиторлық қарыз жатады.

1.1 . Негізгі құралдарды есепке алу (16 «Негізгі құралдар»

ХҚЕС-қа (IAS) сәйкес)

Негізгі құралдар – бұл материалдық активтер, олар:

1) өндірісте немесе тауарлар, немесе қызметтерді жеткізуде пайдалану үшін, басқа тұлғаларға жалға беру үшін немесе әкімшілік мақсаттарға арналады, және

2) бір кезеңнен астам уақыт ағымында қолдану күтіледі.

Негізі құралдар нысандарын активтер деп тану бір уақытта екі шарттың орындалуын қарастырады:

- болашақта экономикалық пайда алу ықтималдылығы; және
- Қоғам үшін активтің өзіндік құнын бағалау сенімділігі.

Негізгі құралдар нысандарына материалдық-заттық формасы бар активтер жатады: жылжымайтын мүлік (жер, ғимараттар, құрылыстар және жерге қатысты басқа да объектілер); көлік құралдары; машиналар мен жабдықтар; басқа да негізгі құралдар; көпжылдық екпелер; сондай-ақ Қоғамның қызметінде өндіру, қызметтер көрсету немесе тауарларды өткізу, сондай-ақ басқа ұйымдарға жалға беру немесе пайдалану мерзімі бір күнтізбелік жылдан асатын әкімшілік мақсаттар үшін пайдаланылатын өзге де мүлік.

Негізгі құралдар жіктеуіші

Нысаналы мақсаты мен орындайтын фнукцияларына қарай Қоғамның негізгі құралдары келесі топтарға бөлінген:

№ р/с	Топтың атауы	Негізгі құралдардың атауы
1	Жер	Қоғам ғимараттары орналасқан жер уческелері
2	Ғимараттар мен имараттар	
2.1	Тұрғын үй емес ғимараттар	Оқу корпустары және оқу-далалық тәжірибелер орталығының басқа ғимараттары
2.2	Тұрғын үй ғимараттары	Жатақханалар
2.3	Имараттар	Конструкциялар, ескерткіштер, жалғастыра салынған жайлар, резервуарлар, трансформаторлық станциялар
3	Машиналар мен жабдықтар, беріліс құрылғылары	
3.1	Зертханалық жабдықтар	Интерактив жабдықтар, оқу-зертханалық жабдықтар, ғылыми жабдықтар, баспахана жабдықтары, мультимедиалық құрылғылар және басқа зертханалық жабдықтар
3.2	Компьютерлік жабдықтар	Компьютерлер мен серверлер, ноутбуктар, мәліметтерді өңдеу жабдықтары
3.3	Кеңсе жабдықтары	Принтерлер, сканерлер, плоттерлер, көшіру-көбейту техникасы, теледидарлар және басқалары
3.4	Басқа машиналар мен жабдықтар	Дыбыс жабдықтары, музыкалық жабдықтар, цифрлық техника, бейне-аудио техника, факстер, телефондар, интерактив тақталар және басқалары
4	Көлік құралдары	

4.1	Автомобиль көлігі	Жеңіл автомобильдер
4.2	Өндірістік көлік	Автобустар, тракторлар, жүк автомобильдері
5	Басқа негізгі құралдар	
5.1	Өндірістік мүлік	Құралдар, тоңазытқыштар, кір жуғыш машиналар, қысқатолқынды пештер, электр плиталары, сейфтер және басқалары
5.2	Басқа өндірістік және шаруашылық мүлкі	Кондиционерлер, жалюздер, касса аппараттары, су жылытқыштар, жылытқыштар, шаңсорғыштар, жұмсақ инвентарь және басқалары
5.3	Басқа негізгі құралдар	Оқу тақталары, кеңсе, оқу жиһазы, жатақханаларға арналған жиһаз және басқалары
5.4	Кітапхана қоры	
6	Биологиялық активтер	Жануарлар
7	Жылжымайтын мүлікке инвестициялар	Тұрғын үйлердегі, шағын отбасылы жатақханалардағы пәтерлер

Жер мен ғимараттар бөлінетін активтер болып табылады және бірге сатып алынған болса да, бөлек есепке алынады.

Өндірістік мүліктер мен жабдықтарға жұмыс уақытындағы өндірістік операцияларды жеңілдету үшін қолданылатын және ұзақ мерзімді қызмет ететін өндірістік мақсаттағы заттар жатады.

Басқарма төрағасы - ректордың бұйрығымен осы Есеп саясатына және IAS 16 «Негізгі құралдар» ХҚЕС-қа сәйкес негізгі құралдарды тану криетрийлерін анықтау, топтар бойынша бөлу, сондай-ақ нысандарды негізгі құралдар құрамынан шығару мәселелері бойынша мамандардан тұрақты жұмыс істейтін комиссия тағайындалады.

НҚ бастапқы тану

Негізгі құралдар нысаны бастапқыда өзіндік құны бойынша, яғни оның танылған күнгі ақшалай қаражат эквивалентіндегі бағасы бойынша бағаланады.

Негізгі құралдардың нысандары келесі шарттарды қанағаттандыратын болса актив ретінде танылады:

1. осы активке байланысты тәуекелдердің және болашақ экономикалық пайдалардың көпшілігінің өтуі ықтимал екеніне сенімді;

Негізгі қызмет бойынша қызмет көрсету үшін сатып алынды/алынды	Жарғыға сәйкес Қоғам қызметін жүзеге асыру үшін сатып алынған негізгі құралдар
Қосалқы өндіріс үшін сатып алынды/алынды	Негізгі өндіріске қызмет көрсетуге байланысты өндіріс үшін сатып алынған негізгі құралдар
Үстеме шығындарды қалыптастыратын әкімшілік қызметкерлер үшін сатып алынды/алынды	Үстеме шығындарды қалыптастыратын әкімшілік қызметкерлер үшін алынған негізгі құралдар

2. негізгі құрал нысандарын сатып алу шығындары сенімді бағаланады;

3. актив Қоғам қызметінде тікелей немесе жанама қолданылады;
4. Қоғамның әдеттегі қызметі барысында бұл активті сату ниеті жоқ.

Өндіріс процесіне тікелей қатыспайтын, бірақ еңбек жағдайын туғызатын негізгі құралдарды Қоғам негізгі құрал ретінде таниды. Қоғам экономикалық пайданы еңбек өнімділігін арттыру және кәсіби жұмысшыларды тарту және кадрлардың тұрақтамауын азайту мүмкіндігі түрінде алады.

Объектілерді негізгі құралдар құрамына есепке алу олардың нормативтік пайдалану мерзімін көрсететін Негізгі құралдарды пайдалануға беру актісімен ресімделеді.

Негізгі құралдардың өзіндік құны

Негізгі құралдар келіп түскен кезде олардың нақты өзіндік құны бойынша есепке алынады, оған сауда жеңілдіктері мен қайтарымдары шегерілген сатып алу бағасы, оның ішінде негізгі құралдар импортталған жағдайда кедендік баждар мен алымдар, сондай-ақ негізгі құралды жұмыс жағдайына келтіруге тікелей байланысты кез келген шығындар кіреді, атап айтқанда:

1. Келісімшартқа сәйкес негізгі құрал нысандары, нысандарды пайдалануға жарамды күйге келтіру үшін қажетті компоненттері мен материалдары үшін жеткізушіге төленетін сомалар;
2. Тасымалдауға және кедендік алымдарға (мысалы, зертханалық жабдықты импорттау кезінде) бастапқы шығындар, уақытша сақтау қоймалары бойынша шығындар;
3. Тіркеу алымдары, меммлекеттік баждар және негізгі құрал нысандары есепке алынғанға дейін нысан құқығын сатып алуға (алуға және тіркеуге) байланысты жүргізілген баламалы төлемдер (негізгі құрал нысандарын есепке алғаннан кейін туындаған осы нысандарға құқықты тіркеумен байланысты шығндар, басқа шығындар құрамында есепке алынады);
4. Негізгі құрал нысандарын сатып алуға байланысты төленетін өтелмейтін салықтар, **қосымша құн салығынан басқа**;
5. Алаңды дайындау шығындары;
6. Жеткізуге және тиеу-түсіру жұмыстарына бастапқы шығындар;
7. Жинау, орнату және монтаждау шығындары;
8. Негізгі құралдарды сатып алуға байланысты кәсіби қызметтер (ақпараттық және консультациялық) шығындары (мысалы, жабдықты орнату кезінде);
9. Негізгі құрал нысанын бөлшектеуге және жоюға және осы нысанды сатып алу кезінде, не сол кезең ішінде қорлар жасауға қатысы жоқ мақсаттарда белгілі кезең ішінде пайдалану салдарынан Қоғам өзіне міндеттемелерді қабылдаған, жабдықтар орналасқан учскедегі тбиғи ресурстарды қалпына келтіру шығындарын алдын-ала бағалаумен байлааныста шығындар;
10. Тауардың сынама үлгісінен таза үсімдерді және басқа кірістерді шегергендегі сынама іске қосу шығындары;
11. Негізгі құралдар құрылысының және/немесе орнатудың өзіндік құны мыналарды қамтиды: құрылыс-монтаждау және құрылыс мердігерлік шарты бойынша басқа да жұмыстар үшін Қоғам төлейтін сомалар; құрылысқа

байланысты жерді алу және қоныс аудару шығындары; жобалау-іздестіру және жобалау алдындағы, сәулет жұмыстарына шығыстар; объектінің құрылысына рұқсат алуға арналған шығыстар; негізгі құралдар объектісін салуға немесе сатып алуға тікелей байланысты қызметкерлерге сыйақы төлеуге кеткен шығындар; алаңды дайындау шығындары; қосымша құн салығын қоспағанда, құрылыс кезеңіне тартылған қаражатты (несие бойынша сыйақы) тартуға арналған шығыстар, негізгі капитал объектісін сатып алуға байланысты төленген қайтарылмайтын салықтар және т.б.;

12. Негізгі құрал нысанын сатып алуға тікелей байланысты басқа шығындар.

Өтеусіз берілген негізгі құралдар нысаны сыйға тарту күніндегі әділ құны бойынша танылады. Мұндай активтердің құны сараптамалық қорытынды бойынша немесе өткізу құжаттары негізінде бағаланады.

Нысанның, салынған және/немесе орнатылған негізгі құралдардың өзіндік құны сатып алынған активтің құны сияқты принциптер негізінде анықталады.

Егер Қоғам негізгі құралдарды сатып алған кезде кейінге қалдырылған төлем он екі айдан астам мерзімге берілсе, онда негізгі құралдар нысанының құны сатып алынған негізгі құрал үшін міндеттемені өтеуге жататын болашақ ақшалай төлемдердің дисконталған құны ретінде айқындалады. Ақша қаражаттарының эквиваленті бағасы мен жалпы төлем сомасы арасындағы айырмашылық, егер мұндай шығындар негізгі құралдар объектісінің баланстық құнында танылмаса, несиелеу кезеңіндегі қаржылық шығындар ретінде танылады.

Болашақ экономикалық пайда бұл активтердің Қоғамға ақша қаражаттары ағынының келуіне тікелей немесе жанама септігін тигізудегі әлеуетті мүмкіндіктері. Актив болашақта Қоғамға экономикалық пайда әкеледі, егер:

1) қызмет көрсету, жұмыстарды орындау және өткізу және сатуға арналған өнімді өндіру барысында жеке немесе басқа активпен үйлесімділікте қолданылса;

2) басқа активке айырбасталса;

3) міндеттемелерд өтеу үшін қолданылса;

4) Қоғамның меншік иесі бөлсе/қайта бөлсе.

Негізгі құрал нысандарын Қоғам төмендегі неегіздерде алады:

- өтелетін негізде;

Өтелетін негізде мыналар есебінен негізгі құралдарды сатып алуды жатқызуға болады: коммерциялық қызмет, мемлекеттік органдармен шарттық қатынастар шеңберінде қызметтерді сату, инвестициялық қызмет, күрделі құрылыс келісімшарттары, мемлекеттік көмек түріндегі бюджеттік қаржыландыру. және субсидиялар (егер шарттар бар болса), демеушілік және/немесе қайырымдылық көмек (шектеулі және шектеусіз шарттармен), несиелік капитал, меншікті жарна, басқа активтерге айырбастау;

- өтелмейтін негізде;

Өтелмейтін негіз мыналар есебінен негізгі құралдарды сатып алуды

қамтиды: мемлекеттік көмек және/немесе субсидиялар (шарттар болмаған кезде), демеушілік және/немесе қайырымдылық көмек (шектеулер болмаған кезде), өтеусіз беру және бастапқыда ақшалай сипаттағы құны болмаған жағдайдағы заңнамамен тыйым салынбаған негіздер бойынша басқа да жолдар.

Өтелетін негізде неегізгі құрал нысандарын алу

Негізгі құралдар:

1) ақшалай қаражатпен бір сәтте төлеу жолымен;

2) бөлінген төлем арқылы несиеге сатып алынуы мүмкін.

Қолма-қол ақшамен біржолғы төлем арқылы сатып алынған негізгі құралдарды бағалау негізгі құралдарды сатып алуға және пайдалануға дайындауға жұмсалған нақты шығындар негізінде жүзеге асырылады. Негізгі құралдарды бағалаудың сенімділігі сатып алудың нақты құнының мұндай мәмілеге тәуелсіз, дайын және ниеті бар тараптар арасында тікелей жасалған мәміле нәтижесі болып табылатындығына негізделген.

Негізгі құралдардың сенімді бағасын анықтау кезінде нақты жұмсалған шығындардың әділ құнының шартын орындау керек, ол активті айырбастауға болатын негізгі құралдар құнының объективті және сенімді өлшемі бола алады.

Бастапқы құнға сатып алынған негізгі құралдарды пайдалануға жарамды күйге келтіргенге дейін нақты жұмсалған шығындардың жиынтығы, соның ішінде жеткізу, құрастыру, орнату шығындары кіреді.

Негізгі құралдарды төлемнің қалыпты мерзімінен ұзағырақ мерзімге кейінге қалдырылған төлем негізінде сатып алған кезде бастапқы құн дереу төленген жағдайда төленетін сомаға тең болып табылады. Осы өлшем мен жалпы төлемдер арасындағы айырмашылық, егер ол «Қарыз бойынша шығындар» бөліміне сәйкес рұқсат етілген балама режимге сәйкес капиталдандырылмаса, несие бойынша пайыздарды төлеу шығындары ретінде танылады (негізгі тәртіп бойынша).

Өтелмейтін негізде негізгі құрал нысандарын алу

Өтеусіз беру нәтижесінде алынған негізгі құралдар қабылдау-тапсыру актісінде/қабылдау актісінде көрсетілген құн негізінде бухгалтерлік есепте тану күніне алынған активтің әділ құны бойынша бағаланады. Әділ құнды анықтау кезінде құны болмаған жағдайда сондай-ақ:

- әзірлеуші ұйымнан жазбаша түрде алынған осындай өнімнің бағалары туралы мәліметтер;
- мемлекеттік статистика органдарында, сауда инспекцияларында және осындай негізгі құралдарды өткізетін ұйымдарда бар бағалар деңгейі туралы мәліметтер;
- бағалауға лицензиясы бар тәуелсіз бағалау компаниясы берген негізгі құрал нысандарының құны туралы сараптамалық қорытындылар қолданылады.

Негізгі құралдарды алу және тану ерекшеліктері, соның ішінде:

1. күрделі құрылыс мердігерлігі келісімшарты бойынша нысандарды (негізгі құралдарды) алу;

Мердігерлік шарт бойынша немесе шаруашылық тәсілмен салынған және/немесе тұрғызылған негізгі құрал нысанының өзіндік құны сатып алынған активтің құны сияқты қағидаттар негізінде айқындалады. Қоғам негізгі құрал нысандарының құрылысы мен жабдықтарды монтаждауды өз күшімен де, бөгде мердігерлерді тарта отырып та жүзеге асырады.

Шарт негізінде бөгде мердігерлерді тартқан жағдайда, негізгі құралдар объектісінің бастапқы құны өтелетін салықтарды қоспағанда, Қоғамның құрылыс келісімшарттары бойынша жұмыстарды орындауға жұмсаған нақты шығындарының сомасы ретінде айқындалады.

Мердігерлік шартын (ұзақ мерзімді де, қысқа мерзімді де сипаттағы) есепке алу кезінде орындалған жұмыстардың аралық актілеріне қол қойылады, қол қойылған кезде аяқталмаған құрылыс шотында орындалған жұмыс актісі құны көрсетіледі. Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу үшін мердігерлерге берілген меншікті материалдар да күрделі құрылыс объектілерінің құнына кіреді.

Мердігерлік әдіспен негізгі құралдар нысандарын салуға кеткен шығындарды тану шарт бойынша жұмыстардың аяқталу сатысына қарай жүзеге асырылады. Бұл ретте осы келісімшарт бойынша орындалған жұмыстарды көрсететін келісімшарт бойынша шығындар ғана есепті күндегі шығындарға қосылады.

Негізгі құралдар нысанын сатып алу/құру бойынша нақты шығындарды анықтау кезінде осы есеп саясатының басқа бөлімдерінде белгіленген принциптерді де ескеру қажет.

Мердігерлік келісімшарттар бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін және негізгі құралдар нысаны пайдалануға берілгеннен кейін «Аяқталмаған құрылыс» шотындағы капиталдандырылған шығындар негізгі құралдардың тиісті тобына аударылады.

2. Шаруашылық тәсілмен жүзеге асырылатын күрделі құрылыс нысандарын тану

Өздігінен өндірілген активтің өзіндік құны сатып алынған активтің өзіндік құны сияқты принциптер бойынша анықталады. Тиісінше, мұндай өзіндік құнды анықтау кезінде ішкі кірістер алынып тасталады.

Активтің өзіндік құнына шикізат пен басқа ресурстардың нормативтен артық шығындары, еңбек және активті өз бетімен құру кезінде кеткен басқа да шығындар кірмейді.

23 «Қарыздар бойынша шығындар» ХҚЕС пайызды өз бетінше құрастырылған негізгі құралдар нысанының баланстық құнының компоненті ретінде тану критерийлерін белгілейді.

Нысандар құрылысы бойынша жұмыстар аяқталғанға дейін оларды салуға кеткен шығындар аяқталмаған құрылыс болып табылады.

3. Негізгі құрал нысандарын акционерлік капиталға салым ретінде алу

Негізгі құралдар нысанының меншікті капиталға салым ретіндегі бастапқы құны оның сарапшы анықтаған әділ құны негізінде немесе салымды енгізу күніне Қоғамның өзі дербес белгілейді. Негізгі құралдарды Қоғамның жарғылық капиталына салым ретінде енгізу үшін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес уәкілетті органның немесе тұлғаның тиісті шешімі негіз болып табылады.

4. Негізгі құрал нысандарын алудың басқа тәсілдері.

Қоғам қаржылық жалдау құқығымен алған активтің бастапқы құны «Жалдау» бөліміне сәйкес анықталады.

Үкіметтік субсидиялар нәтижесінде алынған негізгі құралдар 20 «Мемлекеттік субсидиялар есебі» ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес есепке алынады.

Негізгі құралдар есебі мен олардың тозуы 2410 «Негізгі құралдар» және 2420 «Негізгі құралдар амортизациясы» шоттарында жүргізіледі.

2400 «Негізгі құралдар» бөлімшесі бойынша типтік операциялар шоттарының корреспонденциясы

Операциялардың мазмұны	**Шоттар корреспонденциясы**	
	Дебет	**Кредит**
Негізгі құралдарды алу:		
берілген есепті сомалар есебінен	2410	1250
ұйымнан негізгі құралдардың түсуі, жеткізушілерге бұрын берілген аванстар сомасына жатқызу	2410, 3310	3310 1710
Жеке тұлғалар мен ұйымдардан өтеусіз түсім	2410	6220
Инвестицияларды жылжымайтын мүлікке «Негізгі құралдар» категориясына ауыстыру	2410	2310
Мердігерлік келісімшарттары бойынша және шаруашылық тәсілмен құрылысы аяқталған соң (қабылдау және пайдалануға енгізу актісі) пайдалануға берілген негізгі құралдардың бастапқы құнын көрсету	2410	2930
Негізгі құралдарды пайдаланудан болашақ экономикалық пайданың артуына алып келетін күрделі жөндеумен (модернизациямен, қайта жөнндеумен) байланысты шығындарды көрсету	2410	2930
Түгендеу кезінде анықталған есепке алынбаған негізгі құралдарды кіріске жатқызу	2410	6290

Пайдалану құқығындағы жер учаскелерінің есебі

Қоғамның пайдалану құқығы бар жер учаскелері бастапқыда міндеттемелердің бөлігі ретінде ұзақ мерзімді жалдау шарттарында көрсетілген мерзімге байланысты дисконтталған құн бойынша актив ретінде танылады.

Пайдалану құқығындағы жер учаскелерінің және олардың тозу есебі 2440 «Активті пайдалану құқығы» және 2450 «Активті пайдалану құқығының амортизациясы» шоттарында жүргізіледі.

Типтік операциялар шоттарының корреспонденциясы

Операцияның мазмұны	**Шоттар корреспонденциясы**	
	Дебет	**Кредит**
Пайдалану құқындағы жер учаскелері:		
Жер учаскесінің ұзақмерзімді жалға алу келісімшарты бойынша келуі	2440	4150
Актив бойынша амортизация	7210	2450

Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы төлеу	4150	3190
Жер учаскелерін пайдалану төлемақысы бойынша шығындарды тану (дисконтталған құны бойынша)	8114	4150

Негізгі құрал нысандарын бір түгендеме нысанына жатқызу критерийі

Негізгі құралдар есебі олардың сақталу орындары және жауапты тұлғалар бойынша түгендеме нысандары шегінде жүргізіледі.

Негізгі құралдарды бухгалтерлік есепке алу бірлігі болып табылатын жеке түгендеу нысаны барлық оған қатысты құрылғылар мен керек-жарақтары бар аяқталған құрылымдық құрылғы немесе белгілі бір тәуелсіз функцияларды орындауға арналған құрылымдық бөлек нысан немесе біртұтас сипаттағы және белгілі бір жұмыстарды бірлесіп орындайтын құрылымдық жалғасқан заттардың жекелеген кешені болып саналады.

Құрылымдық жалғасқан заттар кешені – бұл бір немесе әр түрлі мақсаттағы, не ортақ қондырғылары мен керек-жарақтары бар, не ортақ басқарылатын, не бір іргетасқа орнатылған, нәтижесінде кешенге кіретін әрбір объект өзінің міндеттерін бөлек емес, кешеннің бір бөлігі ретінде ғана орындай алатын бір немесе бірнеше зат. Бір кешенге бірнеше нысандарды жатқызу жауапты қызметкерлер куәландырған жобалық құжаттама негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Негізгі құралдардың есебін ұйымдастыру және сақталуын бақылауды қамтамасыз ету үшін әрбір нысанға түгендеме нөмірі беріліп, түгендеме карталары жасалады және материалдық жауапты тұлға тағайындалады.

Түгендеу нөмірі негізгі құралды кіріске жатқызу кезінде 1С: Бухгалтерия бухгалтерлік есеп жүргізу бағдарламасымен автоматты түрде қойылады.

«Ғимараттар» субшоты бойынша түгендеме нысаны әрбір бөлек тұрған ғимарат болып табылады. Егер ғимараттар бір-біріне жапсарласып, ортақ қабырғасы болса, бірақ олардың әрқайсысы дербес құрылымдық тұтастық ретінде қабылданса, олар жеке түгендеме нысаны болып саналады.

Дерес шаруашылық мәні бар, ғимаратқа сыртқы жапсарлас құрылыстар, жеке тұрған қазандық ғимараттары, сондай-ақ күрделі аула құрылыстары (қоймалар, гараждар және т.б.) дербес түгендеме нысандары болып табылады.

Нысанға (топқа) берілген түгендеме нөмірі оның Қоғамда болған барлық кезеңінде сақталады. Шығарылған немесе жойылған түгендеме нысандарының нөмірлері басқа нысандарға берілмеуі керек.

Негізгі құралдардың жеке компоненттері

Түгендеу нысаны күрделі болса, яғни онымен бір бүтін құрайтын белгілі бір оқшауланған элементтерді қамтитын болса, мұндай компоненттер жеке түгендеу бірліктері ретінде есепке алынады.

Әдетте, негізгі құралдар нысанының компоненттерінің құны жалпы нысанның жиынтық өзіндік құнына қатысты маңызды болып табылады және жекелеген нысандардың қызмет ету мерзімі негізгі құралдың қызмет ету мерзімінен ерекшеленеді.

Негізгі құралдар нысанына қатысты бастапқы танылған сома оның маңызды компоненттеріне бөлінеді және әрбір мұндай компонент жеке есепке алынады. Компоненттің бастапқы құны үшін активті қабылдау-тапсыру актісінде, әзірлеушіден актіде, жобалау-сметалық құжаттамада немесе басқа да осыған ұқсас құжаттамада көрсетілген құн алынуы тиіс. Деректер болмаған жағдайда компоненттің құны ұқсас компоненттің құны ретінде қабылдануы керек (техникалық сипаттамалары, шығу тегі және басқа көрсеткіштері бойынша бірдей).

Ұқсас компоненттер болмаған жағдайда өзіндік құн негізгі активті бастапқы тану сәтіндегі нарықтағы ұқсас активтердің құны негізінде анықталады, өте сирек жағдайларда, егер бастапқы құнын анықтау негізгі активті бастапқы тану кезінде мүмкін болмаса, Қоғам жаңа компоненттің құнын ағымдағы нарықтық бағалар негізінде анықтайды (компонентті таңдаған кезде).

Негізгі құралдың жекелеген компоненттерінің күтілетін қызмет ету мерзімі осы активтің жалпы пайдалы қызмет ету мерзімінен ерекшеленетін болса, мұндай компоненттер бөлек бухгалтерлік баптарға бөлінеді және Қоғам олардың жеке қызмет ету мерзіміне сәйкес жеке амортизациялайды.

Мұндай активтерді (мамандандырылған зертханалық жабдықтар және т.б.) сатып алған жағдайда, негізгі құралды сатып алуға бастамашы болған жауапты қызметкерлер шарт жасасу сатысында негізгі құралдың құрамдас бөліктерін сәйкестендіруге және активті кіріске жатқызу сатысында бухгалтерлік есепті жүргізу жөнінегі құрылымдық бөлімшеге жеке есепке алынуы тиіс негізгі құралдар объектісінің құрамдас бөліктерін айқындайтын техникалық қорытындыны (сипаттаманы) ұсынуға міндетті.

Негізгі құрал объектілерімен байланысты шығындарды капиталдандыруды тоқтату

Негізгі құралдар ныанының баланстық құнына шығындарды енгізу мұндай объект тиісті жерге жеткізілгенде және Қоғам басшылығының ниетіне сәйкес оның жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жағдайға жеткенде тоқтатылады. Осылайша, объектіні пайдалану немесе жылжыту кезінде жұмсалған шығындар осы нысанның баланстық құнына қосылмайды.

Мысалы:

басшылықтың ниетіне сәйкес жұмыс істеуге қабілетті объект әлі пайдалануға енгізілмеген немесе толық іске қосылмаған кезеңдегі жұмсалған шығындар;

жаңа өнімге сұраныстың болмауына байланысты бастапқы операциялық шығындар;

Қоғамның қызметін жартылай немесе толық көшіруге немесе қайта ұйымдастыруға арналған шығындар.

Қоғам өз бетінше өндірген немесе салған негізгі құралдар объектілерінің бастапқы құны сырттан сатып алынған объектілер сияқты принциптер бойынша бағаланады. Бұл объектілер өнімнің нақты өзіндік құны бойынша бағаланады. Егер Қоғам өзінің әдеттегі қызметінде сатуға арналған ұқсас активтерді шығарса, активтің құны әдетте оны сату үшін өндіруге кеткен

шығындарға тең болады.

Өндіріс нәтижесінде туындайтын кез келген ішкі пайда, сондай-ақ активті дербес өндіру кезінде орын алған шикізат, материалдар, еңбек немесе басқа ресурстардың артық шығындары алынып тасталады.

Негізгі құралдардың құрылысын қаржыландыруға арналған несиелер бойынша пайыздық шығыстар 23 «Қарыздар бойынша шығындар» ХҚЕС-ына сәйкес құрылысты аяқтау және активті мақсатты пайдалануға дайындау үшін қажетті уақыт кезеңі ішінде капиталдандырылады.

Қарыздар бойынша қалған шығындар ағымдағы кезеңнің шығыстары ретінде танылады.

Кейінгі шығындар

Негізгі құралдарға жататын кейінгі шығындар осы шығындар негізгі құралдарды пайдаланудан экономикалық пайданы арттыратын шамада активтің баланстық құнына дейін капиталдандырылады. Барлық басқа кейінгі шығындар олар жүргізілген кезеңдегі шығындар ретінде танылады.

Бастапқы танудан кейін негізгі құрал объектілерін пайдалану барысында туындаған шығындар:

1. күрделі қаржы шығындары;
2. негізгі құралдар компоненттерін жартылай ауыстыру;
3. негізгі құрал объектісін ағымдағы жөнндеу және оған қызмет көрсету шығындары болып табылады.

1) Күрделі қаржы шығындары

Негізгі құрал объектілерін пайдалану мерзімі ішінде объектінің жай-күйін жақсартуға, оның бастапқы есептелген стандартты көрсеткіштерін арттыруға, мысалы, қызмет ету мерзімін, өндірістік қуаттылықты, пайдалану сапасының артуына әкелетін кейінгі шығындарға жұмсалады, бұл болашақтағы экономикалық пайданы арттырады. Мұндай шығындар негізгі құралдың бастапқы құнын арттырады.

Келесі критерийлер болашақ экономикалық пайданың артуын растайды:

- негізгі құрал объектілерінің бастапқыда белгіленген қызмет ету мерзімін, өндірістік қуаттылығын, пайдалану сапасын арттыратын оның модификациясы, модернизациясы, реконструкциясы;
- сапаны айтарлықтай жақсартуға жету үшін жабдықтарды жетілдіру (мысалы, зертханалық).

Жоғарыда аталған критерийлерді бағалау үшін Қоғам осындай жұмыстарды жүргізу құзыретіне кіретін техникалық мамандардың пікіріне жүгінеді.

Жоғарыда аталған шарттарын қанағаттандырылған жағдайда кейінгі шығындар капиталдандырылады.

Болашақ экономикалық пайданы арттыратын күрделі салымдар шығындарына келесі шығындар мысал бола алады:

негізгі құрал объектілерінің бастапқыда белгіленген қызмет ету мерзімін, өндірістік қуаттылығын, пайдалану сапасын арттыратын оның модификациясы, модернизациясы, реконструкциясы;

өнімнің сапасын айтарлықтай жақсартуға қол жеткізу үшін машиналар мен жабдықтардың (мысалы, зертханалық) детальдарын жетілдіру;

бұрын бағаланған операциялық шығындарды айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік беретін жаңа өндірістік процестерді енгізу.

2)Негізгі құралдар компоненттерін жартылай ауыстыру

Негізгі құралдар объектісін тану критерийлеріне сәйкес келетін және бастапқы қабылданған қызметтің стандартты көрсеткіштерін (пайдалы қызмет мерзімі, қуаттылық, сапа) жақсартуға (ұлғайтуға) әкелетін негізгі құралдар объектісінің бір бөлігін ауыстыруға немесе жаңартуға жұмсалған шығындар пайдалану және т.б.) негізгі қорлар объектісін қайта құруға немесе жаңғыртуға шығындар ретінде қарастырылады және капиталдандыруға жатады. Бұл жағдайда негізгі құралдардың бір бөлігін ауыстыруға немесе жаңартуға кеткен шығындар жаңа бөлек активті сатып алу ретінде есепке алынады, ал ауыстырылған активтің баланстық құны есептен шығарылады.

3)Негізгі құралдарды ағымдағы жөндеу және оларға қызмет көрсету

Объектіні пайдаланудан болашақ экономикалық пайданың ұлғаюына әкелмейтін және негізгі құралдардың сапалық сипаттамаларын өзгертпейтін шығындар объектінің бастапқы құнын өсірмей, олар туындаған кезеңде шығыстарға жатқызылады.

Ағымдағы жөндеу бөлшектерді ішінара ауыстыру, жекелеген бөлшектерді ұсақ жөндеу және т.б. арқылы болмашы бұзылуларды жою мақсатында жүргізіледі. Оларды жұмыс жағдайында ұстау үшін объектілерді пайдалану кезінде жүргізіледі.

Объектінің техникалық жай-күйін сақтау және қолдау мақсатында ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықтарды, көлік құралдарын және т.б. ағымдағы жөндеуге, оларды пайдалану, күтіп ұстау және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалған шығыстар олар туындаған кезде ағымдағы шығыстар ретінде танылады.

Мұндай шығындар келесідей түрде жіктеледі:

1) ғимараттарды, жабдықтарды және т.б. күтіп ұстау және техникалық қызмет көрсету шығындары;

2) ағымдағы жөндеу – жаьдықтарды пайдаланудың ағымдағы нормативтік көрсеткіштерін сақтаумен байланысы жөндеу.

Негізгі құралдарды күнделікті күтіп ұстауға және техникалық қызмет көрсетуге арналған шығындар негізінен Қоғамның тиісті бөлімшесінің персоналын ұстауға, үшінші тарап қызметтеріне, сондай-ақ шығыс материалдары мен құрамдас бөлшектерге арналған шығындардан тұрады.

Апаттардың және дұрыс пайдаланбау нәтижесінде активтің өзге де зақымдалуының салдарынан болған негізгі құралдарды жөндеуге және қалпына келтіруге жұмсалған шығындар залалдарға жатқызылады немесе кінәлі тұлға анықталған жағдайда шығын сомасы өтелуге жатады.

Негізгі құралдың қызмет ету мерзімі ішінде сақтауға міндетті болып табылатын апаттық қорды құрайтын негізгі құралдардың құрамдас бөліктері де апаттық қорды жаңарту кезеңділігіне сәйкес келетін мерзімде

амортизацияланатын негізгі құралдардың объектісі ретінде негізгі құралдардың құрамында есепке алынады. Апаттық қор 12 айдан жиі жаңартылатын болса, онда ол айналым активтерінің құрамында қорлар ретінде есепке алынады.

Жеке нысанға бөлінбеген құрылымдық жалғанған негізгі құралдардың құрамдас бөліктерінің кез келгенін ауыстыру жөндеу болып табылады және сондықтан шығындарға жатады.

Мемлекеттік субсидиялар мен мемлекеттік көмекті есепке алу негізгі құралдар объектісінің баланстық құнын ұйымның оларды сатып алу үшін алған мемлекеттік субсидиялар сомасына азайтуға болатынын көздейді.

Негізгі құралдарды жөндеу есебі

Негізгі құралдардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін Қоғам әлсін-әлсін жөндеу жүргізеді.

Есепте көрсету принципіне сәйкес Қоғам негізгі құралдар объектісінің баланстық құнында объектіні күнделікті ұстауға кеткен шығындарды мойындамайды. Бұл шығындар пайда болған кезде пайда немесе залал құрамында танылады. Күнделікті техникалық қызмет көрсету шығындары негізінен еңбек және шығыс материалдарының шығындарынан тұрады, сонымен қатар шағын бөлшектерді сатып алу құнын қамтуы мүмкін.

Кейінгі шығындар (күрделі жөндеу, жаңғырту, реконструкциялау, техникалық қайта жарақтандыру), егер осы инвестициялардың нәтижесінде бастапқы есептелген нормативті көрсеткіштер (қызмет мерзімі, қуаттылық, аудан, жылдамдығы, еңбек өнімділігі, өнімнің өзіндік құнын төмендету, сапалы өнім және т.б.) өзгертілген болса, негізгі қорлар объектісі құнының ұлғаюына жатқызылады. Барлық басқа кейінгі шығындар, тауар-материалдық қорларды есептен шығарудың негізделген мөлшерлемелерін қамтитын сметалармен, ақаулар ведомостымен, орындалған жұмыстар актілерімен расталады және туындаған кезеңнің шығыстары ретінде танылады.

Ағымдағы жөндеу бөлшектерді ішінара ауыстыру, жекелеген бөлшектерді ұсақ жөндеу және т.б. арқылы болмашы бұзылуларды жою мақсатында жүргізіледі. Оларды жұмыс жағдайында ұстау үшін объектілерді пайдалану кезінде жүргізіледі.

Объектінің техникалық жай-күйін сақтау және қолдау мақсатында ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықтарды, көлік құралдарын және т.б. ағымдағы жөндеуге, оларды пайдалану, күтіп ұстау және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалған шығыстар олар туындаған кезде ағымдағы шығыстар ретінде танылады. Мұндай шығындар келесідей түрде жіктеледі:

- ғимараттарды, жабдықтарды және т.б. күтіп ұстау және техникалық қызмет көрсету шығындары;
- ағымдағы жөндеу – жаьдықтарды пайдаланудың ағымдағы нормативтік көрсеткіштерін сақтаумен байланысы жөндеу.

Негізгі құралдарды күнделікті күтіп ұстауға және техникалық қызмет көрсетуге арналған шығындар негізінен Қоғамның тиісті бөлімшесінің

Негізгі құралдар объектісінің активін жөндеу және ағымдағы қызмет көрсету кезінде, егер ол толығымен амортизацияланған жағдайлардан басқа уақытта амортизация есептеулері тоқтатылмайды.

Қоғам баланстық құны нөлдік негізгі құралдарды пайдалана алады. Негізгі құралдың баланстық құны нөлге жақындаған және активтің қалған қызмет ету мерзімі бастапқы бухгалтерлік бағалаудан асуы күтілетін жағдайларда, Қоғам ұзақ мерзімді активтерді жыл сайынғы түгендеу кезінде активтің қалған қызмет ету мерзімін арттыруға қатысты қайта қарай алады.

Мысалы.
Негізгі құралдың бастапқы құны – 500 000тг
Жинақталған амортизация – 300 000 тг
Қызмет ету мерзімі барлығы – 5 жыл, қалғаны – 2 жыл.
Жыл сайынғы амортизация сомасы – 100 000 тг
Түгендеу комиссиясының қорытындысы бойынша активтік қалған қызмет ету мерзімін 4 жылға дейін арттыруға болады.
Қайта қаралған қызмет ету мерзімін есепке алғандағы жылдық амортизация сомасы – 50 000тг (200 000/4 жыл) құрайды.

Таңдалған амортизациялық есептеу әдісі активте қамтылған болашақ экономикалық пайданы тұтынудың болжамды үлгісін анағұрлым нақты көрсетеді. Таңдалған әдіс, егер осы болашақ экономикалық пайданың болжамды тұтыну үлгісінде өзгеріс болмаса, кезеңнен кезеңге дәйекті түрде қолданылады.

Амортизация есептеу әдісі әрбір қаржы жылының соңында немесе, әдетте, активте қамтылған болашақ экономикалық пайданы тұтынудың күтілетін үлгісінде елеулі өзгерістер анықталса, қайта қаралуға жатады. Мұндай өзгеріс бухгалтерлік есепте болашақта және есеп саясатында есептік бағалаудағы өзгеріс ретінде көрсетілуі керек.

Есептелген амортизация сомасы негізгі құралдар бойынша жеке амортизациялық шоттарда көрсетіледі.

Амортизацияны есептеу

Негізгі құралдардың амортизациясын есептеу ай сайын негізгі құралды сатып алған немесе оны пайдалануға берген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап жүргізіледі және негізгі құралдардың объектісі шығарылған немесе негізгі құралдар сатуға арналған активтер тобына ауыстырылған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады.

Бастапқы құн өзгерген (өскен) жағдайда амортизацияны есептеу объектінің кейінгі шығындар сомасына ұлғайтылған баланстық құнына негізделеді. Бұл жағдайда амортизация негізгі құралдардың қалған қайта қаралған пайдалы қызмет мерзіміне қарай есептеледі.

Әрбір кезең үшін амортизациялық есептеулер, егер олар басқа активтің баланстық құнына қосылмаса, жиынтық кіріс туралы есепте танылуы тиіс. Егер активте қамтылған экономикалық пайда басқа активтерді өндіруге жұмсалса, онда мұндай амортизациялық аударымдар осы активтердің баланстық құнына қосылады.

Негізгі құралды жөндеу және ағымдағы қызмет көрсету кезінде амортизацияны есептеу тоқтатылмайды.

Қоғамның негізгі құрал объектілері төмендегі Кестеде белгіленген қызмет ету мерзімдері негізінде амортизацияланады

№ р/с	Топтардың атауы	Негізгі құралдардың атауы	НҚ пайдалы қолдану мерзімі	Амортизацияны есептеу әдісі
1	Жер	Қоғам ғимараттары орналасқан жер учаскелері	Амортизацияланбайды	
2	Ғимараттар мен имараттар			
2.1	Тұрғын үй емес ғимараттар	Оқу корпустары және оқу-далалық тәжірибелер орталығының басқа ғимараттары	50 жыл (2%)	Тік сызықты
2.2	Тұрғын үй ғимараттары	Жатақханалар	50-70 жыл (1,4-2%)	Тік сызықты
2.3	Имараттар	конструкциялар, ескерткіштер, құрылыстар, резервуарлар, трансформаторлық станциялар	25-30 жыл (3-4%)	Тік сызықты
3	Машиналар мен жабдықтар, табыстау қондырғылары			
3.1	Зертханалық жабдықтар	Интерактивті, оқу-зертханалық жабдықтар, ғылыми жабдықтар, баспахана жабдықтары, мультимедиалық құрылғылар мен басқа жа зертханалық жабдықтар	4-10 жыл (10-25 %)	Тік сызықты
3.2	Компьютерлік жабдықтар	Компьютерлер мен серверлер, ноутбуктар, мәліметтерді өңдеу жабдықтары	3-5 жыл (20- 33%)	Тік сызықты
3.3	Кеңсе жабдықтары	Принтерлер, сканерлер, плоттерлер, көшіру-көбейту техникасы, теледидарлар және басқасы	4-8 жыл (12.5 – 25%)	Тік сызықты

3.4	Басқа машиналар мен жабдықтар	Жыбыс жабдықтары, музыкалық жабдықтар, цифрлық техника, бейне-аудио техника, телефондар және басқасы	5-8 жыл (12.5 – 20%)	Тік сызықты
4	Көлік құралдары			
4.1	Автомобиль көлігі	Жеңіл автомобилдер	10-12 жыл (8 – 10%)	Тік сызықты
4.2	Өндірістік көлік	Автобустар, тракторлар, жүк автомобилдері	10-15 жыл (6,7 – 10%)	Тік сызықты
5	Басқа негізгі құралдар			
5.1	Өндірістік мүлік	Құрал-саймандар, тоңазытқыштар, кір жуғыш машиналар, қысқатолқынды пештер, электр плиталары, сейфтер және басқасы	5-8 жыл (12.5 – 20%)	Тік сызықты
5.2	Басқа өндірістік және шаруашылық мүлкі	Кондиционерлер, жалюздер, касса аппараттары, су жылытқыштар, жылытқыштар, шаңсорғыштар және басқасы жұмсақ инвентарь	5-8 жыл (12,5 – 20%) 2 жыл (50 %)	Тік сызықты
5.3	Басқа негізгі құралдар	Тақталар, кеңсе, оқу жиһазы, жатақханаларға арналған жиһаз және басқасы	8-10 жыл (5 - 10%)	Тік сызықты
5.4	Кітапхана қоры	Әдебиеттер	5-10 жыл (10 – 20%)	Тік сызықты
6	Жылжымайтын мүлікке инвестициялар	Тұрғын үйлердегі пәтерлер	50 жыл (2%)	Тік сызықты

Пайдалы қызмет мерзімі

Пайдалану мерзімін комиссия кәсіби пайымдау негізінде әрбір негізгі құрал бойынша жеке анықтайды. Бұл ретте объектінің жай-күйі туралы қолда бар барлық ақпаратты ескеру қажет: техникалық қызмет көрсету, технология мен өндірістегі заманауи үрдістер, климаттық жағдайлар, ұқсас активтермен жұмыс тәжірибесі және т.б.

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі Қоғам активті қаншалықты пайдалануды болжайтын уақыт кезеңі болып табылады.

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі, сондай-ақ қалдық құны, қажет болған жағдайда, кем дегенде, әрбір қаржы жылының соңында қайта қаралуы тиіс.

Сонымен қатар, егер негізгі құралдар объектісін пайдалану бойынша күтулер алдыңғы бағалаулардан айтарлықтай өзгеше болса немесе нақты жұмыс жағдайлары бұрын болжанған кезеңдерден және амортизация нормалары өзгеше болса, бұл өзгерістер міндетті түрде есепте 8 «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер және қателер» ХҚЕС-ына (IAS) сәйкес есептік бағалаудағы өзгеріс ретінде көрсетіледі.

Негізгі құралдың сапа сипаттамаларын бастапқыда күтілгеннің үстіне (яғни жаңғырту, қайта құру және т.б. жүргізу кезінде) жақсартатын кейінгі шығыстарды жүзеге асырған, нәтижесінде бұрын болжанғанға қарағанда үлкен экономикалық пайда күтілген жағдайда, пайдалы қызмет мерзімін қайта қарау міндетті болып табылады.

Бастапқы құн өзгерген (өскен) жағдайда амортизацияны есептеу объектінің кейінгі шығындар сомасына ұлғайтылған баланстық құнына негізделеді. Бұл жағдайда амортизация негізгі құралдардың қалған қайта қаралған пайдалы қызмет мерзіміне қарай есептеледі.

Амортизация есептеу бойынша типтік операциялар шоттарының корреспонденциясы

Операцияның мазмұны	Шоттар корреспонденциясы	
	Дебет	Кредит
Төмендегілерге қатысты амортизацияны есептеу:		
дайын өнімді өткізу және қызмет көрсету бойынша шығындар	7110	2420
әкімшілік шығындар	7210	2420
негізгі және қосалқы өндірістің үстеме шығынары	8410	2420
шаруашылық тәсілмен жүзеге асырылатын құрылыс	2930	2420
болашақ есептік кезеңдер	1720	2420
шығарылған НҚ бойынша амортизацияны есептен шығару	2420	2410
операциялық жалға берілген негізгі құралдар бойынша амортизация есептеу	7450	2420

НҚ есепке алу моделі

«Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ-да қолданылады:

Бастапқы құн бойынша есепке алу моделі: негізгі құралдар объектісі актив ретінде танылғаннан кейін ол жинақталған амортизация ммен құнсыздануданболған жинақталған залалдарды шегергендегі өзіндік құны бойынша есепке алынады.

Ғимараттар мен инвестициялық жылжымайтын мүлікті қайта бағалау, егер ғимараттардың баланстық құны объектілердің нарықтық құнымен салыстыруға келмейтін болса, құнын нарықтық құнға келтіру үшін жүргізіледі.

Негізгі құралдарды құнсыздандыру

Негізгі құралдар құнының төмендеу ықтималдылығын көрсететін белгілер болған жағдайда, Қоғам активтің өтелетін құнын бағалайды және құнсызданудан болатын шығынды анықтайды.

Активтің өтелетін құны активтің немесе қозғалысқа келтіретін бірліктің сатуға немесе пайдалану құнын шегергендегі әділ құнының ең үлкені болып табылады.

Егер активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан сомасынан асып кетсе, онда актив құнсызданған болып саналады және оның құны өтелетін құнға дейін азаяды.

Актив кез келген жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған шығынды шегергеннен кейін танылған сома активтің баланстық құны болып табылады.

Құнсызданудан болған залал тікелей «Активтің құнсыздануы бойынша шығындар» шотындағы кірістер мен шығындар туралы есепте шығын ретінде танылуы тиіс. Негізгі құралдың құнын қалпына келтірген жағдайда шығынды реверстеу «Құнсызданудан болған шығынды қалпына келтіруден түсетін кіріс» шотында жүзеге асырылады.

Негізгі құралдарға қатысты өткен кезеңдерде танылған құнсызданудан болған залал, егер құнсызданудан соңғы залал танылғалы бері активтің өтелетін құнын анықтау үшін пайдаланылған бағалауларда өзгеріс болса, қалпына келтіріледі. Олай болса, активтің баланстық құны оның өтелетін сомасына дейін артады. Бұл өсім құнсызданудан болған шығынды қайтару болып табылады.

Құнсызданудан болған шығынды қалпына келтіру арқылы ұлғайған негізгі құралдардың баланстық құны, егер өткен жылдары актив үшін құнсызданудан болған залал танылмаған болса, анықталатын баланстық құннан (амортизацияны шегергенде) аспауы керек.

Негізгі құралдарды тануды тоқтату

Қоғам негізгі құралдарды тануды тоқтатады және оларды шығару кезінде немесе мұндай негізгі құралдарды пайдаланудан болашақта экономикалық пайда күтпеген жағдайда олардың баланстық құнын есептен шығарады.

Негізгі құралдардың баланстық құнын тануды тоқтату келесі жағдайларда жүргізіледі:

1) пайдаланылмайтын (профильдік емес) негізгі құралдарды (активтерді) іске асыру;

2) басқа ұйымдарға өтеусіз беру;

3) нкгізгі құралдарды айырбастау;

4) неегізгі құралдарды қаржылық жалға беру;

5) моральдік және физикалық тозу нәтижесінде негізгі құралдарды жою;

6) апаттан, дүлей апттардан кейін жөндеуге және қалпына келтіруге жарамайтын негізгі құралдарды жою.

Негізгі құралдарды тануды тоқтатудан туындайтын пайда немесе залал, егер бар болса, шығарудан түскен таза түсім мен объектінің

баланстық құны арасындағы айырма ретінде анықталады және пайда мен залал туралы есепте бөлек көрсетіледі.

Негізгі құралдар объектісін пайдаланудан шығару кезінде, объектілердің физикалық және моральдық тозуы, табиғи апаттар мен авариялар салдарынан жарамсыздығын анықтау мақсатында Қоғам басшысының бұйрығымен тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрылады, оның құрамына тиісті құрылымдық бөлімшелердің басшылары, сондай-ақ негізгі құралдардың сақталуына жауапты тұлғалар енгізіледі. Комиссия объектіні тексереді және оның қалпына келтіруге және одан әрі пайдалануға жарамсыздығын анықтайды, объектіні пайдаланудан мерзімінен бұрын шығаруға жол берген адамдарды анықтайды. Комиссия есептен шығарудың себептерін анықтайды және пайдаланудан шығарылатын объектінің жекелеген тораптарын, бөлшектерін, материалдарын одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындайды және оларды ықтимал сату бағалары бойынша бағалайды. Есептен шығару белгіленген үлгідегі актілермен ресімделеді.

Негізгі қорлардың жарамсыздығын, оларды қайта жаңғыртудың мүмкін еместігін немесе экономикалық мақсатқа сай еместігін анықтау үшін Қоғамда тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрылады, оның құрамына тиісті құрылымдық бөлімшелердің басшылары кіреді.

Комиссия таратылатын объектілерге тікелей тексеру жүргізеді, оларды есептен шығару себептерін (100% тозуы, физикалық тозу, авариялар, табиғи апаттар, ескіру және т.б. салдарынан жарамсыз болып қалды) және осыған кінәлі және қылмыстық қудалауға жататын тұлғаларды анықтайды, жекелеген тораптарды, бөлшектерді, материалдарды пайдалану мүмкіндігін анықтайды және оларды бағалайды. Жұмыстың нәтижесі негізгі құралдарды есептен шығару актісін немесе көлік құралдарын есептен шығару актісін жасау болып табылады, оның негізінде бухгалтерияда тиісті бухгалтерлік жазбалар жасалады. Акт объектінің бастапқы құнын, бухгалтерлік есеп деректері бойынша есептелген амортизация сомасын, объектіні бөлшектеу (демонтаждау) кезінде алынған материалдық құндылықтардың құнын, жоюға кеткен шығындардың (демонтаждау, бөлшектеу және т.б.) сомасын, ықтимал сату бағасын және таратудың жалпы нәтижесін көрсетеді. Негізгі құралдар уәкілетті органмен келіскеннен кейін есептен шығарылады.

Негізгі қорлар қоймада резерв ретінде сақталуы, белгіленген тәртіпте консервация жасалған болуы мүмкін. Баланстағы негізгі құралдарды консервациялау тәртібін қолданыстағы заңнамаға сәйкес Басқарма төрағасы белгілейді және бекітеді.

Табиғи зілзалалар мен апаттар нәтижесінде жойылған негізгі құралдар бойынша есептен шығару актісіне құзырлы ұйымның табиғи зілзала туралы анықтамасы немесе апаттың себептері мен кінәлі тұлғалары көрсетілген актінің көшірмесі қоса берілуі тиіс.

Материалдық құндылықтарды сатудан түскен сомалар, сондай-ақ объектіні ықтимал пайдалану бағалары бойынша бөлшектеу немесе демонтаждау кезінде алынған материалдар кіріске жатқызылады. Сатудан

түскен қаражат Қоғамның иелігінде қалады.

Негізгі құралдарды жоюдан алынған материалдар болған жағдайда олардың құнын кіріске жатқызу келесі жазбалармен көрсетіледі:

Дт 1311 «Басқа материалдар»

Кт 6290 «Басқа кірістер».

Негізгі құрал объектілерінің шығуы бойынша типтік операциялар шоттарының корреспонденциясы

Операция мазмұны	Шоттар корреспонденциясы	
Негізгі құралдардың шығуы кезінде оларды есептен шығару (қаржылық жалға беру, жою, өткізу, жетіспеушілік және т.б.):	7410	2410
- баланстық құнға		
- жинақталған амортизация сомасына	2420	2410
Қызметтің тоқтатылуына байланысты негізгі құралдарды есептен шығару:		
- баланстық құнға	7510	2410
- жинақталған амортизация сомасына	2420	2410

Ақпаратты ашып көрсету

Қаржылық есептілікте негізгі құралдардың әрбір классы бойынша келесі ақпарат ашып көрсетілуі керек:

1) баланстық құнды анықтау үшін бағалау негіздері;

2) пайдаланылатын амортизация әдістері;

3) пайдалы қолдану мерзімдері немесе амортизация нормалары;

4) есептік кезеңнің басындағы және соңындағы негізгі құралдардың брутто-бағалаудағы баланстық құны және жинақталған амортизациясы (жинақталған құнсыздану шығындарымен жиынтықта);

5) тиісті кезеңнің басындағы және соңындағы төмендегілерді көрсететін баланстық құнды салыстыру:

1. түсімдер;

2. сатуға арналған ретінде жіктелген немесе 5 (IFRS) ХҚЕС-қа сәйкес сатуға арналған ретінде жіктелген шығарылатын топқа енгізілген активтер;

3. шығу;

4. 36 (IAS) ХҚЕС сәйкес басқа жиынтық кірісте танылған немесе қалпына келтірілген қайта бағалаудан және құнсыздануда болған шығындардан туындайтын құнның ұлғаюы немесе азаюы;

5. 36 (IAS) ХҚЕС сәйкес пайдаға немесе шығынға қосылған құнсыздануда болған шығындар;

6. 36 (IAS) ХҚЕС сәйкес пайдада немесе шығында қалпына келтірілген құнсыздануда болған шығындар;

7. амортизация;

8. қаржылық есептілікті қолданыстағы валютадан басқа ұсыну валютасына қайта есептеу, оның ішінде шетелдік бөлімшесінің есептілігін

есепті компанияның ұсыну валютасына аудару нәтижесінде туындайтын таза бағамдық айырмашылықтар;

9. басқа да өзгерістер.

Қаржылық есептілікте мыналар да ашылуы керек:

1) негізгі құралдарға, сондай-ақ міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде кепілге берілген негізгі құралдарға мүлік құқықтарына шектеулердің болуы мен мөлшері;

2) негізгі құралдар объектісін салу кезінде оның баланстық құнына енгізілген шығындар сомасы;

3) негізгі құралдарды сатып алу бойынша шарттық міндеттемелердің сомасы;

4) егер мұндай сома жиынтық кіріс туралы есепте бөлек көрсетілмесе, негізгі құралдардың құнсыздануына, жоғалуына немесе берілуіне байланысты үшінші тұлғалар берген және табысқа немесе шығынға енгізілген өтемақы сомасы.

Сондай-ақ қаржылық есептілікте келесі ақпарат маңызды:

1. уақытша тоқтап тұрған негізгі құралдардың баланстық құны;

2. толық амортизацияланған, бірақ әлі пайдаланылып жүрген активтердің баланстық құны;

3. белсенді пайдаланылуы тоқтатылған және сатуға арналған ретінде жіктелмеген негізгі құралдардың баланстық құны.

Егер негізгі құралдардың объектілері қайта бағаланған құн бойынша есепке алынса, қаржылық есептілікте келесі ақпарат ашылуы керек:

1) қайта бағалау жүргізілген күн;

2) тәуелсіз кәсіби бағалаушының қатысуы немесе нарықты маркетингтік талдау және нарықтағы қолжетімді ұсыныстарды растау негізінде бағалауды Қоғам өз бетінше жасаған;

3) баптардың әділ құнын бағалау кезінде қолданылатын әдістер мен маңызды жорамалдар;

4) заттардың әділ құны белсенді нарықтағы ағымдағы бағалар немесе тәуелсіз тараптар арасындағы жақында жасалған нарықтық мәмілелер негізінде тікелей анықталған немесе бағалаудың басқа әдістерін пайдалана отырып алынған дәреже;

5) негізгі құралдардың қайта бағаланған әрбір класы үшін: егер активтер іс жүзіндегі шығындар бойынша есепке алу моделін өзіндік қолдану арқылы есепке алынбаса, танылуға жататын баланстық құн.

Негізгі құралдарға түгендеу жүргізу мерзімдері

«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ-да жылына бір рет кезеңділікпен негізгі құралдарға жыл сайынғы жоспарлы түгендеу жүргізіледі. Қоғам үшін Басқарма төрағасының бұйрығына сәйкес жыл сайынғы жоспарлы түгендеу мерзімі ағымдағы жылдың 15 қазаны мен 31 желтоқсаны аралығында белгіленеді.

Негізгі қызмметте пайдаланылмайтын активтер

Бір кезеңнен астам уақыт пайдаланылуы күтілетін, бірақ өндірісте және қызметтерді көрсетуде, жалға беруге немесе әкімшілік мақсаттарда пайдалануға арналмаған, яғни ХҚЕС (IAS) 16 критерийлеріне сәйкес

келмейтін активтерді сатып алу жағдайында бұл активтер есепті кезеңнің шығыстарына есептен шығарылады.

Мұндай объектінің сақталуын қамтамасыз ету үшін бұл активтер баланстан тыс шоттарда есепке алынады.

Ақпаратты ашып көрсету

Негізгі құралдарға қатысты қаржылық есептілікті ұсыну кезінде Қоғам келесі ақпаратты ашады:

1. жалпы (баланстық) құнды анықтау үшін қолданылатын бағалау негіздері;
2. қолданылатын амортизация есептеу әдістері;
3. пайдаланылатын қызмет мерзімі немесе амортизация нормалары;
4. кезең басындағы және аяғындағы жалпы (баланстық) құн және жинақталған амортизация (құнсызданудан жинақталған шығындармен бірге);
5. кезең басындағы және аяғындағы баланстық құнды салыстыру:

• қабылдау;
• істен шығу;
• ұйымды біріктіру арқылы сатып алу;
• әділ құнын сенімді бағалау мүмкін болмаған жағдайда инвестициялық жылжымайтын мүлікті негізгі құралдар категориясына ауыстыру;
• пайдада немесе шығында танылған немесе қалпына келтірілген құнсызданудан болған шығындар;
• амортизация;
• басқа өзгерістер.

Қоғам сонымен қатар мыналарды ашады:

1. негізгі құралдарға, сондай-ақ міндеттемелерді қамтамасыз ету ретінде кепілге берілген негізгі құралдарға меншік құқықтарына шектеулердің болуы мен көлемі;
2. негізгі құралдарды сатып алу бойынша шарттық міндеттемелердің сомасы.

Негізгі құралдарды есепке алу бойынша құжаттама

Операция	Құжаттар	Ескерту
Түсу, ауыстыру	Қабылдау-тапсыру (ауыстыру) актілері, НҚ-1 формасы. Қоғамның ректоры бекітеді, комиссия мүшелері қол қояды. Жүккұжат, шот-фактура, пайдалануға қабылдау актісі, қабылдау-тапсыру актісі. Негізгі құралдарды өз бетінше құрастыру, жинақтау немесе аяқтау актісі.	Материалдық-жауапты тұлға активтерді қабылдағанын растап қол қоюға міндетті.
Есептен шығару, істен шығу	Тәуелсіз тараптар қол қойған активті одан әрі пайдалану туралы техникалық қорытынды. Ректордың бұйрығы, есептен шығару актісі,	Негізгі қорлардың жарамсыздығын, жөндеу жұмыстарының

	қабылдау-тапсыру актісі (шығару), негізгі құралдарды есептен шығаруды қарау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы. Акт пен хаттама Уәкілетті органмен келісіледі.	тиімсіздігін анықтау және себептерін анықтау үшін комиссия құрылады.
Аналитикалық есеп	Түгендеме картасы	Әрбір түгендеме нысаны бойынша жүргізіледі, бухгалтерлік қызметте сақталады

Кітапхана қорын есепке алу

Қоғамның кітапхана қоры – бұл бір жылдан артық уақыт ішінде Қоғамның оқу-тәрбие процесін және/немесе ғылыми қызметін қамтамасыз ету мақсатында есепке алынуға, жинақтауға, сақтауға және пайдалануға жататын, бір-бірімен ұйымдық және функционалдық жағынан байланысты әр түрлі мақсаттағы және мәртебедегі құжаттардың жиынтығы.

Қоғамның кітапхана қорына: баспа басылымдары және жарияланбаған құжаттар (кітаптар, брошюралар, мерзімдік басылымдар, картографиялық және кескіндемелік басылымдар, диссертациялар, авторефераттар және т.б.), аудиовизуалды құжаттар (фоноқұжаттар, бейнеқұжаттар, фотоқұжаттар, микроформалардағы құжаттар), электронды құжаттар (алынбалы тасымалдағыштағы электрондық құжаттар, жергілікті қол жеткізу желісінің құжаттары, қашықтан қол жеткізу желісінің құжаттары), сирек және бірегей басылымдар.

Қашықтан қол жеткізуге болатын желілік құжаттар мен мерзімді басылымдарына жылдық жазылу құны ай сайын шығыстарға алынады.

Кітаптардың әрбір партиясына (шоғырландырылған активке) бір түгендеу нөмірі беріледі. Шоғырландырылған актив – бұл олардың жалпы құны бір актив ретінде есепке алынатын және амортизацияланатындай қызмет бағыты бойынша нақты жеке активтер тобы. Аналитикалық есепке алуды бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, кітапхананың ақпараттық процестерін автоматтандыру бөлімі жүзеге асырады.

Кітапхана қорының объектілері есепке алу үшін олардың құны бойынша қабылданады, яғни оларды сатып алуға арналған нақты шығыстардың сомасы, атап айтқанда: 1) шартқа сәйкес өнім берушіге төленген сомалар; 2) кітапхана қорын иемденуге байланысты ақпараттық және кеңес беру қызметтері үшін ұйымдарға төленетін сомалар; 3) тіркеу алымдары, мемлекеттік баждар және басқа да осыған ұқсас төлемдер; 4) кітапхана қорының объектісін сатып алған делдал ұйымға төленген сыйақы; 5) тасымалдауды сақтандыру шығындарын қоса алғандағы жеткізу шығындары.

Кітапхана қорының өтеусіз алынған объектілері (мысалы, сыйға тарту шарттары бойынша, айырбас және резервтік қорлардан айырбастау шарттары бойынша, құжаттарды жоғалту актісі бойынша) оларды жеткізу қызметтерінің құнын қоса алғандағы объектілерді есепке қабылдау күніндегі әділ құны бойынша танылады, кіріске жатқызу актісімен ресімделеді.

Кітапхана материалдары «жалпы» және «сирек» болып екі санатқа бөлінеді. «Жалпы» санатына оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, анықтамалықтар, сөздіктер, оқу және ғылыми-зерттеу процесінде тұрақты түрде қолданылатын басқа да кітаптар жатады. Жалпы кітапхана қорлары амортизацияланады. «Сирек» санатына сирек және бірегей үлгілер, яғни өнер туындысы немесе тарихи құндылық болып саналатын кітаптар жатады; тиісінше олардың пайдалы қызмет мерзімі шексіз болып саналады, олар амортизацияланбайды. Алайда бұл санат жыл сайын акт жасау арқылы мүмкін болатын құнсыздануға тексеріледі.

Кітапхана қоры объектілерінің немесе негізгі құралдар объектілері тобының істен шығуы тозуы (физикалық тозуы), ақаулығы, мазмұнының ескіруі, шамадан тыс қайталануы, бейінді еместігі, жоғалуы (оқырмандардың жоғалтып алуы, қайтармауы, ұрлау, қалпына келтірілмейтіндей зиян келтіру, табиғи апаттар нәтижесінде жойылу) себептері бойынша алынып тасталған әдебиеттер тізімін қоса бере отырып, есептен шығару актісімен ресімделеді. Кітапхана қорын есептен шығару жоғарыда аталған мүмкін себептер бойынша есепті кезеңде орын алған кезде жүзеге асырылады және есеп беру кезеңіндегі сомамен немесе басқа нормалармен шектелмейді. Қоғам материалдық жауапкершілік туралы шартта жоғарыда аталған мүмкін себептердің нәтижесінде материалдық жауапты тұлға өтеуге тиіс шығын мөлшерінің шектерін белгілеуге құқылы.

Электронды кітаптарды есепке алу

Қоғам баспа ұйымдарынан электронды форматта кітаптарды сатып алады. Әдетте, баспа ұйымдарымен жасалған келісімдер бойынша Қоғам таңдалған кітаптарға қол жеткізу құқығын алады немесе белгілі бір уақыт кезеңі ішінде Қоғамда болатын (құқық) электрондық кітаптардың барлық деректер базасына қол жеткізеді. Кітаптарға қол жеткізу қолданушылардың авторлық құқықты сақтай отырып, таңдалған кітаптарды баспа ұйымдарының серверлерінде оқу мүмкіндігі болып табылады. Электрондық кітаптардың деректер базасына белгілі бір уақытқа (1 жылға дейін) қол жеткізген кезде сатып алу (жазылу) шығындары кезең шығындарына немесе болашақ кезеңдердің шығындарына жатқызылады.

Шетелдік баспалар мен сайттардың электрондық деректер базасына қол жеткізу құқығына қызметтерді сатып алу роялтиге жатады және төлем көзінен резидент еместерден КТС, сондай-ақ қосылған құн салығы пайда болуына әкеледі.

1.2. АЯҚТАЛМАҒАН КҮРДЕЛІ ҚҰРЫЛЫС ЕСЕБІ

Мердігерлік тәсілмен есепке алу

Мердігерлік тәсілмен жүзеге асырылатын аяқталмаған күрделі құрылыстың өзіндік құнына жобалау-іздестіру жұмыстарының құны, жер телімдерін бөлу және құрылысқа байланысты қоныс аудару құны, объектінің құрылысына рұқсат алу құны, аумақты дайындау құны;

құрылыс кезеңіне тартылған қарыз қаражатын тарту бойынша шығындар (несие бойынша пайыздар), қосылған құн салығынан басқа негізгі құралдарды сатып алуға байланысты төленген қайтарылмайтын салықтар,

жұмыскерлерге төленетін сыйақылар бойынша тікелей шығындар негізгі құралдар объектісін салу немесе өндіру, құрылыс мердігерлік шарты бойынша жұмыстарды орындау үшін ұйымдарға төленген нақты шығындар (инвестициялық және құрылыс объектілерін басқару, құрылыс-монтаждау және басқа жұмыстар), аланды дайындауға кеткен шығындар кіреді.

Барлық шығындар «Аяқталмаған күрделі құрылыс» шотында капиталдандырылады және олар туындаған есепті кезеңде есептеу әдісімен көрсетіледі. Мердігерлер орындаған жұмыстар орындалған жұмыстардың актілерімен расталған нақты орындалған жұмыс көлемі негізінде күрделі шығындар деп танылады.

Мердігерлік әдіс бойынша негізгі құралдарды салуға жұмсалған шығындарды тану шарт бойынша жұмыстардың аяқталу сатысына сілтеме жасау арқылы, яғни «орындалу пайызы» әдісімен жүзеге асырылады.

Келісімшарттың аяқталу кезеңін бірнеше жолмен анықтауға болады. Қоғам орындалған жұмысты сенімді өлшеуді қамтамасыз ететінді пайдаланады. Шарттың сипатына қарай бұл әдістерге мыналар кіруі мүмкін:

1) есепті күнге жұмыстарды орындауға кеткен шарт бойынша шығындардың шарт бойынша болжамды жалпы шығындарға қатынасы;

2) орындалған жұмыстарға шолулар;

3) шарт бойынша жұмыстың белгілі бір көлемін аяқтау.

Объектілер пайдалануға физикалық дайын болғандықтан аяқталмаған құрылыстан негізгі қорлар тобына ауыстырылады. Объектіні пайдалануға жарамды күйге келтіру үшін қажетті жұмыстардың бүкіл кешені (мысалы, ішкі безендіруді қажет ететін ғимарат) аяқталғаннан кейін ғана пайдалануға дайын болуы мүмкін болған жағдайда, мұндай объект жұмыстардың бүкіл кешені аяқталғаннан кейін негізгі капиталға ауыстырылады.

Техникалық-экономикалық негіздememен расталған негізгі құралдарды одан әрі салу орынсыз болған жағдайда, бұрын «Аяқталмаған құрылыс» шотында капиталдандырылған шығындар ағымдағы кезеңнің шығыстарына есептен шығарылуы тиіс.

Мердігерлер берген құрылыс-монтаждау жұмыстары бойынша орындалған жұмыстар актілерін құрылыс барысын мониторингтеуге және бақылауға жауапты бөлімше тексереді және растайды. Бухгалтерлік есепте аяқталмаған құрылысты капиталдандыру шығындарын тану үшін негіз болып табылатын жауапты бөлімше виза қойған және Қоғам басшылығы қол қойған орындалған жұмыс актілері мен шот-фактуралар бухгалтерлік есеп бөлімшесіне беріледі.

1.3. ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР (40 (IAS) «Инвестициялық жылжымайтын мүлік» ХҚЕС-ына сәйкес)

Жалпы ережелер

Инвестициялық жылжымайтын мүлік – бұл капитал құнының өсуіне байланысты қосымша экономикалық пайда алу мақсатындағы Қоғамның қарамағындағы жылжымайтын мүлік.

Жылжымайтын мүлікке инвестицияны анықтауда жылжымайтын мүлікті сатып алудың мақсаты принципті мәнге ие. Бұл анықтама Қоғам

жылжымайтын мүлікті келесі мақсаттар үшін сатып алған кездегі жағдайларды ерекше бөледі:

- өндіріс процесінде немесе тауарлар мен қызметтерді көрсетуде немесе әкімшілік мақсаттарда пайдалану (бұл жағдайда сатып алынған жылжымайтын мүлік негізгі құралдарға жатқызылады және сәйкесінше есепке алынады);
- қалыпты шаруашылық қызметті жүргізу барысындағы сату (бұл жағдайда сатып алынған жылжымайтын мүлік қорлар ретінде жіктеледі және сәйкесінше есепке алынады).

Қоғамның жылжымайтын мүлкіне инвестициялау объектілері:

- қалыпты шаруашылық қызмет барысында қысқа мерзімді перспективада сатуға емес, ұзақ мерзімді перспективада капитал құнының өсімін алуға арналған жер;
- қазіргі уақытта нысаналы мақсаты әлі анықталмаған жер (егер Қоғам жерді меншік иесі алып жатқан жылжымайтын мүлік ретінде пайдалану немесе қысқа мерзімде қалыпты қызмет барысында сату үшін пайдалану туралы шешім қабылдамаса, жер капитал құнын өсіруге арналған деп есептеледі);
- Қоғамның меншігіндегі (немесе қаржылық жалдау шарты бойынша Қоғамның қарамағында) және бір немесе бірнеше операциялық жалдау шарттары бойынша жалға берілген ғимарат;
- қазіргі уақытта пайдаланылмайтын, бірақ бір немесе бірнеше операциялық жалдау келісімшарттары бойынша жалдауға арналған ғимарат.

Жылжымайтын мүлікке инвестиция болып табылмайтын активтер:

- қалыпты шаруашылық қызмет барысында сатуға арналған объект, құрылысы аяқталмаған немесе сату мақсатында қайта жаңғырту сатысындағы объект;
- құрылысы аяқталмаған немесе үшінші тұлғалардың тапсырмасы бойынша қайта құрылып жатқан объекті;
- меншік иесі алып жатқан жылжымайтын мүлік, оның ішінде келешекте реконструкциялауға және кейіннен пайдалануға арналған жылжымайтын мүлік, Қоғамның қызметкерлері орналасқан жылжымайтын мүлік (қызметкерлердің нарықтық мөлшерлеме бойынша жалдау ақысын төлейтініне немесе төлемейтініне қарамастан, сондай-ақ меншік иесі орналасқан және шығарылуы тиіс жылжымайтын мүлік;
- жылжымайтын мүлікке инвестиция ретінде пайдалану болжанатын аяқталмаған немесе реконструкция кезеңіндегі құрылыс объектісі. Құрылыс жұмыстары немесе реконструкция жұмыстары аяқталғанға дейін мұндай мүлікке 16 IAS ХҚЕС қолданылады, одан кейін бұл жылжымайтын мүлікке инвестиция ретінде жіктеледі және осы бөлімнің ережелері қолданылады;
- қаржылық жалға беру шарты бойынша басқа ұйымға жалға берілген жылжымайтын мүлік.

Жылжымайтын мүлікке инвестиция ретінде пайдалануға арналған салынып жатқан немесе реконструкция барысындағы объектілерге 16 (IAS) ХҚЕС қолданылады. Құрылысы немесе реконструкциясы аяқталғаннан

кейін мұндай объектілерді есепке алу 40 (IAS) ХҚЕС-ына сәйкес есепке алынады. Бұрын жылжымайтын мүлікке инвестициялар деп танылған, бірақ реконструкция барысындағы объектілерге қатысты да, бірақ егер олардың реконструкциясы аяқталғаннан кейін жылжымайтын мүлікке инвестиция ретінде пайдалану ұзақ мерзімді сипатта болса ғана 40 (IAS) ХҚЕС қолданылады.

Жіктеу және есеп принциптері

Қоғам инвестициялық жылжымайтын мүлікті келесі санаттарға жіктейді:

- жалға алынған инвестициялық жылжымайтын мүлік;
- жалға беруге арналған инвестициялық жылжымайтын мүлік;
- болашақта капиталдың өсуін алуға арналған инвестициялық жылжымайтын мүлік.

Егер жылжымайтын мүлік объектісінің бір бөлігі жалдау ақысын немесе капитал өсімін алу үшін пайдаланылса, ал екінші бөлігі тауарларды өндіру немесе жеткізу, қызметтерді көрсету немесе әкімшілік мақсаттар үшін пайдаланылса, объектінің мұндай бөліктері бір-біріне тәуелсіз өткізілуі мүмкін, Қоғам объектінің аталған бөліктерін бөлек есепке алады. Егер объектінің бөліктерін бөлек сату мүмкін болмаса, егер осы объектінің аз ғана бөлігі тауарларды өндіруге немесе жеткізуге, қызметтерді көрсетуге немесе әкімшілік мақсаттарға арналған болса ғана объект инвестициялық мүлік болып саналады.

Болашақта өндірістік қызметте пайдаланылатын мүлікті сатып алуға салынған инвестициялар инвестициялық жылжымайтын мүлік болып табылмайды.

Тану

Жылжымайтын мүлікке инвестиция мынадай жағдайларда актив құрамында танылады:

1) Қоғамның жылжымайтын мүлікке инвестициялармен байланысты болашақта экономикалық пайда алуы ықтимал болса; және

2) жылжымайтын мүлікке салынған инвестицияның құнын сенімді бағалау мүмкіндігі болса.

Объектінің бірінші тану шартына сәйкестігін анықтау үшін Қоғам бастапқы тану кезіндегі қолда бар фактілер негізінде болашақ экономикалық пайда алу ықтималдығының дәрежесін бағалауы керек. Танудың екінші шартын анықтау оңай, өйткені активті сатып алуды растайтын айырбастау операциясы оның құнын анықтайды.

Қоғам мұндай жылжымайтын мүлікке күнделікті қызмет көрсету шығындарын жылжымайтын мүлікке салынған инвестициялардың баланстық құнында мойындамайды. Бұл шығындар пайда болуына қарай пайда немесе шығын құрамында танылады. Күнделікті қызмет көрсету шығындары - еңбек, шығын материалдары және шағын бөлшектер құны.

Тану принципіне сәйкес Қоғам тану критерийлерін ескере отырып, мұндай шығындар туындаған кезде жылжымайтын мүлікке инвестициялау объектісінің баланстық құнында бар объектінің ауыстыру бөлігіндегі шығындарды таниды.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілерін алу тәсілдері «Негізгі құралдар» бөлімінде ашылған тәсілдерге ұқсас болып табылады.

Тану кезіндегі бағалау

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің бастапқы құны «Негізгі активтер» бөлімінде сипатталған тәсілдерге ұқсас сатып алудың іс жүзіндегі өзіндік құны бойынша анықталады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің өзіндік құны мыналарға байланысты өспейді:

- іске қосу жұмыстарының шығындары (жылжымайтын мүлік объектісін жұмыс жағдайына келтіру үшін қажетті жағдайларды қоспағанда);
- үй-жайларды жалға беру бойынша жоспарланған деңгейге жеткенге дейінгі операциялық шығындар;
- жылжымайтын мүлік объектісінің құрылысы немесе реконструкциясы кезінде материалдардың, еңбек ресурстарының және басқа ресурстардың нормадан тыс тұтынылуы.

Болашақта инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде пайдаланылуы болжанатын аяқталмаған немесе реконструкция кезеңіндегі құрылыс объектісіне қатысты «Негізгі құралдар» бөлімінің ережелері құрылыс жұмыстары немесе реконструкциялау аяқталғанға дейін қолданылады, одан кейін объект инвестициялық жылжымайтын мүлік санатына ауыстырылады және оны есепке алу үшін осы бөлімнің ережелерін қолданыла бастайды.

Танылғаннан кейінгі бағалау

Қоғам есеп моделін таңдайды және осы саясатты барлық инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілеріне қолданады.

Қоғам жылжымайтын мүлікке инвестицияның әділ құнын екі модельдің бірі бойынша анықтайды: әділ құны бойынша есепке алу моделі немесе іс жүзіндегі сатып алу шығындары бойынша есепке алу моделі. Жылжымайтын мүлікке салынған инвестицияның әділ құнын анықтау үшін Қоғам сол аумақта орналасқан ұқсас активтердегі жылжымайтын мүлікке инвестицияларды бағалауда тәжірибесі бар танылған және тиісті кәсіби біліктілігі бар тәуелсіз бағалаушыны тарта алады.

Әділ құны бойынша есепке алу моделі

Әділ құны бойынша есепке алу моделін таңдай отырып Қоғам әділ құнын анықтай алмаған жағдайлардан басқа жағдайда жылжымайтын мүлікке салынған инвестицияны бастапқы танығаннан кейін баланста әділ құн бойынша жылжымайтын мүлікке салынған барлық инвестицияларды көрсетеді.

Операциялық жалдау клісімшарты бойынша жалға алушы иелігіндегі жылжымайтын мүлік жылжымайтын мүлікке инвестиция ретінде жіктелсе, әділ құны бойынша есепке алу моделі қолданылуы керек.

Жылжымайтын мүлікке инвестицияның әділ құнының өзгеруінен туындайтын кез келген басқа пайда немесе залал олар пайда болған кезеңдегі пайдада немесе шығында жатқызылуы тиіс.

Нарықтық құн – бұл жылжымайтын мүлікке инвестициялаудың әділ құны. Әділ құн – баланс күніндегі жағдай бойынша нарықта қолданылатын

анағұрлым ықтимал нарықтық баға. Бұл сатушы да, сатып алушы да күте алатын ең жақсы баға. Ерекше шарттардың немесе жағдайлардың нәтижесінде жоғары немесе төмен бағаланған есептік баға, мысалы, типтік емес қаржыландыру схемалары, қайтарылатын жалдауды сату операциялары, сату-сатып алуға қатысы бар кез келген тарап ұсынатын қайтарудың жеңілдік шарттары немесе жеңілдіктер әділ құн болып табылмайды.

Мысалы.

Қоғам құны 3 000 000 теңге болатын ғимаратты сатып алып, келісімді тіркеуге 30 000 теңге төлейді. Бұл ғимарат инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде жіктеледі. Ғимараттың нарықтық бағасы есептік жыл соңында 4 200 000 теңгені құрайды.

Қоғамның Есеп саясатында инвестициялық жылжымайтын мүлік осы аймақтағы ұқсас ғимараттардың нарықтық құны ретінде белгіленетін әділ құн бойынша есептелуі қарастырылған.

Осы ғимаратты сатып алуды Қоғам бухгалтерлік есепте сатып алу бағасы мен келісімді ресімдеу шығындарын қамтитын бастапқы құны бойынша көрсетеді:

3 000 000 теңге + 30 000 теңге = 3 030 000 теңге

Дт Жылжымайтын мүлікке инвестициялар - ғимарат 2 634 783

Дт ҚҚС есебіне 395 217

Кт Ақшалай қаражат 3 030 000

Есеп беру кезеңінің соңында есепке алуда ғимараттың әділ құнының өзгеруін көрсету қажет:

4 200 000 теңге - 3 030 000 теңге = 1 170 000 теңге

Дт Жылжымайтын мүлікке инвестиция (ғимарат) - 1 170 000

Кт Жылжымайтын мүлікке инвестиция құнының өсімінен операциялық емес кіріс - 1 170 000

Активті сатуға немесе басқа түрде шығаруға байланысты туындауы мүмкін операциялық шығындарды Қоғам шегермейді.

Жылжымайтын мүлікке инвестицияның әділ құны қандай да бір өткен немесе болашақ күндегі жағдайды емес, есеп беру күнгі қалыптасқан нарықтық конъюнктура мен нақты жағдайларды көрсетеді.

Әділ құнды бағалау күнтізбелік күнге байланысты. Нарық конъюнктурасы мен жағдайларының өзгеруі мүмкін екенін ескере отырып, бағаланған құн уақыттың басқа сәтінде дұрыс болмауы мүмкін. Сонымен қатар, әділ құнның анықталуы активтерді айырбастауды және сату-сатып алу келісімін бір уақытта қандай да бір бағаны өзгертпестен орындауды білдіреді, егер активтерді айырбастау және шартты орындау әр түрлі уақытта орын алған жағдайда, бұл өзара осындай мәміле жасасуға ниетті, жақсы хабарлар, бір біріне тәуелсіз тараптар арасында мәміле жасау барысында орын алуы мүмкін.

Сонымен қатар, жылжымайтын мүлікке инвестицияның әділ құнын анықтау үшін қолданыстағы жалға алудан түсетін кірісті және нарықтың ағымдағы конъюнктурасына негізделген болашақ жалдаудан күтілетін кіріс

туралы хабардар және дайын нарық қатысушыларының негізделген және негізді жорамалдары ескеріледі.

Нарықтық мөлшерлемелер бойынша жасалған жалдау шарты кезінде мойындалған міндеттемелерге қатыстыларды қоса алғанда, барлық күтілетін жалдау төлемдерін шегергендегі сатып алу кезінде жалға алынған мүлікке инвестицияның әділ құны нөлге тең болуы керек. Бұл әділ құн жалға алынған актив пен міндеттеме есепке алу үшін әділ құн бойынша немесе 16 «Жалдау» (IFRS) ХҚЕС-ына сәйкес ең аз жалдау төлемдерінің ұсынылған құны бойынша танылғанына қарамастан өзгермейді.

Жылжымайтын мүлікке салынған инвестицияның әділ құны хабардар, осындай мәміле жасауға ниетті тәуелсіз тараптар арасындағы мәміледегі жылжымайтын мүлікке салынған инвестицияның құны болып табылады.

Бір аумақта орналасқан, сол күйдегі және ұқсас жалдау және басқа келісімдердің шарттары қолданылатын белсенді нарықтағы ұқсас мүліктің ағымдағы бағалары әділ құнның дәлелі болып табылады.

Белсенді нарықта ағымдағы бағалар болмаған жағдайда Қоғам келесі ақпаратты ескереді:

✓ басқа сипаттағы, басқа жағдайдағы немесе басқа аумақтағы, немесе бсқа жалға алу шарттары мен басқа келісімшарттар қолданылатын мүліктің белсенді нарығында қолданыстағы, айырмашылықтарды ескере отырып, түзетілген бағалар;

✓ осы бағалар бойынша мәмілелер жасалған күннен кейін экономикалық жағдайдың кез келген өзгерістерін ескере отырып түзетілген, белсенділігі төмендеу нарықтардағы уақыт бойынша ең жақын бағалар;

✓ қолданыстағы келісімшарттардың талаптарына негізделген болашақ ақша түсімдері мен төлемдерінің сенімді бағалауларына негізделген дисконтталған ақша түсімдері мен төлемдерінің болжамы.

Жылжымайтын мүлікке инвестицияның әділ құнын анықтау кезінде бухгалтерлік баланста бөлек активтер немесе міндеттемелер ретінде танылған активтерді немесе міндеттемелерді қайта есепке алуға жол берілмейді:

✓ жабдықтар, атап айтқанда, лифттер мен ауаны баптау жүйелері. Ол ғимараттың ажырамас бөлігін құрайды және әдетте жылжымайтын мүлікке инвестицияға кіреді және негізгі құралдар құрамында бөлек көрсетілмейді;

✓ жиһаздалған үй-жайларды жалға беру. Жиһаздың әділ құны үй-жайдың әділ құнына қосылады, себебі жиһаздалған үй-жай үшін жалдау ақысы алынады. Бұл ретте жиһаздың құны жылжымайтын мүлікке инвестицияның әділ құнына енгізілген кезде жиһаз жеке актив ретінде танылмайды;

✓ операциялық жалдау шарты бойынша алдын ала төлем немесе есептелген кіріс жылжымайтын мүлікке инвестицияның әділ құнына қосылмайды, себебі Қоғам бұл баптарды міндеттемелер немесе активтер құрамында жеке көрсетеді;

✓ жалдау шарты бойынша ұсталатын жылжымайтын мүлікке инвестицияның әділ құны төленуі күтілетін шартты жалдау ақысын қоса алғанда, күтілетін ақша ағындарын көрсетеді. Тиісінше, егер жылжымайтын

мүлікті бағалау барлық болашақ төлемдерді шегергеннен кейін анықталса, онда есепке алу мақсатында жылжымайтын мүлікке салынған инвестицияның әділ құнын алу үшін мойындалған жалдау міндеттемесін кері қосу қажет.

Жаңарту немесе жетілдіру мақсатында жылжымайтын мүлікке алдағы күрделі салымдар, сондай-ақ осындай алдағы күрделі салымдардан болашақ экономикалық пайда жылжымайтын мүлікке салынған инвестицияның әділ құнында көрсетілмейді.

Мысал.

Қоғам ғимаратының нарықтық құны 1 000 мың теңгені құрайды. Егер оның реконструкциясына қосымша 400 000 теңге жұмсалса, онда Қоғам ғимаратының әділ құны 1 400 000 теңгеге артады. Қоғам ғимаратының әділ құны тек реконструкция шығындары іс жүзінде жасалғаннан кейін, сондай-ақ Қоғам ғимаратына жаңа бағалау жүргізілгеннен кейін ғана арттырылады.

Категориядағы ауыстырулар

Инвестициялық жылжымайтын мүлік категориясына ауыстыру немесе осы категориядан алып тастау келесі оқиғалармен расталған объектінің мақсаты өзгерген кезде ғана жүргізіледі:

- жылжымайтын мүлікті меншік иесінің өзі пайдалана бастауы – инвестициялық жылжымайтын мүліктен негізгі қорларда есепке алынатын, өз қажеттіліктері үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүлік санатына ауыстыру кезінде;
- сату мақсатында реконструкциялауды бастау – инвестициялық жылжымайтын мүліктен қорларға ауыстыру кезінде;
- меншік иесінің өзі пайдалану мерзімінің аяқталуы – объектіні өз қажеттіліктері үшін пайдаланатын мүліктен инвестициялық жылжымайтын мүлікке ауыстыру;
- операциялық жалға бере бастау – объектіні қорлардан инвестициялық жылжымайтын мүлікке ауыстыру.

Қоғам объектіні инвестициялық жылжымайтын мүліктен қорлар категориясына оның мақсаты өзгерген кезде ғана ауыстырады, бұл объектіні сату мақсатында реконструкцияның басталуымен расталады. Егер Қоғам инвестициялық жылжымайтын мүлікті оны реконструкциялаусыз шығару туралы шешім қабылдаса, онда ол оны тану тоқтатылғанға дейін оны инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде көрсетуді жалғастырады және оны қорлар құрамында көрсетпейді. Қоғам инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде одан әрі пайдалану үшін қолданыстағы инвестициялық жылжымайтын мүлікті реконструкциялауды бастаған жағдайда да солай болады - жылжымайтын мүлік инвестициялық жылжымайтын мүлік мәртебесін сақтайды және реконструкция кезінде меншік иесі иеленетін жылжымайтын мүлік ретінде жіктелмейді. Объектілерді инвестициялық жылжымайтын мүлік, меншік иесі иеленетін мүлік және қорлар категорияларына ауыстыру объектілердің баланстық құнын өзгертуге әкеп соқпайды.

Инвестициялық мүлік нысандарының шығарылуы

Инвестициялық мүлік объектісін тану, егер шығарудан кейін онымен байланысты экономикалық пайда алу күтілмесе, есептен шығарылғаннан кейін немесе түпкілікті пайдаланудан шығарылған кезде тоқтатылады.

Инвестицяилық мүлік объектісін шығару сату, қаржылық жалға беру немесе есептен шығару арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Инвестициялық жылжымайтын мүлікті есептен шығару немесе шығарудан туындайтын кірістер немесе шығындар инвестициялық мүліктің шығарылуынан түскен таза түсімдер мен баланстық құны арасындағы айырма ретінде бағаланады және бөлек және шоғырландырылған қаржылық есептілікте басқа кірістер немесе шығыстар құрамында көрсетіледі.

Құнсызданған, жоғалған немесе берілген инвестициялық мүлік объектілері үшін үшінші тұлғалардың өтемаққысы мұндай өтемақы алынуы тиіс болса, пайда немесе шығын құрамында танылуы керек.

Инвестициялық мүлік объектілерін шығару тәртібі «Негізгі құралдар» бөліміндегі активтерді ашып көрсетумен ұқсас болып табылады.

Ақпаратты ашып көрсету

Жылжымайтын мүлікке инвестицияларға жалдау құқығымен иелік ететін Қоғам жалға алушының көзқарасы тұрғысынан қаржылық жалдау және жалға беруші тұрғысынан операциялық жалдау туралы ақпаратты ашып көрсетуі керек.

Қоғам мыналарды ашып көрсетуі керек:

✓ қолданылатын есепке алу әдісі: әділ құн бойынша немесе іс жүзіндегі құны бойынша;

✓ егер ол әділ құн бойынша есепке алу әдісін қолданса, онда операциялық жалдаумен байланысты мүліктік мүддені жылжымайтын мүлікке инвестиция ретінде жіктейді және есепке алады, егер солай болса, қандай шарттарда;

✓ объектілерді жіктеу қиын болса, Қоғам жылжымайтын мүлікке инвестициялар мен өз қажеттіліктері үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүлікке, сондай-ақ қалыпты қызмет барысында сатуға арналған жылжымайтын мүлікке салынған инвестицияларды ажырату үшін қандай критерийлер қолданады;

✓ әділ құнның расталған нарықтық ақпарат негізінде немесе меншік сипатымен немесе салыстырмалы нарықтық ақпараттың болмауымен анықталатын басқа факторларды ескере отырып анықталғаны туралы ақпаратты қоса алғанда, әділ құнды анықтау үшін қолданылатын әдістер мен жорамалдар;

✓ жылжымайтын мүлікке салынған инвестицияның әділ құны тиісті кәсіби классификациясы және жылжымайтын мүлікке инвестицияларды бағалау тәжірибесі бар тәуелсіз бағалаушының бағалауы нәтижесінде анықталды ма. Егер мұндай бағалау жүргізілмеген болса, бұл факт де ашылуы тиіс;

✓ табыстар мен шығындар туралы есепте танылған сомалар.

Әділ құн бойынша есепке алу моделі жөніндегі ақпаратты ашып көрсету ерекшеліктері

Әділ құн бойынша есепке алу моделін пайдаланатын Қоғам жылжымайтын мүлікке салынған инвестицияның баланстық құнын кезеңнің басына және аяғына салыстыру туралы ақпаратты ашып көрсетуі керек, ол мыналарды көрсетеді:

✓ жаңа сатып алулар нәтижесінде және активтің баланстық құнына енгізілген кейінгі шығыстар нәтижесінде ұлғаюды бөлек ашып көрсете отырып, жылжымайтын мүлікке инвестициялардың ұлғаюы;

✓ сатуға арналған ретінде жіктелген немесе 5 (IFRS) ХҚЕС-қа сәйкес сатуға арналған ретінде жіктелген шығару тобына енгізілген активтер және басқа шығару;

✓ әділ құнды түзетулер нәтижесінде туындайтын пайда немесе шығын;

✓ қаржылық есептілікті бір валютадан екінші валютаға аударудан және шетел валютасындағы операцияларды есеп беруші Қоғамның есептік валютасына қайта есептеуден туындайтын бағамдық айырмашылықтар;

✓ жылжымайтын мүлікке инвестициялау объектілерін қорлардан, сондай-ақ өз қажеттіліктеріне пайдаланылатын қаражаттардан жылжымайтын мүлікке инвестициялауға және керісінше ауыстыру;

✓ басқа өзгерістер.

Қаржылық есептілікті жасау мақсатында бағалауға елеулі түзетулер енгізілген жағдайда, Қоғам қаржылық есептілікке енгізілген бастапқы және түзетілген деректерді салыстыру туралы ақпаратты, кері жалға беру арқылы сату нәтижесінде жалға беру келісімшарты бойынша танылған міндеттемелердің жиынтық сомасын және кез келген басқа елеулі түзетулерді жеке көрсете отырып ашады.

Егер Қоғам әділ құн тұрақты негізде өлшенбейтін болғндықтан жылжымайтын мүлікке инвестиция объектілерін іс жүзіндегі сатып алу құны бойынша бағалайтын болса, жоғарыда аталған салыстыру әділ құн бойынша бағаланатын жылжымайтын мүлікке салынған инвестицияға қатысты сомалардан бөлек осы жылжымайтын мүлікке инвестицияларға қатысты сомаларды ашып көрсетуә керек.

Қоғам қосымша келесіні ашып көрсетуі қажет:

1) жылжымайтын мүлікке инвестициялау объектілерінің сипаттамасы;

2) жылжымайтын мүлікке салынған инвестицияның әділ құны неге сенімді түрде өлшенбейтінін түсіндіру;

3) мүмкін болса, әділ құн шамамен бағалауға негізделуі мүмкін сандық шекараларды келтіру;

4) әділ құн бойынша есепке алынбаған жылжымайтын мүлікке инвестицияны шығару кезінде: Қоғамның әділ құн бойынша есепке алынбаған жылжымайтын мүлікке инвестицияны сату фактісі; сату кезіндегі осы жылжымайтын мүлік инвестициясының баланстық құны; танылған пайда немесе шығын сомасы.

Инвестицияларды есепке алу бойынша құжаттама

Операция	Құжаттар	Ескерту
Түсу, ауыстыру	Қабылдау-тапсыру (ауыстыру) актілері, НҚ-1 формасы. Қоғамның	Материалдық-жауапты тұлға

	ректоры бекітеді, комиссия мүшелері қол қояды. Жүкқұжат, шот-фактура, пайдалануға қабылдау актісі, қабылдау-тапсыру актісі. Негізгі құралдарды өз бетінше құрастыру, жинақтау немесе аяқтау актісі.	активтерді қабылдағанын растап қол қоюға міндетті.
Есептен шығару, істен шығу	Тәуелсіз тараптар қол қойған активті одан әрі пайдалану туралы техникалық қорытынды. Ректордың бұйрығы, есептен шығару актісі, қабылдау-тапсыру актісі (шығару), негізгі құралдарды есептен шығаруды қарау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы. Акт пен хаттама Уәкілетті органмен келісіледі.	Негізгі қорлардың жарамсыздығын, жөндеу жұмыстарының тиімсіздігін анықтау және себептерін анықтау үшін комиссия құрылады.
Аналитикалық есеп	Түгендеме картасы	Әрбір түгендеме нысаны бойынша жүргізіледі, бухгалтерлік қызметте сақталады

1.4. САТУҒА АРНАЛҒАН ҰЗАҚМЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

Қоғам сатуға аралған ұзақмерзімді активтерді *(IFRS) 5 «Сатуға арналған айналымсыз активтер және тоқтатылған қызмет» ХҚЕС-ына* сәйкес есепке алады.

Анықтау

Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер Қоғамның ұзақ мерзімді активтері (негізгі құралдар, материалдық емес активтер) және шығару топтары мына жағдайларда:

1) есепті кезеңнің аяғында мұндай активтерді ағымдағы күйінде сатудың әдеттегі шарттары бойынша дереу сатуға жарамды;

2) мұндай активтер есептік кезеңнің соңында осындай активтерді сатудың қалыпты шрттарында ағымдағы жағдайда дереу сату үшін қолжетімді;

3) сату ықтималдығы жоғары;

4) сатып алушыны белсенді іздеу жоспарының және белсенді нарықта сатуға ұсыныстың болуын және орындалуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданды;

5) активтердің әділ құнына жақын баға белгіленеді және әлеуетті сатып алушыларға сатуға арналған активтерді жылжыту бойынша шаралар қабылданады;

6) басшылықтың активтерді немесе шығару тобын сатуға нақты ниеті бар;

7) ерекше жағдайларды қоспағанда, сату 12 ай ішінде аяқталуы керек.

Жіктеу

Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер келесі топтарға жіктеледі:

1) Қоғамның ұзақмерзімді активтері (негізгі құралдар, материалдық емес активтер) және басшылықтың шешімі бойынша келесі шарттарды сақтай отырып, сатуға арналған ретінде жіктелген шығару топтары:

- баланстық құн оларды одан әрі пайдалану арқылы емес, сату арқылы өтеледі;
- активтер ағымдағы күйінде дереу сатуға қолжетімді болуы керек;
- сату ықтималдықтың жоғары дәрежесімен сипатталуы керек.

2) келесі шарттарды орындай отырып, кейіннен сату мақсатында ғана сатып алынған ұзақмерзімді активтер:

- сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер категориясына жіктелген күннен бастап 12 ай ішінде сату күтілуде;
- сатып алу күнінде активтер сәйкес келмейтін басқа жіктеу критерийлерінің 3 айдан аспайтын мерзімде орындалу ықтималдығы жоғары.

Тоқтатылған қызмет Қоғамның шығарылған немесе келесі критерийлер орындалған жағдайда сатуға арналған ретінде жіктелген құрамдас бөлігі болып табылады:

1) қызметтің жеке негізгі бағытын немесе қызмет жүзеге асырылатын географиялық аумақты білдіреді;

2) қызметтің жеке бағытын шығару немесе бизнес жүзеге асырылатын географиялық аймақтан бас тарту үшін бірыңғай үйлестірілген жоспарға енгізілген; немесе

3) қайта сату мақсатында ғана сатып алынған еншілес ұйым болып табылады.

Келесі критерийлерге сай болғанда сату ықтималдығы жоғары болып саналады:

- басшылық сату жоспарын жүзеге асыруға ниетті және сатып алушыларды белсенді түрде іздейді;
- активтің ұсыныс бағасы оның ағымдағы әділ құнымен салыстырмалы;
- сату жіктелген күннен бастап бір жыл ішінде жүзеге асырылуы тиіс; дегенмен, сату жоспарына елеулі өзгерістер енгізу немесе оның күшін жою екіталай болуы керек.

Сату жоспарының аяқталу мерзімі біздің бақылауымыздан тыс оқиғаларға немесе жағдайларға, бұрын бастапқы он екі айлық кезеңде екіталай деп есептелген мән-жайларға байланысты бір жылдан асуы мүмкін және нәтижесінде мәмілені мақсатты күнге дейін аяқтауға кедергі келтіреді. Бұл ретте сатушы өзгерген мән-жайларға жауап беру үшін қажетті шараларды қабылдайды, актив нарықта жаңа шарттарға сәйкес түзетілген қолайлы бағамен ұсынады, басшылықтың қазіргі күйінде дереу сатуға қолжетімді ұзақ мерзімді активті сатуға ниетті екені анық.

Мысалы, Қоғам есепті кезеңнің аяқталуына екі ай қалғанда бірнеше жыл пайдаланылғаннан кейін жұмысы тоқтатылған күрделі жабдықты сатады.

Қоғам есепті кезеңнің соңында келесі талаптарды орындаған жағдайда бұл активті сатуға арналған ұзақ мерзімді актив ретінде жіктей алады:

1) басшылық активті сату жоспарын бекітеді;
2) жоспарды іске асыру бойынша белсенді бағдарлама басталды;
3) спецификалық сату арықтарының конъюнктурасы зерттелді;
4) қолайлы баға сұралған;
5) сатып алушы іздестірілуде;
6) сатуды жіктеу күнінен бастап бір жыл ішінде аяқтау жоспарланған;
7) сату жоспарында елеулі өзгерістер болмауы керек.

Егер ұзақ мерзімді активті сатуға арналған ретінде жіктеу талаптары есепті күннен кейін ғана орындалса, Қоғам ұзақ мерзімді активті сатуға арналған ретінде жіктей алмайды.

Сонымен қоса егер бұл талаптар есепті кезеңнің соңында, бірақ қаржылық есептілікті шығару үшін бекіткенге дейін орындалса, онда қаржылық есептілікті ашып көрсетуде қажетті ақпаратты көрсету керек.

Сату операциялары бір ұзақ мерзімді активтерді басқа ұзақ мерзімді активтерге айырбастауды қамтиды, егер мұндай айырбастау өз мәні бойынша коммерциялық мәміле болып табылса, яғни алынған активтен күтілетін ақша ағындарының құрылымы (тәуекел, мерзім және сома) берілген активтен туындаған ақша ағындарының құрылымынан ерекшеленеді және күтілетін түсімдер мен айырбасталған активтердің әділ құны арасындағы айырмашылық айтарлықтай болып табылады.

Ұзақ мерзімді активті, егер Қоғам одан бас тартқысы келсе, сатуға арналған ретінде жіктеуге тыйым салынады, өйткені мұндай активтің баланстық құны ең алдымен оны одан әрі пайдалану арқылы өтеледі. Бас тарту жоспарланып отырған ұзақмерзімді активтер пайдалы қызметі мерзімінің соңына дейін пайдалану жоспарланып отырған ұзақмерзімді активтерді, сондай-ақ сатусыз есептен шығару жоспарланып отырған ұзақмерзімді активтерді қамтиды. Уақытша пайдаланылмайтын ұзақмерзімді актив Қоғам бас тартуға ниетті активтерге жатпайды.

Тану және бағалау

Қоғам сатуға арналған деп жіктелген ұзақмерзімді активті екі мәннің ең азы бойынша бағалайды:

1) баланстық құны;
2) сату шығындарын шегергендегі әділ құны.

Егер сату бір жылдан астам уақыт ішінде болады деп күтілсе, Қоғам сатуға кеткен шығындарды олардың дисконтталған құны бойынша бағалауға міндетті. Уақыт өте келе сатуға жұмсалған шығындардың дисконтталған құнының кез келген ұлғаюы қаржылық шығындар ретінде жиынтық кіріс туралы есепте есепке алынады.

Активті сатуға арналған ретінде бастапқы жіктеу алдында тікелей активтің баланстық құны «Негізгі құралдар» және «Материалдық емес активтер» бөлімдеріне сәйкес бағалануы тиіс.

Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер *қысқамерзімді* активтер ретінде жіктеледі, өйткені мұндай активтерді өткізудің болжалды мерзімі он екі айдан аз уақытты құрайды.

Сатуға арналған ретінде жіктелген ұзақмерзімді актив *амортизацияланбауы* керек.

Құнсыздану шығындары

Құнсызданудан болған шығынды Қоғам ұзақмерзімді активтердің құнын сатуға жұмсалған шығындар шегерілген әділ құнға дейін, егер ол бұрын танылмаған болса, кез келген бастапқы немесе кейінгі азайтуға қатысты танылуы тиіс.

Қоғам сатуға жұмсалған шығындар шегерілген активтің әділ құнының кейінгі ұлғаюынан кез келген пайданы, бірақ «Активтердің құнсыздануы» бөлімінде баяндалған активтердің құнсыздануы принциптеріне сәйкес танылған құнсызданудан болған жинақталған шығыннан аспайтын сомада тануы тиіс.

Сатуға арналған ретінде жіктелген ұзақ мерзімді активті сату күні уақытында танылмаған кіріс немесе залал активтің шығу күнінде танылады.

Сату жоспарындағы өзгертулер

Егер активті сатуға арналған ретінде жіктеу критерийлері орындалмаса, яғни сату жоспарлары өзгертілсе, актив бұл санаттан шығарылады және екі мәннің ең азы бойынша өлшенеді:

1) егер актив сатуға арналған ретінде жіктелмеген болса, танылатын амортизациясы сомасына түзетілген, сатуға арналған ұзақ мерзімді актив ретінде жіктелгенге дейінгі оның баланстық құны;

2) сатуды тоқтату туралы шешім қабылданған күнгі оның өтелетін сомасы.

Ұзақ мерзімді активті сатуды тоқтату және сатуға арналған ретінде жіктелуін жою туралы шешім қабылданғаннан кейін Қоғам активтің баланстық құнына қажетті түзету сомасын сатуға арналған активті тану критериі қанағаттандырылмайтын кезеңдегі басқа да кірістер мен шығыстар ретінде есепке алады.

Ақпаратты ашып көрсету

Қаржылық есептілікте келесі ақпарат ұсынылады:

1) қаржылық жағдай туралы есепте басқа активтерден бөлек ұсынылған: сатуға арналған ретінде жіктелген ұзақ мерзімді активтер және сатуға арналған ретінде жіктелген шығару тобына жатқызылған активтер (ағымдағы активтер құрамында);

2) шығарылатын топтың активтері мен міндеттемелері өзара есепке алынбауы және сальдоланған нәтиже ретінде көрсетілуі тиіс. Қаржылық жағдай туралы есепте басқа міндеттемелерден бөлек сатуға арналған ретінде жіктелген шығару тобында белгіленген міндеттемелерді (ағымдағы міндеттемелер шегінде) көрсету қажет;

3) сатуға арналған ретінде жіктелген активтер мен міндеттемелердің негізгі кластары қаржылық жағдай туралы есепте немесе қаржылық есептілікке ескертулерде бөлек көрсетіледі;

4) сатуға арналған ұзақмерзімді активтерге қатысты (немесе шығару тобына) келесі ақпаратты ұсыну қажет:

- тиісті ұзақмерзімді активтердің (немесе шығару тобын) сипаттамасы;
- активтердің күтілетін шығарылуының фактілері мен жағдайларының, сондай-ақ шығарудың күтілетін әдісі мен күтілетін уақытының сипаттамасы;
- сатуға жұмсалған шығындар шегерілген әділ құн бойынша қайта бағалау нәтижесінде танылған пайда немесе залал, және егер олар жиынтық кіріс туралы есепте бөлек көрсетілмесе, осы пайда немесе шығын көрсетілген жиынтық кіріс туралы есептің жолын көрсету;
- егер қолданылса, 8 (IFRS) «Операциялық сегменттер» ХҚЕС-ына сәйкес ұзақмерзімді актив (немесе шығару тобы) көрсетілген сегмент;
- егер ұзақ мерзімді актив (немесе шығару тобы) сатуға арналған ретінде жіктелуін тоқтатса, ұзақ мерзімді активті (немесе шығаруға арналған топты) сату жоспарларын өзгерту туралы шешім қабылдауға негіз болған фактілер мен жағдайлардың сипаттамасы осы шешімнің осы есепті кезеңдегі және қаржылық есептілікте ұсынылған басқа кезеңдердегі қаржылық нәтижелерге әсерінің сипаттамасымен бірге ұсынылуы тиіс.

«Сатуға арналған ұзақмерзімді активтер» бөліміндегі типтік операциялар шоттарының корреспонденциясы

Операция мазмұны	***Шоттар корреспонденциясы***	
	Дебет	***Кредит***
Негізгі құралдарды сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерге және баланстық құны бойынша шығарылатын топтарға топтастырылған ұзақмерзімді активтерге ауыстыру	1510 1520	2410 2410
Өткізуге арналған материалдық емес активтер	1510	2730
Құрылыс жобасының өзгеруіне байланысты монтаждауды қажет ететін бұрын сатып алынған жабдықтар өткізуге дайындалды	1510	2930
Кейін сату үшін жабдықтарды сатып алу	1510	3310 - 3340
Жеке цех, барлық жабдықтары бар ұйым сатуға дайындалды	1520	2310, 2410
Шығару кезінде сатуға арналған ұзақмерзімді активтердің баланстық құнын есептен шығару	7410	1510, 1520
Активтердің құнсыздануы шығындарын есептен шығару	7420	1510 - 1520
Құнсыздану шығындарын қайтару	1510, 1520	6240

1.5. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР ЕСЕБІ ((IAS), 38 «Материалдық емес активтер» ХҚЕС-ына сәйкес)

Материалдық емес актив — физикалық пішіні жоқ сәйкестендірілетін ақшалай емес актив.

Материалдық емес активтің анықтамасына сәйкес, мұндай актив гудвиллден ерекшеленуі үшін сәйкестендірілуі керек. Бизнесті біріктіру кезінде танылған гудвилл активтер бизнесін біріктіру кезінде сатып алынған активтердің болашақ экономикалық пайдасын көрсететін, оны жеке анықтау және бөлек сәйкестендіруге болмайтын актив. Болашақ экономикалық пайдалар сатып алынған сәйкестендірілетін активтер арасындағы синергиядан туындауы мүмкін немесе жеке түрде қаржылық есептілікте тануға сәйкес келмейтін активтерден туындауы мүмкін.

Актив төмендегі жағдайларда сәйкестендіру критериін қанағаттандырады:

- ажыратылатын, яғни Қоғамнан бөлектелуі немесе бөлінуі және Қоғамның ниеті бар-жоғына қарамастан, жеке-жеке немесе тиісті келісіммен, активпен немесе міндеттемемен бірге сатуға, беруге, лицензиямен қорғауға, жалға алуға немесе айырбастауға болады;

немесе

- бұл құқықтардың Қоғамнан немесе басқа құқықтар мен міндеттемелерден ауысуына немесе бөлінуіне қарамастан, шарттық немесе басқа заңды құқықтардың нәтижесі болып табылады.

Кейбір материалдық емес активтер компакт-дискіде (компьютерлік бағдарламалық қамсыздандыру жағдайында), заңды құжаттар (лицензия немесе патент жағдайында) немесе пленка сияқты физикалық тасымалдаушыларда болуы немесе орналастырылуы мүмкін. Материалдық емес және материалдық элементтерді қамтитын актив 16 (IAS) «Негізгі құралдар» ХҚЕС-ына сәйкес немесе осы стандартқа сәйкес материалдық емес актив ретінде есепке алынуы қажет пе екенін анықтаған кезде, Қоғам элементтердің қайсысы анағұрлым маңызды болып табылатынын бағалау үшін кәсіби пайымдауды пайдаланады. Егер бағдарламалық қамтамасыз ету ол тиесілі жабдықтың ажырамас бөлігі болмаса, онда ол материалдық емес актив ретінде есепке алынады.

«Бақылау» белгісі Қоғамның активке байланысты болашақ экономикалық пайда алуға құқығы бар екенін және бөгде ұйымдар мен тұлғалардың активке қол жеткізуін шектей алатынын білдіреді. Бұл жағдайда материалдық емес активке заңды құқықтар активті бақылаудың дәлелі болып табылады. Заңды құқықтардың болмауы бақылауды растауды қиындатады, бірақ бақылаудың жоқ екенін білдірмейді. Мысалы, модель немесе сызбаны әзірлеу кезінде осы әзірлемеге құқықтар тіркелмеуі мүмкін, бірақ ол Қоғамның толық бақылауында болуы мүмкін.

Жіктеу

Пайдаланылу мақсаты мен табиғатына қарай Қоғамның материалдық емес активтері келесі топтарға бөлінеді:

Код	Топтар	Пайдалы қызмет мерзімі %
1	Бағдарламалық қамсыздандыру	10
2	Титулдық және баспалық, авторлық құқықтар;	10

3	Қоғам туралы кинофильмдер және аудио-бейнероликтер	10
4	Қоғам патенттері, лицензиялық келсімдер	10
5	Ішкі материалдық емес активтер	10
6	Ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін пайдаланылатын және/немесе әрі қарай сату үшін бөлінетін бағдарламалық өнімдер	10

Пайдалы қызмет ету мерзіміне қарай материалдық емес активтер белгілі және шектелмеген пайдалы қызмет мерзімі бар активтерге бөлінеді.

Тану

Материалдық емес активті тану келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

1) осы активке қатысты болашақ экономикалық пайда Қоғамға түсуі ықтимал. Осы активті пайдаланудан болашақ экономикалық пайда алу Қоғамның активті бақылайтынын болжайды, яғни ол бөгде ұйымдар мен тұлғалардың осы пайдаға қол жеткізуін шектей алады;

2) активтің өзіндік құны сенімді түрде бағалануы мүмкін.

Активті пайдаланудан болашақ экономикалық пайданың түсуімен байланысты белгілілік дәрежесін бағалау үшін сыртқы жолдармен алынған деректерге басымдық бере отырып, бастапқы тану күнінде қолда бар деректер негізіндегі кәсіби пайымдауды пайдалану қажет.

Сатып алынған материалдық емес актив өзіндік құны бойынша бағаланады.

Осылайша материалдық емес активті тану үшін мыналар негіздеме болып табылады:

1) активтің сәйкестендірілуі;
2) оны пайдаланудан болашақ экономикалық пайданың түсуі;
3) оның өзіндік құнын анықтау мүмкіндігі.

Қоғамның материалдық емес активтері:

1) іштей құрылған;
2) бөгде ұйымдардан алынған (оның ішінде бөлек сатып алынған немесе тегін алынған кәсіпорынды біріктіру бөлігі ретінде) болып бөлінеді.

Іштей құрылған материалдық емес активтер

Материалдық емес актив егер актив болса немесе төмендегі жағдайларда іштей құрылған болып табылады

1) Қоғамның қызметкерлері немесе Қоғам үшін келісім бойынша басқа ұйым құрған немесе

2) үшінші тұлғадан аяқталмаған күйде сатып алынған және Қоғам өңдеген.

Іштей жасалған материалдық емес активтің тану критерийлеріне сәйкес келетінін анықтау үшін активтерді жасау процесін зерттеу кезеңіне және әзірлеу кезеңіне бөлу қажет.

Егер Қоғам материалдық емес активті жасау бойынша ішкі жоба шеңберінде зерттеу кезеңі мен әзірлеу кезеңін ажырата алмаса, онда

мұндай жоба бойынша барлық шығындар зерттеу сатысында жұмсалған ретінде есепке алынады және кезеңнің шығыстарына есептен шығарылады.

Әзірлеу кезеңі

Әзірлеу – коммерциялық өндіру немесе пайдалану алдында жаңа немесе айтарлықтай жақсартылған материалдарды, өнімдерді, процестерді өндіруді жоспарлау немесе модельдеу үшін ғылыми зерттеулер нәтижелерін және басқа білімді қолдану, мысалы:

- нобайлық үлгілер мен модельдерді жобалау, жасау және оларды өндіргенге және пайдалануға дейін тестілеу;
- жаңа технологияларды пайдалана отырып, құралдарды, шаблондарды, трафареттерді және клишелерді жобалау;
- коммерциялық өндіріс үшін экономикалық негізделген болып табылмайтын ауқымда пилоттық жабдықтарды жобалау, жасау және пайдалану;
- жаңа немесе жетілдірілген материалдардың, құралдардың, өнімдердің, процестердің, жүйелер мен қызметтердің таңдалған нұсқаларын жобалау, жасау және тестілеу.

Қоғам ішінде жасалатын материалдық емес актив әзірлеу сатысында (немесе ішкі жоба аясында әзірлеу сатысынан) туындаған жағдайда, осыған жататын шығындар тікелей Қоғам төменде көрсетілген шарттарды көрсетуге қабілетті болған күннен бастап капиталдандырылуы тиіс:

- материалдық емес активті пайдалану немесе сату мүмкін болатындау оны аяқтаудың техникалық мүмкіндігі;
- материалдық емес активтің жасалуын аяқтау немесе оны сату ниеті;
- өзінің материалдық емес активті пайдалану немесе сату қабілеті;
- материалдық емес актив болашақ экономикалық пайданы қалай әкелетінін көрсету, материалдық емес актив нәтижелері немесе ең материалдық емес актив үшін нарықтың болуы, немесе егер жоспарланса оның ішкі пайдаланылуы, мұндай материалдық емес активтің пайдалылығы;
- әзірлеуді аяқтау және материалдық емес активті пайдалану немесе сату үшін адекватты техникалық, қаржылық және басқа ресурстардың болуы; және
- материалдық емес активті әзірлеуге қатысты шығындарды сенімді бағалау қабілеті.

Ішкі жасалған тауар белгілері, тақырыптық мәліметтер, баспа құқықтары, клиенттер тізімдері және ұқсас баптар материалдық емес активтер ретінде танылмайды, себебі оларды жасауға кеткен шығындар, шын мәнінде, жалпы ұйымның дамуына жатады.

Ішкі жасалған материалдық емес активтің өзін құны

Өз күшімен жасалған материалдық емес активтің өзіндік құны актив басшылықтың қалауына сәйкес қызмет ете алатындай оны жасау, өндіру және дайындау үшін қажетті және тікелей байланысты барлық шығындарды қамтиды.

Материалдық емес активтің өзіндік құнын тану актив келесі критерийлерге сай болған күннен басталады:

1) активпен байланысты болашақ экономикалық пайда алу ықтималдылығы бар;

2) бағалаудың өзіндік құны сенімді бағалана алады;

3) Қоғам жоғарыда баяндалған шарттарды көрсете алады.

Активпен тікелей байланысты тікелей шығындардың мысалы мынадай:

- материалдық емес актив өндірісі кезінде пайдаланылған немесе тұтынылған материалдар мен қызметтер шығындары;
- материалдық емес активті жасау кезінде жұмыстарды орындаумен байланысты мердігерлік ұйымдар қызметінің шығындары;
- материалдық емес активтерді жасауға байланысты қызметкерлерге төленетін сыйақылар, соның ішінде қажетті ұстап қалу мен төлемдер аударымдары шығындары;
- сынау және зерттеу нысандары ретінде пайдалануға арналған жабдықтар мен арнайы құрылғылардың құны;
- материалдық емес активті жасау кезінде жұмыстарды орындауда пайдаланылатын негізгі құрал объектілері мен материалдық емес активтер амортизациясы;
- ғылыми-зерттеу жабдықтарын, қондырғылар мен құрылымдарды, басқа да негізгі құрал объектілерін және басқа да мүлікті ұстауға және пайдалануға арналған шығындар; материалдық емес активті жасауға байланысты ақпараттық және консультациялық қызметтер үшін ұйымдарға төленетін сомалар;
- заңды құқықты тіркеу үшін төлемақы;
- материалдық емес активті жасау кезінде қолданылған патенттер мен лицензиялардың амортизациясы;
- егер жасалатын актив квалификацияланатын актив болса, қарыз қаражаттарын тарту шығындары («Қарыздар бойынша шығындар» бөлімін қараңыз);
- материалдық емес активті жасау кезінде жұмыстар мен қызметтерді орындаумен тікелей байланысты басқа шығындар.

Ішкі өндірілген материалдық емес активтің өзіндік құнына қосылмайды және пайда болуына қарай кезеңнің шығыстарына қосылады:

- активті пайдалануға дайындауға тікелей жатқызылатындардан басқа, сатуға кеткен, әкімшілік және басқа да шығындар;
- ресурстарды тиімсіз пайдаланудан болған ысыраптар және жоспарланған өнімділікке қол жеткізгенге дейін орын алған бастапқы операциялық шығындар;
- активті пайдаланумен байланысты қызметкерлерді оқыту шығындары.

Егер актив материалдық емес активті әзірлеу сатысында тану критерийлеріне сәйкес келмесе, барлық жұмсалған шығындар пайда мен шығындар туралы есепте шығынға жатқызылады.

Басқа ұйымдардан алынған материалдық емес активтер

Материалдық емес активті қолма-қол ақшаға сатып алу кезінде бөлек сатып алынған материалдық емес активтің құнына мыналар кіреді:

- импорттық баждарды және сауда жеңілдіктерін шегергеннен кейін қайтарылмайтын сатып алу салықтарын қоса алғандағы сатып алу бағасы; және
- активті мақсатты пайдалану үшін жұмыс жағдайына келтіруге байланысты кез келген тікелей шығындар.

Активті мақсатты пайдалануға дайындаумен тікелей байланысты тікелей шығындарға мыналар жатады:

- активті жұмыс жағдайына келтіруден тікелей туындайтын қызметкерлерге сыйақы беру шығындары;
- активті жұмыс жағдайына келтіруге байланысты тікелей көрсетілген кәсіби қызметтерге ақы төлеу;
- активтің дұрыс жұмыс істеуін тексеру шығындары.

Актив Қоғам басшылығының қалауына байланысты оның жұмыс істеуі үшін қажетті күйде болғанда шығындарды капиталдандыру тоқтатылады. Бұл оның іс жүзінде іске қосылуына дейін болуы мүмкін.

Келесі шығындар жеке сатып алынған материалдық емес активтің өзіндік құнының бөлігі болып саналмайды:

- жаңа өнімді немесе қызметті енгізу шығындары, оның ішінде жарнамалық қызмет шығындары;
- жаңа жерде немесе жаңа санаттағы клиенттермен қызмет жүргізуге кеткен шығындар, оның ішінде қызметкерлерді оқытуға кеткен шығындар;
- әкімшілік және басқа да жалпы шаруашылық шығындар;
- материалдық емес активті пайдалану немесе жылжыту кезіндегі шығындар;
- Қоғам басшылығының қалауына сәйкес жұмыс істеуге қабілетті актив қандай да бір себептермен әлі іске қосылмаған кезеңде жұмсалған шығындар.

Егер материалдық емес актив үшін төлем он екі айдан асатын мерзімге кейінге қалдырылса, онда материалдық емес активтің құны сатып алынған материалдық емес актив бойынша міндеттемені өтеуге қатысты болашақ ақшалай төлемдердің дисконтталған құны ретінде анықталады. Ақшалай эквиваленттегі баға мен жалпы төлем арасындағы айырмашылық сатып алынған материалдық емес актив бойынша берешек өтелетін кезеңдегі қаржылық шығындар ретінде танылады.

Өтеусіз алынған материалдық емес активтер алынған активтің әділ құны бойынша бағаланады және бухгалтерлік есепте келесідей танылады:

Қоғам материалдық емес активтің критерийлеріне, сондай-ақ тәуекелді бағалауға (активті иеленудің тәуекелдері мен пайдасын қаншалықты алады) сәйкестігін бағалайды

- егер шарт талаптары бойынша активті иеленудің пайдалары мен тәуекелдері қабылдау-тапсыру актісіне қол қою кезінде Қоғамға берілсе, онда активтің түсуі акт бойынша берілген күнінде көрсетіледі және әділ құнын бағалау актіге қол қойылған күні жүзеге асырылады;
- егер шарт талаптары бойынша Қоғам активті иеленуден пайданың барлығын немесе басым бөлігін алса, бірақ активті иеленумен байланысты тәуекелдер меншік құқығын беру мемлекеттік тіркелгенге дейін берушінің

өзінде қалса, активтің түсуі тіркелген күнінде көрсетіледі, ал әділ құнын бағалау тіркеу күнінде жүзеге асырылады.

Әділ құнды басқа ұйымдардың көмегімен немесе активті иеленудің пайдалары мен тәуекелдерін беру күні және шарт талаптарына сәйкес (қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күні; бақылау алған күні; тіркелген күні және т.б.) Қоғам дербес анықтайды.

Әділ құнды дербес анықтау кезінде Қоғамның мамандары әділ құны анықталатын алынған активтердің жеке сипаттамалары мен ерекшеліктерін ескере отырып, ұқсас материалдық емес активтердің нарықтық бағасы туралы ақпаратты қарастырады.

Техникалық мамандар әр түрлі сыртқы көздерден алынған деректерді талдайды (мысалы, лицензияланған бағдарламалық қамсыздандыруды жеткізушілердің прайс-парақтары).

Кейінгі есепке алу

Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған амортизация мен құнсыздануданболған кез келген жинақталған шығындарды шегергендегі өзіндік құны бойынша көрсетіледі.

Сатып алынған немесе ішкі құрылған материалдық емес активтердің ерекшелігі - көп жағдайда мұндай активтерді ұлғайту немесе ішінара ауыстыру орындалмайды, яғни бастапқы танудан кейін туындаған кейінгі шығындар материалдық емес активтердің баланстық құнында сирек капиталдандырылады.

Материалдық емес активтер бойынша шығындар туындаған кезде, келесі жағдайлардан басқа жағдайда шығындар ретінде танылуы тиіс:

- олар тану критерийлеріне сәйкес келетін материалдық емес активтің өзіндік құнының бір бөлігін құрайды; немесе
- тиісті бап кәсіпорындарды біріктіру кезінде алынады және материалдық емес актив ретінде танылуы мүмкін емес. Бұл орын алса, олар сатып алу күнінде іскерлік бедел ретінде танылған соманың бір бөлігін құрайды.

Пайда болған кезеңде шығындар ретінде танылған шығындардың мысалдары мыналар болып табылады: заңды тұлғаны құру кезінде туындаған заңгерлер және хатшылық шығындары сияқты құрылтай шығындары; жаңа операцияларды ашу немесе жаңа процестерді енгізу шығындары; қызметтерді жарнамалау және жылжыту шығындары; қызметкерлерді дайындау шығындары; Қоғамды көшіру шығындары.

Бастапқыда шығын ретінде танылған ішкі өндірілген материалдық емес актив шығындары келесі кезеңдерде материалдық емес активтің өзіндік құнының бөлігі ретінде танылмайды.

Құнсыздану

Пайдалы қолданудың шекті мерзімі жоқ материалдық емес активтер мен іскерлік беделдің, сондай-ақ құнсыздану белгілерінің болуына немесе болмауына қарамастан әзірлену үстіндегі («аяқталмаған құрылыс») материалдық емес активтердің өтелетін құнын бағалау жылсайынғы негізде жүргізіледі.

Басқа материалдық емес активтердің өтелетін құнын бағалау есепті кезеңнің соңында мұндай активтердің құнсыздану белгілері анықталған жағдайда ғана бағаланады.

Құнсызданудан болған залал танылғаннан кейін материалдық емес актив бойынша амортизациялық аударымдар активтің өзгерген баланстық құнын қалған пайдалы қызмет мерзіміне жүйелі негізде бөлу үшін болашақ кезеңдерде түзетіледі.

Құнсызданудан болған шығын сомасы құнсыздану анықталған ағымдағы кезеңнің басқа шығындары құрамында танылады.

Әрбір есепті күнде Қоғам активке қатысты өткен кезеңдерде танылған құнсызданудан болған шығын бұдан былай болмайтыны немесе азайғандығы туралы белгілердің бар немесе жоқтығын анықтайды.

Егер бұрын танылған құнсызданудан болған шығынды қалпына келтіру қажет екендігінің бір немесе бірнеше белгілері анықталса («Активтердің құнсыздануы» бөлімін қараңыз), Қоғам бұрын танылған құнсызданудан болған шығынды қалпына келтіруден түскен табысты «Басқа кірістер» бабындағы жиынтық кіріс туралы есепте таниды.

- олардың құны сенімді бағалана алады;

- болашақта оларды пайдаланудан экономикалық пайда алу ықтималдығы жоғары.

Шетел валютасымен белгіленген қорлардың құны, сол қорларға меншік құқығы ауысқан күнгі қолданыстағы бағам бойынша шетел валютасындағы соманы қайта есептеу арқылы теңгемен бағаланады.

Кейбір жағдайларда меншік құқығы тауарлық-материалдық қорларды Компанияның Қоғамның үй-жайына жеткізген кезде ауысады, басқа жағдайларда меншікке байланысты тәуекелдер мен сыйақыларды беру тауарлық-материалдық қорларды жеткізушіден жөнелту кезінде орын алады. Есепті күнге қорлардың ағымдағы орны қорларды тану және оларды активтер ретінде жіктеу үшін анықтаушы фактор болып табылмайды. Қоғам сатып алынған активтерді меншік құқығын беру немесе мүліктік тәуекелдерді беру негізінде, тіпті егер мұндай қорлар физикалық түрде жеткізілмеген болса да қорлар (жолдағы қорлар) ретінде таниды.

Тауар-материалдық қорларды сатып алу шығындары сатып алу бағасын, импорт баждарын және еркін айналымның, тасымалдау, өңдеу және қорларды сатып алуға тікелей байланысты басқа да шығындардың болуына байланысты есептеу арқылы анықталатын қосылған құн салығынан басқа қайтарылмайтын салықтарды қамтиды. Сатып алу шығындарын анықтау кезінде сауда жеңілдіктері, төлемді қайтару және басқа да ұқсас баптар шегеріледі.

Қорлар 1300 «Шикізат және материалдар» бөлігінің синтетикалық шотында және материалдар топтары бойынша есепке алынады.

Қорлардың өзіндік құны

Бастапқы тану кезіндегі қорлардың өзіндік құнына барлық сатып алу шығындары, өңдеу шығындары және қорларды ағымдағы орналасқан жеріне және қорлар күйіне дейін тасымалдауға жұмсалған басқа да шығындар кіреді.

Сатып алынған қорлар

Қорларды сатып алу өзіндік құнына келесі шығғындар енгізіледі:

- шартқа сәйкес жеткізушіге төленетін, жеңілдіктер шегерілген сомалар;
- әкелу бойынша кедендік баждардың сомасы және қайтарылмайтын салықтар;
- көліктік-дайындау шығындары – тиеу-түсіру жұмыстарына және қорларды пайдалану орнына көліктің барлық түрлерімен тасымалдауға арналған қорларды дайындау шығындары, тарифтерді (фрахт) төлеу құны;
- қорларды тасымалдау тәуекелдерін сақтандыру бойынша шығындар;
- материалдық-өндірістік қорлар сатып алынған делдал ұйымға төленетін сыйақы, олар тауарлық-материалдық қорлардың бірнеше түрлерінің құнына үлес салмағы бойынша пропорционалды бөлінеді;
- қорларды сатып алуға және оларды жоспарлы мақсатта пайдалануға жарамды жағдайға келтіруге тікелей байланысты басқа да шығындар.

Қорларды сатып алу шығындарын анықтау кезінде сауда жеңілдіктері, төлемдердің қайтарылуы және басқа да ұқсас баптар шегеріледі.

Егер қорлар төлем мерзімін ұзарту негізінде сатып алынса, яғни келісімде іс жүзінде қаржыландыру элементі болса, онда қордың құны сатып алынған қорлар үшін міндеттемені өтеуге қатысты болашақ ақшалай төлемдердің дисконтталған құны ретінде анықталады. Қарапайым сауда несиесі шарттарымен сатып алу бағасы мен мен төленген сома арасындағы айырмашылық қаржыландыру кезеңіндегі қаржылық шығындар ретінде танылады.

Сатып алынған қорлардың құнына нарықтық зерттеулер жүргізу, жеткізушіні табу және таңдау, кеңесшілерді жалдау және т.б. шығындар кірмейді.

Мақсатты пайдалануға немесе сатуға дайын қорларды сатып алуға, сондай-ақ қысқа мерзімде қорларды өндіруге немесе дайындауға арналған қарыздар бойынша шығындар қорлардың құнына қосылмайды, тиісті кезеңдегі қаржылық шығындар ретінде танылады.

Шетел валютасында сатып алынған қорлардың құны кейін қорлар бастапқы танылған кезден бастап тиісті міндеттеме өтелгенге дейін туындайтын бағамдық айырмашылықтар бойынша қосымша түзетілмейді.

Міндеттемелерді бастапқы танылған бағамдардан ерекшеленетін бағамдар бойынша қайта есептеу кезінде туындайтын бағамдық айырмашылықтар тиісті кезеңнің басқа кірістері мен шығыстары ретінде көрсетіледі.

Қорлардың түсімі келесі құжаттармен ресімделеді:

Келесі жолдармен келіп түскен қорлар:	**Құжаттың атауы**
1. Ақысына сатып алу: - жеткізушілерден; - жеке тұлғалардан; - берілген есептік сомалар есебінен;	Келісімшарт; Ілеспе құжаттар; Кіріс жүккұжаты; Төлем құжаттары; Қабылдау-тапсыру актісі (жүккұжат); Сатып алу-сату келісімшарты; Аванстық есеп; Сатып алу актісі; Кедендік декларация; Төлем құжаттары Импорт кезінде ЖКД
2. Несиеге алу	Келісімшарт; Ілеспе құжаттар; Кіріс жүккұжаты; Қабылдау-тапсыру актісі (жүккұжат); Төлем құжаттары
3. Айырбастау операциялары	Айырбастау келісімшарты; Қабылдау-тапсыру актісі (жүккұжат); Төлем құжаттары
4. Өтеусіз беру (сыйға тарту)	Қабылдау-тапсыру актісі (жүккұжат); Өтеусіз беру туралы келісімшарт
5. Негізгі құрал объектілерінің	Қабылдау-тапсыру актісі (жүккұжат)

жойылуы (бөлшектелуі)	

Өтеусіз алынған қорлар

Өтеусіз алынған жағдайда (сыйға тарту келісімшарты бойынша немесе қйырымдылық ретінде) қорлардың өзіндік құны қорлардың бухгалтерлік есепте танылуы күніндегі олардың нарықтық құны бойынша бағаланады.

Мүлікті түгендеу және жою нәтижесінде анықталған қорлар

Түгендеу нәтижесінде анықталған артық тауар-материалдық қорлар есепте, егер мұндай сатып алулар ағымдағы есепті кезеңде жасалған болса, соңғы сатып алынған ұқсас қорлардың құны бойынша танылады. Қалған жағдайларда артығы нарықтық құны бойынша есепке алынады.

Негізгі құралдарды және басқа мүлікті жою нәтижесінде алынған қосалқы бөлшектердің, детальдардың, компоненттердің өзіндік құны нөлдік құн бойынша танылады.

2 «Қорлар» (IAS) ХҚЕС талаптарына сәйкес қорлар екі мәннің ең азы бойынша танылады: өзіндік құны бойынша немесе тиісінше таза өткізу құны бойынша, өйткені Қоғам негізгі құралдың бөлігі ретінде қорлар пайдасының көп бөлігін тұтынған және осы активті пайдалану кезінде қорлардың өзіндік құнын бағалау қиын, ендеше қорлар маңызды емес немесе нөлдік өзіндік құнына ие деп есептеледі.

Қоғам пайдалануға берілген және пайдалы қызмет ету мерзімі 1 жылдан асатын қорларды (мүлік және керек-жарақтар) осы қорларды пайдалану мерзімі ішінде есептен шығарады.

Қоғам қызметкерлерге арнайы киім мен арнайы аяқ киім сатып алады. Арнайы киімдерді есепке алу 1311, 1312 шоты арқылы жүзеге асырылады, олар біртіндеп есептен шығарылады.

Қоғамның материалдарын есептен шығару шикізат пен материалдар шығынының белгіленген нормалары бойынша қорларды есептен шығару актісі негізінде жүргізіледі. Актіде әрбір атау бойынша атауы, саны, есептік бағасы және сомасы көрсетіледі.

ЖЖМ есебі

Жанар-жағармай материалдарын сатып алуды Қоғам келесі жолдармен жүзеге асырады:

- карта жүйесі бойынша,
- қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша.

Қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға жанар-жағармай сатып алу кезінде жүккұжат пен электронды шот-фактура бастапқы құжаттар болып табылады.

Автокөлік құралдарына жанар-жағармай құю станцияларында карталарды пайдалана отырып (әрбір картаның жеке нөмірі бар) жанар-жағармай құю кезінде өнім беруші нақты үлгі бойынша электрондық шот-фактураны береді. Қоғам бензин жеткізушіге карталарға қызмет көрсету шартында көрсетілген соманы аванспен төлейді.

Жанар-жағармай материалдарының аналитикалық есебі әрбір көлік пен жанармай түріне байланысты жүргізіледі.

«Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Заңның 7-бабындағы талаптарға сәйкес ресімделген жол жүру парағы (бағдар парағы) көлік құралдарын пайдалану фактісінің құжаттық дәлелі болып табылады.

Жолсапар парағы – жүргізуші мен автокөлік құралының жұмысын есепке алу мен бақылауға арналған құжат.

Жолсапар парағында ұйымның атауы, жасалған күні, жүрілген шақырым, ауысым кезіндегі жанар-жағармай шығыны, жүргізушінің аты-жөні көрсетіледі, мөртабан қойылады.

Жолсапар парағы әр бағыт бойынша шығарылады.

Көлік құралдарына арналған жанар-жағармай материалдарының шығынын бақылау *Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 тамыздағы № 1210 «Жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларын бекіту туралы» қаулысымен* (өзгертулер мен толықтыруларды ескере отырып) бекітілген ЖЖМ шығыстарының нормаларын қолдану арқылы жүзеге асырылады..

Жанар-жағармай жүргізушілердің шотынан нақты шығыны бойынша есептен шығарылады, бірақ норма бойынша есептелген жанар-жағармайдың шығынынан жоғары емес. Жанармай шығынының нормаланған мәнін анықтау өңделген Жолсапар парағының негізінде жүргізіледі.

Қосалқы бөлшектер

Машиналар мен жабдықтардың қосалқы бөлшектерін сатып алу өтінім-талап негізінде жүзеге асырылады.

Қосалқы бөлшектерді кіріске енгізу қоймаға жасалуы мүмкін, содан кейін қажет болған жағдайда есептен шығарылады. Немесе сатып алынған қосалқы бөлшектер бірден көліктер мен жабдықтарға орнатылады.

Егер автокөлік пен жабдықты қосалқы бөлшектерді орнату арқылы жөндеуді бөгде ұйым жүзеге асырса, онда шығындарды тану үшін бөгде ұйым мен Қоғам қол қойған орындалған жұмыс актісі негіз болып табылады.

Егер қосалқы бөлшектерді Қоғам өз бетінше сатып алатын және орнатқан болса, онда қосалқы бөлшектерді сатып алуды растайтын құжаттар, ақаулық актісі және қосалқы бөлшектерді есептен шығару (орнату) актісі бухгалтерлік есепте шығындарды тану үшін негіз болып табылады.

Құрамдас, шығын материалдары мен құралдары

Құрал-жабдықтарды монтаждау, баптау, техникалық қызмет көрсету және басқа да бір жылдан аспайтын мерзімде орындалатын (құралдар үшін) жұмыстарды орындау кезінде пайдаланылған құрамдас бөлшектердің, шығын материалдарының және жұмыс құралдарының құны олар «Үстеме шығыстар» немесе «Негізгі құралдарды жөндеу» баптары бойынша өндірістік шығындарға есептен шығару актісі негізінде пайдаланылуына қарай есептен шығарылады, егер шығындар айтарлықтай болмаса, онда дереу кезең шығындарына жатқызылады.

Монтаждау нәтижесінде негізгі құралдар объектісінің құрамына кіретін жинақтаушы бөлшектердің, шығыс материалдарының және құралдардың құны - тиісті есептен шығару актісі негізінде негізгі құралдардың тиісті объектісінің баланстық құнына есептеледі.

Қорлардың есебін материалдық жауапты тұлға жүргізеді. Қорлардың қозғалысын тіркеу үшін құжаттарды қабылдауды материалдық жауапты адам екі данада жасаған материалдық есепке сәйкес материалдық жауапты тұлға бойынша бухгалтер жүргізеді.

Материалдық жауапты тұлғалар ай сайын/тоқсан сайын (қажет болған жағдайда) белгіленген уақыттан кешіктірмей бухгалтерияға материалдардың қозғалысы туралы барлық құжаттарды міндетті түрде қоса бере отырып: талаптарды, жүккұжаттарды, алынған жанармайдың көлемін және спидометр көрсеткіштерін көрсете отырып, жолсапар парақтарын, кіріс ордерлерін және т.б. ұсынады.

Қорлардың құнын бүлінуі, ескіруі, өтімді еместігі салдарынан мүмкін болатын таза өткізу құнына дейін ішінара есептен шығару мәні есептен шығару кезеңіндегі «Басқа шығындар» шоты бойынша шығын ретінде танылады.

Тауар-материалдық қорлардың тапшылығы анықталған жағдайда, түгендеу нәтижелері бойынша Қоғам бұл фактіні қорлардың жетіспейтіндігі анықталған кезеңде қаржылық есепте көрсетеді.

Қорларды қабылдау, ауыстыру, шығару уәкілетті органдар бекіткен үлгілік нысандар негізінде қалыптастырылады.

Егер қорлар қорлар тобы (кіші тобы) үшін бекітілгеннен өзгеше өлшем бірлігінде түскен болса, онда өлшем бірлігі қайта есептеледі. Бұл жағдайда өлшем бірліктерін ауыстыру туралы акт жасалады, онда өлшем бірлігіндегі материалдың саны көрсетіледі, оған сәйкес материал қоймадан шығарылады. Бұл ретте есепке алу бағасы жаңа өлшем бірлігінде анықталады.

Сатып алынған немесе өтеусіз келген тауар-материалдық қорларды кіріске жазу үшін негіз болып табылатын құжаттар:

1) электрондық шот-фактура;

2) тауар-көліктік жүккұжат;

3) тауарды қабылдаған материалдық жауапты тұлға берген жүккұжат пен құжаттар, атап айтқанда:

- кіріс ордері;

- материалдарды қабылдау актісі – жеткізушілердің құжаттарымен сәйкессіздіктері бар ТМҚ қабылданған жағдайда.

Қоғам қорлардың қозғалысын *Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 «Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен* бекітілген н. Қ-1, Қ-2, Қ-3, Қ-4, Қ-5, Қ-6, Қ-7 құжаттарымен ресімдейді

Жеткізуші қоймасынан тауарлық-материалдық қорларды алу үшін материалдық жауапты тұлғаларға **сенімхат** беріледі. Сенімхат Қоғам Басшылығының бұйрығымен материалдық жауапты тұлғаға немесе басқа тұлғаға беріледі.

Сенімхаттар дұрыс ресімделуі, олардың есебі мен бақылауы, тапсырмалардың орындалуы үшін жауапкершілік Бас бухгалтерге жүктеледі. Сенімхатқа Қоғамның Басшысы мен Бас бухгалтері немесе олар бұйрықпен уәкілеттік берген тұлғалар қол қояды және мөрмен куәландырылады.

Берілген сенімхаттар қатаң сақталуы тиіс. Сенімхаттарды тіркеу журналы электронды түрде жүргізіледі.

Сенімхат алған қызметкер тапсырманың орындалғаны туралы құжаттарды тапсыру арқылы бухгалтерияға есеп беруге және пайдаланылмаған сенімхатты қайтаруға міндетті.

Толтырылмаған немесе жартылай толтырылған сенімхаттарды беруге рұқсат етілмейді. Сенімхаттар белгілі бір мерзімге – 10 күннен аспайтын уақытқа беріледі.

Сенімхат алған тұлға тауардың толық немесе бөлшектеп алынғанына қарамастан, барлық растайтын құжаттарды Қоғамның бухгалтериясына тапсыруы қажет. Кіріс құжаттарының негізінде сенімхаттарды тіркеу журналына тауардың қабылданғаны туралы белгі қойылады. Тауар алынбаған жағдайда пайдаланылмаған сенімхат Қоғамның бухгалтериясына қайтарылады және қайтару туралы сенімхаттарды тіркеу журналына белгі қойылады.

Жауапты сақталуға келген тауарлы-материалдық қорлар жинақталған қолхатпен ресімделеді, қоймашы арнайы кітапқа жазба жасайды, қоймада бөлек сақталады және жұмсауға болмайды.

Материалдық қорлардың жетіспеуі және ұрлануы кінәлілерді анықтау кезінде олардан өзіндік құн және қосылған құн салығын қалпына келтіру бойынша өндіріледі, нақты кінәлі тұлғалар болмаған жағдайда – 7210 «Әкімшілік шығыстар» шотына есептен шығарылады.

Қорлардың ішкі ауысуын есепке алу

Қорлардың ішкі ауысуы олардың бір заңды тұлға шеңберіндегі қозғалысын білдіреді. Қорлардың ауысуы *Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 «Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен* бекітілген н. Қ-5 Қорларды ішкі ауыстыру жүккұжатымен ресімделеді.

Жауапты сақтауға немесе қайта өңдеуге берілген қорлар есебі

Қорларды жауапты сақтауға беру кезінде Қоғам осы қорларды иеленуге және пайдалануға байланысты барлық тәуекелдерді береді. Дегенмен, Қоғам қорларды басқару құқығын және артықшылықтарын сақтайды, сондықтан бұл қорлар Қоғамның баланстық шоттарынан шығарылмайды.

Кейінгі тану

Қорлар міндетті түрде екі мәннің ең азы бойынша танылуы керек:

- өзіндік құны;
- өткізудің мүмкіндікті таза құны.

Өткізудің мүмкіндікті таза құны – жұмыстарды орындауға арналған болжамды шығындар мен болжамды сату шығындарын шегергендегі қалыпты жағдайдағы болжамды сату бағасы.

Өзіндік құнынан төмен қорларды таза өткізу құнына дейін есептен шығару тәжірибесі активтерді сату немесе пайдаланудан алынуы мүмкін сомадан асатын құн бойынша есепке алынбау керек деген принципке сәйкес келеді.

Қорлардың өзіндік құны өтелмейтін болуы мүмкін, яғни мұндай қорларды сатудан немесе пайдаланудан күтілетін сома оның өзіндік құнынан төмен болуы мүмкін, егер:

- қорлар бүлінген болса;
- толық немесе жартылай ескірсе;
- қорлардың сату бағасы төмендесе;
- пайдалану мерзімі бір жылдан асатын қорлар іске қосылғанда;
- сатуды аяқтауға немесе жүзеге асыруға байланысты ықтимал шығындар өскенде.

Мұндай жағдайларда Қоғам бүлінген, өтімді емес, пайдаланылған, ескірген қорларды қаржылық есеп беру күніндегі таза өткізу құнына дейін есептен шығарады.

Қорларды таза өткізу құнына дейін есептен шығару есепті кезеңдегі шығын ретінде танылады.

Есептен шығару әрбір номенклатуралық нөмір бойынша (бап бойынша) немесе егер ұқсас немесе сабақтас баптарды біріктіру мүмкін болса (бірдей өнім ассортиментіне жататын қорлар және т.б.) топтар бойынша жүргізіледі.

Қорлардың ықтимал таза өткізу құнын бағалау есептері әр есепті кезеңнің соңында міндетті түрде жасалады.

Ағымдағы есепті кезеңде өткен кезеңде есептен шығарылған, бірақ олардың сату бағасы көтерілген қорлар немесе өзіндік құнынан төмен қорларды есептен шығаруды қажет еткен жағдайлар жойылса немесе мүмкін болатын таза өткізу құны ұлғайтудың айқын дәлелі туындаса, мұндай құнсыздану жойылады (бастапқы есептен шығару шегінде).

Қорлардың өзін құнын есептеу әдістері

Қорлардың құнын шығындарға жатқызу кезінде Қоғам келесі әдістерді қолданады:

Орташа өлшенген құн әдісі – әр бұйымның құны кезең басындағы қоймадағы және кезең ішінде сатып алынған немесе өндірілген ұқсас заттардың орташа өлшенген құны бойынша анықталады.

Орташа өлшенген құн әдісі есеп үшін ең қолайлы және көп еңбекті қажет етпейді, ол есепті кезеңдегі қорлар бағасының өзгеру факторын тегістейді.

Тануды тоқтату

Тауарлы-материалдық қорлар пайдалануға берілгеннен/ пайдаланылғаннан кейін олар есепке алынған сома қызметтерді көрсетуден (ішкі пайдалануға арналған тұтыну) тиісті кіріс танылған кезеңдегі шығыс ретінде танылуы тиіс.

Қорлар құнын ықтимал таза бағаға дейін жартылай есептен шығару мәні бүлінуіне, ескіруіне, өтімсіздігіне байланысты есептен шығару кезеңіндегі «Басқа шығындар» шоты бойынша шығындар ретінде танылады.

Түгендеу нәтижелері бойынша тауар-материалдық қорлардың жетіспеушілігі анықталған жағдайда Қоғам бұл фактіні қорлардың жоқтығы анықталған кезеңдегі қаржылық есептілікте көрсетеді.

Қоғам қорларды жоюдың келесі түрлерін ажыратады:

1) қорларды өндіріске, яғни қызметтерді өткізу кезінде пайдалануға есептен шығару;

2) қорларды сату:

3) сыйға тарту шарты бойынша немесе өтеусіз;

4) мыналардың нәтижесі ретінде қорларды басқа шығару:

- сақтау мерзімінің өтуі, сапалық ескіруі, тұтыну қасиеттерін жоғалтудың басқа да жағдайлары;
- түгендеу кезінде жетіспеушіліктерді анықтау;
- ұрлық;
- апаттар, өрт, табиғи апаттар кезіндегі қорлардың бүлінуі.

Өндіріс үшін қорларды босату оларды қоймадан тікелей өнім өндіру (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету), сондай-ақ Қоғамның басқару қажеттіліктері үшін материалдарды шығару үшін шығаруды білдіреді.

Бөлімшенің материалдық-жауапты тұлғаларына қорларды беру Қоғамның тиісті қызметтерімен бекітілген жыл сайынғы өтінімдер негізінде белгіленген лимиттер шегінде жүзеге асырылады.

Бөлімшелерге аталған құндылықтарды беру өндіріске беру ретінде емес, материалдық құндылықтардың ішкі ауысуы ретінде қарастырылуы керек.

Орталық қоймадан қорларды бөлімшелерге беруге арналған бастапқы құжаттарда материалдың атауы, саны, есептік бағасы, сомасы, сондай-ақ мақсаты: тапсырыстың атауы немесе дайындауға кеткен шығындардың атауы көрсетіледі.

Іс жүзінде тұтынылған қорлар бойынша қорларды алушы тауар-материалдық қорларды есептен шығару туралы акт жасайды, онда атауы, саны, есептік бағасы және Әрбір зат бойынша сомасы, жұмыс түрі немесе олар тұтынылған тапсырыстың (өнімнің) атауы көрсетіледі.

Қорларды өткізудің таза құнына ықтимал есептен шығару резервтерін құру және есепке алу тәртібі

Резервтерді құру мақсаты. Қорлардың өзіндік құны бүлінген, ескірген немесе жартылай ескірген немесе оның сату бағасы төмендеген жағдайда қайтарылмайтын болуы мүмкін. Қорлардың құны, сондай-ақ өндірісті аяқтауға арналған болжамды шығындар немесе сатуға арналған болжамды шығындар артқан жағдайда өтелмейтін болуы мүмкін.

Қорларды өзіндік құннан төмен өткізудің таза құнына дейін есептен шығару активтерді сату немесе пайдалану нәтижесінде күтілетін сомадан асатын құн бойынша есепке алмау принципіне сәйкес келеді.

Мұндай активтердің құнын қаржылық есепте көрсету үшін таза өткізу құнына дейін есептен шығару резервтері жасалады.

Таза өткізу құнын бағалау осы бағалаулар жасалған кездегі қорларды сатудан түскен соманың ең сенімді қолда бар дәлелдеріне негізделеді. Таза өткізу құнын бағалау сонымен қатар қолда бар қордың мақсатты пайдаланылуын ескереді.

Қоғам әрбір есепті кезеңнің (жылдың) соңындағы таза сату бағасына есептен шығарудың қажетті резервінің сомасын бағалайды. Әрбір келесі кезеңде өткізудің мүмкін болатын таза құны қайта бағаланады.

Қоғам қорларды сататын болса, резерв сату шығындарын шегергендегі болжамды сату бағасын және қажет болған жағдайда оларды қалыпты қызмет барысында сатуға жарамды күйге келтіруге кеткен шығындарды нақты өзіндік құнмен салыстыру жолымен бағаланады. Артық болған жағдайда қорларды таза өткізу құнына есептен шығару үшін резерв құрылады.

Өндіріс процесінде пайдаланылуы тиіс қорлар бойынша, егер олар пайдаланылатын қызметтерді тиісті өзіндік құн бағасы бойынша немесе өзіндік құннан жоғары бағамен сатуға болады деп күтілсе, резерв жасалмайды. Әйтпесе, мұндай қорлар бойынша бухгалтерлік есеп шоттарында есепке алынатын өзіндік құн мен таза сату бағасы арасындағы айырма мөлшерінде резерв құрылады. Мұндай жағдайда қорларды ауыстырудың ағымдағы шығындары оның ықтимал таза өткізу құнының ең жақсы қолжетімді өлшемі болуы мүмкін.

Резервті құру қажеттілігін анықтау әрбір қор бірлігі үшін жеке жүзеге асырылады. Белгілі бір жағдайларда резервті ұқсас немесе бір бірімен байланысты баптар тобы үшін таза өткізу құнына дейін өлшеу орындырақ болуы мүмкін.

Ақпаратты ашу

Қаржылық есептілікте келесі ақпарат ашылады:

1) қорларды бағалау үшін қабылданған есеп саясаты, оның ішінде олардың өзіндік құнын есептеуге қолданылған әдіс;

2) қорлардың жалпы баланстық құны және Қоғам қабылдаған жіктеу баптары бойынша баланстық құны;

3) сатуға кеткен шығындар шегерілген әділ құны бойынша есепке алынған қорлардың баланстық құны;

4) кезең ішінде шығыс ретінде танылған қорлардың тиісті сомасы;

5) есепті кезеңде шығын ретінде танылған қорлар құнының кез келген тозу сомасы;

6) қорлар сомасының азаюы ретінде танылған қорлардың есептен шығарылған құнын өзгертудің кез келген сомасы, егер мұндай қайтару тиісті кезеңдегі шығын ретінде танылған болса, және есептен шығарылған қорларды қалпына келтіруге әкелген мән-жайлар немесе оқиғалар;

д) міндеттемелерді орындау кепілдігі ретінде қолданылатын қорлардың баланстық құны.

1310 «Шикізат және материалдар» және 1330 «Тауарлар» шоттары тобы бойынша типтік операциялар шоттарының корреспонденция

Операциялар мазмұны	Шоттар корреспонденциясы	
	Дебет	Кредит
Материалдар мен басқа да қорларды есепті сомадан сатып алу	1310, 1330	1250
Материалдар мен басқа қорларды жеке тұлғалардан сатып алу	1310, 1330	3390
Материалдар мен басқа қорларды жеткізушілерден сатып алу	1310, 1330	3310

Материалдар мен басқа қорларды жеткізумен тікелей байланысты шығындарды тану	1310, 1330	3390
Материалдар мен басқа қорларды өтеусіз алу:		
- жеке тұлғалардан	1310, 1330	6220
- ұйымдардан	1310, 1330	6230
Материалдар мен басқа қорлардың артығын кіріске енгізу	1310,1330	6290
Материалдарды таза сату құнына дейін құнсыздандыру	1360	1310
Материалдардың қалдықтарын кіріске енгізу	1310	7010
Сапасыз материалдар мен басқа қорларды жеткізушіге қайтару:		
а) олардың құнын төлегенге дейін:		
- шартты құнына	3310	1310, 1330
б) олардың құны төленгеннен кейін:		
- шартты құнына	1270	1310,1330
Әкімшілік шығындарға пайдаланылған материалдар мен басқа да қорларды есептен шығару	7210	1310, 1330
Орталық қоймалардағы материалдар мен басқа да қорлардың жоғалуын нормалар шегінде есептен шығару	7210	1310, 1330
Кінәлі анықталмаған кезде материалдардың және басқа қорлардың артық шығындарын, бүлінуін және жетіспеуін есептен шығару	7470	1310, 1330
Материалдар мен басқа қорларды өтеусіз беру	7410	1310, 1330
Табиғи апаттар нәтижесінде материалдарды есептен шығару	7470	1310, 1330
Өткізілген материалдар мен басқа қорлардың өзіндік құнын есептен шығару	7410	1330, 1310
Материалдар мен басқа қорларды өндіріске есептен шығару (қажет болған жағдайда)	7010, 8110,8410	1310, 1330

1320 «Дайын өнім» шоты бойынша типтік операциялар шоттарының корреспонденциясы

Операция мазмұны	**Шоттар корреспонденциясы**	
	Дебет	**Кредит**
Дайын өнім өндіріске қоймаға жіберілді	1320	8110, 8210
Дайын өнімді өткізу кезінде оның өзіндік құнын есептен шығару	7010	1320

1360 «Қорлардың құнсыздануынан болатын залалдарға арналған бағалау резерві» шоты бойынша типтік операциялар шоттарының корреспонденциясы

Операция мазмұны	Шоттар корреспонденциясы	
	Дебет	Кредит
Қорларды есептен шығару бойынша резерв құрылды	7420	1360
Қорлардың құнсыздануына байланысты олардың құнын есептен шығару	1360	1310,1350

5. ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ЕСЕБІ

Анықтама

Қоғамның **дебиторлық берешегі** кәдімгі қызмет барысында көрсетілген қызметтер/тауарлар үшін ақшалай сыйақы алуға үшінші тұлғаларға талаптарды білдіреді. Дебиторлық берешек Қоғамның негізгі қызметіне байланысты да, инфрақұрылымдық қызметіне байланысты да туындайды.

Қоғам **дебиторлық берешектің келесі классификациясын** қабылдады:

Уақыт факторы бойынша:

1. Қысқа мерзімді – қалыпты операциялық цикл барысында туындайтын және пайда болған күннен бастап 1 жыл ішінде өтелетін қарыз сомасы.

2. Ұзақ мерзімді – операциялық цикл барысында туындамайтын немесе туындаған күннен бастап бір жылдан астам мерзімде өтелетін берешек сомасы.

Міндеттемелер туындаған объектілер бойынша:

1. Өнімді, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу бойынша Қоғамның операциялық қызметіне байланысты дебиторлық берешек (тауарлар, жұмыстар, қызметтер үшін саудалық дебиторлық берешек, қорларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, оқу-әдістемелік және басқа қызметтерге берілген аванстар).

2. Өнімді, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізуге байланысты емес, басқа операциялардың қаржылық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын дебиторлық берешек (пайыз, сыйақы, бюджетпен есеп айырысу бойынша дебиторлық берешек).

Төлемнің уақыттылығы бойынша:

1. Ағымдағы – өтеу мерзімі келмеген дебиторлық берешек.
2. Күмәнді – уақытында төленбеген дебиторлық берешек.
3. Үмітсіз – талап ету мерзімі өткен дебиторлық берешек.

Тану

Дебиторлық берешек бастапқыда әділ құны бойынша танылады, яғни. алынған сыйақының нақты құны.

Компания дебиторлық берешекті есептеу әдісі бойынша танылады, яғни мәмілелер мен басқа оқиғалардың нәтижелері олардың туындауына қарай танылады және сол есептік кезеңде есепке алынады, сондай-ақ олар болған кезеңдердің қаржылық есептілігінде көрсетіледі.

Сауда бойынша дебиторлық берешек тек онымен байланысты кіріс танылған кезде ғана танылады. Ол бастапқы құны бойынша (берілген қаражаттың әділ құнына тең сатып алу құны) күмәнді қарыздарға түзетулерді, ақшалай жеңілдіктерді, сатылған тауарлардың қайтарылуын шегеріп бағаланады.

Дебиторлық және кредиторлық берешек, Қоғамға қатысты мына жағдайларды қоспағанда, өзара есепке алынбайды:

- баланста танылған сомаларды есепке алуға заңмен бекітілген құқығы бар; және
- сальдоланған сома бойынша есеп айырысу жүргізуге немесе активті сатуға және бір уақытта міндеттемені орындауға ниетті.

Өзара есепке алу үшін жоғарыда аталған екі критерийдің де болуы негіздеме болып табылады.

Жіктелуі

Қоғамның дебиторлық берешегі келесі түрде жіктеледі:

1) Студенттердің оқу ақысы және студенттердің басқа қызметтері бойынша берешегін тану нәтижесінде туындайтын студенттердің оқу ақысы бойынша дебиторлық берешегі.

2) келесі қызметтер нәтижесінде қаражаттың түсуіне байланысты туындайтын дебиторлық берешек:

• мемлекеттік органдармен және мемлекеттік мекемелермен шарттық қатынастар шеңберінде білім беру қызметтерін көрсету;

• заңды (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда) және жеке тұлғалармен жасалған шарттар бойынша білім беру қызметтерін көрсету;

• қызметті қамтамасыз ету (әдістемелік, әкімшілік);

• жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету (шәкіртақы, жолақы, жетім балаларға көмек және т.б.);

• ғылыми-зерттеу қызметі бойынша: іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер;

• біліктілікті арттыру бойынша қызметтер көрсету.

3) Есеп беретін тұлғалардың дебиторлық берешегі.

4) Қызметкерлердің дебиторлық берешегі.

5) Жалдау бойынша дебиторлық берешек.

6) Басқа дебиторлық берешек.

Күмәнді берешек сатып алушылар мен тұтынушылардың дебиторлық берешегі ретінде танылады, олар:

• келісімде немесе заңнамада белгіленген мерзімде өтелмеген;

• тиісті кепілдіктермен қамтамасыз етілмеген.

Қоғам күмәнді қарыздар бойынша резерв жасайды және талап ету мерзімі өткеннен кейін күмәнді дебиторлық берешек резервтің азаюына жатқызылады. Егер резерв жеткіліксіз болса, есептен шығару тікелей

пайда мен залалды есепке алу шотына жүргізіледі.

Күмәнді қарыздар бойынша резервтерді есептеу үшін өтеу мерзімі бойынша дебиторлық берешек түрінен пайыз әдісі қолданылады. Резерв жылына бір рет есепті кезеңнің соңында құрылады.

Төменде үмітсіз және күмәнді дебиторлық берешек бойынша кешіктіру кезеңдері бойынша резервтерді есептеу кестесі берілген. Дебитордың төлем қабілеттілігін бағалау үшін ақпарат жеткіліксіз болған жағдайда, Қоғам резерв мөлшерін бағалау үшін кәсіби пайымдауды басшылыққа алады.

Кешіктірілген дебиторлық берешек түрі	Кешіктірілген дебиторлық берешек мерзімі	Резервті негізгі қарыщға есептеу пайызы
Оқу ақысын төлеу бойынша дебиторлық қарыз	Шығарылғаннан кейін 1 жылдан соң	100%
Басқа дебиторлық берешек	45 күннен 90 күнге дейін	30%
	90 күннен астам	50%
	12 айдан астам	100%

Үмітсіз берешек бойынша залалдарды жабу үшін есепті кезеңде толық пайдаланылмаған күмәнді қарыздар бойынша резерв сомасы келесі есепті кезеңге ауыстырылуы мүмкін. Бұл ретте жаңадан құрылған резерв сомасы өткен есептік кезеңдегі резерв қалдығы сомасына түзетілуі тиіс.

Егер бұрын есептен шығарылған дебиторлық берешек келесі есептік кезеңде төленсе, онда ол осындай төлем жүргізілген кезеңдегі кіріс ретінде танылады.

Сатып алушылармен салыстыру жылына кемінде 2 рет жүргізіледі.

Есептік сомалар бойынша дебиторлық берешек есебі

Қызметкерлерге есеп беру үшін ақша қаражаттарын беру іссапар шығындарын төлеу үшін жүргізіледі.

Есеп беруге берілген ақшалай қаражат тек олар берілген кезде көзделген мақсаттарға жұмсалуы мүмкін. Есеп беретін тұлғалар аванстық сомалардың жұмсалуы туралы есепті жүргізілген шығыстарды растайтын құжаттарды қоса бере отырып ұсынады. Аванстық есепке қоса берілетін құжаттарды есеп беруші тұлға есепте олардың жазылу реті бойынша нөмірлейді.

Есеп берушілердің аванстық есепті ұсыну мерзімі іссапардан оралған күннен бастап 5 жұмыс күнін құрайды. Есепті уақтылы ұсынбаған жағдайда берілген сома есеп беретін тұлғаның еңбекақысынан ұсталады.

Бұрынғы соманы төлемеген есеп беруші тұлғаға қаражат беруге жол берілмейді.

Қызметтік іссапарға есептелетін ақшалай қаражатты беру кезінде мынадай регламент белгіленеді:

Қызметтік іссапар – қызметкердің қызметтік тапсырманы орындау немесе Қоғамның жарғылық мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін іс-шараға қатысу үшін жұмыс орнынан тыс орналасқан елді мекенге белгілі

бір мерзімге құрылымдық бөлімшенің бастамасымен жасалатын сапары.

Іссапарға жіберілген, оның ішінде жолда болған уақытта қызметкердің жұмыс орны (лауазымы) сақталады.

Қызметтік іссапарлардың негізгі міндеттері:

- өндірістік-шаруашылық бағыттың, қаржылық және басқа қызметтің нақты мәселелерін шешу;
- ұйымдастырушылық-әдістемелік және практикалық көмек көрсету;
- конференциялар, кеңестер, семинарлар және басқа да іс-шараларды өткізу, оларға тікелей қатысу;
- тәжірибені, жұмыстың жаңа формалары мен әдістерін зерттеу, жалпылау және тарату;
- олимпиадаларға, студенттік іс-шараларға қатысу;
- магистранттар мен докоранттардың ғылыми тағылымдамадан өтуі.

Келесілер қызметтік іссапар болып табылмайды:

- жеке мәселелер бойынша сапарлар (өндірістік қажеттіліксіз, тиісті келісімшартсыз немесе шақырушы тараптың шақыруынсыз);
- жоғары және қосымша кәсіптік білім беретін оқу орындарының күндізгі/сырттай бөлімдеріне оқуға түсу, кандидаттық емтихандарға дайындалу және тапсыру, консультациялар алу және т.б.

Басқарма төрағасы-ректор іссапарға кеткен жағдайда іссапар кезеңіне барлық қызметтік міндеттері мен құқықтарын, оның ішінде сенімхат негізінде атқарушы органның құқықтарын уақытша міндет атқарушыға жүктей отырып, уақытша міндетін атқарушыны тағайындауға құқылы.

Қызметкерді іссапарға жіберудің негізі бұйрық болып табылады. Басқарма төрағасы-ректор қол қоятын бұйрықтың негізінде іссапарға жіберілген қызметкерге жол жүру куәлігі (қажет болған жағдайда) беріледі. Іссапар шығындарына аванстар іссапар шығындарын төлеу бойынша қолданыстағы нормативтік-заңнамалық актілерге немесе Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес белгіленген нормалар шегінде беріледі.

Қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақыларға мыналар жатады:

- Броньдау шығындарын төлеуді қоса алғандағы іссапар орнына бару және кері қайту жолақысы бойынша іс жүзінде жүргізілген шығындар;
- Брондау шығындарын қоса алғанда, тұрғын үйді жалға алуға жұмсалған іс жүзіндегі шығындар;
- Іссапар кезінде төленетін тәуліктік шығындар.

Қызметкер шетелдік іссапардан оралғаннан кейін тәуліктік шығындар мен жалдау ақысы аванстық есепті бекіткен күнгі шетел валютасының бағамы негізінде қайта есептеледі. Іссапардың аяқталу күні жол жүру құжатының немесе қонақүйде тұру үшін соңғы төлемнің (есептің) күнімен анықталады.

Шетелдік іссапарларға жұмсалған қаражатты бухгалтерлік есепте көрсету тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік

іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» қаулысымен және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге қызметтік іссапарларға өтемақыларды ресімдеу және есептеуге қатысты өзге де нормативтік-заңнамалық актілерімен реттеледі.

Қызметкерлердің шетелдік іссапарлары үшін Қоғам іссапар шығыстарының бекітілген нормаларын (лимиттерін) пайдаланады. Шетелдік валютадағы шығындарды өтеу:

Тұрғын үй-жайларды жалға беру бойынша іс жүзіндегі шығыстар осы шығыстарды растайтын ұсынылған құжаттар немесе Қазақстан Республикасының лимиттермен немесе өзге де заңнамалық нормалармен белгіленген көлемі негізінде өтеледі.

Ұсынылған құжаттар негізінде іс жүзіндегі шығындар бойынша жолақыға. Сонымен қатар, тиісті түбіртектері, чектері (таксиден басқа) болған жағдайда қала маңындағы әуежайдан тұрғылықты жеріне дейін жол жүру ақысы төленеді. Ерекше жағдайларда жол жүру құжаты жоғалған жағдайда ең төменгі жолақы құны өтеледі.

Тәуліктік шығындар іссапарда болған әрбір күн үшін төленеді (келу күні және кету күні – екі күн): қызметкер Қазақстан Республикасынан басқа мемлекетке барған кезде шекарадан өткен күн қосылады, бұл күн үшін тәуліктік шығын шетел валютасында төленеді, ал шетелден Қазақстан Республикасына бағыт алғанда шекарадан өткен күн үшін тәуліктік шығын теңгемен төленеді. Шекарадан өту және Қазақстан Республикасына қайтып келу күні қызметкердің шетелдік паспортындағы белгі бойынша анықталады.

Шетелге іссапарға кеткен барлық адамдар елге оралғаннан кейін бес күн ішінде аванстық есеп беруге міндетті.

Шетелдік іссапарға жіберілген және шетел валютасын алған адамдар есеп бойынша белгіленген валюталық қаражат жетіспеген жағдайда келтірілген залалды Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында есеп берілген күнгі нарықтық бағам бойынша өтеуге міндетті.

Есеп беруші тұлғалармен есеп айырысу жөніндегі құжаттар:

Операция	Құжаттар	Ескертулер
Есеп берілетін аванс	Ректордың бұйрығы, жасалған шығындарды растайтын аванстық есеп	Аванстық есепке қоса берілген құжаттарды есеп беруші тұлға олардың есепте жазылу тәртібі бойынша нөмірлейді
Іссапарға кетушіге есеп берілетін аванс	Іссапар және іссапар шығындарын төлеу туралы бұйрық, іссапар куәлігі, растау құжаттарын қоса беру арқылы шығындар туралы аванстық	Қайтып келгеннен кейін қызметкер бірден аванстық есеп тапсыруға міндетті. Растау құжаттары мыналар бола алады: есеп беруден тәуліктік шығындарды есептен шығару үшін негіздеме ретінде іссапар куәлігі, тұрғын үйді жалдау шығындарын негіздеу үшін қонақүй шоттары, поездарда төсек-орын жабдықтарын пайдаланғаны үшін түбіртекті қоса беру арқылы жолда жүру құжаттары.

	есеп (қажет болған жағдайда)	

Басқа дебиторлық берешек есебі.

Басқа дебиторлық берешектің болуына және қозғалысына байланысты операциялар **1270** «Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек» және **2170** «Өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешек» топтарының шоттарында көрсетіледі, оның ішінде:

- анықталған сәйкессіздіктер, тауар-материалдық қорлардың жетіспеуі, артық шығын үшін жеткізушілерге, мердігерлерге, көлік ұйымдарына және басқа да ұйымдарға қойылған талаптардың сомасы;
- ақаулы материалдарды қайтару;
- банк шоттарынан қате есептен шығарылған сома;
- бюджетке шамадан тыс аударылған сомалар;
- төтенше жағдайлардан болған шығындарды өтеу (сақтандыру шарты бойынша);
- айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы.

Есептілікте ашып көрсету.

Дебиторлық берешекті есеп беруде көрсету мыналарды қамтиды:

- классификация;
- бухгалтерлік баланстағы бағалау.

Бір жыл немесе операциялық цикл ішінде өтелуі күтілетін дебиторлық берешек ағымдағы берешек ретінде жіктеледі; өтеу мерзімі бір жылдан асатын барлық басқа дебиторлық берешек ұзақ мерзімді дебиторлық берешек ретінде жіктеледі.

Қоғамның дебиторлық берешегін бағалау таза өткізу құны – ақшалай нысанда алынуы күтілетін таза сома бойынша қаржылық есеп беруде дебиторлық берешекті көрсетуді көздейді. Бұл бағалауды жасауға жоғарыда сипатталған резервтеу әдісі көмектеседі.

Қаржылық есептіліктегі түсіндірмелерде үшінші тұлғаның контрагент үшін дебиторлық берешегін өзара есепке алу, айырбастау немесе төлеу ретінде ресімделетін өзара есеп айырысу операцияларын ажыратуға болады.

1200 «Қысқамерзімді дебиторлық берешек» бөлігі бойынша типтік операциялар шоттарының крреспонденциясы

Операция мазмұны	**Шоттар корреспонденциясы**	
	Дебет	**Кредит**
Өнімдерді сату және сатып алушылар мен тұтынушыларға қызмет көрсету	1210	6010
Валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамының өзгеруі нәтижесінде сатып алушылар мен клиенттердің шетел валютасындағы қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің ұлғаюы	1210	6250
Сатып алушылардан және тапсырыс берушілерден сатылған өнімдер мен көрсетілген қызметтер үшін,	1010, 1030	1210

сондай-ақ сатылған материалдық емес активтер, негізгі құралдар, жылжымайтын мүлікке инвестициялар, қаржылық инвестициялар және басқа да активтер үшін төлемдердің түсуі		
Сатып алушылар мен тұтынушылардан бұрын алынған қысқа мерзімді аванс оларға жеткізілген ТМҚ және қызметтер бойынша берешек есебіне қарастырылады	3510	1210
Сатып алушылар мен тұтынушылардан қайтарылған өнім бойынша дебиторлық берешекті жою:	6020	1210
Валюталардың нарықтық бағамының өзгеруі нәтижесінде сатып алушылар мен клиенттердің шетел валютасындағы қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің төмендеуі	7430	1210
Активтерді сатып алу, қызметтерді төлеу, қызметтік іссапарлар және т.б. есептілігіне ақша беру	1250	1010, 1030
Қызметкерлерге қысқамерзімді қарыз беру	1250	1010,1030
Кінәлі тұлға мойындаған немесе сотпен өндіріп алынуы тиіс залал (жетіспеушілік, жымқыру, бүлдіру және т.б.)	1250	1010,1310, 2410 и др.
Есеп беруші тұлғалар жұмсамаған соманың қайтарылуы; келтірілген зиян бойынша кінәлі тұлғалардан өтелген сомалар, сондай-ақ қарыз лушы қызметкерден түскен төлемдер сомалары	1010,3350	1250
Күманды талаптар бойынша резерв құру	7440	1280
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің үмітсіз қарыздарын күманды талаптар бойынша резерв есебінен есептен шығару	1280	1210
Есептен шығару жүргізілген кезеңдегі есептен шығарылған дебиторлық берешекті өтеу:		
а) күмәнді талаптар бойынша резерв есебінен есептен шығарылған сатып алушылар мен тұтынушылардың дебиторлық берешегін қалпына келтіру	1210	1280
б) берешекті өтеу	1010, 1030	1210
Күманды талаптар бойынша қалыптастырылған резервтің азаюы нәтижесінде оның көлемін түзету (күманды талаптар бойынша резерв қалыптастырылған есептік кезеңде)	1280	7440

6. БОЛАШАҚ КЕЗЕҢДЕРДІҢ ШЫҒЫНДАРЫ

Бухгалтерлік есептің шаруашылық қызмет фактілерінің уақытша анықтылығы (есептеу принципі) болжамына сәйкес, жұмыстарды және қызметтерді өндіруге байланысты шығындар олардың жасалған уақытына және есептелу жағдайына қарамастан, олар жататын есепті кезеңдегі оның өзіндік құнын құрайды.

Болашақ кезеңдердің шығыстары – осы есептік кезеңде жасалған, бірақ экономикалық пайда (кіріс) туындауы мүмкін болашақ есептік кезеңдерге қатысты шығыстар.

Болашақ кезеңдер шығындарының есептік принциптері

Жіктелуі

Қоғамда болашақ кезеңдер шығындарының келесі тобы қабылданған:

1) болашақ кезеңдердің шығындарын есептен шығару күтілетін мерзім бойынша:

Қысқа мерзімді, 12 (он екі) ай ішінде есептен шығаруға жататын;

Ұзақ мерзімді, 12 (он екі) айдан астам кезең ішінде есептен шығаруға жататын.

2) түрлері бойынша:

Шығыстар түрі	***Сипаттамасы***
Жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру	қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласында туындайтын шығыстарды қамтиды
Автокөлік пен мүлікті сақтандыру	Ұйымның автокөлігі мен мүлкін сақтандыруды қамтиды
Лицензиялар, антивирус бағдарламалары	Операциялық желілерді (Windows) қолдану лицензияларын және қашықтықтан қол жеткізілетін желілік құжаттарға жазылуды қамтиды
Жалдау төлемдері	Жалдау бойынша шығындар
Ерікті медициналық сақтандыру	Қоғам қызметкерлерін ауруы жағдайында ерікті сақтандыру бойынша шығындарды қамтиды
Газеттер мен журналдарға жазылу	Мерзімдік басылымдар шығындарын қамтиды
Басқалары, бір жылға дейінгі мерзіммен электронды мәліметтер базаларына жазылуды қоскқанда	Болашақ кезеңдердің басқа шығындарын қамтиды

3) Аналитикалық есеп шығындардың әр баптары үшін келесі ақпаратты алуды қамтамасыз етуі керек:

пайдалануды бастау күні;

пайдалануды аяқтау күні.

Болашақ кезеңдердің шығынын тану

Болашақ кезеңдердің шығындарын тану есеп принциптеріне сәйкес бухгалтерлік есептің бастапқы құжаттары негізінде жүргізіледі.

Қаржылық есептілікті жасау үшін шығындарды танудың ең маңызды шарты кірістер мен шығыстардың сәйкестігі принципі болып табылады.

Болашақ кезеңдердің шығыстарына ағымдағы есепті кезеңде жұмыстар мен қызметтерді сатып алу үшін жасалған, кейіннен олар жататын есепті

кезеңдердегі (келісімшарттың мерзімі) жүйелі және бірқалыпты есептен шығару әдісіне сүйене отырып, тиісті шоттарда және шығыстар баптарында (жұмыстар мен қызметтерді өндіру, жалпы және әкімшілік шығыстар, өткізу шығындары, қаржылық шығындар немесе басқа шығыстар) танылатын алдын ала төлемдер кіреді және «Болашақ кезеңдердің шығындары» шоты жүйелі түрде кредиттеледі.

Болашақ кезеңдердің шығыстары қаржылық жағдай туралы есепте төленген ақшалай қаражаттың құны бойынша танылады.

Мұндай тану және есепке алу әдісі кірістер мен шығыстар арасындағы сәйкестік принципіне негізделген, ол бір мәміленің немесе оқиғалардың тікелей және бірлескен нәтижесі болып табылатын кірістер мен шығыстарды айнадағыдай тануы тиіс деп болжайды.

1720 «Болашақ кезеңдердің шығындары» шоты бойынша типтік операциялар шоттарының корреспонденциясы

Операция мазмұны	Шоттар корреспонденциясы	
	Дебет	Кредит
Сақтандыру ұйымдарына автокөліктерді, жұмыскерлерді сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақыларын төлеу, мерзімді басылымдарға жазылу, лизинг төлемдері және болашақ кезеңнің шығындары деп танылған басқа да төлемдер алдын ала жүргізілді.	1720	3310,1030
Сақтандыру төлемдеріне (сыйақыларына), мерзімді басылымдарға жазылуға, жалдау төлемдеріне және есепті айға қатысты болашақ кезеңдердің басқа да шығындарын есептен шығару	7010,8410, 7210, 7110, 7470	1720

Болашақ кезең шығындарының ақпаратын ашу.

Болашақ кезеңдердің шығындары «Басқа активтер» бабының ескертулерінде ашылады және қаржылық жағдай туралы есепте «Басқа активтер» құрамында баланстық құны бойынша есеп беру кезеңінің соңында есептен шығаруға дейін қалған мерзімге қарай ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді болып жіктеледі.

7. МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Қоғамның міндеттемелері Қоғамның әр түрлі мәмілелерді орындауы нәтижесінде туындайды және тауарлар, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін кейінгі төлемдердің құқықтық негізі болып табылады. Міндеттеме ол бойынша берешек туындаған кезде ғана есепке тіркеледі.

Міндеттемелер қарызды төлеуге қажетті ақша сомасымен немесе нарық жағдайында ұсынылуы қажет тауарлар мен қызметтердің құнымен өлшенеді.

Қоғамның ағымдағы (қысқа мерзімді) және ұзақ мерзімді міндеттемелері болады. Ағымдағы міндеттемелерге жыл ағымында немесе

ұзақтығына қарамастан шаруашылық циклінде өтелуі күтілетін қарыздар кіреді. Ұзақ мерзімді міндеттемелер – бұл келесі жыл ішінде немесе кәдімгі шаруашылық циклінде өтелуі жоспарланбаған кредиторлық берешек. Қоғамның ағымдағы міндеттемелері құрамында келісімнен, шарттан немесе заңнама негізінде туындайтын нақты міндеттемелер бар. Оларды дәл есептеуге болады. Нақты міндеттемелерге шоттар, вексельдер, төленуі тиіс дивидендтер, акциздік алымдар, ұзақ мерзімді міндеттемелердің ағымдағы бөлігі, есептелген еңбекақы бойынша берешек, сондай-ақ компания сатып алушыдан алған аванс есебінен жеткізуге тиіс тауарлар немесе қызметтер бойынша берешек жатады.

Жіктелуі

Қаржылық есептілікті жасау мақсатында Қоғам кредиторлық берешектің келесі түрлерін анықтайды:

1) Негізгі және өзге де қызмет барысында алынған активтер мен қызметтер бойынша берешекті тану нәтижесінде пайда болатын кредиторлық берешек.

2) Салықтар мен алымдар бойынша есеп айырысуларға байланысты туындайтын кредиторлық берешек, яғни салық міндеттемелері бойынша төленетін сомаларды қамтиды.

3) Есептелген шығыстар бойынша туындайтын кредиторлық берешек.

4) Басқа кредиторлық берешек: еңбекақы бойынша есептелген шығындар және тиісті салықтар; есептелген пайыздар; басқа кредиторлық берешек.

5) алынған аванстар: а) мемлекеттік гранттар бойынша; б) жұмыстарды және қызметтерді болашақта көрсету есебінен.

Уақыт факторы бойынша:

1. *Қысқа мерзімді* – қалыпты операциялық цикл барысында туындайтын және пайда болған күннен бастап есеп беру күнінен кейін 12 ай ішінде өтелетін қарыз сомасы.

2. *Ұзақ мерзімді* – операциялық цикл барысында туындамайтын немесе туындаған күннен бастап есеп беру күнінен кейін 12 айдан астам мерзімде өтелетін берешек сомасы.

Міндеттемелер туындаған нысандар бойынша:

1. Сатып алынған активтер мен тұтынылған жұмыстар, қызметтер бойынша ұйымның қалыпты қызметіне байланысты кредиторлық берешек.

2. Басқа операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын, активтерді сатып алуға және жұмыстарды, қызметтерді тұтынуға байланысты емес кредиторлық берешек.

Төлемнің уақыттылығы бойынша:

1. *Ағымдық* – төлем мерзімі әлі келмеген кредиторлық берешек.

2. *Кешіктірілген* – мерзімінде төленбеген кредиторлық берешек.

3. *Үмітсіз* – талап қоюдың ескіру мерзімі өтіп кеткен кредиторлық берешек.

Кредиторлық берешекті тану және бағалау

Кредиторлық берешек келесі шарттар орындалған жағдайда міндеттемелер құрамында танылады:

1. міндеттеменің туындауына себеп болатын оқиға орын алуы тиіс;

2. өткен оқиғалардың нәтижесінде туындаған кредиторлық берешекті реттеу Қоғамнан экономикалық пайданы қамтитын ресурстардың кетуіне әкелетініне сенімнің болуы;

3. берешек сомасы сенімді түрде анықталуы мүмкін;

4. берешек несие берушіге активті немесе қызмет көрсетуді беру арқылы, не кредитордың өз құқықтарын жоғалтуы нәтижесінде өтелуі мүмкін.

Қоғамның міндеттемесі (кредиторлық берешегі) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету шартымен заңды түрде ресімделуі тиіс.

Кредиторлық берешек әдетте қарызды төлеуге қажетті ақша қаражаттарының сомасымен немесе берілген активтер, көрсетілген қызметтер құнымен өлшенеді.

Кредиторлық берешекті топтастыру және есепке алу

Кредиторлық берешек бір есепті кезеңде (қалыпты операциялық цикл) (*қысқа мерзімді кредиторлық берешек*) немесе есепті күннен кейінгі бірнеше кезеңдерде өтелуі күтілетін және қалыпты операциялық циклде пайда болмайтын қарыздарды (*ұзақ мерзімді кредиторлық берешек*) қамтиды.

Жеткізушілерге және мердігерлерге берешек есебі

Жеткізушімен өзара қарым-қатынасты ресімдеу кезінде Жеткізу келісімшарты жеткізудің әрбір жағдайына жасалады.

Жеткізушілермен салыстыру жылына бір реттен кем емес мерзімділікпен жүргізіледі.

Басқа кредиторлық берешек есебі

Басқа кредиторлық берешекке студенттермен стипендия, жолақы өтемақысы, тамақтандыруға қосымша ақы және басқа да төлемдер бойынша есеп айырысулар жатады. Бұл қысқамерзімді берешек.

Басқа кредиторлық берешектің жіктелуі:

- жатақханада тұру – студенттер, теңге;
- ғылыми-зерттеу жұмыстары, теңге;
- консорциумдық келісімдер, теңге;
- стипендиялар;
- жатақханада тұру – қызметкерлер, теңге;
- трансферттер және республикалық бюджеттен субсидиялар;
- ақылы қызметтер;
- көрсетілген қызметтер үшін алынған аванстар;
- оқу үшін алынған аванстар;
- басқа алынған аванстар.

Студенттерге стипендия Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы» Қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын тағайындау туралы» Қаулысы мен Қазақстан

Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік атаулы стипендиялар тағайындау туралы» Қаулысы негізінде Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығы бойынша тағайындалады.

Қаржылық есептілікте ашу

Кредиторлық берешекке қатысты келесі ақпарат ашылады:

➢ Кредиторлық берешек сомасын келесі топтар бойынша ашу: негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек;

- алынған аванстар;
- есептелген шығыстар;
- басқа кредиторлық берешек;

➢ валюта шегінде негізгі қызмет түрлері бойынша кредиторлық берешекті талдау;

➢ өтеу мерзімі бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешекті талдау.

Қаржылық жағдай туралы есепте күмәнді және үмітсіз қарыздар бойынша түзілген резерв сомасы бөлек көрсетілмейді. Бұл сома резерв жасалған дебиторлық берешек туралы ақпаратты қамтитын қаржылық жағдайдың сәйкес баптарын азайту үшін пайдаланылады.

Өзара есепке алу кезінде (дебиторлық және кредиторлық берешек/қаржы құралдары) келесі ақпарат ашылады:

➢ Қаржы активтері (дебиторлық берешек) және қаржылық міндеттемелер (кредиторлық берешек) ретінде танылған жалпы сомалар;

➢ Өзара есепке алынған сомалар;

➢ Қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген таза сомалар;

➢ Өзара есепке алу туралы келісімнің немесе осыған ұқсас келісімнің нысанасы болып табылатын және әлі өзара есепке алынбаған сомалар.

Бұл ашып көрсету, егер басқа формат қолайлырақ болмаса, қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер үшін бөлек кестелік форматта ұсынылуы тиіс.

Сондай-ақ ескертпелерде өзара есепке алу туралы келісімге немесе ұқсас келісімдерге сәйкес өзара есепке алу құқығының сипаттамасы ашып көрсетілуі тиіс.

3100 «Салықтар бойынша міндеттемелер» бөлігі бойынша типтік операциялар шоттарының корреспонденциясы

Операция мазмұны	**Шоттар корреспонденциясы**	
	Дебет	**Кредит**
Төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстау	3310,3390	3110
Жеке табыс салығын есептеу	3350	3120
Әлеуметтік салықты есептеу	7210, 8110, 8410	3150
Жер салығын есептеу	7210	3160
Көлік салығын есептеу	7210	3170
Мүлік салығын есептеу	7210	3180
Басқа салықтарды есептеу	7210	3190

3200 «Басқа міндетті және ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер» бөлігі бойынша типтік операциялар шоттарының корреспонденциясы

Операция мазмұны	Шоттар корреспонденциясы	
	Дебет	Кредит
Әлеуметтік сақтандыру бойынша аударымдарды есептеу жүргізілді	7210,8110,8410	3210
Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын ұстау	3350	3220
Бюджетке басқа да міндетті төлемдер бойынша есептеулер мен аударымдар (алымдар, төлемдер, мемлекеттік баж)	7210	3230
Кедендік төлемдерді көрсету	1310,1330, 1350,2410	3230
Міндетті және ерікті төлемдерді аудару	3210 - 3240	1030

3300 «Қысқамерзімді кредиторлық берешек» бөлігі бойынша типтік операциялар шоттарының корреспонденциясы

Операция мазмұны	Шоттар корреспонденциясы	
	Дебет	Кредит
Жабдықтаушылардан алынған тауар-материалдық құндылықтардың, инвестициялардың, айналымнан тыс активтердің көрінісі: сатып алу құны бойынша	1310, 1330, 1350.2310, 2410,2510, 2520,2730	3310
бұрын төленген немесе қабылданған материалдық қорлар мен айналымнан тыс активтерді қоймаға қабылдау кезінде анықталған табиғи ысырап пен залалдың нормаларынан асатын жетіспеушілік сомасын, сондай-ақ бағалардың сәйкессіздігін, арифметикалық қателерді көрсету:		
а) егер оны жеткізуші мойындаса және оның өтелуіне сенім болса	3310	3390
б) егер оны жеткізуші мойындамаса және оның өтелуіне сенім болмаса	1270	3310
- бұл берешек есептік жыл ағымында өтелген жағдайда есепте бұрын жүргізілген жазба түзетіледі	7470 7470	3310, 3310
- сонымен қоса есепте жеткізуші төлеген сома көрсетіледі	1010, 1030	3310
- егер жеткізуші бұрын есептен шығарылған берешекті мойындаса және келесі еесептік	1010, 1030	6290

жылда өтесе		
қызметтер құнына	7210	3310

Есептеулерді түгендеу, тану.

Бухгалтерлік және салықтық есептілікті жасау кезінде сатып алушылар, жеткізушілер, есеп берушілер және басқа дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысуларды түгендеу жүргізіледі.

Есептеулерді түгендеу кезінде:

Дебиторлық берешек пен міндеттемелерді есепке алудың баланстық шоттары бойынша аналитикалық және синтетикалық есептің мәліметтері салыстырылады;

Қарыздың туындау күні, оның нақтылығы белгіленеді, талап қою мерзімін өткізіп алуға кінәлі тұлғалар анықталады, қарыз сомасы бойынша ведомость жасалады. (Талап қою мерзімі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 178-бабына сәйкес белгіленген – 3 жыл).

Қолданыстағы дебиторлық және кредиторлық берешектердің шынайылығын растау мақсатында жылына кемінде 2 рет сатып алушылар және жеткізушілермен салыстыру жұмыстары жүргізіледі, салыстыру нәтижелері актімен, ал келіспеушіліктер болған жағдайда келіспеушіліктер хаттамасымен ресімделеді.

Дебиторлық және кредиторлық берешек бойынша есеп айырысу құжаттары

Операция	Құжаттар	Ескертулер
Сатып алушылармен, жеткізушілермен және басқа да субъектілермен өзара есеп айырысуларды салыстыру	Хат, дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысуды салыстыру актісі	Ең алдымен борышкер ұйымдармен есеп айырысулар тексеріледі, өйткені кредиторлық ұйымдар қарыз сомасын нақтылауға бастама көтереді. Қарызды нақтылау үшін Қоғам шаруашылық объектілеріне хат жібереді. Акт 2 данада жасалады.
Студенттермен және қызметкерлермен өзара есеп айырысуды салыстыру	Студенттердің, қызметкерлердің, білім алушылардың және жұмыстан шығушылардың кету парағы	Оқу кезеңі үшін төлемақы салыстырылады, берешек немесе артық төлеу анықталады, салыстырудан кейін кету парағына қол қойылады

8. ЖАЛДАУ ЕСЕБІ

Қоғам *16 «Жалдау» (IFRS) ХҚЕС-ына* сәйкес жалдау есебін жүргізеді.

16 «Жалдау» (IFRS) ХҚЕС жалдау шарттарын тану, бағалау, ұсыну және ақпаратты ашу принциптерін белгілейді.

Стандарттың мақсаты жалға алушылар мен жалға берушілердің осы операцияларды шынайы көрсететін тиісті ақпаратты ашу тәртібін

қамтамасыз ету болып табылады. Бұл ақпарат жалға берудің ұйымның қаржылық жағдайына, қызмет нәтижелеріне және ақша ағындарына әсерін бағалау үшін қаржылық есептілікті пайдаланушылар пайдаланатын негіз болып табылады.

Жалдау – бұл өтемақыға айырбас ретіндегі белгілі бір мерзімге **активті (базалық активті) пайдалану құқығын** беретін шарт немесе шарттың компоненті (бөлігі).

Базалық актив – жалға беруші жалға алушыға пайдалану құқығын берген жалға алынған актив болып табылады.

Актив клиенттің территориясында да, жеткізушінің территориясында да орналасуы мүмкін.

Жалпы **келісімшарт** немесе оның жекелеген компоненттері **жалдау келісімшарты** болып табылады, егер:

- осы шарт бойынша **сәйкестендірілген актив** болса және
- шартта сәйкестендірілген активті пайдалануды **бақылау құқығы** қарастырылса.

Активтің пайдаланылуын бақылау құқығы мыналарды білдіреді:

- сәйкестендірілген активті пайдаланудан айтарлықтай барлық экономикалық пайда алу құқығы; және
- сәйкестендірілген активті пайдалану тәсілін анықтау құқығы.

Қоғамның **активті сәйкестендіру тәртібі** келесідей. Активті сәйкестендіру кезінде Қоғам активті келесі мәселелер бойынша сынайды:

1) сәйкестендірілетін активтің бар-жоғын;

2) тапсырыс берушінің сәйкестендірілген активті пайдаланудан айтарлықтай барлық экономикалық пайда алу құқығы бар ма; және

3) тапсырыс берушінің сәйкестендірілген активті пайдалануды басқару құқығы бар ма.

Егер Қоғам әрбір сұраққа «иә» деп жауап берсе, онда бұл жалдау шарты, ал тапсырыс беруші жалға алушы болып табылады. Басқа жағдайда бұл қызмет көрсету шарты болып табылады.

Сәйкестендірілетін актив - бұл жалдау шартының нысанасы болып табылатын актив, яғни жалға беруші жалға алушыға пайдалану үшін беретін актив. Бұл актив жалдау мерзімі ішінде басқа ұқсас активке айырбастала алмайды. Егер жалға беруші шарттың қолданылу мерзімі ішінде кез келген уақытта мүлікті өз қалауы бойынша ауыстыра алатын болса, онда мұндай келісім шарттың атауында «жалдау келісімшарты» деп жазылып тұрса да, бұл жалға беру болып табылмайды.

Активтің барлық экономикалық пайдасының болуы – бұл басқа бірде-бір компания бұл активті өз қажеттіліктері үшін пайдалана алмайтынын білдіреді.

Қоғам, егер келісімшартқа сәйкес активтің қалай және қандай мақсатта пайдаланылатынын шеше алатын болса, **активті пайдалану тәсілін** анықтауға құқығы бар.

Жалдау мерзімі

Қоғам жалдау мерзімін мерзімінен бұрын тоқтатуға жатпайтын жалдау кезеңі ретінде анықтайды:

(a) жалға алушының осы опционды жүзеге асыратынына сенімді болса, жалдау мерзімін ұзарту опционы қарастырылған кезеңдер; және

(b) жалдаушы опционды пайдаланбайтынына сенімді болса, жалдауды тоқтату опционы қарастырылған кезеңдер.

Жалға алушының жалдау мерзімін ұзарту опционын жүзеге асыратынына немесе жалға алушының жалға алуды тоқтату опционын пайдаланбайтынына жеткілікті сенімділік бар-жоғын бағалай отырып, Қоғам жалға алушыға 16 «Жалдау» ХҚЕС-ының В37-В40 тармақтарында сипатталғандай жалдау мерзімін ұзарту опционынорындау немесе жалдауды тоқтату опционын орындамау үшін экономикалық стимул туындауына әкелетін барлық орынды фактілер мен жағдайларды ескеруі керек.

Қоғам Жалға алушы болып табылатын жағдайдағы жалға алу есебі

Жаңа 16 (IFRS) «Жалдау» ХҚЕС-ына сәйкес жалдау шартын жасау кезінде Қоғам–Жалға алушы бұл жалдау қаржылық немесе операциялық жалдауға жататынын анықтауға тиіс емес. 16 (IFRS) ХҚЕС жалға алушының көзқарасы тұрғысынан кез келген жалдауды есепке алудың бірыңғай моделін енгізеді.

Осылайша, жалдау шартын жасау кезінде Жалға алушы (Қоғам) **активті пайдалану құқығын** және қаржылық жағдай туралы есепте **тиісті міндеттемені** жалдау шарты бойынша дисконтталған болашақ төлемдер сомасында тануы керек. Активті пайдалану құқығы жалдау шартын жасаумен тікелей байланысты кез келген шығындарды қамтуы мүмкін.

Мысал

Жалға алушы (Қоғам) активті жалға алуға 10 жылдық келісімшарт жасасады. Жалға алу төлемдері жылына 50 000 теңгені құрайды. Сондай-ақ жалға алушы 15 000 теңге көлеміндегі бастапқы тікелей шығындарды өзі өтейді. Жалға алушы осындай соманы осы валютада, дәл сондай мерзімге қарызға алуына болатын пайыз мөлшерлемесі 5.87% құрайды.

Осылайша, ең басында жалға алу келісімшартын жасау кезінде Жалға алушы (Қоғам):

- бірінші жылға жалдау төлемақысын жүзеге асырады – 50 000 теңге
- бастапқы тікелей шығындарды толық төлейді – 15 000 теңге
- сондай-ақ 50 000 теңгеден қалған тоғыз төлемді төлеу бойынша міндеттемені өзіне алады, олар 5.87% мөлшерлемесі бойынша дисконттаған кезде 342 017 теңгені құрайды.

16 (IFRS) ХҚЕС-ына сәйкес Жалға алушы (Қоғам) активтер мен міндеттемелерді келесі түрде көрсетеді.

Дт Актив – Активті пайдалану құқығы 407 017 (342 017 + 50 000 + 15 000)

Кт Жалдау бойынша міндеттеме 342 017

Кт Ақша қаражаттары (бірінші жыл үшін жалдау ақысы) 50 000

Кт Ақша қаражаттары (бастапқы тікелей шығындар) 15 000

Бұдан кейін активті пайдалану құқығы жалдау мерзімі ішінде амортизацияланады, сондай-ақ құнсыздануға тексеріледі, бұл ретте

амортизацияға жұмсалған шығындар мен құнсызданудан болған шығын кірістер мен шығыстар туралы есепте танылады.

Жалдау төлемі бойынша міндеттеме кейіннен кірістер мен шығыстар туралы есепте пайыздар түріндегі қаржылық шығыстарды есептеумен амортизацияланған құн бойынша есепке алынады.

Тәжірибелік сипаттағы жеңілдіктер

Жалға алушы мынадай баптарға қатысты активті пайдалану құқығын және тиісті міндеттемені тану талаптарын қолданбау туралы шешім қабылдауға құқылы:

(a) қысқа мерзімді жалдау (12 күнтізбелік айдан аз); және

(b) базалық активтің құны төмен болатын жалдау.

Актив қосалқы жалдауға берілмесе, Қоғам 16 (IFRS) ХҚЕС-тың 6-тармағын **базалық актив құны төмен** жалға алуды есепке алу үшін қолданады.

Қоғам үшін құны төмен базалық активті тану критерийі 800 000 теңге көлеміндегі сома болып табылады.

Қоғам базалық активтің құнын оның жалға алынған кездегі активтің жасына қарамастан, жаңа сияқты активтің құны негізінде бағалайды.

Базалық активтің құны төмен болуы мүмкін жағдайлар:

(a) жалға алушы жалғыз немесе жалға алушы оңай қол жеткізе алатын басқа ресурстармен бірге базалық активті пайдаланудан пайда ала алады; және

(b) базалық актив басқа активтерге аса тәуелді емес немесе тығыз байланысты емес.

Базалық активті жалдау құны, егер активтің сипаты актив жаңа болған кезде оның әдетте төмен құны болмайтындай болса, төмен активті жалдау ретінде жіктелмейді. Мысалы, автокөлікті жалға алу құны төмен активті жалға беру ретінде жарамсыз болады, себебі жаңа автокөліктің құны әдетте төмен болмайды.

Құндылығы төмен базалық активтердің мысалдарына **планшеттер мен дербес компьютерлер, шағын кеңсе жиһаздары және телефондар** жатады.

Егер Қоғам активті және тиісті міндеттемені пайдалану құқығын тану талаптарын қолданбау туралы шешім қабылдаса, онда ол мұндай жалдау бойынша шығындарды жалдау төлемдерін жалдау мерзімі ішінде сызықтық әдіспен немесе басқа жүйелі тәсілді пайдалану арқылы таниды.

Жалдау келісімшартының сервистік элементін жеке есепке алу

Көбіне жалдау келісімшарттарында екі элемент болады:

- жалдау және
- сервистік.

Мысалы, техникалық қызмет көрсету қызметтерімен бірге жабдықты жалға алу немесе күзет және тазалау қызметтері бар үй-жайларды жалға алу. Жаңа 16 (IFRS) ХҚЕС жалға алушылар мен жалға берушілерден шарттың сервистік элементін бөлуді және келісімшарт бойынша төлемдерді екі элементке де бөлуді талап етеді. Мұндай бөлу шарттың әрбір элементі үшін тәуелсіз бөлек бағалар негізінде жүзеге асырылуы керек.

Дегенмен, 16 (IFRS) ХҚЕС есепті жеңілдету мақсатында сервистік элементін бөлектеуге емес, **сервистік элементі шарттың елеусіз бөлігі болып табылатын** жағдайда бүкіл келісімді жалдау ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қоғам мұндай жағдайлар үшін **маңыздылық критерийін** анықтайды - 30%.

Егер жалдау шартының сервистік элементі 1-ден 29%-ға дейін болса, бұл элемент шарттың елеусіз бөлігін құрайды және бүкіл келісім жалдау келісімі ретінде есепке алынады.

Қоғам Жалға беруші болып табылатын жағдайларда жалдау есебі

Жалдау жіктемесі («Жалдау» ХҚЕС-ының В53 - В58 тармақтары)

Жалға беруші өзінің әрбір жалдау келісімшартын **операциялық жалдау** немесе **қаржылық жалдау** ретінде жіктейді.

Егер жалдау негізгі активті иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды беруді көздесе, ол **қаржылық жалдау ретінде жіктеледі.**

Егер жалдау негізгі активті иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды беруді көздемесе, ол **операциялық жалдау ретінде жіктеледі.**

Жалдаудың қаржылық жалдау немесе операциялық жалдау болып табылатыны келісімшарт нысанына емес, мәміленің мәніне көбірек байланысты. Төменде жеке немесе жиынтықта әдетте жалдаудың қаржылық жалдау ретінде жіктелуіне әкелетін жағдайлардың мысалдары келтірілген:

(a) жалдау келісімшарты жалдау мерзімінің соңында жалға алушыға базалық активке меншік құқығын беруді қарастырады;

(b) жалдаушыда базалық активті орындау күніндегі әділ құннан әлдеқайда төмен болатын баға бойынша сатып алу опционы болса, бұл опционды жалға алудың басында жүзеге асыруды негізді түрде күтуге болады;

(c) меншік құқығы берілмесе де, жалдау мерзімі базалық активтің экономикалық қызмет ету мерзімінің маңызды бөлігі болып табылады;

(d) жалдау басталу күнінде ең аз жалдау төлемдерінің дисконталған құны негізінен базалық активтің әділ құнына тең болса; және

(e) базалық актив тек жалға алушы оны елеулі өзгерістерсіз пайдалана алатындай мамандандырылған сипатта болса.

Жеке немесе жиынтықта жалға алудың қаржылық жалдау ретінде жіктелуіне әкелуі мүмкін көрсеткіштер:

(a) егер жалға алушының келісімді бұзумен байланысты шығындары жалдаушыға қатысты болатын жалдау шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығы болса;

(b) жалға алушыға есептелетін жойылу құнының әділ бағалануының ауытқуынан пайда немесе шығын (мысалы, жалдау мерзімінің соңындағы сатудан түскен түсімдердің басым бөлігіне тең жалдау ақысына жеңілдік түрінде); және

(c) жалға алушының жалдау ақысының нарықтық құннан айтарлықтай төмен деңгейінде тағы бір мерзімге жалға алу мерзімін жаңарту мүмкіндігі болса.

Келтірілген мысалдар мен белгілер әрқашан біржақты қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді. Егер басқа факторлар базалық активті иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен сыйақылардың берілмеуін анық көрсетсе, жалдау операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Мысалы, егер актив осы уақыттағы активтің әділ құнына тең тіркелмеген төлемге айырбас ретінде жалдау мерзімінің соңында меншікке берілсе немесе айнымалы жалдау төлемдері болса, мұның нәтижесінде осындай тәуекелдер мен сыйақылардың барлығы дерлік жалға алушыға берілмейді.

Жалға беруді жіктеу жалдау қатынастарының басталу күні жасалады және жалдау шарты өзгертілген жағдайда ғана қайта талданады. Бағалау мәндеріндегі өзгерістер (мысалы, базалық активтің экономикалық қызмет ету мерзімін немесе жойылу құнын есептік бағалаудағы өзгерістер) немесе жағдайлардағы өзгерістер (мысалы, жалға алушының өз міндеттемелерін орындамауы) есеп мақсатында жалдаудың жаңа жіктелуін қажет етпейді.

Қаржылық жалдау

Тану және бағалау

Жалға беру басталған күні жалға беруші өзінің қаржылық жағдайы туралы есепте қаржылық жалдау шарттары бойынша ұсталатын активтерді тануы және оларды жалдаудағы таза инвестицияға тең дебиторлық берешек ретінде көрсетуі тиіс.

Бастапқы бағалау

Қоғам жалдаудағы таза инвестицияны бағалау үшін жалдау шартында жасырын пайыздық мөлшерлемені пайдаланады. Қосымша жалдау жағдайында, егер қосалқы жалдау келісімшартындағы жасырын пайыздық мөлшерлемені оңай анықтау мүмкін болмаса, аралық жалға беруші негізгі жалдау келісімшарты үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемесін (қосалқы жалдау бойынша бастапқы тікелей шығындарды ескере отырып, түзетілген) таза инвестицияны бағалау үшін пайдалана алады.

Өндіруші немесе дилер болып табылатын жалға берушілердің шығындарынан ерекшеленетін бастапқы тікелей шығындар жалдауға таза инвестицияны бастапқы бағалауға қосылады және жалдау мерзімі ішінде танылған кіріс сомасын азайтады. Жалдау шартына енгізілген пайыздық мөлшерлеме бастапқы тікелей шығындар автоматты түрде жалдаудағы таза инвестицияға қосылатындай етіп анықталады; оларды бөлек қосудың қажеті жоқ.

Кейінгі бағалау

Жалға беруші жалға берушінің таза инвестициясы бойынша тұрақты мерзімдік кірістілік нормасын көрсететін кесте негізінде жалдау мерзімі ішінде қаржылық кірісін жалдауда тануы тиіс.

Жалға беруші қаржылық кірісті бүкіл жалдау мерзіміне жүйелі және ұтымды тәсілді пайдалана отырып, бөлуге ұмтылады. Жалға беруші кезеңдегі жалдау төлемдерін негізгі борыш пен алынбаған қаржылық кірісті азайта отырып, жалдауға жалпы инвестицияның төмендеуімен байланыстыруы керек.

Жалға беруші жалдаудағы таза инвестицияға 9 (IFRS) ХҚЕС-та қарастырылған тануды тоқтату және құнсыздану талаптарын қолдануы керек.

Жалға беруші жалдауға жалпы инвестицияны есептеу кезінде пайдаланылатын кепілдендірілмеген жойылу құнын есептік бағалауды үнемі тексеріп отыруы керек. Кепілдендірілмеген есептік жойылу құнының төмендеуі орын алған жағдайда, жалға беруші жалдау мерзіміне кірісті бөлуді қайта қарауы және бұрын есептелген сомалардың азаюын дереу тануы керек.

Егер Қоғам қаржылық жалдау пәні болып табылатын активті 5 «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет» (IFRS) ХҚЕС-ына сәйкес сатуға арналған ретінде жіктесе (немесе оны сатуға арналған ретінде жіктелген шығару тобына қосса), онда мұндай актив көрсетілген стандартқа сәйкес есепке алынады.

Жалдау келісімшартын өзгерту

Төмендегі екі шарт сақталған жағдайда Қоғам қаржылық жалдау келісімшартындағы өзгерістерді жеке жалдау келісімшарты ретінде есепке алады:

(a) өзгерту бір немесе бірнеше базалық активтерді пайдалану құқығын қосу арқылы жалдау келісімшартының қолданылу саласын ұлғайтады; және

(b) жалдау төлемі қолданылу саласын ұлғайту үшін жеке сату бағасына сәйкес сомаға және нақты шарттың жағдайларын көрсету үшін осы оқшау сату бағасына тиісті түзетулер арқылы ұлғайтылады.

Жеке жалдау келісімшарты ретінде есепке алынбайтын қаржылық жалдау шартына өзгертулер енгізілген жағдайда, Қоғам өзгертулерді келесідей есепке алады:

(a) егер жалдау өзгертулер жалдау қатынастары басталған күні күшіне енген кездегі операциялық жалдау ретінде жіктелсе, жалға беруші:

(i) жалдау шартына енгізілген өзгертулерді жалға алудың күшіне енген күнінен бастап жаңа жалдау ретінде қарастырады; және (ii) базалық активтің баланстық құнын жалдау келісімшартын өзгерту күшіне енгенге дейін тікелей жалдауға таза инвестиция сомасында бағалайды.

(b) басқа жағдайда жалға беруші ХҚЕС (IFRS) талаптарын қолдануы керек.

Операциялық жалдау

Қоғам операциялық жалдау бойынша жалдау төлемдерін біркелкі әдіспен немесе басқа жүйелі әдіс бойынша кіріс ретінде таниды.

Қоғам шығындарды, соның ішінде жалдау бойынша кірісті алуға байланысты амортизациялық шығындарды шығыс ретінде таниды.

Қоғам операциялық жалдау келісімшартын келісу кезінде туындаған бастапқы тікелей шығындарды базалық активтің баланстық құнына қосады және мұндай шығындарды жалдау бойынша кіріске қолданылатын принциптерді пайдалана отырып, жалдау мерзімі ішіндегі шығыс ретінде таниды.

Операциялық жалдау пәні болып табылатын амортизацияланатын базалық активтерге қатысты қолданылатын амортизация бойынша есеп саясаты 16 (IAS) ХҚЕС пен 38 (IAS) ХҚЕС-ына сәйкес ұқсас активтерге қатысты Қоғам қабылдаған амортизациялау саясатына сәйкес келеді.

Қоғам жалдау нысанасы болып табылатын базалық активтің құнсыздануын анықтау және құнсыздануда анықталған шығынды есепке алу үшін 36 (IAS) ХҚЕС-ын қолданады.

Ақпаратты ашу

Қоғам *қаржылық жалдауға* таза инвестицияның баланстық құнындағы елеулі өзгерістерді түсіндіретін сапалық және сандық ақпаратты ұсынады.

Қоғам кем дегенде бірінші бес жыл үшін жыл сайынғы дисконтталмаған жалдау төлемдерін және қалған жылдардағы жалпы сомаларды көрсететін өтеу мерзімі бойынша жалдау төлемдері бойынша дебиторлық берешекті талдау туралы ақпаратты ашады. Жалға беруші дисконтталмаған жалдау төлемдерін жалдаудағы таза инвестициямен салыстыруы керек. Салыстыруда жалдау төлемдері бойынша дебиторлық берешекке жататын алынбаған қаржылық кіріс және дисконтталған кепілдік берілмеген жойылу құны ерекшеленіп көрсетілуі керек.

Операциялық жалдау нысанасы болып табылатын негізгі құралдар объектілеріне қатысты Қоғам 16 (IAS) ХҚЕС-тың ақпаратты ашу талаптарын қолданады, атап айтқанда негізгі құралдардың әрбір түрін операциялық жалдауға жататын активтерге және операциялық жалдауға жатпайтын активтерге бөледі.

Қоғам операциялық жалдау нысанасы болып табылатын активтер үшін 36 (IAS) ХҚЕС, 38 (IAS) ХҚЕС және 40 (IAS) ХҚЕС-ындағы ақпаратты ашу талаптарын қолданады.

Қоғам кем дегенде алғашқы бес жылдың әрқайсысы үшін жыл сайынғы негізде дисконтталмаған жалдау төлемдерін және қалған жылдардағы жалпы сомаларды көрсететін өтеу мерзімі бойынша жалдау төлемдерін талдау туралы ақпаратты ашады.

9. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЕСЕБІ

Жалпы ережелер

Қаржы құралдарын есепке алу және бағалау кезінде Қоғам келесі халықаралық стандарттарды басшылыққа алады:

- *32 «Қаржы құралдары: ақпарат беру» ХҚЕС (IAS);*
- *7 «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу» ХҚЕС (IFRS);*
- *9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS).*

Қаржы құралы – нәтижесінде бір уақытта бір ұйымда қаржылық активтің және басқа ұйымда қаржылық міндеттеменің немесе үлестік құралдың пайда болуына алып келетін кез келген келісімшарт.

Қаржылық актив – бұл:

- ақша қаражаттары;
- басқа ұйымның үлестік құралы;
- шарттық құқық:
- басқа ұйымнан ақша қаражатын немесе басқа қаржылық активті алуға, немесе
- қаржылық активтерді немесе қаржылық міндеттемелерді басқа ұйыммен осы ұйым үшін ықтимал қолайлы шарттармен айырбастауға;

- ұйымның меншікті үлестік құралдарымен реттелетін немесе жасалуы мүмкін және бір мезгілде:

Ұйымның меншікті үлестік құралдарының айнымалы санын ұсынуы талап етілетін немесе талап етілуі мүмкін туынды емес құрал; немесе

- ақша қаражатының тіркелген сомасына немесе басқа қаржылық активтің меншікті үлестік құралдарының белгіленген санына айырбастаудан басқа тәсілмен есептелетін немесе есептелуі мүмкін туынды құрал.

Қаржылық міндеттеме – бұл келесілер болып табылатын кез келген міндеттеме:

- келісімшарт бойынша міндеттеме:
- басқа ұйымға ақша қаражаттарын немесе басқа қаржылық активтерді ұсыну; немесе
- басқа ұйыммен қаржылық активтерді немесе қаржылық міндеттерді бсақ ұйым үшін ықтималды тиімсіз шарттармен айырбас жүргізу; немесе
- есеп айырысу ұйымның меншікті үлестік құралдарымен жүргізілетін немесе жүргізілуі мүмкін келісімшарт және ол:
- ұйым меншікті үлестік құралдарының айнымалы санын жеткізетін немесе жеткізуі талап етілетін туынды емес құрал; немесе
- ұйымның меншікті үлестік құралдарының белгіленген санын ақша қаражатының тіркелген сомасына немесе басқа қаржы активіне айырбастаудан басқа тәсілмен есептелетін немесе есептелуі мүмкін туынды құрал.

Инвестициялар - мүліктің барлық түрлері (жеке тұтынуға арналған тауарларды қоспағанда), оның ішінде лизинг шарты жасалған кезден бастап қаржылық лизинг объектілері, сондай-ақ инвестор заңды тұлғаның акционерлік капиталына немесе кәсіпкерлік қызметте қолданылатын тиянақталған активтерді арттыру үшін салған құқықтар, сондай-ақ концессионердің (құқықтық мұрагердің) концессия шарты аясындағы өндірілген және алынған тиянақталған активтер.

Үлестік құрал – бұл барлық міндеттемелерін шегергеннен кейін қалған ұйым активтеріндегі қалдық үлеске құқықты растайтын кез келген келісімшарт.

Барлық қаржылық активтер мен міндеттемелер (құралдар) төмендегідей бөлінеді:

Қаржылық активтер	Қаржылық міндеттемелер	Үлестік құралдар
Бастапқы қаржылық құралдар		
•Ақша қаражаттары (қолма-қол, банктердегі корреспонденттік шоттардағы) •банктердегі депозиттер •Клиенттерге	•сауда кредиторлық берешегі •Шығарылған борыштық міндеттемелер (векселдер, облигациялар) •алынған қарыздар	•меншікті жай акциялар

несиелер (қарыздар) •Бағалы қағаздар •Үлеске инвестициялар •Дебиторлық берешек		
Туынды қаржы құралдары		
(мысалы, фьючерс, форвард келісімдері, опциондар, пайыздық және валюталық айырбастар)		(мысалы, қарсы тарапқа ұйым акцияларының тиянақталған санына ақша қаражаттарының белгілі сомасына жазылу құқығын беретін варрант)

Қаржы құралдары болып табылмайды:

- қаржылық емес активтермен байланысты келісімдік құқықтар мен міндеттер (мысалы, негізгі құралдармен, күрделі құрылыспен, тауар-материалдық қорлармен, материалдық емес активтермен);
- тауарлар мен қызметтер үшін аванстар және алдын-ала төлемдер;
- операциялық жалдау;
- салықтар бойынша аванстық төлемдер.

Жіктеу және топтастыру

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер төмендегідей жіктеледі:

Жіктеу	Қаржылық активтер	Қаржылық міндеттемелер
Категориялар бойынша:	1. Амортизациялық құны бойынша есепке алынатын 2. Пайда мен шығындар туралы есеп арқылы әділ құн (ПШЕӘҚ) бойынша есепке алынатын 3. Басқа жиынтық кіріс (БЖК) арқылы әділ құн (БЖКӘҚ) бойынша есепке алынатын	1. Амортизациялық құны бойынша есепке алынатын 2. Әділ құны (ӘҚ) бойынша есепке алынатын
Түрлері бойынша:	1. Бағалы қағаздар (акциялар, облигациялар, векселдер) 2. Жарғылық капиталдағы үлестер 3. Берілген қарыздар 4. Депозиттер (3 айдан астам) 5. Басқалары	1. Шығарылған борышкерлік міндеттемелер (векселдер, облигациялар, депозиттік және жинақтаушы сертификаттар) 2. басқа банктерден тартылған қаражаттар 3. Басқалары
Мерзімі бойынша:	Қысқамерзімді (1 жылға дейінгі) Ұзақмерзімді (1 жылдан артық)	
Валютасы бойынша:	Ұлттық (теңге) шетелдік	

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді бастапқы тану және бағалау

Қаржылық актив немесе қаржылық міндеттеме Қоғамның бухгалтерлік балансында ол осы қаржы құралына қатысты келісімшарттың тарапы болған кезде ғана танылады.

Қоғам қаржылық активті бухгалтерлік есеп шоттарында есеп айырысу күні (актив жеткізілген күні), яғни активке меншік құқығы нақты берілген күні таниды.

Қаржылық актив бойынша пайыздар да активке меншік құқығы ауысқаннан кейін (есеп айырысу күнінен ерте емес) есептеле бастайды.

Қоғам мәміле жасалған күн мен есеп айырысу күні арасындағы кезеңде сатып алынған қаржы активінің әділ құнының кез келген өзгерісін ескереді.

Бастапқы танудан кейін (кейінгі тану) қаржы құралдары есепте төмендегідей көрсетіледі:

- амортизацияланған құн бойынша;
- әділ құн бойынша.

Қаржылық активтерді кейінгі бағалау

Қоғам қаржылық активтерді есепке алу үшін үш категорияны қарастырады:

1. Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын
2. ПШЕ арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын (ПШЕӘҚ)
3. БЖК арқылы әділ құн бойынша есепке алынатын (БЖКӘҚ)

Қаржылық активті Қоғам екі шарт бір уақытта орындалса **амортизацияланған құны** бойынша бағалайды:

(a) Бизнес-модель (мақсат) келісімшартта қарастырылған ақша ағындарын алу үшін қаржылық активтерді ұстау болып табылады;

(b) Келісімшарт бойынша ақша қаражатының қозғалысы тек негізгі сома мен өтелмеген негізгі қарыз сомасы бойынша пайыздарды төлеу болып табылады.

Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активтері бойынша пайдалар мен шығындарды Қоғам пайда мен залал туралы есепте көрсетеді:

- қаржылық активті тануды тоқтату кезінде;
- қаржылық актив құнсызданған кезде;
- қаржылық активті өзгерту кезінде;
- амортизацияланған құны бойынша қаржылық активті есепке алу процесінде (пайыздық кірісті есептеу).

Қаржылық активті Қоғам келесі екі шарт бір уақытта орындалған жағдайда **басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша** бағалайды:

(а) Бизнес-модель (мақсат) келісімшартта көзделген ақша ағындарын алуды да, қаржылық активті сатудан ақша ағындарын алуды да қарастырады;

(б) Келісімшарттар көзделген ақша қаражаттарының ағыны басқа жиынтық кіріс құрамында тнылады (құнсыздануан және пайда мен шығындары туралы есепте танылатын оң және теріс бағам айырмашылықтарынан туындаған пайда мен шығындардан басқасы).

Осы категория шеңберінде активті әділ құнға дейін қайта бағалау нәтижесі басқа жиынтық кірісте (құнсыздануан және пайда мен шығындары

туралы есепте танылатын оң және теріс бағам айырмашылықтарынан туындаған пайда мен шығындардан басқасы) танылады.

Қаржылық активтерді тануды тоқтатқан кезде бұрын басқа жиынтық кіріс құрамында танылған қосынды жинақталған кірістер немесе залалдар пайдалар мен шығындар туралы есепте қайта жіктеледі.

Қаржылық активтер пайда мен шығындар туралы есеп арқылы әділ құн бойынша

Әділ құны бойынша есепке алынатын қаржылық активтер бойынша пайдалар мен шығындар пайдалар және шығындар туралы есепте көрсетіледі (осы қаржылық актив үлестікк инвестиция болып табылатын және Қоғам бұл инвестицияның әділ құнының өзгеруін басқа жиынтық кіріс құрамында көрсету туралы шешім қабылдаған жағдайлардан басқа).

Қаржылық міндеттемелерді кейінгі бағалау

Бастапқыда тангылу кезінде барлық міндеттемелер әділ құны бойынша бағаланады. Сосын Қоғам барлық қаржылық міндеттемелерді төмендегідей жіктейді:

- тиімді пайыз мөлшерлемесі әдісін қолдану арқылы әділ құн бойынша бағаланатын;

- әділ құны бойынша.

Амортизацияланған құн бойынша қаржылық міндеттемелер:

- амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі;

- амортизацияланған құн бойынша қаржылық міндеттемені есепке алу барысындағы құнның өзгеруі (пайыздық шығынды есептеу) тиімді пайыз мөлшерлемесі әдісін қолдану арқылы пайда және шығындар туралы есепте көрсетіледі.

Әділ құн бойынша қаржылық міндеттемелер

Қоғам пайда және шығындар туралы есеп арқылы әділ құн бойынша бағалайтын қаржылық міндеттемелер:

- әділ құн бойынша есепке алынады;

- әділ құнның өзгеруі пайда және шығындар туралы есепте көрсетіледі.

Қоғам әділ құнның өзгеруінен туындаған пайданы немесе шығынды келесі түрде ұсынады:

· қаржылық міндеттеменің әділ құнының меншікті несиелік тәуекелдің өзгеруінен туындаған өзгерісінің мәні – басқа жиынтық кіріс (БЖК) құрамында, және

· міндеттеменің әділ құны өзгерісінің қалдық мәні – пайда немесе шығындар құрамында (ПШЕ),

· міндеттеме бойынша несиелік тәуекелдің өзгеру әсері пайдадағы немесе шығындағы есептік сәйкессіздіктің туындауына немесе ұлғаюына алып келетін жағдайлардан басқа жағдайда (ПШЕӘҚ бойынша есепке алу мүмкіндігі пайдаланылады).

9 ХҚЕС-ына сәйкес Қоғам қаржылық міндеттемелерді қайта жіктемеуі керек.

Қаржы құралдарын құнсыздандыру

Қоғам қаржы құралдарының келесі категориялары үшін күтілетін несиелік шығындар сомасына бағалау резервін құрады:

- амортизацияланған бойынша бағаланатын қаржылық активтер;
- басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер;
- жалдау бойынша дебиторлық берешек;
- сатып алушылармен келісімшарт бойынша активтер мен дебиторлық берешек (15 «Сатып алушылармен келісімшарттар бойынша түсім» ХҚЕС (IFRS));
- несиелік міндеттемелер (несие беру бойынша міндеттемелер);
- қаржылық кепілдік келісімшарттары.

Құнсыздандыру моделі (күтілетін несиелік шығындар моделі)

Бастапқы тану сәтінен несиелік тәуекелдің ұлғаюы

	1 кезең	2 кезең	3 кезең
Бағалау резервінің сомасы	12 айда күтілетін несиелік шығындар	Қаржылық активтің барлық қызмет ету мерзімі үшін күтілетін несиелік шығындар	Қаржылық активтің барлық қызмет ету мерзімі үшін күтілетін несиелік шығындар
Пайыздық кірісті есептеу	Жалпы баланстық құнға тиімді пайыз мөлшерлемесі	Жалпы баланстық құнға тиімді пайыз мөлшерлемесі	Амортизацияланған құнға тиімді пайыз мөлшерлемесі (резервті шегергендегі жалпы баланстық құн)
Бағалау резервін құру және құнсыздануданболған шығынды тану	Қаржы құралы пайда болған немесе сатып алынған сәтте 12 айлық күтілетін несиелік шығын сомасына бағалау резерві құрылады, тиісті шығын пайда және шығындар туралы есепте көрсетіледі.	Несиелік тәуекелдің айтарлықтай өсуі және қаржылық активтің несиелік сапасы оны несиелік тәуекелі төмен қаржылық актив деп тануға болмайтындай төмендеу оорын алғанда актив бүкіл қызмет ету мерзімінде күтілетін несиелік шығындар сомасына бағалау резерві құрылады.	Қаржылық активтің несиелік тәуекелі қаржылық актив несиелік-құнсызданған қаржылық активтер категориясына енетіндей ұлғайған жағдайда (яғни дефолт болғанда).
	Пайыздық кіріс қаржылық активтің жалпы баланстық құны негізінде		Пайыздық кіріс амортизацияланған

	есептеледі (күтілетін несиелік шығындар сомасына бағалау резервін есепке алмай).	күн негізінде есептеледі (бағалау резервін шегергендегі жалпы баланстық құн).

Әрбір есеп беру күніне әрбір қаржы құралы үшін Қоғам, егер оның несиелік тәуекелі бастапқы танылған сәттен бастап айтарлықтай артқан болса, қаржылық құралдың бүкіл қызмет ету мерзімі ішінде күтілетін несиелік шығынға тең сомада болжамды күтілетін несиелік шығын резервін таниды.

Егер алдыңғы есептік кезеңде Қоғам күтілетін несиелік шығындарға болжалды резервті қаржы құралының бүкіл қызмет ету мерзімі ішінде күтілетін кредиттік залалдарға тең сомада таныса, бірақ ағымдағы есепті кезеңде «Несиелік тәуекелдің айтарлықтай өсуі Ағымдағы есепті күнге компания 12 айлық күтілетін несиелік залалдар сомасындағы болжамды резервті таниды.

Егер алдыңғы есептік кезеңде Қоғам күтілетін несиелік шығындарға бағалау резервін қаржы құралының бүкіл қызмет ету мерзімі ішінде күтілетін несиелік шығындарына тең сомада таныса, алайда ағымдағы есептік кезеңде «бастапқы танудан кейін несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы» туралы шарт орындалмаса, ағымдағы есептік күні Қоғам 12 айлық күтілетін несиелік шығындар көлеміндегі бағалау резервін танитын болады.

Қоғам құнсыздануда болған шығынды (немесе құнсыздануда болған шығынды қөалпына келтіруді) пайда және шығындар туралы есепте көрсетеді.

Күтілетін несиелік шығындарды бағалау

Қоғамның қаржы құралы бойынша күтілетін несиелік шығындарды бағалау мыналарды көрсетуі тиіс:

а. ықтимал нәтижелерді бағалау жолымен анықталған, әділ және ықтималдылықты ескере отырып өлшенген мәнді (бағалау несиелік шығынның туындау мүмкіндігі сияқты, соның болмауы мүмкіндігін де көрсетуі керек);

б. ақшаның уақытша құнын (Қоғамның күтілетін несиелік шығындары есептік күнге келтірілген құнды дисконттайды – бағалайды);

в. Шамадан тыс шығындар мен күш салмай есеп беру күнінде алуға болатын жүйелі және негізделген ақпаратты, соның ішінде өткен оқиғалар, ағымдағы жағдайлар мен болашақ экономикалық оқиғалар туралы ақпаратты.

Күтілетін несиелік шығындар – бұл қаржы құралының бүкіл қызмет ету мерзімі ішінде несиелік шығындарды (алынбаған ақша қаражаттарының дисконтталған құны) ықтималдылық есебімен өлшенген бағалау.

Кем алынған ақша қаражаттары – бұл келісімшартқа және ақша ағындарына сәйкес Қоғам төлеуі тиіс, Қоғам шынында алуды күтетін ақша ағындары арасындағы айырмашылық. Несиелік шығындарды бағалау кезінде төлемдердің мәні мен мерзімдері ескерілетіндіктен, несиелік шығындар

Қоғам төлемді келісімшартқа қарағанда біраз кештеу мерзімдерде, бірақ толық көлемде күткен кезде де туындайды.

Күтілетін несиелік шығындарды бағалау кезінде ескерілетін ең ұзақ кезең Қоғамның несиелік тәуекелге ұшырайтын ең ұзақ кезеңі болып табылады және одан ұзақ болмайды.

Несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы

Әрбір есепті күнде Қоғам қаржы құралын бастапқы танығаннан кейін қаржы құралы бойынша несиелік тәуекелдің елеулі ұлғаюы бар-жоғын бағалайды.

Бұл үшін Қоғам есепті күнгі қаржылық құрал бойынша міндеттемелердің орындалмау тәуекелін (дефолт тәуекелін) бастапқы тану күніндегі бағалауда қаржы құралы бойынша міндеттемелердің орындалмау тәуекелімен салыстырады.

Қоғам егер қаржылық активтің мерзімі 90 күннен астам кешіктірілсе, дефолт орын алды деген болжамды анықтайды.

Болжам

Қоғам келісім бойынша төлемдерді төлеу мерзімі 30 күннен астам кешіктірілген жағдайда қаржылық актив бойынша несиелік тәуекел елеулі түрде ұлғаяды деген болжамды анықтайды.

Қоғам қолданатын несиелік тәуекелдің елеулі ұлғаю индикаторлары:

- қызметтің күтілетін нәтижелері мен қарыз алушының мінез-құлқындағы елеулі өзгерістер;
- қарыз алушының ішкі несиелік рейтингісінің іс жүзінде немесе күтілетін төмендеуі;
- қарыз алушының өз борыштық міндеттемелерін өтеу қабілетінің елеулі өзгеруіне алып келетін бизнестегі, қаржылық немесе экономикалық жағдайлардағы бар немесе болжанатын теріс өзгерістер, мысалы, пайыздық мөлшерлеменің нақты немесе күтілетін өсуі немесе жұмыссыздық деңгейінің айтарлықтай нақты немесе күтілетін ұлғаюы;
- қарыз алушының операциялық нәтижелерінің нақты немесе күтілетін елеулі өзгерісі (табыс немесе пайда нормасының төмендеуі, операциялық тәуекелдің артуы, айналым капиталының дефициті, актив сапасының төмендеуі, қарызға алынған және меншікті капиталдың арақатынасының қарыз капиталының ұлғаюына қарай өзгеруі, өтімділік проблемалары және т.б.);
- сол қарыз алушының басқа қаржы құралдары бойынша несиелік тәуекелдің елеулі ұлғаюы;
- қарыз алушының өз борыштық міндеттемелерін орындау қабілетінің елеулі өзгеруіне әкеп соғатын, қарыз алушының нормативтік-құқықтық, экономикалық немесе технологиялық ортасындағы нақты немесе күтілетін елеулі теріс өзгеріс;
- бас компанияның немесе басқа үлестес компанияның қаржылық қолдауын азайту сияқты елеулі өзгерістер және т.б.

Несиелік тәуекелі төмен қаржы құралдары

Егер қаржы құралы есепті күні төмен несиелік тәуекелге ие деп бағаланса, Қоғам бастапқы танудан кейін қаржы құралы бойынша несиелік тәуекелдің айтарлықтай өсуі болмаған деп болжайды.

Несиелік тәуекелі төмен құралдың мысалы инвестициялық деңгейдегі рейтингі бар құрал болуы мүмкін.

Қаржы құралдарының танылуын тоқтату

Қаржылық активтердің танылуын тоқтату

Қоғам мына жағдайларда активті немесе оның бөліктерін тануды тоқтатады:

- қаржылық активтерге шарттық құқық мерзімі өтіп кетсе;
- Қоғам қаржылық активтен ақша қаражаттарының ағынын алуға шарттық құқықтарды тапсырса;
- Қоғам қаржылық активтен ақша ағындарын алуға шарттық құқықты өзінде сақтайды, бірақ осы ақша қаражаттарын бір немесе бірнеше алушыларға төлеу бойынша шарттық міндеттемені қабылдайды.

Қаржылық активті беру кезінде Қоғам активті иеленумен байланысты тәуекелдер мен пайдалардың берілгенін анықтайды.

Активке иелік етумен байланысты тәуекелдер мен пайдаларды беру орын алса, Қоғам қаржылық активті тануды тоқтатады.

Егер Қоғам қаржылық активті иеленумен байланысты барлық-дерлік тәуекелдер мен пайдаларды сақтап қалса, онда ол қаржылық активті тануды жалғастырады.

Егер Қоғам қаржылық активті иеленумен байланысты барлық-дерлік тәуекелдер мен пайдаларды сақтамаса немесе бермесе, онда Қоғам қаржылық активке бақылауды сақтап қалуын анықтайды.

Егер Қоғам бақылауды сақтап қалмаса, қаржылық активті тану тоқтатылады.

Егер Қоғам бақылауды сақтап қалса, активті оның осы қаржылық активке қатысуын жалғастыру дәрежесінде тануды жалғастырады.

Егер актив берілген тұлғаның өткізілген активті сатуға практикалық мүмкіндігі болса, Қоғам берілген активке бақылауды сақтамайды.

Тануды тоқтатқан кезде қаржылық активтің баланстық құны (тануды тоқтату күні анықталған) және алынған сыйақы (барлық жаңа қабылданған міндеттерді шегеріп, барлық жаңа алынған активтерді қоса алғанда) арасындағы айырмашылықты Қоғам пайда мен шығындар туралы есепке қосады.

Қаржылық міндеттемелердің танылуын тоқтату

Қоғам қаржылық міндеттемені (немесе қаржылық міндеттеменің бір бөлігін) ол өтелген кездегі қаржылық жағдай туралы есептен алып тастайды, яғни шарттық міндеттеме:

- орындалса
- күші жойылса немесе
- мерзімі өтіп кетсе.

Қаржылық міндеттемені тануды тоқтату шарты, егер міндеттемені өтеу кредиторға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылса немесе несие беруші борышқорды міндеттемені орындаудан босатқан болса, не осы міндеттемеге

қатысты заңның әрекет етуінің өзгеруі нәтижесінде орындалған болып есептеледі.

Қарыз алушы мен несие беруші арасындағы шарты айтарлықтай ерекшеленетін борыштық құралдарды айырбастау бастапқы қаржылық міндеттемені өтеу және жаңа қаржылық міндеттемені тану ретінде есепке алынады. Қолданыстағы қаржылық міндеттеменің шарттарындағы өзгерістер бастапқы қаржылық міндеттемені өтеу және жаңа қаржылық міндеттемені тану ретінде де есепке алынады.

Өтелген немесе басқа тарапқа берілген қаржылық міндеттеменің (немесе қаржылық міндеттеменің бөлігінің) теңгерімдік құны мен төленген ыңғайласпа өтемақы, оның ішінде кез келген берілген ақшалай емес активтер немесе қабылданған міндеттемелер арасындағы айырмашылық пайда немесе шығынға жатады.

Есептілікте ашу

Қоғам пайдаланушылардың бағалауына мүмкіндік беретін келесі ақпаратты ашады:

(1) қаржы құралдарының Қоғамның қаржылық жағдайы мен қызметіне ықпалы;

- категориялар бойынша қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің баланстық құны;
- қаржы активтер мен қаржылық міндеттемелердің әр категориясы үшін әділ құн (нарықтық бағалар, бағалау кезінде қолданылатын әдістер мен болжамдар);
- қаржылық активтерді бір категориядан екіншісіне қайта жіктеу құны: сипаттау және негіздеу («өзіндік құны» немесе «амортизацияланған құны» және «әділ құны» бойынша көрсетілетін категориялар арасындағы қайта жіктеу жағдайында);
- тануды тоқтату:
- активтердің сипаты;
- қаржылық активті иелену тәуекелдері мен пайдалары;
- активтер мен тиісті міндеттемелердің баланстық құны;
- ұйымның активке қатысуы жалғасқан жағдайда: базалық активтердің жалпы баланстық құны; бұрынғыдай есепте көрсетілетін сома; тиісті міндеттемелердің баланстық құны
- қамсыздандыру ретінде ұсынылған қаржылық активтердің баланстық құны, және кепіл шарттары;
- несиелер бойынша шығындарға резервтер – өзгертулер (әр класс үшін);
- күрделі қаржы құралдары (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығымен конверсияланатын борышкерлік міндеттемелер);
- дефолттар және несиені өтеу шарттарының бұзылуы (реттеу әдістері және сипаттамасы);

(2) есепті кезеңде және есепті күні компания ұшыраған қаржы құралдарымен байланысты тәуекелдердің сипаты мен дәрежесі, осы тәуекелдерді басқару тәсілдері (нарықтық тәуекел: валюталық, пайыздық тәуекелдер; несиелік тәуекел; жойылу тәуекелі);

- қаржы құралдарымен байланысты тәуекелдің әр түрі үшін:
- тәуекелдерге ұшырағыштық және олардың туындауы;
- мақсаттар, саясат және процедуралар, соның ішінде бағалау әдістері;
- өткен есептік кезеңмен салыстырғандағы өзгерістер

(3) Қоғам саясаты мен капиталды басқару саласындағы процедуралар:

- капиталда танылған пайда немесе шығындар сомасы, сондай-ақ капиталдан есептік кезеңдегі пайда мен шығындар туралы есепке ауыстырылған сомалар.

Қаржылық инвестицияларға қатысты пайдалар мен шығындар туралы есепте ашылатын ақпарат:

- жіктеу категориялары бойынша таза пайда және таза шығын;
- сату үшін қолда бар қаржылық активтер: капиталдан есептік кезеңдегі пайда мен шығындар туралы есепке ауыстырылған сомалар;
- пайдалар мен шығындар есебі арқылы әділ құны бойынша көрсетілмейтін активтерге қатысты жалпы пайыздық кіріс және жалпы пайыздық шығын;
- құнсызданған қаржылық активтер бойынша пайыздық кіріс;
- қаржылық активтердің әрбір маңызды класы үшін құнсызданудан болған шығындар.

10. МЕМЛЕКЕТТІК СУБСИДИЯЛАР ЕСЕБІ (20 «Мемлекеттік субсидиялар есебі және мемлекеттік көмек туралы ақпаратты ашу» (IAS) ХҚЕС-ына сәйкес)

Мемлекеттік субсидиялар – бұл оның операциялық қызметіне қатысты белгілі бір шарттарды бұрынғы немесе болашақта орындауға айырбас ретінде Қоғамға ресурстарды аудару түріндегі мемлекеттік көмек. Мемлекеттік субсидияларға негізді бағалана алмайтын мемлекеттік көмек түрлері кірмейді.

Қоғамға ұсынылатын мемлекеттік субсидиялар төмендегідей бөлінеді:

1) Активтерге жататын субсидиялар — бұл мемлекеттік субсидиялар/жарналар, оларды ұсынудың негізгі шарты Қоғам ұзақ мерзімді активтерді сатып алуы, салуы немесе басқа жолмен алуы керек.

2) Кіріске жататын субсидиялар — бұл ктивтерге жатпайтын мемлекеттік субсидиялар/жарналар.

Алыну тәсілі бойынша мемлекеттік субсидиялар екі түрге бөлінеді: 1) ақшалай төлемдер; 2) активтерді беру.

Тану

Әділ құн бойынша ақшалай емес субсидияларды қоса алғанда, мемлекеттік субсидиялар Қоғамның оларды беру шарттарын орындайтынына және субсидиялар алынатынына жеткілікті сенімділік болмайынша танылмауы тиіс. Сонымен қатар субсидияны алу онымен байланысты шарттар орындалғанын немесе орындалатынын дәлелдемейді.

Мемлекеттік субсидиялар жүйелі негізде олар өтеуі қажет тиісті шығындар сияқты кезеңдердегі кіріс ретінде танылуы керек.

Қоғамға кейбір жағдайларда Қоғамнан қандай да бір шарттарды орындауды талап етпейтін көмек көрсетілуі мүмкін, мысалы, кез келген

алдыңғы кезеңде келтірілген шығындарды немесе залалдарды өтеу ретінде. Мұндай көмек ол алынуы тиіс кезеңде, осы көмекті алу нәтижелерінің дұрыс түсінілуін қамтамасыз ететін ақпаратты ашып көрсетіп, кіріс ретінде танылады.

Кіріске жататын субсидиялар

Қоғамға операциялық қызмет үшін берілетін мемлекеттік субсидиялар жүйелі және ұтымды негізде тиісті шығыстармен салыстыру үшін қажетті кезеңдер ішінде мемлекеттік гранттар бойынша кірістер ретінде жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі.

Шығындардың немесе залалдардың орнын толтыру ретінде немесе болашақта байланысты шығындарсыз Қоғамға дереу қаржылық қолдау көрсету мақсатында алуға жататын мемлекеттік субсидия оны алуға жататын кезеңдегі кіріс ретінде танылады.

Мемлекеттік субсидиялар мен көмекті есепке алудың екі негізгі тәсілі бар:

Капитал тұрғысындағы тәсіл – мемлекеттік субсидиялар кіріс шоттарында көрсетілмей, тікелей меншікті капиталды есепке алу шоттарында көрсетілуі керек.

Кіріс тұрғысындағы тәсіл – мемлекеттік субсидиялар Қоғамның кірісі ретінде көрсетілуі керек.

Кіріс әдісін пайдаланған кезде мемлекеттік субсидиялар осы субсидияларды олар өтелетін шығындарға сәйкес келтіру үшін қанша кезең қажет болса, сонша кезеңде кіріс құрамында жүйелі түрде танылуы тиіс.

Мемлекеттік субсидияларды алынған кездегі кіріс деп тану есептеу принципіне қайшы келеді және субсидияны олар алынған уақыттан басқа кезеңдерге бөлу үшін негіз болмаған жағдайда ғана қолданылады.

Егер мемлекеттік субсидия тағайындау туралы хабарлама ақшалай қаражаттың түсуімен қоса берілсе, онда есепте дебиторлық берешек емес, ақша қаражаттары көрсетіледі.

Мемлекеттік субсидия жер, жабдықтар немесе басқа ресурстар сияқты ақшалай емес активті (ақшалай емес) Қоғамның пайдалануына беру нысанында болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда ақшалай емес активтің әділ құнын өлшеу және субсидияны да, активті де осы әділ құн бойынша есепке алу қалыпты тәжірибе болып табылады. Кейде актив те, субсидия да номиналды мәнмен есепке алынатын баламалы тәсіл қолданылады.

Мемлекеттік субсидиялар амортизацияланатын және амортизацияланбайтын активтерге жатқызылуы мүмкін.

Амортизацияланатын активтерге қатысты субсидиялар осы активтердің амортизациясы есептелетін кезеңдердегі кіріс ретінде танылады.

Амортизацияланбайтын активтерге жататын субсидиялар белгілі бір міндеттемелерді орындауды талап етуі мүмкін және кейіннен осы міндеттемелерді орындаудың нақты құны туындаған кезеңдердегі кіріс ретінде танылады. Осылайша, жер учаскесі түріндегі субсидияны беру осы учаскеде ғимарат салу шартымен байланысты болуы мүмкін. Бұл жағдайда кіріс әдетте ғимараттың қызмет ету мерзімі ішінде танылады.

Ақпараттың ашылуы

Қаржылық есептілікте келесі ақпарат ашылады:

- Мемлекеттік субсидиялар үшін қабылданған есеп саясаты, соның ішінде қаржылық есептілікте ұсыну әдістері (мемлекеттік субсидияларды есепке алуда қолданылатын тәсіл: субсидияны актив шотына есептеу немесе болашақ кезеңдердің кірістері арқылы тану);
- Қаржылық есептілікте танылған мемлекеттік субсидиялардың сипаты мен мөлшері, сондай-ақ Қоғам тікелей пайда алған мемлекеттік көмектің басқа нысандарын көрсету;
- Орындалмаған шарттар және мойындалған мемлекеттік көмекке байланысты басқа да шартты оқиғалар.
- Мемлекеттік көмектің басқа нысандары, егер олар ұйым қызметінің қаржылық жағдайын және қаржылық нәтижелерін сипаттау үшін маңызды болса, ашылуы тиіс.

11.КІРІСТЕР (15 «Түсім» ХҚЕС-ына (IFRS) сәйкес)

Осы стандарттың мақсаты қаржылық есептілік пайдаланушылары үшін *сатып алушымен келісімшартта* қарастырылған *түсімдер* мен ақша ағындарының сипаты, мәні, уақыт бойынша бөлу және анықталмағандығы туралы пайдалы ақпаратты көрсету кезінде ұйым қолдануы тиіс принциптерді белгілеу болып табылады.

Кіріс бұл құрылтайшының салымдарына байланысты емес меншікті капиталдың ұлғаюымен көрінетін, активтердің түсуі немесе ұлғаюы немесе міндеттемелердің азаюы түріндегі Қоғамның есепті кезеңде алған экономикалық пайдасының ұлғаюы болып табылады.

Кіріс Қоғамның түсімін де, басқа кірістерін де қамтиды.

Кіріс – бұл, атап айтқанда, білім беру қызметтерін көрсетуден, сондай-ақ Қоғамның Жарғысында көзделген басқа да қызметтен түсетін кіріс ретінде, кірісті танудың 5 сатылы моделін пайдалана отырып сипатталатын Қоғамның негізгі қызметінен түсетін кіріс:

- Келісімшартты сатып алушымен, тапсырыс берушімен сәйкестендіру;
- Орындалуы тиіс міндеттерді сәйкестендіру;
- Операция бағасын анықтау;
- Мәміле бағасын бөлу;
- Түсімді тану;

Қоғам заңмен тыйым салынған және/немесе арнайы рұқсаттар мен лицензияларды талап ететіндерді қоспағанда, құрылтай құжаттарында көзделген қызметтің барлық түрінен кіріс (негізгі қызмет түріне қосымша – ОКЭД 85420 – Жоғары білім) алуға құқылы.

Комиссия шарттарына (агенттік, тапсырыс келісімшарттары) жататын шарттар жасалған жағдайда – агенттік сыйақы (комиссиялық сыйақылар және т.б.) түсім ретінде танылады.

Қызметтерді көрсетуден түскен кіріс осы қызмет көрсетулер көрсетілген есепті кезеңде белгілі бір мәміленің аяқталу сатысы негізінде көрсетіледі, шарт бойынша көрсетілетін қызметтердің жалпы көлеміндегі

нақты көрсетілген қызметтердің үлесіне пропорционалды түрде бағаланады. Аяқтау дәрежесі тапсырыс беруші қол қойған жұмысты аяқтау туралы актіде көрсетіледі, ол экономикалық пайданы алуды растайды және сонымен бірге кіріс сомасын сенімді түрде бағалайды және тапсырыс берушіге осы мәмілемен байланысты елеулі тәуекелдер мен пайдаларды аударады.

Қоғам сонымен қатар келесі ақпаратты тікелей капиталдағы өзгерістер туралы есептің өзінде немесе ескертулерде ұсынады:

1) есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы бөлінбеген пайданың сальдосы (яғни, жинақталған пайда немесе шығын), сондай-ақ кезең ішіндегі өзгерістер;

2) салынған капиталдың әр класының баланстық құны мен әр өзгерісті жеке ашып көрсете отырып, кезеңнің басы мен аяғында тікелей капитал құрамында танылған кірістер мен шығыстардың әр бабы арасындағы салыстыру.

Қаржылық есептілікке ескертулер

Мақсаты, құрылымы және ашып көрсетулер

Қаржылық есептілікке ескертулер қаржылық есеп беруде тікелей ұсынылған ақпаратқа қосымша ақпаратты қамтиды. Ескертулерде осы есептердегі баптардың біртіндеп сипатталуы немесе талдап тексеру және осы есептерде тануға жатпайтын баптар туралы ақпарат беріледі.

Ескертулерде:

1) қаржылық есептілікті жасау негіздері және есеп саясатының нақты ережелері туралы ақпарат беру;

2) ХҚЕС ережелеріне сәйкес ашып көрсетуге міндетті, бірақ қаржылық есептердің өзінде тікелей көрсетілмеген ақпаратты ашу; және

3) қаржылық есеп беруде тікелей қамтылмаған, бірақ қаржылық есептілікті түсіну үшін маңызды ақпаратты ұсыну қажет.

Ескертулер мүмкіндігінше реттелген түрде ұсынылуы керек. Ескертулерде сәйкес ақпараты бар қаржылық есепте ұсынылған әр бапқа Қоғам қаржылық есепте тікелей сілтеме жасайды.

Қоғам ескертулерді келесі ретпен орналастырады:

1) қаржылық есеп ХҚЕС-қа сәйкес жасалғаны туралы анықтама;

2) қолданылатын есеп саясатының маңызды ережелерінің жиынтығы;

3) қаржылық есептерде тікелей ұсынылған баптар бойынша ілеспе ақпарат және мұндай ақпаратты ұсыну реттілігі қаржылық есептер мен олардағы баптарды ұсыну реттілігімен сәйкес келуі тиіс.

4) басқа ақпаратты ашу, оның ішінде:

ХҚЕС-қа сәйкес шартты міндеттемелер мен шартты активтер және мойындалмаған шарттық міндеттемелер;

қаржылық емес ақпаратты ашу.

Есеп саясатының маңызды элементтерінің жиынтығында Қоғам мыналарды ашады:

1) қаржылық есептерді жасау үшін пайдаланылатын өлшем базасын (немесе базаларын);

2) осы Стандарт оқиғаны, операцияны немесе жағдайды есепке алуды таңдауға мүмкіндік беретін жағдайларда – субъект жасаған есеп саясатын таңдау сипаттамасы.

3) қаржылық есептілікті түсіну үшін қолданылатын есеп саясатының басқа элементтері.

Қоғам есеп саясатының маңызды элементтерінің жиынтығында немесе басқа ескертулерде қаржылық есептерде танылған сомаларға анағұрлым елеулі ықпалы бар субъектінің есеп саясатын пайдалану процесінде басшылық қабылдаған, ХҚЕС-қа сәйкес есептік бағалаулармен байланысты шешімдерден басқа шешімер туралы ақпаратты ашады.

Қоғам ескертулерде болашаққа қатысты негізгі жорамалдар туралы ақпаратты және есепті кезеңнің соңындағы бағалаулардағы белгісіздіктің басқа да негізгі себептері туралы ақпаратты ашады, олар келесі қаржылық жылы елеулі тәуекелді және активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына елеулі түзетулер енгізу қажеттілігін тудырады. Осы активтер мен міндеттемелерге қатысты ескертулер төмендегідей толық ақпаратты қамтиды:

1) олардың сипаты туралы;

2) есептік кезеңнің соңындағы олардың баланстық құны.

Егер Қоғамға сыртқы тараптар белгілеген капитал деңгейі бойынша қойылатын талаптар қойылса, субъект мұндай талаптардың сипатын және мұндай талаптардың қалай орындалатынын ашып көрсетуі керек.

15. АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ

Қоғам активтердің құнсыздануын *36 «Активтердің құнсыздануы» ХҚЕС-ына (IAS)* сәйкес есепке алады.

Жалпы ережелер

Есеп саясатының осы бөлімі активтердің құнсыздану тәртібін белгілейді, сондай-ақ Қоғамның қаржылық есептілігіндегі тиісті ақпаратты ашуға қойылатын талаптарды анықтайды.

Қоғам активтердің келесі түрлерін құнсыздануға тексереді:

1. негізгі қорлар және аяқталмаған құрылыс;
2. материалдық емес активтер;
3. жылжымайтын мүлікке инвестициялар;
4. басқа ұзақ мерзімді активтер.

Бұл бөлім мыналар үшін құнсыздануды есепке алу ережелерін анықтамайды:

- қорлар;
- қаржылық активтер;
- кейінге қалдырылған салық активтері;
- қызметкерлердің сыйақыларынан туындайтын активтер;

- сатуға арналған ретінде жіктелген ұзақ мерзімді активтер (немесе шығару топтары).

Есептік принциптер

Активтің құнсыздануы активтің немесе активтердің оқшауланған тобының экономикалық құны олардың баланстық құнынан төмен болған жағдайда ғана танылады. Активтердің құнын асыра көрсетуге болмайды, бірақ, бір жағынан, активтердің құнын әдейі төмендетуге де жол берілмейді.

Активтің экономикалық пайдасын анықтау активті мақсаты бойынша пайдаланудан түсетін пайданы (пайдалану құндылығы) немесе сатудан түскен пайданы (сату шығындарын шегергендегі әділ құн) бағалау нәтижесінде мүмкін болады. Қоғам пайдалану немесе сату сияқты мүмкін болатын пайдалардың ішінен максималды құнды таңдауы қажет.

Қоғам әр есептік кезеңнің соңында активтердің құнсыздануының қандай да бір белгілері бар не жоқтығын бағалауы керек. Кез келген мұндай белгі болған жағдайда Қоғам активтің өтелетін құнын бағалауы тиіс.

Активтердің және өндіруші бірліктердің құнсыздану белгілері

Егер есептік кезең ағымында келесі оқиғалар орын алған болса, Қоғам активтердің мүмкіндікті құнсыздану белглерін қарастырады:

Сыртқы ақпарат көздері:

1) активті пайдаланудың қалыпты жағдайлары негізінде немесе белгілі бір уақыт кезеңінен кейін активтің нарықтық құны күтілгеннен әлдеқайда көп төмендесе;

2) Қоғам жұмыс істейтін технологиялық, нарықтық, экономикалық немесе құқықтық жағдайларда кезең ішінде орын алған немесе жақын болашақта күтілетін елеулі өзгерістер;

3) нарықтық пайыздық мөлшерлемелер немесе инвестиция кірісінің басқа нарықтық көрсеткіштері өсті және бұл өзгерістер активтің пайдалану құнын есептеу кезінде пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесіне әсер етуі және оның өтелетін құнын айтарлықтай төмендетуі мүмкін.

Ішкі ақпарат көздері:

1) активтің ескіру немесе физикалық зақымдану белгілері бар;

2) Қоғамның жағдайына теріс әсер ететін, ағымдағы немесе болашақта активті пайдалану дәрежесінде немесе әдісінде уақыт ағымында орын алатын немесе жақын болашақта күтілетін елеулі өзгерістер.

Мысалы: қарапайым актив, тоқтату жөніндегі жоспар, жақын арада активті шығуы жөніндегі жоспар, активтің пайдалы қызмет мерзімін қайта қарау – шектеусізден шектеуліге дейін;

1) ішкі есептілікке негізінде активті пайдаланудың ағымдағы немесе болашақ нәтижелері күтілгеннен нашар екенін дәлелдейтін;

2) актив құнының ықтимал төмендеуінің басқа белгілері:

- активті сатып алу немесе оны пайдалану және оған қызмет көрсету үшін қажетті ақша қаражаттары бұрын бюджетте қарастырылғаннан айтарлықтай асып түседі;
- ақша қаражаттарының таза ағындары бюжетте жоспарланғаннан айтарлықтай төмен;

➢ активтің пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде ақша қаражаттарының таза жылыстауы болжанады.

Бұл көрсеткіштерді бағалау кезінде маңыздылық принципін қолдану керек. Егер талдау активтің өтелетін құны осы көрсеткіштерге сезімтал емес екенін көрсетсе, онда өтелетін соманы бағалаудың қажеті жоқ.

Жоғарыда көрсетілген белгілердің салдары активтерден болашақ ақша қаражаттары түсімдерінің бастапқыда күтілгендермен салыстырғанда төмендеуі болып табылады. Активтің болашақтағы ақша қаражаттары түсімдерінің төмендеуіне әкелетін жағдай активтің құнсыздануы мүмкін екенін көрсетеді және құнсыздану тестін өткізуді талап етеді. Жинақталған, құжаттармен расталған мәліметтер негізінде Қоғам осы объектілердің құнсыздануы бойынша резерв жасайды.

Егер активтің құнсыздануының белгілері болса, ол қалған пайдалы қызмет мерзімін, негізгі құралдың немесе шектеулі қызмет ету мерзімі бар материалдық емес активтің амортизациясын есептеу әдісін, тіпті егер ол үшін құнсызданудан болған шығын танылмаса да, қайта қарауды және түзетуді көрсетуі мүмкін.

Құнсыздану тестін өткізу ережелері

Барлық активтер мен өндіруші бірліктер үшін Қоғам әр есепті кезеңнің соңында міндетті түрде құнсыздану тестін өткізеді. Құнсызданудың қандай да бір белгілері бар болса, өтелетін соманы бағалау қажет.

Егер құнсыздану белгілері болмаса, өтелетін сома мыналарды қоспағанда есептелмейді:

➢ пайдалы қызмет ету мерзімі шектелмеген материалдық емес активтер;

➢ пайдалануға дайын емес активтер.

Өндіруші бірлік

Өтелетін сома, егер жеке активті пайдалану құнын анықтау мүмкін болмаса, жеке активтер үшін анықталады. Бұл жағдайда өтелетін сома қарастырылып отырған актив тиесілі ақша қаражатын қозғалысқа келтіретін бірлік үшін анықталуы тиіс.

Корпоративтік активтер

Қоғам басқа активтерге немесе активтер тобына тәуелсіз ақша ағындарын жасай алмайтын активтерге ие болуы мүмкін (мысалы, кеңсе ғимараттары немесе орталықтандырылған функцияларды орындайтын компьютерлік жабдық). Бұл активтер корпоративтік активтер болып табылады. Корпоративтік активтің сипаттамасы оның бірнеше өндіруші бірліктерге үлес қосуында және оның баланстық құнын осы өндіруші бірлікке толығымен жатқызуға болмайтынында болып табылады.

Өндіруші бірліктер кезеңнен кезеңге дәйекті түрде анықталуы - яғни әрбір келесі кезеңде активтердің бірыңғай тізімін қамтуы керек. Өндіруші бірліктерге енгізілген активтердің тізбесі, егер мұндай өзгерту негізді болса, өзгертілуі мүмкін.

Өндіруші бірліктерді құнсыздану нысанына тестілеу жеке активтің құнсыздануын тексеруге ұқсас жүзеге асырылады. Ол өтелетін соманы анықтауды және оны корпоративтік және бірігіп пайдаланылатын активтердің бөлінген құнын қоса алғанда, өндіруші бірліктер активтерінің

баланстық құнымен салыстыруды қарастырады. Егер өндіруші бірліктер активтерінің баланстық құны оның өтелетін құнынан жоғары болса, өндіруші бірліктер активтерінің баланстық құны олардың өтелетін құнына дейін азайтылуы және құнсызданудан болған шығын мойындалуы керек.

Өтелетін соманы өлшеу

Активтің баланстық құны Қоғамның активтен алатын экономикалық пайдасынан аспауы керек, яғни активтің құнсыздануын тексеру ең аз мәнді – активтің баланстық құнын немесе оның өтелетін сомасын таңдаудан тұрады.

Егер активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан жоғары болса, мыналар қажет:

- баланстағы актив құнын оның өтелетін құнына дейін төмендету;
- активтің өтелетін құнын шегергендегі баланстық құны көлемінде құнсызданудан болған шығынды тану.

Сату шығындарын шегергендегі әділ құн

Бірі Қоғам болып табылатын, мәселені жақсы білетін, осы мәмілені жасауға ниетті тараптар арасындағы активті сату-сатып алу жөніндегі міндетті келісімде көрсетілген баға сату шығындарын шегергендегі әділ құнды анықтау үшін ең жақсы база болып табылады. Шартта көрсетілген баға активті шығаруға тікелей байланысты шығыстар сомасына түзетілуі тиіс. Бұл шығындарға активті бөлшектеу және тасымалдау бойынша шығындар, мәмілені ресімдеу бойынша заңгерлік қызметтер, алымдар, салықтар және активті сату алдындағы дайындық бойынша басқа тікелей қосымша шығындар кіреді. Қоғамның активтерді тәуелсіз бағалауды жүргізу үшін бағалаушыны жалдау бойынша шығындары сатуға жұмсалған шығындар шегерілген әділ құнның есебіне қосылмайды және есепті кезеңдегі шығыс ретінде танылуы тиіс.

Сатып алу-сату туралы келісім болмаса, бірақ белсенді нарық болса, әділ құн мәміле шығындарын ескере отырып, түзетілген нарықтық баға (әдетте ағымдағы сатып алушының ағымдағы бағасы) ретінде анықталуы мүмкін. Белсенді нарықтың болуы келесі факторларға байланысты:

1) активті сатқысы немесе сатып алғысы келетіндерді кез келген уақытта табуға болады;

2) бағалар әдетте қол жетімді, яғни ашық түрде жарияланады.

Белсенді нарық болмаған немесе оның жеткілікті деңгейде ұйымдастырылмауы жағдайында әділ құнды анықтау үшін техникалық бағалау әдістері қолданылады:

1) соңғы ұқсас мәміленің бағасы, егер ол жасалған кезден бастап есепті күнге дейін экономикалық жағдайларда елеулі өзгерістер болмаса;

2) басқа өте ұқсас активтің ағымдағы нарықтық құнымен салыстыру және т.б.

Әділ құнды бағалау қол жетімді ең жақсы ақпаратқа негізделуі керек. Бұл жағдайда бір саладағы ұқсас активтермен соңғы операциялардың нәтижелері туралы ақпарат, әр түрлі сыртқы ақпарат көздері пайдаланылады, мысалы: статистикалық деректер, басқа ұйымдардың прайс-парақтарының деректері, Интернет.

Сату шығындарын шегергендегі әділ құн актив белсенді нарықта айналымда болмаса да анықталуы мүмкін. Алайда, кейбір жағдайларда активті сатудан алынуы мүмкін соманы сенімді бағалау үшін негіздің болмауына байланысты, Қоғам пайдалану құндылығын активтің өтелетін сомасы ретінде қабылдайды.

Активті пайдалану құндылығын анықтау

Активті, өндіруші бірлікті пайдалану құндылығын анықтаудың есебі келесі кезеңдерді қамтиды:

1 кезең: активті одан әрі пайдаланудан және пайдалы қызмет ету мерзімінің соңында оның шығуынан күтілетін ақша қаражатының болашақ ағындары мен жылыстауын есептеу;

2 кезең: осы болашақ ақша қаражаттарының ағындарына тиісті дисконттау мөлшерлемесін қолдану.

1 кезең. Ақша қаражаттарының болашақ ағындарын ағындарын бағалау

Белгіленген тәртіппен бекітілген Даму жоспарлары активті пайдаланудан болжамды ақша ағындарын құру үшін негіз болып табылады. Есептеуге енгізілген деректер активтің ағымдағы жай-күйін көрсететін және оны пайдаланудың болашақ экономикалық жағдайларының ең жақсы бағасын беретін болжамдарға негізделуі керек. Осы Даму жоспарларына негізделген болжамдар, егер одан да ұзақ мерзімді негіздеу мүмкін болмаса, максималды ұзақтығы бес жылдық кезеңді қамтуы керек. Осы кезеңнен кейінгі ақша қаражаттары ағындарының болжамы өсу қарқынының артуын негіздеу мүмкін болмаса, келесі жылдардағы тұрақты немесе төмендейтін өсу қарқынын пайдалана отырып, Даму жоспарларына негізделген болжамдарды экстраполяциялау арқылы бағалануы тиіс. Бұл ретте өсу қарқыны жұмыстар мен қызметтерге, салаларға, Қоғам жұмыс істейтін елдерге қатысты немесе актив пайдаланылатын нарыққа қатысты ұзақ мерзімді орташа өсу қарқынынан аспауы керек.

Активті пайдаланудан түсетін ақша қаражаттарының ағындары мыналарды қамтуы керек:

1) активті үздіксіз пайдаланудан түсетін ақша қаражаттарының түсімдері, яғни қарастырылып отырған активті пайдалана отырып өндірілген жұмыстар мен қызметтерді сатудан түсетін түсімдер;

2) осы ақша қаражаттарының түсімдерін өндіру үшін қажетті ақша қаражатының шығыстары (яғни, активке күнделікті қызмет көрсету үшін қажетті, сондай-ақ активті пайдалануға қатысты болашақ үстеме шығыстар);

3) активті пайдалану мерзімінің соңында сатудан түсетін түсімдер.

Болашақ ақша ағындары ағымдағы жағдайдағы актив бойынша бағаланады және келесілерден күтілетін ақша қаражатының болжамды болашақ ағындары мен шығыстарын қамтымауы керек:

- активті жақсартатын немесе жетілдіретін, оның бастапқы болжанған стандартты өнімділігін арттыратын болашақ күрделі шығындар;
- қаржылық қызмет;
- корпоративтік табыс салығының түсімдері мен төлемдері.

2 кезең. Болашақ ақша қаражаттарының ағындарына тиісті дисконттау мөлшерлемесін қолдану.

Егер дисконттау мөлшерлемесі инфляцияның әсерін қамтитын болса, онда болашақ ақша қаражаттарының ағындары номиналды түрде бағаланады, егер дисконттау мөлшерлемесі инфляцияның әсерін қамтымаса, онда болашақ ақша қаражаттарының ағындары нақты мәнде бағаланады. Яғни, алдымен ақша қаражаттарының ағындарын инфляция индексіне түзету керек, содан кейін дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, таза ақша қаражаттары ағындарының келтірінді құнын есептеу керек.

Болашақ ақша қаражаттарының ағындары олар өндірілетін валютада бағаланады, содан кейін келтірінді құн осы валютаға сәйкес дисконттау мөлшерлемесінің көмегімен анықталады. Қоғам алынған келтірінді құнды активті пайдалану құнын есептеу күніндегі қолданыстағы валюта бағамын пайдалана отырып аударады.

Дисконттау мөлшерлемесі ақшаның уақытша құнын және осы активке тән тәуекелдерді ағымдағы нарықтық бағалауды көрсететін салық салуға дейінгі ақша ағындарына қолданылатын мөлшерлеме болуы керек.

Құнсызданудан болған шығындарды тану және бағалау

Құнсыздануданболған шығын активтің баланстық құнының оның өтелетін құнынан асып кетуі болып табылады. Бұл ереже барлық активтер үшін бірдей, бірақ шығынды есепке алу активтің түріне және қолданылатын тәсілдеріне байланысты аздап ерекшеленеді.

Құнсыздануданболған залал, егер актив басқа ХҚЕС-қа сәйкес қайта бағаланған құн бойынша есепке алынбаса, пайдалар мен шығындар туралы есепте шығыс ретінде танылуы тиіс.

Құнсыздануданболған шығын танылғаннан кейін, осы активке қатысты амортизация бойынша болашақ шығыстары қайта қаралып, негізгі құралдардың немесе материалдық емес активтердің амортизациялық әдісіне және қалған пайдалы қызмет мерзіміне сәйкес түзетілуі тиіс.

Әрбір есепті күнде Қоғам алдыңғы кезеңдерде (мысалы, негізгі құралдарға немесе аяқталмаған құрылысқа қатысты) танылған активтердің құнсыздануынан болған шығын бұдан былай болмауы немесе өзгеруі мүмкін белгілерді бағалайды. Бұл белгілерге келесі оқиғалар кіреді:

1) нарықтық пайыздық мөлшерлемелер төмендеді;

2) басқарушылық есеп деректері активті пайдаланудың ағымдағы немесе болашақ нәтижелері күтілгеннен айтарлықтай жақсырақ екенін дәлелдейді және т.б.

Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштер болған жағдайда, Қоғам активтің өтелетін құнын қайта есептейді.

Құнсыздануданболған шығынды қалпына келтіру нәтижесінде ұлғайған активтің баланстық құны, егер өткен жылдары актив үшін құнсыздануданболған шығын танылмаған болса, анықталатын баланстық құннан (амортизацияны шегергенде) аспауы тиіс. Активтің баланстық құнының осы активтің құнсыздануынан болған шығынды қалпына келтіру мәнінен асатын кез келген ұлғаюы қайта бағалау болып табылады.

Активтің құнсыздануынан болған шығынды реверстеу мәні сол уақытта осы активтің бастапқы құнының амортизациясы нәтижесінде алынуы мүмкін сомадан аспауы керек. Осы құннан асатын кез келген өсу активті қайта бағалау ретінде қарастырылуы керек. Қоғам бұл қайта бағалауды активке тиісті ХҚЕС-ты қолдану арқылы есепке алады.

Құнсыздануден болған шығынды өтеу, егер актив басқа ХҚЕС-қа сәйкес қайта бағаланған мән бойынша есепке алынбаса, тікелей пайдалар мен шығындар туралы есепте танылуы тиіс.

Қайта бағаланған активке қатысты құнсыздануден болған шығынды өтеу қайта бағалау нәтижесі ретінде тікелей капитал шоттарында есепке алынады. Алайда қайта бағаланған актив бойынша құнсыздануден болған шығын бұрын пайдалар мен шығындар туралы есепте шығын ретінде танылған дәрежеде, осы активке қатысты құнсыздануден болған шығынды өтеу пайда мен шығын туралы есепте кіріс ретінде танылады.

Құнсыздануден болған шығын өтелгеннен кейін активтің қалған пайдалы қызмет мерзімі ішінде оның жойылу құнын шегергендегі активтің түзетілген баланстық құнын біркелкі әдіспен есептен шығару мақсатында болашақ кезеңдерге тиісті актив үшін амортизациялық аударымға түзету жүзеге асырылады.

Ақпаратты ашу

Активтердің әрбір класы және әрбір есепті сегмент бойынша қаржылық есептілікте келесі ақпарат ашылуы керек:

жиынтық кіріс туралы есепте танылған сома:

- құнсыздануден болған шығындар;
- құнсыздануден болған шығындарды қалпына келтіру.

Егер есепті кезеңде танылған немесе қалпына келтірілген жеке активтің (ақша қаражаттары ағындарын тудыратын активтер тобының) құнсыздануынан болған шығын қаржылық есептілік үшін маңызды болып табылса, мыналар ашылуы қажет:

1) құнсыздануден болған шығындарды тануға немесе қалпына келтіруге алып келген оқиғалар немесе жағдайлар;
2) құнсыздануден болған танылған шығынның немесе осындай шығынды қалпына келтірудің сомасы;
3) жекелеген актив үшін – активтің сипаттамасы және осы актив қатысты есептік сегмент;
4) ақша қаражаттары ағындарын өндіруші бірліктер активтерінің топтары үшін;
5) ақша қаражаттарының ағындарын өндіруші бірліктің сипаттамасы (бұл объект ғимарат пен құрылыс, өндірістік желі/үдеріс, шаруашылық операция, географиялық аймақ, есеп беретін сегмент немесе басқа нәрсе болып табылатынын сипаттау);
6) құнсыздануден болған залалдың танылған немесе өтелген сомасы:
7) активтердің түрлері бойынша;
8) операциялық сегменттер бойынша;
9) егер ақша қаражаттарының ағындарын өндіруші бірлікті анықтау мақсатында активтерді топтастыру осы активтер тобының өтелетін құнын

алдыңғы бағалаудан бері өзгерсе, Қоғам активтерді топтастырудың бұрынғы және ағымдағы тәсілі мен мұндай өзгерістердің себептерін сипаттауы тиіс;

10) өтелетін құн сату (шығу) шығындарын немесе пайдалану құндылығын шегергендегі әділ құн болып табыла ма;

11) егер өтелетін құн сатуға (шығуға) жұмсалған шығындар шегерілген әділ құн болса, оны анықтау әдісі (мысалы, ол нарықтық ақпарат негізінде анықталды ма, әлде басқа жолмен анықталды ма) ашып көрсетілуі тиіс;

12) егер өтелетін құн пайдалану құны болса, ағымдағы бағалауда және бұрынғы пайдалану құнын бағалауда (мұндай болған жағдайда) пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемелері көрсетілуі тиіс.

Құнсызданудан болған жиынтық танылған және өтелген шығындар бойынша келесі ақпарат ұсынылуы қажет:

1) құнсыздануға ұшыраған (немесе бұрын танылған құнсыздану қалпына келтірілген) активтердің негізгі түрлері;

2) құнсыздануданболған шығындарды тануға (өтелуге) әкелген негізгі оқиғалар мен жағдайлар.

Активтердің құнсыздануы есебі бойынша типтік операциялар шоттарының корреспонденциясы

Операция мазмұны	Шоттар корреспонденциясы	
	Дебет	Кредит
Шығарылған негізгі құралдар бойынша бағалауға дейінгі соманы есептен шығару	5520	5610
Пайдаланудағы негізгі құралдардың қайта бағалану сомасын бөлінбеген кіріске ауыстыру	5520	5610
Қайта бағаланған негізгі құралдардың активтердің шығуынан түскен кіріс сомасына шығарылуы	7420	5520
Қайта бағаланған негізгі құралдардың активтердің шығуынан түскен кіріс сомасына шығарылуы	5520	6290
Қайта бағалау жөніндегі резерв есебінен қайта бағаланған активтерді құнсыздандыру	5520	активтердің шоттары
Қайта бағалау жөніндегі резерв шотында бұрын есепке алынған активтердің құнсыздануын қалпына келтіру	активтердің шоттары	5520

16. РЕЗЕРВТЕР, ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ШАРТТЫ АКТИВТЕР

Қоғамның бағалау резервтерінің, шартты міндеттемелерінің және шартты активтерінің есебі ***37 «Резервтер, шартты міндеттемелер және шартты активтер» (IAS) ХҚЕС-ына*** сәйкес жүргізіледі.

Жалпы ережелер

Есеп саясатының бұл бөлімін Қоғам төмендегілерді қоспағанда, барлық резервтерді, шартты міндеттемелерді және шартты активтерді есепке алу кезінде қолдануы керек:

1) егер бұл шарттар ауыртпалықты болмаса, орындалу кезеңіндегі шарттардан туындайтын;

2) басқа халықаралық қаржылық есептілік стандартына жататындар және есеп саясатының басқа бөлімдерінде қамтылғандар.

Бұл бөлім «Қаржылық активтер мен міндеттемелер» бөлімінде қамтылған қаржы құралдарына (соның ішінде кепілдіктерге) қолданылмайды.

Орындалу кезеңіндегі шарттар – тараптардың ешқайсысы да өз міндеттемелерін орындамаған немесе екі тарап өз міндеттемелерін жартылай тең дәрежеде орындаған шарттар. Бұл бөлім, егер олар ауыртпалықты болмаса, орындалу кезеңіндегі келісімшарттарға қолданылмайды.

Бұл бөлімнің қолданылу аясы осы есеп саясатының басқа бөлімдерінде қамтылмаған резервтерге, шартты міндеттемелерге және шартты активтерге қолданылады.

Қалыптасқан тәжірибеден туындайтын міндеттеме (конклюденттік міндеттеме) – келесі жағдайларда Қоғамның әрекеттері нәтижесінде туындайтын міндеттеме:

- қалыптасқан тәжірибе, жарияланған саясат немесе Қоғамның айтарлықтай нақты ағымдағы мәлімдемесі арқылы басқа тараптарға белгілі бір міндеттерді өзіне алатынын көрсетті;
- нәтижесінде Қоғам басқа тараптардан өз міндеттемелерін орындайтыны туралы негізді болжамдарды тудырды.

Ауыртпалықты келісімшарт – шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың болмай қоймайтын шығындары шартты орындаудан күтілетін экономикалық пайдадан асатын шарт.

Шартты міндеттеме – өткен оқиғалардан туындайтын және болуы тек бір немесе бірнеше болашақ оқиғалардың болуымен немесе болмауымен расталатын, орын алуы белгісіз және Қоғамның толық бақылауында емес ықтимал міндеттеме.

Мысалы, өткен оқиғалардан туындайтын, бірақ төмендегі себептерге байланысты танылмайтын ағымдағы міндеттеме: міндеттемені реттеу үшін экономикалық пайданы қамтитын ресурстардың кетуін талап ету ықтималдылығы жоқ; міндеттеме мәнін жеткілікті сенімділік деңгейінде бағалау мүмкін емес.

Шартты актив – өткен оқиғалардан туындайтын және бар болуы тек бір немесе бірнеше болашақ оқиғалардың орын алуы немесе болмауы арқылы расталатын, орын алуы белгісіз және Қоғамның толық бақылауына алынбайтын ықтимал актив.

Мысалы, талап арыз бойынша сот шешімі Қоғамның пайдасына шешілетініне 80% сенім бар.

Резервтердің жіктелуі

Қоғамның басқа резервтеріне мыналар жатады:

1. «Қызметкерлерге сыйақылар» бөлімінде демалыс төлемдерін қамтамасыз етуге арналған резервтер; күмәнді дебиторлық берешек бойынша резервтер;

2. «Жалға алу» бөлімі. Алайда ауыртпалыққа айналған операциялық жалдау келісімшарттары «Резервтер, шартты міндеттемелер және шартты активтер» бөлімінің әрекет ету саласына жатады;

3. «Табыс салықтары» бөлімі;

4. басқа резервтер (басқа резервтер құрамында Қоғам мойындаған сот және салықтық істер бойынша міндеттемелерді орындауға арналған резервтер есепке алынады).

Резервтерді тану

Қоғам резервті келесі жағдайларда таниды:

1. Қоғамның кез келген өткен оқиғадан туындайтын ағымдағы міндеттемесі болса;

2. Міндеттемені реттеу үшін экономикалық пайданы қамтитын ресурстардың кетуі талап етілуі ықтимал болса;

3. міндеттеме мәнінің сенімді есептік бағалануын келтіруге болса.

Егер бұл шарттар орындалмаса, резерві танылмауы керек.

Қаржылық есептілікте резервтер жеке ұсынылады.

Өткен оқиға және қазіргі міндеттеме

Қоғам резервтер ретінде өткен оқиғалардан туындаған және Қоғамның болашақтағы әрекеттеріне қарамастан бар міндеттемелерді ғана таниды. Барлық қолда бар дәлелдерді ескере отырып, есепті кезеңнің соңында ағымдағы міндеттеменің болуы мұндай міндеттеменің болмауы ықтималдығынан гөрі жоғары болса, өткен оқиға ағымдағы міндеттемені тудырады.

Экономикалық пайданы қамтитын ресурстардың ықтималды шығуы

Міндеттеме тану критерийлерін қанағаттандырады деп санау үшін тек ағымдағы міндеттеме ғана емес, сонымен бірге міндеттемені реттеу үшін экономикалық пайданы қамтитын ресурстардың шығуының жеткілікті ықтималдығы болуы керек.

Міндеттемені сенімді есептік бағалау

Қоғам резервті тану үшін жеткілікті сенімді міндеттеменің есептік бағасын жасайды, егер жасамаса, ол мойындалмайды. Мұндай міндеттеме қаржылық есептілікте шартты міндеттеме ретінде ашылады.

Егер Қоғамда ауыртпалықты болып табылатын келісімшарт болса, осы келісімшарт бойынша ағымдағы міндеттеме резерв ретінде танылуы және өлшенуі тиіс.

Резервтерді бағалау

Резерв сомасы есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ағымдағы міндеттемені өтеу үшін қажетті шығындардың ең жақсы бағасы ретінде анықталады.

Нәтижелер мен қаржылық әсерді бағалау ұқсас операциялар бойынша тәжірибемен және кейбір жағдайларда тәуелсіз сарапшылардың

қорытындыларымен, сондай-ақ есептік кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғалар нәтижесінде алынған қосымша дәлелдермен толықтырылған Қоғам басшылығының пайымдаулары арқылы анықталады.

Өлшенетін резерв элементтердің үлкен жиынтығын қамтыған жағдайда міндеттеме барлық ықтимал нәтижелерді олардың сәйкес ықтималдықтарымен салыстыру арқылы бағаланады. Бұл статистикалық бағалау әдісі «күтілетін құн» деп аталады. Ықтимал нәтижелердің үздіксіз диапазоны болса және сол диапазондағы әрбір нүкте басқалары сияқты ықтимал болса, онда қолданылатын диапазонның ортаңғы нүктесі пайдаланылады.

Жалғыз міндеттеме бағаланған кезде ең ықтимал нәтиже міндеттемені ең жақсы бағалау болуы мүмкін, дегенмен Қоғам басқа да ықтимал нәтижелерді қарастыруы керек. Басқа ықтимал нәтижелер ең ықтимал нәтижеден айтарлықтай жоғары немесе айтарлықтай төмен болғанда, үлкен немесе азырақ сома ең жақсы бағалау болып табылады.

Резервті бағалау салық салу есебінсіз жүргізіледі.

Белгісіздік тәуекелдері мен көздері

Нәтижелер мен қаржылық нәтижелерді бағалау ұқсас операциялардағы тәжірибемен және кейбір жағдайларда тәуелсіз сарапшылардың есептерімен толықтырылған Қоғам басшылығының пайымдаулары негізінде анықталады. Міндеттеме мәнін ең жақсы бағалау үшін көптеген оқиғалар мен жағдайларға байланысты тәуекелдер мен белгісіздіктерді ескеру қажет. Тәуекелді түзету бағаланатын міндеттеменің сомасын арттыруы мүмкін. Белгісіздік жағдайында пайымдаулар жасағанда кірістер мен активтерді асыра көрсетпеу және шығындарды немесе міндеттемелерді төмендетпеу үшін абай болу қажет.

Ағымдағы міндеттемені өтеу үшін қажетті шығындардың ең жақсы бағалауы Қоғам есепті кезеңнің соңында міндеттемені өтеу үшін орынды төлеген немесе осы күні үшінші тарапқа берген сома болып табылады.

Келтірінді құн

12 айдан асатын кезеңдерге арналған резервтер нарықтық пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, дисконттау негізінде әрбір есептік кезеңнің соңында танылады. 12 айдан аз мерзімге құрылатын резервтер дисконтталмайды. Дисконттау мөлшерлемесі ақшаның уақытша құнын және міндеттемеге тән тәуекелдерді ағымдағы нарықтық бағалауды көрсететін салыққа дейінгі мөлшерлеме болуы керек. Дисконттау мөлшерлемесі болашақ ақша қаражаттарының ағындары түзетілген тәуекелдерді көрсетпеуі керек.

Болашақ оқиғалар

Міндеттемені орындау үшін талап етілетін сомаға әсер етуі мүмкін болашақ оқиғалар, олардың орын алатыны туралы жеткілікті объективті дәлелдер болған кезде резерв сомасында көрсетілуі тиіс. Болуы мүмкін жаңа заңнаманың және технологиялық өзгерістердің әсері олардың орын алатынына жеткілікті объективті дәлелдер болған кезде қолданыстағы міндеттемені бағалау кезінде есепке алынады. Көптеген жағдайларда мұндай

заңнаманы нақты қолданысқа енгізгенге дейін жеткілікті объективті дәлелдер болмайды.

Активтердің күтілетін шығарылуы

Күтілетін шығару міндеттеменің туындауына әкелетін оқиғамен тығыз байланысты болса да, активтердің күтілетін шығарылуынан түскен пайда резерв сомасын анықтау кезінде ескерілмеуі керек.

Өтеулер

Қоғам үшінші тарапты бағалау міндеттемесін өтеу үшін қажетті шығындардың барлығын немесе бір бөлігін төлейді деп санаған жағдайда (мысалы, сақтандыру шарты, шығынды өтеу туралы тармақ немесе жеткізушінің кепілдігі арқылы), үшінші тарап не Қоғам төлеген сомаларды өтейді немесе осы сомаларды тікелей төлейді.

Егер Қоғам барлық қарастырылып отырған сомаға жауапты болса және үшінші тарап қандай да бір себептермен төлей алмаған жағдайда барлық соманы өтеуге міндетті болса, онда бағалау міндеттемесі міндеттеменің толық сомасына, ал жеке актив, егер Қоғам міндеттемені жойса, өтеудің алынатындығы нақты анықталған кезде, күтілетін өтемақы бойынша танылады.

Егер Қоғам үшінші тарап өтей алмайтын міндеттемелер бойынша жауап бермесе, онда мұндай шығындар Қоғамның міндеттемесі болып табылмайды және бағалау міндеттемесіне қосылмайды.

Резервтерді өзгерту және пайдалану

Әрбір есептік кезеңнің соңындағы жағдай бойынша құрылған резервтер сомаларын қайта қарастыру керек. Егер міндеттемені орындау үшін экономикалық пайданы қамтитын ресурстардың жылыстауы ықтимал болуын тоқтатса, резерв жойылуы тиіс.

Егер дисконттау қолданылса, резервтің баланстық құны уақыттың өтуін көрсете отырып, әрбір кезеңде ұлғайтылады. Бұл өсім қаржылық шығындар ретінде танылады.

Міндеттемелер бойынша құрылған резервтер сол міндеттемелерді жабу үшін ғана пайдаланылуы мүмкін.

Ауыртпалықты келісімшарттар

Қоғам ауыртпалықты келісімшарттармен байланысты бар міндеттемелер үшін резервтер құрады. Ауыртпалықты келісімшарт бойынша жеке резерв құру алдында Қоғам осы келісімшартты орындау үшін бөлінген кез келген активтердің құнсыздануынан болған шығындарды таниды.

Шартты міндеттемелер мен шартты активтер

Қоғам «шартты» терминін бар болуы Қоғамның толық бақылауында болмайтын бір немесе бірнеше белгісіз болашақ оқиғалар болған не болмаған кезде ғана растала алатындықтан мойындалмаған міндеттемелер мен активтерге қолданады.

Мысалы, Сервистік қызмет көрсету кепілдігі.

Шартты міндеттемелерді тану

Қоғам қаржылық есепте шартты міндеттемелерді мойындамайды.

Шартты міндеттемелер бойынша ақпарат, экономикалық пайданы қамтитын ресурстарды шығару мүмкіндігі алыс болып табылатын жағдайлардан басқа жағдайларда ашылады.

Қоғам міндеттеме бойынша ортақ жауапкершілікте болатын жағдайларда, міндеттеменің басқа тараптармен өтелуі күтілетін бөлігі шартты міндеттеме болып саналады. Шартты міндеттемелер жағдайы бастапқыда күткендей дамымауы мүмкін. Осыған байланысты олар экономикалық пайданы қамтитын ресурстардың кетуі ықтимал екендігін анықтау мақсатында үнемі қайта қаралып отырады. Егер бұрын шартты міндеттеме ретінде қарастырылған бап бойынша болашақ экономикалық пайданың кетуін талап ету ықтималдығы туындаса, резерв ықтималдықтың өзгеруі орын алған кезең үшін қаржылық есептілікте танылады (сенімді есептік бағалау жүргізу мүмкін емес болып табылатын өте сирек жағдайларды қоспағанда).

Шартты активтерді тану

Шартты активтер белгілі бір сенімділіктің болуына қарамастан, қаржылық есептілікте танылмайды, себебі есептеу әдісі бойынша іс жүзіндегі кірістер әлі Қоғамға түскен жоқ және сондықтан шартты актив туралы ақпарат қаржылық есептілікте ашылады.

Мысал ретінде Қоғам сот арқылы қанағаттандыруді көздейтін, нәтижесі әлі анықталмаған талап арызды келтіруге болады.

Шартты активтерді бағалау қаржылық есептілікте өзгерістердің тиісті түрде көрсетілуін қамтамасыз ету үшін үнемі қайта қарастырылып отырады. Экономикалық пайданың түсуі іс жүзінде белгілі болса, осы актив және тиісті кіріс өзгеріс болған кезеңдегі қаржылық есептілікте танылады.

Шартты активтер мен міндеттемелерді есепке алу кезінде Қоғам қаржылық есептілікті жасау кезінде пайдаланылатын шартты оқиғаның туындау ықтималдығының құнын есепке алудың келесі тәртібін басшылыққа алады:

Ықтималдылық деңгейі	**Болжалды ықтималдылық пайызы**	**Активтің көрінісі**	**Міндеттеменің көрінісі**
Толық дерлік	95% астам	Есептеу талап етіледі	Резерв құрылады
Жоғары	50% астам	Қаржылық есептілікке ескертулерде	Резерв құрылады
Орташа	10% – 50%	ашылмайды	Қаржылық есептілікке ескертулерде
Төмен	10% төмен	Ашылмайды	Ашылмайды

Ақпаратты ашу

Резервтердің әр түрі үшін Қоғам келесі ақпаратты ашуы тиіс:

1) есептік кезеңнің басындағы және аяғындағы баланстық құн;

2) қолданыстағы резервтердің ұлғаюын қоса алғанда, кезең ішінде танылған қосымша резервтер;

3) кезең ішінде пайдаланылған (яғни, өтемақы төлеуге нақты жұмсалған және есептен шығарылған) сомалар;

4) кезең ішінде қалпына келтірілген пайдаланылмаған сомалар;

5) есептік кезеңдегі дисконтталған соманың уақыт бойынша ұлғаюы және дисконттау мөлшерлемесінің өзгеруінің нәтижесі.

Салыстырмалы ақпаратты ұсыну талап етілмейді.

Резервтердің әрбір класы үшін де Қоғам келесі ақпаратты ашады:

1) міндеттеменің өзгешелігінің қысқаша сипаттамасы және онымен байланысты экономикалық пайданы өтеудің күтілетін мерзімі;

2) шығу шамасына және мерзімдеріне қатысты белгісіздік белгілерін көрсету;

3) күтілетін өтеуге қатысты танылған активтің мәнін көрсете отырып, кез келген күтілетін өтеу мәні.

Есепті күндегі шартты міндеттемелердің әр класы үшін есептерге ескертулерде Қоғам шартты міндеттеменің қысқаша сипаттамасын және іс жүзінде мүмкін болса төмендегілерді ашып көрсетеді:

1. оның қаржылық нәтижеге әсер етуінің есептік бағасы;

2. ресурстардың ықтималды шығу мәні мен көлеміне қатысты белгісіздік белгілерінің көрсеткіші;

3. кез келген өтеу мүмкіндігі.

Экономикалық пайданың түсуі ықтимал болып көрінген жағдайда, Қоғам есепті кезеңнің соңындағы шартты активтер өзгешелігінің қысқаша сипаттамасын және, мүмкін болса, олардың қорлар үшін анықталған бағалау принциптеріне сәйкес қаржылық көрсеткіштерге әсер етуінің есептік бағалануын ашып көрсетуі керек..

«Резервтер, шартты міндеттемелер мен шартты активтер» бөлімі бойынша типтік операциялар шоттарының корреспонденциясы

Операция мазмұны	**Шоттар корреспонденциясы**	
Бір жылға дейінгі кепілдік мерзімі бойынша сатылған өнімдер мен көрсетілген қызметтер бойынша кепілдік міндеттемелер және басқа да қысқа мерзімді кепілдік міндеттемелері үшін резерв құрылды	7110	3410
Берілген кепілдіктер мерзімі ішінде кепілді жөндеу және қызмет көрсету бойынша шығындардың кепілдік міндеттемелерінің резерві есебінен есептен шығару	3410	3390,1310, 1330,1350, 7010, 8410
Кепілдік міндеттемелері бойынша пайдаланылмаған резервті қалпына келтіру:		
- қызыл түзетім әдісі	7110	3410
- кері өткізбе әдісі	3410	7110
Заңдық шағымдар бойынша қысқамерзімді міндеттемелерге резерв құру:		
Қауымдасқан, біріккен және еншілес ұйымдар үшін берілген міндеттемелер бойынша	1220 - 1240	3420

Ұйымға қойылған заңды талаптар бойынша	7470	3420
Міндеттейтін оқиға орын алған кезде резервті пайдалану	3420	1010, 1030
Заңды шағымдар бойынша қысқамерзімді міндеттемелердің пайдаланылмаған резервін қалпына келтіру:		
- қызыл түзетім әдісі	1220 - 1240,	3420
	7470	1220 - 1240,
- кері өткізбе әдісі	3420	7470
Қызметкерлерге демалысты төлеу резервін есептеу	7210,	3430
	8110,8410	
Қызметкерлерге демалыста болған уақыты үшін еңбекақы есептеу	3430	3350
Қызеткерлерге демалысты төлеу резерві есебінен жүргізілген аударымдар:		
- әлеуметтік салыққа	3430	3150
- әлеуметтік сақтандыруға	3430	3210

17. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР (10 «Есепті күннен кейінгі оқиғалар» ХҚЕС-ына (IAS) сәйкес)

Есепті күннен кейінгі оқиғалар – есепті күн мен қаржылық есептілікті шығаруға бекіту күні арасында орын алатын қолайлы және қолайсыз оқиғалар. Есепті күннен кейінгі оқиғаларға қаржылық есептілікті шығаруға бекіту күніне дейінгі барлық оқиғалар, тіпті олар компанияның кірісі немесе басқа қаржылық ақпарат жарияланғаннан кейін орын алса да кіреді.

Қоғам өз есептілігін дайындаған күн Есепті күн болып саналады.

Есепті күн болып есепті кезеңнің соңғы күні қабылданады.

Қоғамның қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткеннен кейін қаржылық есептілік депозитарийіне орналастырылады.

Есепті күннен кейінгі оқиғалардың екі түрі бар:

• есепті кезеңнің соңында болған мән-жайларды растайтын оқиғалар (есептік кезең аяқталғаннан кейін түзетілетін оқиғалар); және

• есепті кезең аяқталғаннан кейін туындаған жағдайларды көрсететін оқиғалар (есептік кезең аяқталғаннан кейін түзетілмейтін оқиғалар).

Қоғам есепті кезең аяқталғаннан кейін түзетілетін оқиғаларды көрсету үшін тиісті ашып көрсетулерді қоса алғанда, қаржылық есептілікте танылған сомаларды түзетеді.

Төменде қаржылық есептілікте танылған сомаларды түзету арқылы немесе бұрын танылмаған баптарды тану арқылы Қоғам ескеруі тиіс есепті кезең аяқталғаннан кейінгі түзетілетін оқиғалардың мысалдары келтірілген:

1. Қоғамның есепті кезеңнің аяғында міндеттемесінің бар болуы фактісі расталған есепті кезең аяқталғаннан кейін орын алған сот дауларын реттеу;

2. есепті кезеңнің соңында болған активтің құнсыздануын немесе осы активтің құнсыздануынан бұрын танылған шығынды түзету қажеттілігін растайтын ақпаратты есепті кезең аяқталғаннан кейін алу;

3. есепті кезең аяқталғаннан кейін есепті кезеңнің соңына дейін сатып алынған активтердің өзіндік құнын немесе есепті кезеңнің соңына дейін сатылған активтерді сатудан түсетін түсімдерді анықтау;

4. қаржылық есептіліктің дұрыс еместігін растайтын алаяқтық немесе қателер фактілерін анықтау.

Қоғам қаржылық есептерде танылған сомаларды есепті кезең аяқталғаннан кейін түзетілмейтін оқиғаларды көрсету үшін түзетпеуі керек.

Қоғам есепті күннен кейін болған түзетілмейтін оқиғалардың салдарын көрсету үшін қаржылық есептілікте танылған сомаларды түзетпейді. Мұндай оқиғалар түзетулер жасауға алып келмейді, бірақ егер бұл оқиғалар маңызды болса және олар туралы ақпаратты ашпау қаржылық есептілікті пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін болса, қаржылық есептілікке ескертулерде ашып көрсетуді талап етуі мүмкін.

Қаржылық есептілікке ескертулерде ашып көрсетуді талап ететін ***түзетілмейтін оқиғалар тізімі:***

1. есепті күннен кейінгі кәсіпорындарды біріктіру;
2. қызметтің бір бөлігін тоқтатуды көздейтін жоспарды қабылдау;
3. алдағы ауқымды қайта құрылымдау немесе оны жүзеге асырудың басталуы туралы хабарлау;
4. есепті күннен кейін болған өрттің нәтижесінде маңызды активтердің жойылуы;
5. есепті күннен кейін орын алған шетелдік валюта бағамдарының құндағы елеулі өзгерістер;
6. ағымдағы және кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелеріне елеулі әсер ететін, есепті күннен кейін күшіне енген немесе жарияланған салық ставкаларының немесе салықтар мен алымдар туралы заңнаманың өзгерістері;
7. есепті күннен кейін болған оқиғалардан ғана туындайтын ірі сот қаралымының басталуы.

Есепті күннен кейін болған түзетілмейтін оқиғалар маңызды болған жағдайда, олар туралы ақпаратты ашпау пайдаланушылардың осындай қаржылық есептілік негізінде қабылдаған экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін. Есептік кезеңнен кейін болған түзетілмейтін оқиғалардың әрбір маңызды категориясы үшін қаржылық есептілікте тиісті оқиғаның сипатын және оның қаржылық салдарын бағалауды ашып көрсету немесе мұндай бағалау мүмкін еместігін көрсету қажет.

Ақпаратты ашу

Есепті күннен кейін болған оқиғалар туралы келесі ақпарат қаржылық есептілікте ашылады:

• қаржылық есептілікті шығаруға бекіту күні;

• қаржылық есептілікті шығаруға бекіткен басқару органының атауы. Есепті күннен кейін болған оқиғалар есепті күндегі активтер мен

міндеттемелердің жай-күйіне әсер етпесе, бірақ олардың ашылмауы қаржылық есептілікті пайдаланушылардың дұрыс бағалаулар жасау және дұрыс шешімдер қабылдау қабілетіне әсер ететіндей маңызды болған жағдайда, төмендегілер ашылуы тиіс:

• оқиғаның сипаты;

• қаржылық салдарларды бағалау немесе мұндай бағалауды жүзеге асыру мүмкін еместігін көрсету;

• есепті күннен кейін алынған мәліметтерді ескере отырып, бұл мәліметтердің қаржылық есептілікте танылған сомаларға әсер етуіне қарамастан, ақпаратты қаржылық есептілікте ашып көрсетуді нақтылау, мысалы, есепті күні болған жарғылық міндеттемені растау.

18. БАЛАНСТАН ТЫС ШОТТАРДАҒЫ ЕСЕП

Баланстан тыс шоттар Қоғамның уақытша иелігіндегі, бірақ оған тиесілі емес активтердің есебін жүргізуге арналған; сондықтан олар оның баланстық шоттарында есепке алынбайды.

Мысалы:

• ағымдағы жалдау шарты бойынша алынған негізгі құралдар;

• өңдеуге алынған қорлар;

• жауапты сақтауға қабылданған қорлар;

• консигнацияға қабылданған тауарлар.

Дәл осы шоттарда Қоғамға тиесілі және Қоғамның есебінде шығыстар ретінде танылған, бірақ әлі де қолданыста болғандықтан қосымша есепке алу мен бақылауды талап ететін активтер есепке алынады.

Мысалы:

• пайдалануға берілген, бірақ негізгі құралдар ретінде танылмаған еңбек құралдары;

• ұзақ мерзімді жалға берілген негізгі құралдар;

• қайта сатып алу міндеттемесімен сатып алынған қорлар.

Баланстан тыс шоттардағы есеп екі жақты жазба жүйесін қолданбай жүзеге асырылады, яғни активтің түсу шоттың дебетіне, ал есептен шығару кредитке жазылады.

Баланстан тыс шоттардағы есеп сандық-сомалық мәнде жүргізіледі.

Берілген арнайы киімдер мен құралдар пайдалану мерзімі ішінде баланстан тыс шотқа есепке алынады. Аналитикалық есеп активтің атауы және қызметкердің аты-жөні бойынша жасалады. Нормативтік мерзім аяқталғаннан кейін мүлік қоймаға қайтарылуы және комиссияның қатысуымен жойылуы керек.

Қоғам қосымша шығындарды есепке алу және олардың сақталуын бақылау қажеттілігіне қарай баланстан тыс шоттарды қоса алады.

19. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қоғам қоршаған ортаның ластануына байланысты өз міндеттемелерін мерзімді түрде бағалауды жүргізеді. Міндеттемелердің анықталуына қарай олар дереу есептілікте көрсетіледі. Қолданыстағы заңнама мен нормативтік актілерге өзгерістер енгізу нәтижесінде, сондай-ақ сот тәжірибесінің

нәтижесінде туындауы мүмкін ықтимал міндеттемелер, елеулі болып шығуы мүмкін болса да, жеткілікті дәлдікпен бағалана алмайды. Қазіргі бақылау жүйесі мен қолданыстағы табиғатты қорғау заңнамасын сақтамағаны үшін жазалау шаралары жағдайында Қоғам басшылығы қазіргі уақытта қоршаған ортаға зиян келтіруге байланысты елеулі міндеттемелер жоқ деп санайды.

20. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

Арнайы ХҚЕС және бухгалтерлік есептің жекелеген мәселелері бойынша уәкілетті органның ұсынымдары болмаған жағдайда, Қоғам бухгалтерлік есеп принциптерін және Қаржылық есептілік дайындауға және беруге арналған тұжырымдамалық негізді басшылыққа ала отырып, осы мәселелер бойынша есеп саясатының ережелерін әзірлеу үшін келесі шарттарды сақтай отырып, өз пайымдауларын пайдаланады:

- ұқсас немесе байланысты мәселелерді қарастыратын ХҚЕС талаптарын толық ескеру;
- ХҚЕС-та белгіленген активтерді, міндеттемелерді, кірістер мен шығыстарды анықтау, тану және бағалау талаптарын сақтау;
- стандарттарды белгілецтін басқа органдардың (соның ішінде бақылаушы органдардың) шешімдерін және қолданыстағы заңнамаға қандай да бір деңгейде сәйкес келетін қабылданған салалық тәжірибені назарға алу.

Осы Есеп саясатымен реттелмеген мәселелер ХҚЕС-қа және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

Есеп саясатын лауазымдық міндеттері шегінде барлық қызметкерлер орындауға міндетті.

Есеп саясатының орындалуын бақылау Қоғамның бас бухгалтеріне жүктеледі.